

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚУНИВЕРСИТЕТІ

ӘОЖ94 (37)"04/07":32

Қолжазба құқығында

АКЫНОВА АЙГЕРИМ ПЕРНЕБЕКОВНА

**Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңіндегі Византия империясының
ішкі және сыртқы саясаты(IV-VII ғғ.)**

6D020300 – Тарих

Философия докторы (Ph.D)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер:
Отандық ғылыми кеңесші:
Қ.Т.Жұмағұлов
тарих ғылымдарының докторы,
Әл-Фараби атындағы ҚАЗҰУ профессоры

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Фабио Грасси
тарих ғылымдарының докторы,
Ла-Сапиенза университетінің профессоры, (Италия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2019

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
1 IV-VII ҒАСЫРЛАРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ШЫҒЫС РИМ ИМПЕРИЯСЫНДАҒЫ ҚОҒАМ ЖӘНЕ БІЛІК	
1.1 Империяның экономикалық дамуының ерекшеліктері.....	25
1.2 Император І Юстиниан және оның реформалары.....	36
1.3 Империядағы әлеуметтік-саяси күрес және сыртқы жағдайы.....	47
2 ХАЛЫҚТАРДЫҢ ҰЛЫ ҚОНЫС АУДАРУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ВИЗАНТИЯ ИМПЕРИЯСЫ ЖӘНЕ ҒҰНДАР МЕН АВАРЛАР	
2.1 Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңінің басталуы.....	61
2.2 Византияның ғұндармен қарым-қатынасы.....	69
2.3 Шығыс Рим империясы және аварлар.....	79
3 IV-VII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ВИЗАНТИЯНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ	
3.1 Византия және Түркі қағанаты.....	90
3.2 Византия мен парсылар.....	100
3.3 Шығыс Рим империясы және славяндар.....	113
ҚОРЫТЫНДЫ.....	125
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	129

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының сипаттамасы. Диссертациялық ғылыми-зерттеу жұмысы, Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуіріндегі Византия империясының ішкі және сыртқы саясатын зерттеуге арналады. Адамзат тарихында аса ірі тарихи процестердің бірі болып табылатын IV-VII ғасырлардағы Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңіндегі Византия империясының қоғамдық-саяси өмірі, әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен мемлекеттік басқару жүйесі зерттеледі. Сонымен қатар, Византия империясының Халықтардың Ұлы қоныс аударуына негіз қалаған Еуразияның далалық тайпаларымен, тайпалық одақтармен және осы кезеңде өмір сүрген Шығыс мемлекеттерімен саяси байланыстары ғылыми талдауға түседі.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Тәуелсіздік жылдарынан бері отандық тарихнамада Отан тарихы мен шетел тарихына қатысты мәселелер жаңа қырынан көтеріліп келеді. Кеңестік кезеңдегі таптық көзқарас пен партиялық жүйеге негізделген кеңестік-коммунистік методологияның қыспағынан арылған соң, тарих ғылымында бұрынғы идеологиялық және концептуалдық кедергілер де жойылды. Отандық ғалымдар үшін ашық және еркін тұжырымдар ұсынудың мүмкіндігі туды. Тәуелсіз ойлау мен еркін тұжырым жасаудың арқасында жаңа ғылыми көзқарастар мен методологиялық ұстанымдар пайда болды. Тәуелсіздік жылдарында жаңадан пайда болып, қалыптаса бастаған ғылыми ұстанымдар мен көзқарастар Қазақстан тарихымен бірге Еуразия тарихы, Еуропа мен Америка елдері тарихын терең және шынайы зерттеуге зор мүмкіндік берді. Мұндай мүмкіндіктер отандық тарихшылардың зерттеу кеңістігінің барынша кеңеюіне жол ашты.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алған уақыттан бастап әлемнің жетекші елдерімен саяси-дипломатиялық байланыстар орнатып, күні бүгінге дейін ғаламдық интеграцияның көш басында тұрған мемлекеттердің бірі болғандықтан, әлем елдерінің қазіргі саясатымен қоса оның өткен тарихы мен тәжірибесін терең білген абзал. Еліміз әлемнің алдыңғы қатарлы елдері санатындағы Ресей, АҚШ, Германия, Франция, Ұлыбритания, Қытай және Түркия сынды мемлекеттермен саяси, дипломатиялық, экономикалық және түрлі халықаралық байланыстар орнатты. Бұл туралы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбектерінде көптеген мәліметтер берілген [1]. Осы орайда, шетелдермен байланыс орнатып, БҰҰ, ЕҚЫҰ және өзге де халықаралық ұйымдардың тұрақты мүшесі болған және қазіргі уақытта әлем елдері арасында бейбітшілік пен тыныштықты насихаттайтын біздің еліміз үшін әлем елдерінің тарихын жетік меңгерудің, сондай-ақ қазақстандық көзқарас тұрғысынан қарау қажеттігі туындайтыны анық. Демек, Қазақстан Республикасы жеке-дара тәуелсіз мемлекет ретінде танылып, оның әлемдік өркениет пен тарихи процестегі алар орны нақтыланған тұста, қазақстандық қоғамның Дүние жүзі тарихын өз алдына, дербес түрде танып-білуі қажет. Осының негізінде, отандық тарихнамада алдымен Еуразия тарихын, одан ары әлем тарихының іргелі мәселелерін қазақстандық тұрғыда зерттеп, оны болашақ ұрпаққа жеткізу міндеті туындайтыны сөзсіз.

Отандық тарих ғылымында болашақта әлем тарихын зерттеудің өзіндік бағыттары мен мектептері қалыптасуы қажет екендігін уақыттың өзі көрсетті. Дүние жүзі тарихы бойынша іргелі ғылыми тақырыптар отандық ғалымдардың назарына тереңдеп ілінді. Соның негізінде дүние жүзі тарихының әр түрлі мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары қолға алынды. Әлем тарихы бойынша осындай ең маңызды тақырыптардың бірі – IV-VII ғасырларда Еуразия даласындағы Халықтардың Ұлы қоныс аудару процесі мен осы кезеңде Еуропада өмір сүрген мемлекеттердің саяси тарихы болды. Бұл процесс әлем тарихында көптеген мемлекеттер мен халықтардың, ұлттар мен ұлыстардың тарихына үлкен өзгерістер әкелді. Еуразия даласында Халықтардың Ұлы қоныс аударуы зерттеліп отырған тақырыптың хронологиялық негізін құрағандықтан, зерттеу жұмысында алдымен осы процестің ғылыми зерттелуінің өзекті тұстары көрсетілді. Мұның тағы бір себебі – Халықтардың Ұлы қоныс аударуы Еуразия тарихы мен Еуропа мемлекеттерінің ежелгі дәуірден қазіргі уақытқа дейінгі тарихын зерттеу аса кең ауқымдағы ғылыми мәселелердің бірі болды. Себебі, Еуразияда өмір сүрген халықтар мен тайпалардың және мемлекеттердің тарихы еуропалық және кеңестік тарихшылар тарапынан айтарлықтай бұрмалауға ұшырады. Осыған байланысты Еуразия тарихымен байланысты болған тақырыптардың өзектілігі арта түсті [2].

Еуразия тарихында Халықтардың Ұлы қоныс аудару процесінің аса үлкен тарихы аса ауқымды тарихи оқиғалардың бірі болып, оның басталу себептері, барысы мен нәтижелері әлі де болса толық ашылмаған тақырыптардың бірі саналады. Халықтардың Ұлы көшінде, дәлірек айтқанда, Еуразия даласында көшпелі халықтардың Батысқа қарай қоныс аударуына себепкер болған ғұндар мен өзге де далалық тайпалардың шығу тегі мен олардың тілдік, этникалық ерекшеліктерін анықтау ғылымда тартыс тудырды. Көшпелі халықтардың Еуропаға келіп, Батыс және Шығыс Рим империяларымен байланыстар орнатуына қатысты кейбір ғылыми тұжырымдар сан алуан болып отыр. Сондай-ақ, ең маңыздысы, осындай аса ұзаққа созылған процестің орын алуына септігін тигізген далалық халықтар мен тайпалардың сыртқы саяси әрекеттері шетелдік тарихнамада біржақты басқыншылық қимылдармен сипатталып, ол өзінің шешімін толық таппай отырған ғылыми мәселелердің қатарынан орын алады.

Келесі кезекте, зерттеу тақырыбының негізін құрап отырған Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуіріндегі Византия империясының тарихы өз алдына үлкен бір ғылыми мәселені құрайды. Бұл кезеңде Византия империясы Еуразия құрлығында аса ірі, қуатты және өркениеті дамыған мемлекет болды. Ресми түрде Шығыс Рим империясы деп танылған Византия империясының саяси, әлеуметтік және экономикалық ахуалы өзге мемлекеттерге үлгі боларлықтай дәрежеде болды. Византия мемлекетінің ресми тарихы 395 жылдан басталды деп көрсетіліп, ол халықтардың ұлы көшінің басталған кезеңімен тұспа-тұс келеді. Нақтырақ айтқанда, осы IV ғасырда халықтардың көші басталған кезеңде Шығыс Рим империясы Батыстан бөлініп енді жаңадан өмір бастап, мемлекеттің саяси-әлеуметтік өмірінде бұрын болмаған жаңа кезеңдер басталған еді. Нақтырақ айтқанда, халықтардың қоныс аудару процесін

межелейтін осы үш ғасырда Византия империясы қоғамдық өмірдің барлық салалары бойынша алға ілгерілеген мемлекет болды. Оның негізгілері саяси және әлеуметтік салалар болып, оның тарихын зерттеу қашан да болмасын тарихшы-мамандардың назарын өзіне аударып келген. Өз кезегінде империяның ішкі саясатына қатысты болған пікірлер сан алуан болып олар ғылымда пікірталас тудырды. Басты ғылыми дискуссиялар еуропалық ғалымдар мен ресейлік және кеңестік византинистердің арасында туындады. Ғылымда тартыс тудырған басты ғылыми тақырыптар императорлардың саясаты мен әулеттердің мемлекетті басқару жүйесіне қатысты болды. Осының негізінде IV-VII ғғ. Еуразияда Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңінде Византия империясының саяси-әлеуметтік тарихы ғылымда өзектілігі артқан көлемді тақырыптардың біріне айналды.

Тәуелсіздік жылдарында, отандық тарих ғылымында Еуразиядағы Халықтардың Ұлы қоныс аудару заманында қос құрлықты жалғастырып отырған Византия империясының ішкі саяси, әлеуметтік-экономикалық тарихын, мемлекеттік және қоғамдық құрылысын, басқару құрылымы мен оның ғасырлар бойына қалыптасып дамыған ерекше мәдениетін, заманының алдыңғы қатарында болған әскери өнері мен тактикасын, діни-конфессиялық жағдайын зерттеуге аса зор ғылыми ынта-ықылас пен қызығушылықтар пайда болды. Осының негізінде империяның саяси тарихын егжей-тегжейлі зерттеп, оның дүниежүзілік тарихтағы орнын айқындауда қазақстандық ғылымның өзіндік үлесінің зор болатынын көруге болады.

Сонымен қатар, Еуразия даласында IV-VII ғасырлардағы Халықтардың Ұлы қоныс аударуы кезіндегі Византия империясының ішкі-сыртқы саяси, әлеуметтік-экономикалық тарихымен бірге, сол кезеңдегі империяның сыртқы саясаты мен халықаралық қатынастардағы орнын зерттеу әлем тарихы бойынша кезек күттірмейтін тақырыптардың бірі болып отыр. Бұл дәуірде территориялық ауқымы Еуропа, Азия және Африкада үш құрлыққа жайылған Византия империясының сыртқы саясатының деңгейі де әр кезеңде әр түрлі жағдайда болды. Сыртқы саяси ахуал ішкі саясатта қабылданған шешімдер мен жүргізілген түрлі реформаларға байланысты болып, ол бірде төмендесе, бірде жоғарылап империяның сыртқы саясаты мен қорғанысын күшейтуге септігін тигізді.

Атап отырғанымыздай, Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде Византия империясының көрші мемлекеттермен орын алған саяси байланыстары мен сауда қатынастары өз алдына жеке тарихты құрап, оның даму жолын зерттеудің өзі бір саланы құрайды. Империяның сыртқы саяси тарихына талдау жасау зерттеу тақырыбындағы маңызды ғылыми мәселелердің бірі болып табылады. Шетелдік тарихнамада көптеп қолға алынған еңбектерде Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезіндегі Шығыс Рим империясының сыртқы саяси тарихы, оның Шығыс Еуропа халықтарымен сондай-ақ қоныс аудару кезінде Батысқа жылжыған жаңа тайпалармен қарым-қатынастары, Еуропадағы өзінің саяси бақталастарымен жүргізген байланыстары мен олармен ара-тұра орын алған соғыс тарихы толықтай ғылыми талдаудан өтті деп топшылау қиын. Мұның себептері, кейбір еуроцентристік ұстанымдағы батыс ғалымдары және

таптық көзқарастағы кеңестік ғалымдар тарапынан көбінесе Шығыс Рим империясының өзімен іргелес жатқан мемлекеттермен, тайпалық одақтармен арадағы жүргізілген саяси процестерді көбінесе геосаяси тұрғыда орын алғаны көрсетілді. Соның негізінде Ұлы қоныс аудару дәуірінде тек Византияның ғана емес, сонымен бірге онымен көршілес варвар тайпаларының да саяси әрекеттеріне байланысты ғылыми тұжырымдар сан түрлі қырынан көрсетілді. Әр түрлі бағыттағы ғылыми тұжырымдар тақырыптың өзектілігін одан сайын арттыра түсті.

Басты ғылыми дискуссия сыртқы саясатқа байланысты қабылданған тұжырымдардың көбінесе соғыс жағдайына байланысты туындауы тақырыптың өзекті тұстарының бірін құрап, ол саяси байланыстардың да зерттелуінің қажет екенін көрсетті. Осы орайда, Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңіндегі Византия империясының сыртқы империялармен, корольдіктермен, тайпалық мемлекеттермен саяси байланыстарын соғыс факторларынан тыс жай ғана саяси байланыстардың негізінде зерттеу тақырыптың ғылыми құндылығын арттыратыны және бірқатар ғылыми тақырыптардың шешімін табуға септігін тигізері анықталды. Тақырыпқа қатысты бұған дейін шетелдік тарихнамадағы ғылыми тәжірибенің қажетті және қажетсіз тұстарын айқындай отырып, оның бүгінгі отандық тарих ғылымындағы қойылған ғылыми талаптарды орындауда қауқарсыз екенін ескерген абзал. Соның арқасында, тақырыпқа не қажет екені айтпаса да түсінікті болады. Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде Византия империясының ішкі және сыртқы саяси тарихына қатысты туындаған осындай ғылыми мәселелер зерттеу тақырыбының ғылыми өзектілігін барынша күшейтті. Ол зерттеу жұмысына бірнеше ғылыми міндеттер қойды және сол міндеттер арқылы тақырып бойынша ғылыми зерттеулер жүргізіліп, мәселені шешуге талпыныс жасалды.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық зерттеу жұмысының мақсаты – Еуразия даласында IV-VII ғасырлардағы Халықтардың Ұлы Қоныс аудару кезеңіндегі Византия империясының ішкі және сыртқы саяси тарихын зерттеу болып табылады. Зерттеу жұмысында аталған ғылыми мақсатқа жету жолында төмендегідей бірқатар міндеттер қойылды:

- халықтардың Ұлы Қоныс аудару дәуірінің Византия империясы үшін саяси маңыздылығын ашу;
- Еуразиядағы Халықтардың Ұлы Қоныс аудару процесінің Византия империясының саяси-экономикалық жағдайына оң және теріс факторларына жаңа зерттеулер нәтижесінде талдау жасау;
- IV-VII ғасырлардағы Византия империясының мемлекеттік басқару мен саяси құрылымдар тарихын зерттеу;
- қоныс аудару кезеңіндегі империяның экономикалық ахуалы мен әлеуметтік даму деңгейін көрсету;
- империяның ішкі саяси тарихындағы кемшіліктер мен жетістіктер және олардың себептері мен нәтижелеріне ғылыми талдау жүргізу;
- осы дәуірдегі Византияның атақты императоры, реформатор I Юстиниан тұсындағы империяның ішкі және сыртқы саяси тарихын зерделеу;

- халықтардың ұлы қоныс аудару кезеңінде Византия императорларының Батыс Ғұн империясының билеушілерімен байланыстарын айқындау;
- Византия империясы мен Авар қағанаты байланыстарының тарихына жаңаша ғылыми талдау жасау;
- Византия империясының Түркі қағанаттарымен байланыстарын зерттеу;
- Шығыс Рим империясындағы славяндардың рөлін және империя мен славян тайпалары арасындағы саяси процестерді зерделеу;
- Византия және Парсы империялары арасындағы саяси байланыстар мен уақыт ағымына қарай туындаған сауда-экономикалық шиеленістерге жаңаша ғылыми баға беру.

Зерттеу жұмысының нысаны. IV-VII ғасырларда Еуразия даласындағы Халықтардың Ұлы Қоныс аудару дәуіріндегі Византия империясының саяси-әлеуметтік, экономикалық жағдайы және империяның осы кезеңдегі сыртқы саясатының негізгі бағыттары.

Зерттеу жұмысының пәні. IV-VII ғасырлардағы Халықтардың Ұлы Қоныс аудару процесінде Византия империясының ішкі және сыртқы саясаты, әлеуметтік-экономикалық тарихы болып табылады.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Тарихта Халықтардың Ұлы Қоныс аудару дәуірі аса үлкен процесті құрағандықтан, бұл кезеңмен байланысты болған тақырыптар да күрделі болып келеді. Халықтардың Ұлы Қоныс аудару дәуірінде Византияның ішкі-сыртқы саясаты, оның әлеуметтік-экономикалық тарихына қатысты зерттеу тақырыптары әр кезеңде ғалымдардың назарын өзіне аударып отырды. Жалпы, Византия тарихы әлем тарихының үлкен бөлігін құрағандықтан және қашан да өзінің өзектілігімен ерекшеленгендіктен ол бүкіл әлем тарихшылары мен ғалымдарының назарын өзіне аударып отырды. Әр елдің тарихшылары өзіндік зерттеу методологиясының дәстүрлік негізіне сәйкес әр түрлі тұжырымдар ұсынды. Бұл жағдайдан соң әр елдің тарихшы-ғалымдарының тақырыпқа қатысты тікелей және жанама түрде жүргізген зерттеулері мен ұсынған ғылыми тұжырымдарының сан алуандығына байланысты оларды бөліп тарихнамалық талдаудан өткізу қажеттігі туындады.

Отандық тарихнама. Тақырыптың зерттелу деңгейін анықтауда отандық тарих ғылымының Византия тарихын зерттеудегі үлесін көрсетумен бастаған орынды. Жоғарыда атап өткендей, тәуелсіздік алған уақыттан бастап отандық тарих ғылымының өкілдері әлем тарихының мәселелерімен айналыса бастады. Халықтардың Ұлы Қоныс аудару дәуірі мен бұл процесс кезіндегі Византияның саяси, әлеуметтік, этникалық тарихына қатысты және басқа да салалар бойынша ғылыми мәселелер де тасада қалған жоқ. Зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми мәселелер бойынша отандық тарихшылар Қ.Т. Жұмағұлов, Т.Н. Мұқажанова және басқа да зерттеушілердің еңбектері отандық ғылымдағы ғылыми маңыздылығы жоғары зерттеулердің қатарынан орын алады. Атап айтқанда, отандық медиевист, профессор Қ.Т. Жұмағұлов қазақстандық тарихшылар арасынан алғаш болып Халықтардың Ұлы қоныс аударуы мен осы дәуірдегі Батыс және Шығыс Рим империяларының сыртқы саясатына қатысты ғылыми зерттеулер жүргізіп, үлкен нәтижелерге қол жеткізген.

Профессор Қ.Т. Жұмағұловтың басты ғылыми-зерттеу саласының бірі Ұлы қоныс аудару кезеңіндегі Еуропадағы Ғұн империясы мен ғұн мемлекетінің басшысы Аттиланың саяси-әскери қызметі болып табылады [3]. Ғалым, қоныс аудару тарихын зерттей отырып, сол кездегі Ғұн империясы мен оның Батыс және Шығыс Рим империяларымен орнатқан саяси байланыстарын зерттеп үлкен ғылыми нәтижелерге қол жеткізген. Ол Ұлы қоныс аудару кезіндегі ғұндар мен Византия империясының байланыстарына қатысты біраз ғылыми жаңалықтар әкеліп, ол жайлы өзінің ғылыми еңбектерінде баяндады. Кейбір еуропалық және кеңестік зерттеушілердің теріс және жаңсақ жасалған пікірлеріне қарсы объективті тұжырымдар ұсынып, оны дәлелдеді.

Тарихшы Қ.Т. Жұмағұлов Батыс Ғұн империясының сыртқы саясатын зерттей келе, оның Византиямен және басқа да варварлық корольдіктермен байланыстарын айқындады, сондай-ақ ғұндардың шығысеуропалық халықтарды батысқа қарай жылжытып, оларды Ұлы қоныс аударудың бірден-бір себепкері екендігін көрсетті [4]. Ол, антикалық дәуірде және ерте ортағасырларда латын тілінде жазылған деректерді қолданып, құнды мәліметтер жинақтаған. Профессор Қ.Т. Жұмағұлов Еуразиядағы Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезіндегі Ғұн империясының тарихын, оның Батыс Рим мен Византия империяларымен байланыстарын, сондай-ақ ғұндардың Шығыс Еуропадағы варварлық корольдіктермен соғыстарын зерттеумен бірге осы мәселе бойынша кеңес және еуроцентристік көзқарастағы шетелдік ғалымдар тарапынан бұрмаланған тұжырымдарға шынайы ғылыми бағасын берді [5]. Қ.Т.Жұмағұлов, Халықтардың Ұлы Қоныс аудару дәуірінің тарихына қатысты бірнеше ғылыми жұмыстарға жетекшілік етіп, отандық медиевистика саласының негізін қалаушысы ретінде танылды.

Кеңестік тарихнама. Византия тарихының әлемдік тарихнамадағы келесі мектебі ресейлік және кеңестік тарихнама болды. Ресейде кеңестік билік орнағанға дейін-ақ Византия тарихын зерттейтін ғылыми мектеп қалыптасып қойған еді. Ол Ресей Ғылым академиясының Шығыс және шетелдер тарихын зерттеу ғылыми орталықтарында қалыптасты. Ресейде кеңес үкіметі орнағаннан кейін, ресейлік тарих ғылымы бұрынғы жолмен дамыады. Ол марксистік ілімге, таптық көзқарасқа және коммунистік методологияға негізделген ғылым болып, оның келесі даму жолы басқа арнаға бұрылды.

Кеңестік тарих мектебі өз алдына дамып, аз уақытта ол өзінің даму аясын кеңейтті. Бұрынғы ресейлік византинистер кеңестік жүйеге көшуге мәжбүр болды. Кеңестік-коммунистік методологияның ғылыми ұстанымдарын мойындамаған және жаңа биліктен қысым көрген олардың біразы шетелге кетуге мәжбүр болды. Бұл басқа салалармен бірге кеңестік византинистиканың да дамуын тездетті. Византия тарихымен КСРО ҒА-ның Дүние жүзі тарихы, Шығыстану, Балқантану, Славянтану ғылыми-зерттеу институттарының және Мәскеу мен Ленинградтың ЖОО-ның ғалымдары айналысты.

Жалпы, Византия тарихымен айналысатын кеңестік ғалымдардың қатары көп болды. Константинополь бүкіл Православие дінінің орталығы болғандықтан, Византия тарихы империялық кезеңде де кеңес дәуірінде де тарих ғылымында алдыңғы қатардағы тақырыптардың бірі болды. Кеңестік

кезеңдегі Византия тарихының мамандары А.А. Васильев, С.Д. Сказкин, Н.В. Пигулевская, М.Я. Сюзюмов, Е.Э. Липшиц, З.В. Удальцова және басқалар болды. Аталған ғалымдардың біразы Ұлы Қоныс аудару дәуіріндегі Византия тарихын ішінара қарастырды. Оның алдыңғы қатарлы өкілдерінің бірі З.В. Удальцова болды [6]. Бұл кезеңдегі Византия тарихы бойынша Г.Г. Литаврин көп еңбек сіңірді [7]. Кеңестік шығыстанушы ғалым, Н.В. Пигулевская Шығыс Рим империясының назар аударып, ол өзі зерттеген Сирия, Иран елдерінің сыртқы саясатындағы Византияның жағдайын суреттейді [8]. Сонымен қатар, Византияның саяси, әлеуметтік-экономикалық тарихына қатысты мәліметтер, осы кезеңдегі империяның ішкі жағдайын зерттеумен айналысқан Г.Л. Курбатовтың ғылыми еңбектерінде көрініс тапқан. Г.Л. Курбатов Византия империясының құрылып, дербес мемлекет, империя ретінде қалыптасуын қарастырды [9].

Кеңес византинист, тарихшылары А.А. Васильев [10], С.Д. Сказкин [11] басшылығымен көптомдық жалпы Византия тарихы жазылды. Оның ішінде империяның ішкі-сыртқы саяси жағдайы, императорлардың заңдары мен реформалары, олардың көрші мемлекеттермен түрлі салалардағы байланыстары және варварлық корольдіктермен жүргізген соғыстарына біршама тоқталып өткен.

Ресейлік тарихнама. Өткен ғасырдың 90-жылдары Кеңес Одағы ыдыраған соң Ресейде де өзге посткеңестік мемлекеттер сияқты мемлекет тарихы мен шетел тарихын зерттеудің жаңа жүйесі орныға бастады. Зерттеушілердің қатарында әуелде империяның ішкі өмірімен байланысты болған тақырыптарға тоқталсақ, басты тақырыптар саяси, экономикалық, әлеуметтік, діни және мәдени тарихқа қатысты мәселелер болды. Византия тарихын зерттеуші маман В.В. Серов, Юстиниан тұсындағы Византияның саяси-экономикалық тарихын зерттеді. Оның осы кезеңде экономикалық тарихқа қатысты бірнеше ғылыми еңбектері жарияланды [12].

Кеңестік кезеңдегі сияқты қазіргі кезеңде де Ресей ғылымында Византия тарихы бойынша еңбектер жариялануда. Олардың негізгілері А.М. Величконың жетекшілігімен жарыққа шыққан еңбегін атауға болады [13].

Византия тарихы бойынша ресейлік ғалымдар В.П. Шувалов [14], В.Н. Шиканов [15], В.Т. Сиротенко [16] және басқалар болып, бұл ғалымдар осы кезеңдегі Византия империясының сыртқы саясатын зерттеуге әрекеттерін жүргізді. Ресейлік ғалымдар Ю. Пахомов [17], С.В. Леонов [18] Византияның сыртқы саясатында көбіне славян әлемімен байланысын зерттеді. Айта кетерлігі, тәуелсіздік жылдарында ресейлік тарихнамада көбінесе Византияның славян әлемімен байланысы басты өзекті тақырыпқа айналды.

Неміс тарихнамасы. Византия тарихы бойынша еуропалық тарихшылар арасынан неміс ғалымдарының үлесін айтуға болады. Неміс тарихшылары Византия тарихымен ерте кезден айналысты. XX ғасырдың бірінші ширегінде Германияда жергілікті және сырттан келген Византия тарихымен айналысушы кәсіби тарихшы мамандар болды. Әуелі, оның ішінде империяның ішкі саяси тарихына байланысты зерттеулерге тоқталсақ, Карл Рот Византияның ішкі саяси тарихына үңілген [19]. Ондағы басты тұжырымдар императорлардың

саяси қызметіне бағытталған. Х-Г. Бек Византия империясының ішкі саясаты мен онда қабылданған түрлі құқықтық нормалар мен заңдар жинақтары және империяның ішкі басқару құрылысы мен жүйесі туралы зерттеп, бірқатар нәтижелерге қол жеткізген [20].

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазіргі уақытқа дейінгі кезеңде неміс тарихшылары Византия империясының тарихы бойынша ғылыми ізденіс жұмыстарын жалғастырып келеді. Тарихшы Питер Шрайнер Ұлы қоныс аудару кезінен бастап империяның құлауына дейінгі кезеңдегі Византия тарихын зерттеп, ол басты басымдылық ішкі саясатқа береді. Сонымен бірге, сыртқы саяси мәселелерге де тоқталып өткен [21]. Византияның ішкі саяси тарихы неміс тарихшыларының назарын аударып отырды. Императорлардың саяси қызметі мен жүргізген ішкі және сыртқы саясаты өз алдына бір мәселені құрады.

Бұл кезеңде Византия империясында І Юстинианның орны ерекше болып, оның ішкі-сыртқы саяси тарихын зерттеумен Миша Майер [22], Хартмут Леппин сынды тарихшылар айналысты. Екі тарихшы да І Юстинианның саяси қызметіне баға бере отырып, оның сыртқы саясат пен экономикадағы белсенді әрекеттерін ғылыми талдаудан өткізген [23]. Айта кетерлігі, Тюбинген университетінің профессоры Миша Майер отандық тарихшы-ғалым Қ.Т. Жұмағұловпен бірге он жылдан астам уақыт бойы жұмыс істеп келеді.

Неміс тарихнамасындағы басты ғылыми тақырыптар сыртқы саясатқа бағытталып, онда Византия империясымен тығыз саяси байланысқа түскен Ғұн империясының мен Остгот королдігінің саяси зерттеген тарихшылар да болды. Тарихшылар Тимо Штиклер [24], Майкл Шмодер [25], Клаус Розен [26] Аттила мен еуропалық ғұндар тарихын зерттеп, олардың Шығыс Рим империясымен жүргізген саяси байланыстары мен арада орын алған саяси текетірістердің барысы мен нәтижелері бойынша тың ғылыми қорытындылар жасаған. Тарихшы Фрэнк Мартин Аузбюттел Остгот королі Теодерихтің саяси қызметі мен тарихын зерттеді. Ол осы ғылыми еңбегінде Теодорих пен Византия билеушілерінің арасындағы сан құбылмалы саяси процестерді өз тыңғылықты зерттеген [27].

Ағылшын тарихнамасы. Византия тарихы бойынша Англияда да ертеден өзіндік ғылыми мектеп қалыптасты. Оның уақыты көбінесе Рим тарихы бойынша ағылшын тарихшыларының көрнекті өкілі, атақты тарихшы Эдуард Гиббонның өмір сүрген кезеңімен байланыстырады. Эдуард Гиббон «Ұлы Рим империясының құлдырау және құлау тарихы» деп аталатын көлемді еңбегінде Шығыс Рим яғни Византия империясының құрылуы мен оның ішкі-сыртқы саяси өмірі туралы көптеген ғылыми жаңалықтар енгізген [28]. Англияда Византия тарихын зерттеу кейіннен де өз жалғасын тауып, онда негізінен ЖОО ғалымдары айналысып отырған.

Византия тарихын зерттеуші ағылшын ғалымдарының бірі Ромилли Дженкинс өткен ғасырдың бірінші жартысынан бастап империяның саяси тарихына терең үңілді. Ол К. Манго сияқты империяның тарихын халықтардың Ұлы Қоныс аудару дәуірінен бастап 1071 жылғы тарихта атақты Малазгирт шайқасына дейінгі тарихын зерттеді [29]. Осы ғалымдардың ізін

жалғастырушылардың бірі ретінде Марк Уиттоу танылып, ол да Ұлы Қоныс аудару кезеңі мен кейінгі орта ғасырлар арасындағы империяның ішкі саяси тарихын зерттеумен айналысты [30].

Итальян тарихнамасы. Византия тарихын зерттеуде итальяндық ғылымның үлесі бар. Италия ғалымдары Византия тарихын өз тарихының бір бөлшегі, басқа аймақтарда жалғасқан бір жұрнағы деп біледі. Оны итальян ғалымдарының Шығыс Рим империясы бойынша жүргізілген зерттеулерінің мазмұны айқындайды. Өзге еуропалық мемлекеттердегі сияқты итальяндық ғылымда да негізгі зерттеу жұмыстарымен ғылыми орталықтар мен ЖОО ғалымдары айналысты. Византия тарихымен итальян ғалымдары ерте кезден-ақ айналысты. Ал, негізінен XX ғасырдан нақты және көлемді түрде айналысты. Бұған Италияның Ла-Сапиенза университетінде жүргізген ғылыми іссапар барысында көз жеткізілді. Византия тарихы бойынша Ла-Сапиенза университетінің профессоры Фабио Грассидің еңбектерін атаған жөн [31].

XIX ғ. аяғы мен XX басында Италияда Франческо Когнассо Италия және Рим империясының зерттеуші маманы ретінде танылды. Ф. Когнассо өз елінің тарихымен қатар одан бөлініп шыққан Шығыс Рим империясының құрылуы мен оның жалпы саяси өмірі және тағдыры туралы көптеген ғылыми еңбектер жазды [32]. Рим университетінің профессоры тарихшы-палеограф Гульельмо Кавалло Византия империясының пайда болып дербес империя ретінде өмір сүрген кезеңіне қатысты грек деректері бойынша зерттеу жүргізіп, тың ғылыми туындылар қалдырды. Оның ғылыми еңбектері итальян және өзге тілдерде жарияланды [33].

Жоғарыда көрсетілгендей, Ресей әсіресе кеңестік тарихнамада Византия тарихы мәселелері қарастырылғанымен негізінде объективті ізденістер көп болған жоқ. Кеңес тарихнамасының авторлары марксистік идеологияны негізге алып, әлем тарихындағы үрдістерді объективті түрде зерттей алмаған. Шетелдік тарихнамада да көбінесе Византия тарихының саяси-діни мәселелері басшылықта болған. Осының нәтижесінде IV-VII ғғ. Халықтардың ұлы қоныс аудару кезеңіндегі Византия империясының ішкі және сыртқы жағдайы біртұтас қарастырылмаған, әсіресе Византияның түркі әлемімен.

Зерттеу жұмысының деректік негізі. Диссертациялық зерттеу жұмысын жүргізу барысында тақырыпқа қатысты қол жеткізілген сан түрлі дерек көздері қолданысқа енгізілді. Олардың ішінде әрине сол заманғы тарихшылар мен хронистердің, жазушылардың және шіркеу қызметкерлерінің жазып қалдырған еңбектері зерттеу жұмысының мазмұнын ашуға бағытталған құнды деректері болып табылады. Тақырыпқа қатысты деректердің түрлері, көлемі, сипаты және мазмұны жағынан әр алуан болғандықтан, бірнеше топқа бөліп қарастырудың қажеттігі туындады.

Зерттеу тақырыбына қатысты деректердің *алғашқы тобын* Антикалық тарихшылардың жазып қалдырған еңбектері құрайды. Византия империясының құрылған немесе Римнен бөлініп дербес империя ретінде өмір сүре бастаған кезі IV ғасырдың соңында жүзеге асырылған болса, оның алғышарттары осы ғасырдың орта кезеңінен басталды деуге болады. Себебі, ежелгі дүниенің аса ірі мемлекеті болған Рим империясының екіге бөліну процесі бірер жылдың

ішінде жүзеге асты деп айту қиын. Бұдан шығатын қорытынды Византияның құрылуы мен оның сыртқы саясатына қатысты сол заманғы деректер римдік және антикалық тарихшылардың еңбектерінде кездеседі. Антикалық тарихшылар Аммиан Марцеллин, Олимпиодор, Зосим және басқалар өз шығармаларында Халықтардың Ұлы Қоныс аудару процесін, осы кезеңдегі Византияның тарихы мен оның Риммен байланысын және сыртқы саясаты жайлы мәліметтер қалдырды. Оның ішінде Халықтардың Ұлы Қоныс аударуы мен осы кезеңдегі Шығыс Рим империясының сыртқы саясатына қатысты ауқымды мәліметтер қалдырған римдік тарихшы Аммиан Марцеллин [34] болды.

Төртінші ғасырда өмір сүрген А. Марцеллин өз заманында Римде әр түрлі қызметте болып, сонымен бірге жазушылық қабілетке де ие болады. Ол кәсіби тарихшы болмағанымен, мемлекетте болып жатқан саяси процестер мен оқиғалар жайлы және Рим империясының сыртқы саясаты, оның көрші елдермен жүргізген соғыстарын жазып отырған. Оның тақырыпқа қатысты ең маңызды жазып қалдырған мәліметтері Халықтардың Ұлы Қоныс аудару дәуірі мен осы кездегі Шығыс Еуропадағы варвар тайпаларының тұрмыс-тіршілігі, жаулаушылық әрекеттері, Рим империясына қауіп төндіруі туралы құнды мағлұматтармен сипатталады. Аммиан Марцеллиннің 31 томнан тұратын «Тарих» атты шығармасында Еуразияда Халықтардың Қоныс аудару дәуірінің басталуы мен оған түрткі болған варварлық тайпалардың тұрмысы мен тіршілігі жайлы мәліметтер келтірілген. Бұл жинақтың отыз бірінші томында ғұндардың қайдан шыққаны, олардың күнделікті тұрмысы, тіршілігі, өмір сүру салты, материалдық жағдайы туралы ауқымды мағлұматтар берілген. Автордың бұл шығармасы ғұндар мен олардың құрған мемлекеті мен қоғамының және Ғұн мемлекетінің сыртқы саяси тарихынан терең мәлімет беретін ең негізгі деректердің бірі болып табылады.

Ұлы Қоныс аудару дәуірі мен сол кезеңде Византия империясы мен оның сыртқы саясаты туралы мәліметтер IV-V ғғ. өмір сүрген антикалық тарихшы Олимпиодордың [35] жазбаларында кездеседі. Олимпиодор римдік тарихшы болып есептелгенімен оның ұлты грек болды. Ол Батыс Рим және Шығыс Рим империяларында саяси жағдайлардың барлығын өз бетінше сараптап қағазға түсіріп отырды. Византия императоры II Феодосийдің қызметінде болып, империяның ішкі саяси ахуалын суреттеді. Ол сонымен бірге империяның сыртқы саяси жағдайына да көңіл бөліп ол туралы да жазбаша мәліметтер қалдырып отырған. Оның ең негізгілері готтар мен ғұндар қатысты болды.

Олимпиодор 412 жылы Византиядан Ғұн мемлекетіне аттандырылған елшіліктің құрамында болды. Ғұн патшасы Донаттың ордасында болған ол осы елшілік жайлы көптеген жазба мәліметтер қалдырды. Бұл жазбалар Византия мен Ғұндар арасындағы байланысқа қатысты аса құнды дерек болып табылады. Фивылық Олимпиодор деген атпен танылған оның жазба жинақтары 22 томнан құралып, оған да «Тарих» деген атау берілді. Себебі, мәліметтердің көбісі тарихи фактілерге негізделген еді.

Византия империясының саяси тарихына қатысты мәліметтер IV-V ғғ. өмір сүрген ежелгі грек тарихшысы, философ, діндар Евнапийдің жазбаларында

көптеп кездеседі. Ол Византия императоры Аркадийдің сарайында қызмет етіп, көбінесе мемлекеттің діни жағдайын реттеумен айналысты. Мемлекетте саяси және діни қызметін атқара жүріп бірнеше қолжазбалар қалдырды. Онда мемлекеттің саяси ахуалымен қатар діни жағдайын да көрсеткен. Евнапийдің жазбалары империяның ішкі саяси тарихын зерттеуге көмектеседі. Сонымен қатар, Евнапий Рим империясында ғылымның дамуына назар аударып, ғылымның мәні мен маңызын терең ұқты, тарих және философияны бірінші кезекке қойды [36].

V ғасырда өмір сүрген византиялық тарихшы Зосимнің жазбалары Шығыс Рим империясының саяси тарихы бойынша деректік негізі жоғары болған еңбектердің қатарында саналады. Ол Византия императорлары Бірінші және Екінші Феодосийлер билік еткен тұстағы империяның ішкі саяси ахуалын және сыртқы саясатта атқарылған мемлекеттік шаралар мен оның нәтижелерін баяндайды. Зосимнің алты кітаптан тұратын «Жаңа тарих» атты қолжазбалар жинағы Батыс Рим империясымен қатар Византия тарихы бойынша да құнды жәдігерлердің бірі болып саналады [37].

Кейінгі антикалық дәуірдегі атақты авторлардың бірі Присктің жазып қалдырған түрлі деңгейдегі қолжазбалары Византия мен оның сыртқы саясаты туралы аса құнды дерек көздерін бере алады. Приск қазіргі Фракия жеріндегі Панион қаласында туғандықтан ол Паниондық Приск (Приск Панийский) деген есімді иеленді. Оның туған жылы нақты болмай, алайда оны 410-415 жылдар ал, өлген уақытын 472 жылы деп көрсетеді. Приск Византияда әр түрлі мемлекеттік қызметтерде болып, соның ішінде ең маңыздысы дипломатиялық қызметі болды. Оның басты мысалы 448 жылы Приск Византия елшілігімен бірге Паннониядағы Аттиланың ордасына барды.

Осы жолғы елшілік кезінде ол ғұн қоғамымен, оның тарихымен терең танысты. Ғұндар жайлы өте көп мәлімет жинап оны қағазға түсірді. Соның негізінде өзге антикалық тарихшылардың арасында ғұндардың этникалық, саяси тарихы бойынша көлемді мәліметтер қалдырған тарихшы ретінде де танылды. Присктің еңбектері Византия және Ғұн мемлекетінің тарихын және осы екі мемлекеттің өзара байланыстарын зерттеуде деректік негізі өте жоғары. Оның Византия және Ғұн империясының тарихы бойынша сегіз кітаптан тұратын латын тіліндегі қолжазбалар жинағы қалған. Алайда, оның біразы қазіргі уақытқа дейін сақталмаған [38].

Ғұндар мен олардың батысқа қарай жылжуы және көршілес тайпалармен жүргізілген соғыстары туралы гот тарихшысы Иорданның жазбаларында мәліметтер қамтылған. Иорданның еңбегі негізінен готтардың саяси өміріне бағытталып, сонымен бірге сол замандағы Шығыс Еуропадағы жағдай мен көшпелі халықтардың батысқа қарай жылжу процесі қарастырылған. Иордан ғұндардың готтарды батысқа қарай ығысуға мәжбүрлегені және олардың шығыс Рим империясымен саяси байланыстары туралы баяндайды. Оның бұл туралы еңбегі арнайы жинақ болып жарияланған және ол тақырыпқа қатысты негізгі дерек көздерінің бірі саналады [39].

Зерттеу жұмысының тақырыбына қатысты деректердің *екінші тобына* ерте орта ғасырлардағы византиялық авторлардың түрлі деңгейде жазып қалдырған

еңбектері мен қолжазбалары жатқызылды. Византиялық қоғамтанушылар, тарихшылар, философтар, мәдениеттанушылар қоғамда болып жатқан өзгерістер мен оған кедергі болған түрлі мәселелерге толғам жасап, өз ойлары мен тұжырымдарын қағазға түсіріп отырды. Зосим мен Присктен кейін ерте орта ғасырларда олардың ізін Прокопий, Агафий, Менандр Протектор, Феофан, Феофилакт Симокатта сынды тарихшылар, жазушылар мен қоғамтанушылар жалғастырды.

Ұлы қоныс аудару кезеңінде Приск сияқты мемлекеттің саяси, қорғаныс, сыртқы саясат сынды салаларында қызмет еткен және өз қызметі барысында әр түрлі саяси факторлар мен оқиғалар туралы мәлімет жинақтап отырған Прокопий болды. Кесарийлік Прокопий (Прокопий Кесарийский) деген атпен танылған ол І Юстинианның заманында Палестинадағы Кесарий аймағында император туылып, қызмет еткен. Ішкі саясатта І Юстинианның жетістіктері мен елдің жалпы ахуалын қағазға түсірді.

Сонымен бірге империяның сыртқы саясатында да белсенді қимылдар мен табысты соғыстар жүргізді. Салыстырмалы түрде қарағанда, Прокопий сыртқы саясатта көп қызмет етті. Ол І Юстиниан тұсында күшейген Византияның көрші мемлекеттерге қарсы жүргізген соғыстарына түгелдей қатысты. Ол атақты қолбасшы Велизарийдің жанында болып, көптеген соғыстар жүргізді. Өзінің қай жерде соғысқанын қағазға түсіріп отырды. Соның арқасында Византияның сыртқы соғыстарына қатысты аса көлемді еңбектер жариялады. Соның ішінде «Юстиниан жорықтары», «Парсылармен соғыс» атты шығармалары көлемді болып, олардың тақырыпқа қатысты деректік құндылығы өте зор. Прокопийдің өзге де жазбалары Византия тарихын зерттеуде аса көлемді деректер жинағы болып саналады [40].

Ерте орта ғасырлардағы Византия тарихын зерттеуде византиялық ақын, тарихшы Агафийдің еңбектері де өзіндік үлес қосады. Кіші Азияда Мирины қаласының тумасы болғандықтан, ол Миренейлік Агафий деген есімді иеленді. Агафий 536-582 жылдар шамасында өмір сүріп, Византияның саяси және әлеуметтік тарихы туралы еңбектер қалдырды. Оның көлемдісі «Юстинианның патшалық билігі» туралы атқа ие болған бес кітаптан тұратын шығарма болды. Бұл еңбек І Юстиниан заманындағы Византия тарихын зерттеуде өзінің деректік құндылығымен ерекшеленетін бірден-бір тарихи еңбектердің қатарында саналады [41].

Византияның ішкі және сыртқы саясаты бойынша аса құнды мәліметтер Менандр Протектордың жазбаларында кездеседі. Менандр Агафийдің ізін жалғастырушы ретінде танылып, ол «Тарих» атты еңбек жазып қалдырды. VI ғасырда ғұмыр кешкен Менандр Протектордың шығармалары мен жазбалары толық сақталмаған. Дегенмен, оның шығармаларының деректік маңызы зор болып, онда Византияның парсылармен және түркілермен байланыстары туралы мәліметтер берілген. Оның басты дәлелі 561 жылы Византия мен Иран арасындағы саяси келісім туралы мәлімет болды [42].

Византияның парсылармен саяси байланыстары және геосаяси мәселелерге байланысты жүргізген соғыстары туралы деректік мәліметтер VI ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген византиялық тарихшы, жазушы Феофанның

хроникаларында кездеседі. Лақап аты Византиялық Феофан деп танылған ол император II Юстиннің кезінде мемлекеттік қызмет атқарды. Оның хроникаларындағы басты мәліметтер Византияның Шығыс көршілерімен байланыстарының деңгейін көрсетуге бағытталған [43].

Византиялық тарихшылардың ізін жалғастырушы VI-VII ғғ. өмір сүрген атақты тарихшы, жазушы Феофилакт Симокаттаның хроникалары мен түрлі деңгейдегі шығармалары Византия тарихын байытатын бірден-бір жазба дерек көзі болып табылады. Ол Византия императоры Ираклиймен байланыста болып мемлекеттің ішкі саяси жағдайынан толыққанды хабардар болды. Мемлекетте болып жатқан барлық саяси оқиғалардың қағазға түсірді. Ол өзіне Прокопий, Агафий, Менандр Протектордың хроникаларын жинақтап, өзін олардың ізін жалғастырушымын деп есептеді.

Империяның сыртқы саясатына терең көңіл бөлген ол Византияның Шығыс елдерімен саяси, сауда байланыстары туралы мәліметтер қалдырды. VI ғасырдың 30-жылдары ол атақты «Тарих» еңбегін жазды. Бұл еңбекте Византияның Иранмен байланыстары және геосаясатқа байланысты туындаған соғыстары жазылды. Сонымен қатар, Византияның шығысында пайда болған мемлекеттердің өмірі жайлы, соның ішінде түркілер және аварлар туралы мәліметтер келтіреді. Ф.Симокаттаның бұл еңбегі өзінің аса құндылығымен ерекшеленеді [44].

Византияның ішкі-сыртқы саясатына қатысты маңызды деректердің бірі император Маврикийдің «Стратегикон» атты әскери трактаты болып табылады. Византия императорының бұл жобасы VI-VII ғғ. тоғысында империяның әскери қуатын арттыру мақсатында жасалып қабылданған. Трактатта әскери жобамен қатар, саяси тақырыптар да кеңінен қамтылған. Соның ішінде, сыртқы саясатқа қатысты атқарылатын жұмыстардың жоспары көрсетілген. Трактаттың аты айтып тұрғандай-ақ, ол тек әскери саламен шектелмей, жалпы империяның стратегиясын көрсетіп тұр. Бұл трактат Ұлы Қоныс аудару дәуіріндегі Византия тарихы бойынша аса құнды деректердің бірі болып табылады [45].

Ұлы Қоныс аудару дәуірінде Византия империясы мен оның сыртқы саяси тарихын бейнелейтін мәліметтер хронист Иоанн Малаланың хроникаларында кездеседі. Шамамен 491-578 жылдары өмір сүрген ол, императорлар Юстиниан мен II Юстиннің кезіндегі мемлекеттің саяси жағдайына арналған бірқатар жазба мәліметтер қалдырған. Иоанн Малала византиялық хронистер арасында өзінің аса көлемді хроника жазып қалдыруымен ерекшеленді. Оның 18 кітаптан тұратын «Хронография» атты жинағы тақырыпқа қатысты аса көлемді деректер қатарынан орын алады. Жинақ әлемнің бірнеше тілдеріне аударылып, қазіргі уақытқа дейін Византия тарихымен айналысушы ғалымдардың негізгі деректік базасы болып отыр [46].

Көріп отырғанымыздай, византиялық авторлар мен хронистердің әрқайсысы әр түрлі саланың адамдары болған. Олардың бірі тарихшы, бірі жазушы, енді бірі әскербасы немесе саясаткер және басқалар. Дегенмен, олардың барлығы тарихшы болып саналмағанымен, олардың қалдырған жазбалары Византия тарихы үшін аса құнды болып саналады.

Тақырыпқа қатысты деректердің *үшінші тобына* батыс еуропалық тарихшылар мен сол заманда өмір сүрген хронистердің еңбектерін жатқызамыз. Олардың қатарында Григорий Турский, Иоанн Бикларский, Исидор, Кассиодор, және басқа да тарихшылар мен хронистерді атауға болады. 538-593 жылдар өмір сүрген франк тарихшысы, хронист Григорий Турский өз заманында болған саяси оқиғаларды жинақтап, оларды жүйелеумен айналысты. Нәтижеде, латын тілінде он томнан тұратын «Historia Francorum» (Франктер тарихы) атты тарихи жинақ жазды. Григорий Турскийдің бұл жинағы Византия және жалпы Еуропа тарихы бойынша аса құнды мәлімет беретін деректер жинағы болып табылады. Жинақта Византия тарихы, оның көршілері славяндар, аварлар туралы мәліметтер берілген [47].

Батысеуропалық хронист, испаниялық Бикларолық Иоанның (Иоанн Бикларский) жазбалары тақырыпқа қатысты мәліметтер бере алады. 540-621 жылдары Жирона мен қазіргі Испанияда өмір сүрген Иоанн, өз заманының тарихынан сыр шертетін хроникалық жинақтар жазды. Оның хроникаларында Византияның ішкі саяси тарихы бойынша, оның сыртқы саясаты мен Шығыстағы көршілерімен байланыстары және соғыстары туралы мәліметтер сақталған [48].

Келесі бір испаниялық хронист шамамен 560-636 жылдары өмір сүрген Севильялық Исидордың хроникалары Халықтардың Ұлы Қоныс аудару дәуіріндегі Еуропа халықтары мен мемлекеттерінің тарихын зерттеудегі деректік негізі аса маңызды болып саналады. Исидор өзі діндар, абыз адам болып, сонымен бірге қоғам мен мемлекетте болып жатқан саяси оқиғалар жайлы жазып қалдырып отырған. Исидордың ауқымды шығармаларының бірі готтардың, вандалдар мен свевтердің ғұндар мен басқа да шығыстық тайпалардың ығыстыруымен батысқа қарай жылжуы жөнінде болып, ол өз заманында туған құнды еңбектердің бірі болды [49].

Осы сияқты діндар, шіркеу қызметкері ретінде танылған келесі бір хронист португалдық Мартин Браг, Ұлы қоныс аудару кезінде Шығыс Еуропадағы халықтардың саяси жағдайы жайлы шығармалар қалдырды. Мартин Браг шамамен 520-580 жылдары өмір сүріп көптеген жазбалар қалдырды. Оның басты хроникаларының бірі Византияның іргесіндегі славяндар туралы және олардың Византиямен байланыстары туралы мәліметтер беретін шығарма болды [50].

Византияның ішкі саясатына қатысты тақырыптар ерте орта ғасырлардағы (шамамен 485-585 жж) римдік тарихшы Кассиодордың жазбаларында да көрініс тапқан. Болмысынан жазушылық қабілетке ие болған ол Италияда туылып, кейіннен Остгот корольдігінде, одан соң Византияда өмір сүрді. Көптеген жазба еңбектер қалдырып, оның ішінде Византияның ішкі-сыртқы саяси өміріне қатысты фактілер жайлы мәліметтер сақталған. Оның үш бөлімнен тұратын «Тарих» атты еңбегінің үшінші бөлімінде Византияның саяси жағдайына және сыртқы саясатта жүргізген түрлі әрекеттерге қатысты мәліметтер тіркелген. Кассиодордың жазбалары Еуропа, Рим және Византия тарихы бойынша өзінің құндылығымен ерекшеленеді [51].

Зерттеу тақырыбының көлемі мен мазмұнына орай, деректердің *төртінші тобына* шығыс тілдерінде жазылған деректер жатқызылды. Араб, парсы және сириялық авторлардың шығармалары, күнделіктері, хроникалары, кітаптары сондай-ақ, деректік маңыздылығы жоғары болған басқа да қолжазбалары ғылыми жұмыстың деректер базасын кеңейтуге көмектесті.

Шығыс деректерінің арасында сириялық авторлардың хроникалары мен түрлі деңгейдегі шығармаларының деректік құндылығы зор болды. Сириялық авторлар ерте орта ғасырларда және араб тілінің енуіне дейінгі кезеңде өз шығармаларын ескі сириялық тілде жазды. Олардың қатарында Иешу Стилиит, Иоанн Эфесский сынды сириялық хронистердің шығармаларын атауға болады. Иешу Стилииттің хроникалары Византия мен Иран арасындағы саяси тартыстар мен мемлекетаралық байланыстардың деңгейі туралы көлемді мәліметтер бере алады. Ол V-VI ғғ. өмір сүріп, осы кезеңдегі Византия мен Персияның саяси қарым-қатынастарын өз хроникаларында [52] баяндайды.

Келесі бір сириялық, кейіннен византиялық автор ретінде танылған атақты хронист Иоанн Эфесский, шыққан жері мен тегі сириялық болып, әуелде өзінің және көрші корольдіктер мен империяларда болып жатқан саяси процестер туралы жазып жүрді. Кейіннен Константинопольге барып, онда император Юстиниан тұсында империяның ішкі саяси және діни-миссионерлік істер бойынша қызметке араласады. Осы салаларда қызмет ете жүріп, империяның саяси өмірінде орын алған фактілерді қағазға түсіріп, сақтап отырды. Иоанн Эфесскийдің хроникалары Византияның ішкі саяси, діни және сонымен бірге сыртқы саясатымен байланысты тақырыптарды зерттеудегі деректік маңыздылығы жоғары болып саналады [53].

Келесі бір шығыстық тарихшы Евагрияның (Схоластик) жазбалары зерттеу тақырыбы мен оның мазмұнын ашуға көмектесетін еңбектердің бірі саналады. Евагрияның өзі тарихи деректерде сириялық шіркеу қызметкері деп жазылады. Оның жазбалары шіркеу тарихына арналып, ол алты кітаптан тұрады. «Шіркеу тарихы» деген атпен танылған бұл еңбекте Византия империясының ішкі саясаты мен сыртқы саяси ахуалы туралы мәліметтер кеңірек көрсетілген. Шіркеу тарихымен байланыстырылғанына қарамастан, бұл кітап империяның әлеуметтік өмірін зерттеуге арналған құнды деректердің қатарында саналады [54].

Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңіне байланысты Қазақстандағы дүние жүзі тарихының мамандары 2016 жылы шығарған Хрестоматия өте маңызды құжаттарды қамтыды. Бұл жинақта Византиядағы саяси-экономикалық және рухани жағдайларға байланысты біраз деректер қамтылған [55].

Зерттеу жұмысының теориялық және методологиялық негізі. Зерттеу тақырыбы Византия империясының әлеуметтік-экономикалық, ішкі және сыртқы саясатымен байланысты болғандықтан, ол өз ішінде бірқатар зерттеу әдістері мен принциптерін қамтыды. Диссертациялық ғылыми жұмысты жүргізуде қазіргі кезде отандық және шетелдік медиевистикада болып жатқан теориялық мәселелер мен жаңалықтар басшылыққа алынды. Әр саладағы даму процесі болғандай, тарих ғылымында да болып жатқан ғылыми өзгерістер мен

процестер де оның дамуының бір белгісін көрсетеді. Дегенмен, ғылым дамып, оның зерттеу аясы дамыған сайын сәйкесінше оған қатысты тақырыптарды зерттеу жұмыстары да өз алдына ауыр міндеттер жүктейді. Сол сияқты, Ұлы қоныс аудару дәуіріндегі Византия империясының саяси, әлеуметтік-экономикалық тарихын және сыртқы саясатында империяның көршілес мемлекеттермен қарым-қатынастарын, сондай-ақ жалпы ішкі-сыртқы саяси процестерді зерттеу мен оған қатысты тұжырым жасау ғылымда күрделі мәселелердің бірі болып, ол өз кезегінде методологиялық мәселелерді де тудыратыны анық.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының мазмұнына байланысты ғылыми жұмыста тарих ғылымының дәстүрлі әдістері болып саналатын тарихи-салыстырмалылық, тарихи-типологиялық, тарихи-жүйелеу, рестроспективтік, құрылымдық-функционалдық әдістері қолданысқа енді. Сонымен қатар тарих ғылымының ғылыми принциптері басты ғылыми ұстанымдардың бірі болып, онда тарихилық, жүйелілік, шынайылық, объективтілік, нақтылық принциптеріне сүйене отырып, зерттеу жұмыстары жүргізілді [56]. Зерттеу материалдарын ғылыми талдаудан өткізуде осы аталған принциптер негізге алынды. Тарихилық және жүйелілік принциптері негізінде Ұлы қоныс аудару дәуірінде Византияның ішкі саяси және әлеуметтік-экономикалық ахуалы тарихи негізде зерттелді. Византия императорларының ішкі-сыртқы саясаттағы саяси қадамдарын көрсетуде, империяның сыртқы әлеммен байланысы, шығыс римдіктердің көршілес мемлекеттермен және көшпелі варвар халықтарымен соғыстарының шынайлығын анықтауда осы аталған принциптер басшылық алынды.

Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде Византияның көші елдермен қарым-қатынастары мен шиеленістердің тарихын өркениеттік тұрғыда қарастыру да негізге алынды [57]. Византиялық шығыс римдік өркениет расында да Батыс Рим империясының жалғасы ретінде өмір сүріп, ол өзінің мәдениетін Шығысқа да тарата білді. Ұлы қоныс аудару дәуірінде Византия варварлық корольдіктер мен айналадағы мемлекеттердің қысымына ұшырамастан, Шығыста римдік өркениетті ұзақ уақыт сақтап қалды. Империяның сыртқы саясатына қатысты диссертациялық жұмыстың ғылыми тұжырымдарын қабылдауда түркілік, еуроцентристік, жершілдік, нәсілшілдік, халықшылдық және діни ұстанымдар мен өзге де көзқарастар басшылыққа алынбады. Тек қана тарих ғылымына тән болған әдістер мен принциптер және оған қосымша жаңадан жанама түрде еніп отырған әдіс-тәсілдер негізінде тақырыптың мазмұны ашылды.

Зерттеу жұмысын жүргізуде тарих ғылымымен сабақтас болған археология, этнография ғылымдары және тарихи география, тарихи психология мен экономика ғылымдарының пәнаралық әдістері қолданылды. Оның басты мысалдары археологиялық және этнографиялық ескерткіштер мен түрлі артефактілер зерттеу жұмысының мазмұнын ашуға көмектесті. Тарихи география Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде империяның территориясы мен оның уақыт ағымына сай ұлғайып және тарылып отырғанын көрсете алады. Экономика ғылымымен пәнаралық байланыстар және әдістер

зерттеу жұмысында бірқатар фактілердің шынайылығын анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу жұмысын жүргізуде императорлардың ішкі және сыртқы саясатын талдай отырып, оның негізінде императорлардың мінез-құлық ерекшеліктеріне де баса назар аударылды, олардың психикасы, болмысы мен ұстанымдары зерттелді.

Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуіріндегі Византия императорларының мемлекет қаржысын үнемдеу саясаты мен ол үшін жүргізілген реформалары қазіргі экономика ғылымының пәнаралық негізінде де талданды. Экономика тарихы бойынша жаңа тұжырымдар қабылдау – тарих ғылымының жаңа және дәстүрлі әдістерінен бөлек қосымша әдістер мен өзге ғылымдардың әдістерінің қажеттігін көрсетті. Экономикалық талдау мен есептеудің нәтижесінде империяның экономикалық тарихының жаңа беттері ашылды. Мұның ең маңызды тұсы, диссертациялық тақырыптың методологиялық негізі өзге ғылымдардың әдістерімен толықтырылды. Көрсетілген кезеңде Византия императорларының қаржы саясатын экономикалық және есептік көрсеткіштерін математикалық әдістермен де көрсетудің қажеттілігі туындады.

Зерттеу жұмысының ғылыми мазмұны императорлардың басқару жылдарымен хронологиялық принциптер негізінде көрсетілді. Императорлар тарапынан бекітілген әкімшілік және қаржылай реформалар мен осы салалар бойынша атқарылған жұмыстарға талдау жасауда мемлекет басшысы мен үкіметтің ұстанған принциптері мен саясатын талдау басшылыққа алынды. Себебі, әрбір император Византия империясын басқаруда сан түрлі саясат жүргізді. Бұл жағдай империя тарихында I Юстиниан, II Юстин сынды басшылардың қызметімен байланысты болды [58].

Ұлы қоныс аудару дәуірінде Византияның ішкі-сыртқы саясаты және әлеуметтік-экономикалық тарихы бойынша концептуалды мәселелер әлі күнге дейін жалғасын табуда. Негізгі ғылыми мәселелер Византияның сыртқы саясатына байланысты туындап, оның басым бөлігі империяның Парсы мемлекетімен және көршілес түркі халықтарымен байланыстарында көптеген саяси талаптарды орындауға байланысты туындайды. Сонымен қатар варварлық корольдіктердің Византиямен тең емес дәрежеде байланыстар орналуы еуропалық және кеңестік-ресейлік зерттеушілердің тұжырымдарының үйлеспеуі келесі бір мәселенің тууына арқау болуда. Зерттеу жұмысының ғылыми мазмұнын ашуда осындай ғылыми-тұжырымдық тартыстарға шектеу қоюға талпыныс жасалды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Жұмыстың тақырыбы шетел тарихнамасында аз зерттелген мәселелер қатарынан орын алады. Бұл тақырып отандық тарихнамада жеке және арнайы тақырып ретінде алынып зерттелмеген тақырыптардың бірі болып саналады. Зерттеу жұмысы қойылған міндеттерге сәйкес жүйелі және кешенді түрде жүргізілді. Зерттеу жұмысын жүргізудің нәтижесінде төмендегідей ғылыми жаңалықтарға қол жеткізілді:

– халықтардың ұлы қоныс аудару дәуірінде Византия империясының тарихы мен оған әсер еткен факторлардың жаңа бағыттары айқындалды. Ұлы қоныс аударудың себептері мен процесіне және оның Византия империясының

саяси және экономикалық өміріне тигізген ықпалы туралы жаңа ғылыми тұжырымдар қабылданды;

– византиялық хронистердің еңбектерін талдаудың негізінде Византия империясының экономикалық дамуы мен оның ерекшеліктері көрсетілді. Салыстырмалы түрде, Шығыс Рим империясының Батыс Рим империясынан экономика саласында ілгері кетуінің жолдары анықталды. Византия императорларының мемлекеттің қаржы саласындағы атқарған істері мен олардың империя экономикасын көтерудегі әдістері жаңа қырынан дәлелденді;

– ұлы қоныс аудару дәуірінде Шығыс Рим империясында қоғам және мемлекеттің дамуында император I Юстиниан тарапынан қабылданған реформалардың саяси, құқықтық, экономикалық мән-маңызына тарихи баға берілді. I Юстинианның заманауи құқықтық мемлекеттік жүйені құрудағы және империяны дамытудағы рөлі айқындалып, оның жаңаша саяси «портреті» жасалды;

– халықтардың ұлы қоныс аудару дәуірінің Византияның ішкі өмірінде түрлі әлеуметтік-саяси мәселелердің туындауы мен оның жаңа себептері анықталды. Халық пен биліктің және қоғам мен мемлекеттік аппараттың арасында туындаған түрлі саяси алауыздықтар мен оның саяси салдары айқындалды. Мұндай ішкі саяси кикілжіңдердің империяның саяси өмірінің дамуына кедергі келтіретін жаңа тұстары көрсетілді;

– антикалық авторлардың еңбектеріне сүйене отырып, Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуіріндегі Византияның сыртқы саясаты мен оның жаңа бағыттары ашылды. Империяның халықаралық қатынастардағы беделіне тарихи-саяси сипаттама беріліп, оның сыртқы саясаттағы «картасы» жасалды.

– халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде осы көшті бастаған ғұндардың Византия империясымен саяси байланыстарының жаңа бағыттары көрсетілді. Византиялық елшілер мен тарихшылардың жазбаларына талдау жасаудың нәтижесінде римдік билеушілердің ғұндармен саяси байланыстарына және соғыс факторлары жаңа қырынан ашылды;

– Византияның сыртқы саясаты мен оның оңтүстік Еуропадағы саясатына тікелей әсер еткен және оған үлкен кедергі ретінде аварлардың аймақта күшею факторлары жан-жақты қарастырылды. Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде ғұндармен бірге аварлардың Византияға қорғаныс көмегін беруі және соның негізінде империяның ұзақ өмір сүруіне тікелей ықпал етуі диссертациялық зерттеу жұмысының басты ғылыми жаңалықтарының бірі болып табылады. Византияның түркі әлемімен ұлы қоныс аудару кезеңіндегі қарым-қатынастары Шығыс пен Батыстың интеграциясына, түбінде Ұлы жібек жолының дамуына әсер еткен;

– шығыс деректерін және Менандр Протектор жазбаларын талдаудың негізінде Византия мен Түркі қағанатының саяси байланыстары мен екі мемлекет арасындағы тығыз саяси қарым-қатынастар жайлы жаңа фактілер анықталды. Түркі қағандығының сыртқы саясатта Византияның басты қолдаушысы мен өзара одақтасына айналуындағы рөлі туралы жаңа факторлар анықталды. Оның ең маңыздысы ретінде жібек саудасы көрсетілді;

– шығыс деректерін және Прокопийдің жазбаларын талдай отырып Византия империясы мен Иран арасындағы саяси байланыстардың сан түрлі бағыттары және соғыс факторларының жаңа қырлары ашылды. Сасанидтік Иранның Византия империясы үшін аймақтағы басты геосаяси бақталас болғаны анықталды;

– зерттеу жұмысының негізгі жаңалықтарының бірі ретінде Орталық және Оңтүстік Еуропада славяндардың пайда болуы мен олардың Шығыс Рим империясының саяси өміріне араласуына қатысты зерттеулер болды. Византиялықтар мен славяндардың өзара одақтастық қатынастары мен саяси қақтығыстарына жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткізілді.

Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері. Диссертациялық зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері тақырыптың өзі көрсетіп тұрғандай, IV-VII ғасырлардың аралығындағы уақыт кеңістігін қамтиды. Бұл кезең әлемдік тарихта Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірімен тұспа-тұс келіп, осынау бір үлкен тарихи процесс орын алады.

Зерттеу жұмысының аумақтық шеңбері. Диссертациялық жұмыстың территориялық ауқымы -Византия империясының территориясы және оның көрші мемлекеттерімен байланысты.

Зерттеу жұмысының ғылыми және тәжірибелік маңызы. Диссертация материалдары ерте дүние және орта ғасырлар тарихы, Византия империясы тарихы мен осы кезеңдегі халықаралық қатынастарды зерттеудегі ғылыми маңызы өте зор. Зерттеу жұмысының ғылыми материалдары Византияның тарихы, Халықтардың Ұлы қоныс аудару процесі, Батыс ғұндар жайлы, Еуропада ерте орта ғасырларда өмір сүрген варвар тайпалары мен корольдіктердің саяси және әлеуметтік тарихымен байланысты болған оқытылатын дәрістерде, арнаулы курстар мен семинарларға пайдалануға болады. Сонымен бірге, диссертациялық жұмыс бойынша жинақталған ғылыми материалдар түркілердің этногенезі сияқты дәрістердің курсын дайындауда және хрестоматиялар шығаруда пайдаланылады.

Зерттеу тақырыбы бойынша қорғауға ұсынылған тұжырымдар. Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде Византияның ішкі саяси тарихы мен оның сыртқы саясаты және көрші елдермен түрлі салалар бойынша қарым-қатынастар тарихын жан-жақты зерттеу нәтижесінде төмендегідей ғылыми тұжырымдар қорғауға ұсынылды:

1 Халықтардың ұлы қоныс аудару дәуірі Еуразияда көптеген ертеортағасырлық тайпалар мен мемлекеттердің тағдырын басқа арнаға бұрған өте үлкен және ұзақ уақытты қамтыған тарихи процесс болды. Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірі Византия империясының саяси тарихына да үлкен өзгерістер алып келді. Византия империясы бұл дәуірде тек Батыс пен Шығыста ғана емес, сонымен бірге әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеті саналды.

2 Халықтардың ұлы қоныс аудару дәуірінің Шығыс Рим империясы үшін тиімді және тиімсіз тұстары көп болды. Тиімді тұстарының ең негізгілері Ұлы көш арқылы Батысқа жылжып, империя іргесіне жайғасқан халықтарға өзінде өндірілген тауарларды саудаға салды. Олардың біразын арзан жұмыс күші

ретінде пайдаланды және империяның сыртқы шекаралық қорғанысын қамтамасыз етті. Екіншіден шығыстан ығысқан ғұн, гот авар, славян тайпалары мен мемлекеттері Византияға қауіп төндіріп, оны біраз уақыт алым төлеуге мәжбүр етті. Осының нәтижесінде құлиеленушілік қатынастар одан әрі ыдырай түсті.

3 Византия көрші халықтармен және мемлекеттермен сауда-саттық жұмыстарын жүргізу мен экономикалық дамудың заманауи жаңа үлгісін көрсетті. Сыртқы сауда мен ішкі экономикада жүргізілген түрлі жобалар империя экономикасының қарыштап дамуына ықпал етті. Империя территориясының халықаралық сауданың дәлізі болуына байланысты Византия Шығыс саудасының өсуіне де ықпал етті. Алтын ақша бірлігі айналымға енді. Мұның барлығы халықаралық экономика тарихының алғашқы баспалдақтары ретінде қалыптасты.

4 Византия империясы мемлекеттік құқық пен құқықтық нормалардың дамуы бойынша оны Батыс Рим империясынан кейінгі жалғасырушы ретінде тарихта қалды. Византия императорлары тарапынан қабылданған құқықтық нормалар мемлекеттің саяси дамуына орасан зор үлес қосты. Империяда жаңа тәртіп орнап, халықтың санасы көтерілді. Мұның салдарынан халық арасында шекара сыртында өмір сүріп жатқан халықтарға варварлық, жиіркеніштік көзқарас пайда болды. Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде Византияда мемлекетті басқарудың жаңа жүйесі қалыптасты. Бұл жағдай тек Византия ғана емес, кейіннен Еуропада құрылған ерте ортағасырлық мемлекеттер үшін де үлгі болды.

5 Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде Византияның саяси дамуына император I Юстинианның қабылдаған саяси және құқықтық реформалары ерекше ықпал етті. 527-565 жылдары билікте болған ол империяның саяси дамуын қолға алу керектігін терең ұқты. Император I Юстинианның қабылдаған заңдары Corpus Juris Civilis – тің негізінде империяда ішкі саяси тәртіп орнады. Сыртқы саясатта да табысты қимылдар жүргізіле бастады. Осының негізінде император I Юстиниан римдік құқықтың жаңа үлгісін жасаушы ретінде Византия тарихында қалды. Империяда адам құқықтары мен халықтың әлеуметтік жағдайын реттеуге бағытталған мемлекеттік жобалар қабылданып, ол империяның саяси өмірін айтарлықтай өзгертті. I Юстинианның қабылдаған заңдары мен құқықтық нормалары қазіргі кезге дейін үлгі ретінде қолданылып келеді.

6 Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде Шығыс Рим империясында ішкі саяси дамулармен қатар, оларға кедергі болған ішкі және сыртқы саяси-экономикалық факторлар да табылып жатты. Империяда атақты билеушілердің атына сызат түсіріп, оларға қарсылық және қастандық ұйымдастырушы ішкі саясаттың өкілдері де аз болмады. Мұның барлығы империяда беделді тұлғалар арасында саяси алауыздықтардың тууынан пайда болып, императорларды тақтан тайдыру және өлтіру фактілері орын алып отырды. Бұл империяның дамуына кері ықпал етті. Таққа үміткерлер арасында билік үшін туған саяси жанжалдар империяның дамуын біраз уақыт тежеді.

7 Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде Шығыс Рим империясының саяси тарихы мен тағдыры еуропалық ғұндармен тығыз байланысты болды. Сонымен қатар, ғұндардың Еуропада орнығуына және күшеюіне ықпал еткен негізгі фактор ғұндар мен Византия арасында орын алған әр түрлі деңгейдегі саяси процестер болды. Осы фактор зерттеу тақырыбына қатысты маңызды тұжырымдардың бірі болып саналады. Халықтардың ұлы қоныс аудару кезеңіндегі ғұндардың шапқыншылықтары Византиядағы құлиеленушілік қатынастардың бірте-бірте ыдырауына себепші болды.

8 Шығыс Рим империясының сыртқы саясатындағы басты тақырыптардың бірі аварлар болып, олар да Византияға жақын болуға тырысты. Шығыс Рим империясына аварлар жылдар бойына қысым көрсеткенімен олар өз жолын ары қарай жалғастыра алмады. Бұған Византияның уақыт өте күшеюі және керісінше Авар хандығындағы ішкі алауыздықтар оның Византиямен арадағы саяси процестерді жалғастыруға кедергі келтірді. Дегенмен, аварлар Византияға қауіп төндіргенімен, олар империяның сыртқы қорғанысын қамтамасыз етуге көмектесті. Бұл үшін олар тиісті алымдар алып отырды. Аварлар Византиямен саяси бәсекеге төтеп бере алмай тарих сахнасынан шығып қалды.

9 Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде Шығыс Рим империясының сыртқы саясатындағы басты бағыттар Түркі қағанатына қарай бағытталды. Сыртқы саясаттың негізгі бағыттары саяси-дипломатиялық және сауда-экономикалық қатынастармен сипатталды. Шығыс Рим империясы мен Түркі қағанаты арасындағы саяси байланыстар Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуіріндегі халықаралық қатынастардың жарқын үлгісі бола алды. Оның басты мысалы, екі мемлекет бір-бірімен соғыс жүргізбей, тек қана жақсы қарым-қатынаста болды. Тараптар арасында аз уақыт болса да жақсы саяси, саудасаттық және елшілік байланыстар дамыды.

10 Шығыс Рим империясы мен Сасанидтік Иран арасындағы саяси байланыстар толықтай шиеленісті жағдайда болды. Парсылар Византияның сыртқы саясаттағы басты бақталасы болды. Екі мемлекет арасындағы саяси текетірес геосаяси мәселелермен байланысты болып, сан рет соғыс факторлары орын алды. Екі мемлекет те бір-бірінің жерін жаулауға дайын болып, алайда бұл бәсекеде парсылар жеңілді. Себебі, біріншіден, Византия парсылар тарапынан ұйымдастырылған сан рет орын алған соғыстарға тиісті жауабын беріп оларды қайтарып отырды, екіншіден сасанидтер әулетінде ішкі алауыздықтар орын алып, ол ішкі дағдарыстың тууына алып келді.

11 Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде Шығыс Рим империясының сыртқы саясатында оған ықпал еткен халықтардың қатарына славяндардың қосылуы бұл саладағы ірі жаңалықтардың бірі болып отыр. Славяндар бұл кезде Шығыс Еуропада пайда болған көшпелі тайпалардың бірі болды. Өздерінің бірлігі мен ұйымшылдығының, жауынгерлігі арқасында олар да өзге варвар тайпалары сияқты Византия империясына сес көрсете алды. Византия императорлары славяндарды жалдамалы жауынгер ретінде сыртқы соғыстарға пайдаланды. Солардың бірі аварларға қарсы соғыс қимылдарында болып, мұнда славяндар белсенділік танытты.

Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде Шығыс Рим империясының саяси жағдайы құбылмалы болды. Ал, жалпылама алғанда бұл кезең империя тарихында Шығыс Рим империясының дамуына және гүлденуіне алғышарт қалыптастырған кезең ретінде енді. Бұл кезеңде Шығыс Рим империясында императорлардың басым бөлігі дарынды, талантты болды. Соның арқасында олар империяда ішкі бірлікті, құрылымды сақтап қалды. Олардың қабылдаған реформалары империяның болашағы үшін өте тиімді болып, ол барлық салаларда даму жолын анықтап берді.

Ішкі күрестер мен тартыстарға қарамастан, империя өзінің тұрақтылығы мен біртұтастығын сақтап қала алды. Бұл дәуір Византияның сыртқы саясатында аса қиындыққа толы кезең болып, осы үш ғасыр ішінде империя варвар тайпаларымен толассыз күрес жүргізді. Соның арқасында өзінің территориялық бүтіндігін сақтап қалды және керісінше, өзіне қарсы соғысқан көптеген тайпаларды бағындырып, империя халқының құрамына сіңіріп жіберді. Бірнеше халықтар виантиялық болып өз тағдырларын империямен бірлестірді. Ұлы қоныс аудару кезеңіне дейінгі Империядағы құлиеленушілік қатынастар бұрынғысынан сақтала берсе, VII ғасырдан бастап олар бірте-бірте ыдырай түседі. Осының нәтижесінде жаңа қатынастар, яғни, ертефеодалдық элементтер пайда болады. Болашақта сөйтіп жаңа өркениетке жол ашылады.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі. Диссертациялық ғылыми-зерттеу жұмысы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан мен іргелес елдер тарихы бөлімінде дайындалды. Зерттеу тақырыбы бойынша көлемді ізденіс жұмыстары жүргізілді. Отандық және шетелдік кітапханалар мен сирек қорлардан келтірілген материалдар зерттеу жұмысында қолданыс тапты. Зерттеу жұмысы өз жоспарына сәйкес алға қойылған міндеттері бойынша орындалды. Диссертацияның ғылыми қорытындылары мен нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми басылымдар мен конференция жинақтарында басылды.

Диссертациялық жұмыс бойынша жалпы саны он бір ғылыми мақала жарияланды. Оның ішінде, ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен ғылыми басылымдарда төрт ғылыми мақала жарыққа шықты. Еліміздегі ЖОО мен ғылыми-зерттеу орталықтарында отандық және әлемдік тарих ғылымының өзекті мәселелері бойынша арнайы ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-теориялық конференцияларда үш ғылыми баяндама көпшілікке ғылыми талқылауға ұсынылды. Шетелдерде жарияланатын басылымдар мен жинақтарда төрт ғылыми мақала жарияланып, екі мақала «Scopus» халықаралық деректеме базасына енетін басылымдарда шықты.

Диссертациялық жұмыс ҚР БЖҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан мен іргелес елдер тарихы бөлімінің кеңейтілген мәжілісінде ғылыми талқылаудан өтті және қорғауға жіберілді.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертациялық зерттеу жұмысының құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен және әр бөлім үш тараушадан құралады. Мұнымен қоса, қорытынды бөлім мен пайдаланылған әдебиеттер тізімі қамтылған.

1 IV-VII ҒАСЫРЛАРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ШЫҒЫС РИМ ИМПЕРИЯСЫНДАҒЫ ҚОҒАМ ЖӘНЕ БИЛІК

1.1 Империяның экономикалық дамуының ерекшеліктері

Ежелгі дәуір мен Орта ғасырлардың аса қуатты мемлекеті болған Шығыс Рим империясының саяси тарихын зерттеуде империяның экономикалық даму тарихын және оның ерекшеліктерін көрсету ғылыми жұмыстың құндылығын арттыра түсетіні анық. Шығыс Рим империясы өзінің Батыстан бөлінгенге дейін-ақ өзінің экономикалық даму болашағын айқындай алатын дәрежеде еді. Оның басты мысалдары Рим империясының Шығыс аймақтары сыртқы сауда мен ауылшаруашылығын дамыта алатын мүмкіндіктері көп болды. Бұған империяның географиялық орналасу жағдайы үлкен септігін тигізіп, соның негізінде сыртқы сауда мен қолөнерді дамыта алатын ірі орталықтар пайда болған еді.

IV ғасырда империяның басты орталықтарының бірі болған және уақыт өте үлкен экономикалық орталыққа айнала бастаған Константинополь қаласының дамуы ерекше мәнге ие болды. Бұл қала 330 жылдан бастап құрылып, көркейіп, кейіннен басты экономикалық орталыққа және Рим империясы бөлінген кезде Шығыс Рим империясының астанасына айналды. Бұдан шығатын басты түйін Шығыс Рим империясының Батыстан бөлінбей тұрып-ақ оның өзіне тән болған экономикалық даму көрсеткіштері мен ерекшеліктері айқындалған еді.

Шығыс және Батыс Рим империяларының бөлінгеніне дейін Шығыста әлеуметтік-экономикалық дамудың өзіндік жолы қалыптасып, ол Шығыс провинцияларды басқарған императорлар мен түрлі жергілікті басшылардың қызметінің басты нәтижесі болды. Соның негізінде Византия империясы орталықтанған әкімшілік аппараты қалыптасқан, басқару механизмдері қоғамды басқаруға лайықты және қуатты әскер құруға дайын мемлекет болып қалыптасты.

Оның өзінің бір ортаға шоғырланған қаржы-экономикалық жүйесі, құқықтық нормалары және мемлекеттің экономикасы мен әлеуетін одан сайын көтеру үшін табиғат байлықтары жеткілікті болды. Тек қана табиғи байлықтарды төгіп-шашпай, мемлекеттің кірістер мен салық жүйесін және экономикасын жақсы бақылап отыратын орталық билік болса жеткілікті болды. Ол әрине императорлардың Византияда жүргізген экономикалық қызметі мен саясатына байланысты болды. Себебі, мемлекеттің кірістері мен шығындары, бюджеті, табиғи байлықтар мен басқа да кіріс көздері империяның әлеуметтік-экономикалық өмірінің негізгі тірегі болып, оны басқару оңай емес еді. Осыған байланысты әр императордың тұсында империя экономикасы әр түрлі жағдайда болды [97].

IV ғасырдың орта шенінде Рим империясында Батыс және Шығыс провинциялардың бөліну процесі күшейіп, ол түпкілікті 395 жылы аяқталды. Ұзаққа созылған бөліну жағдайы римдік билеушілерді әуелде саяси мәселелерді шешіп алуға тартты. Сондай-ақ, Рим империясының мұндай ішкі саяси және діни жағдайымен бірге сыртқы ахуал да жақсы болмады. Оның басты мысалы

шығыстан төнген варвар тайпалары империяның аумағына кіріп, ол елдің берекесін қашырды. Дегенмен, Рим империясынан бөлінген Византия үшін экономикалық жағдайды реттеу басты жоспарлардың бірі болды. Империяның экономикасын реттеу немесе реформалау әрбір император үшін міндет секілді болды, алайда ол оңайға соқпады. Шығыс Рим империясының экономикасын ол батыстан алғаш бөлініп шыққан кезден бастап император Феодосий басқарды. Ол Византияның жеке-дара билеушісі болып бекітілген соң империяның ішкі-сыртқы саясатымен қатар экономикалық мәселелерге баса назар аударды. Византия тарихнамасында ол Шығыс Рим империясының бірінші билеушісі болып сипатталады. Империяның дербес билік құруына орай, оның толып жатқан саяси мәселелерімен бірге экономикалық жағдайды да түзеу император Феодосий тарапынан басшылыққа алынды.

Феодосий Византия экономикасын бұрынғы талан-таражға түскен Рим империясының экономикасынан бөліп алып, басқа жолмен дамытуға кірісті. Ол кезде мемлекетте қаржылық ауыртпалықтар мен мемлекеттік шығындардың көлемі үлкен болды. Бір сөзбен айтқанда, мемлекет экономикасын қалай көтеру мен дамыту күн тәртібіндегі тақырыпқа айналды. Сыртқы күштерден, варварлық корольдіктермен күрес империя қазынасына ауыр шығындар әкелді. Феодосий мен оның әулетінен шыққан мемлекеттік қызметкерлер ең алдымен мемлекетте құлиеленушілікті жоюға тырысты. Құлиеленушілікті экономиканы дамытудың үлкен кедергісі деп білген Феодосий, олардың қызметін бағалауды жөн санап, құлдарға жаңа статус берді. Олар енді патронаттардың қол астында еңбек ететін болды және өздеріне тиісті жалақы алатын болды. Бұл жағдай кедей халықтың өз тамағын өзі асырай алу үшін жасалды.

Өздерінің қаржылық қиындықтарын еңсеру үшін олар енді өз қамқоршыларынан (патронаттардан) ақша алып тұрды және оларды еңбек түрлерімен заңды түрде өтеп отырды. Мұндай істер Византияда құлиеленушіліктің тоқтауына септігін тигізіп, империяны басқа мемлекеттерден ерекшелеп көрсетті. Феодосий империяда аграрлық саланың дамуына ерекше көңіл бөлді. Империя территориясының географиясы ауыл шаруашылығына өте жайлы болды. Сондықтан, ол табиғаты өте жайлы, топырағы құнарлы болған аудандардан орасан зор көлемде табыс жинауды басшылыққа алды. Ол үшін жерлер шаруаларға бөлініп, берілді. Олар өзі және мемлекет үшін еңбек етті. Қаржылай қиналған және қарыз болған шаруаларды империя билеушісі мен оның айналасына топтасқан элита, сондай-ақ жер иеленушілер өз қарамағына алып, оларға қамқорлық жасайтын болды. Осының негізінде қара халық пен билік арасы жақын болып, ол мемлекет экономикасының дамуына септігін тигізді [59, с. 94].

Византия империясында I Феодосий тұсында ауқымды түрде қолға алынған жер шаруашылығын дамыту жұмыстары оның ізбасарлары болып табылған императорлар Аркадий мен II Феодосийдің кезінде де жалғасты. 438 жылы император II Феодосийдің жарлығымен «Феодосий кодексі» деген атпен империялық заңдар жинағы жарияланды. Жинақта II Феодосий өзіне дейінгі императорлардың заңдары мен құқықтық нормаларына талдау жасалып және өзінің заңдарын жергілікті заңгерлермен талқылай отырып жариялады.

Жинақта императордың жарлықтары мен түрлі заңдар қамтылды. Жинақ негізінен мемлекеттік заңдарға бағытталғанымен, онда мемлекет экономикасын реттеуге де қатысты мазмұнды бастамалар мен баптар болды. Олар: мемлекетте саудагерлер мен шаруалардың құқықтарын белгілеуге, алым-салықтың мөлшері мен көрсеткіші анықтау және басқа да салаларға қарай бағытталды [60].

Ұсақ жер иеленудің нәтижесінде ірі жер иелену түрлері пайда болды. Бұл процесс ұзақ жылдарды қамтып, уақыт өте өзінің мол табысын берді. Жер иеленудің ірілендірілуі ауылшаруашылық саласында Шығыс Рим империясын Батыс Рим империясынан екі бағыт бойынша ерекшелендірді. Біріншіден, V ғасырда жер иеленудің түрлері көбейіп, ол феодализмге үлкен қадам жасады. Екіншіден, жер иеленудің салдарынан мемлекетте тауар-ақша қатынастары дамып, ол салыстырмалы түрде алғанда Батыс Рим империясынан әлдеқайда жоғары болды [61].

Дегенмен, империя экономикасына арнайы жобалар енгізіп немесе тиісті реформалар қабылдау әрбір императордың қолынан келмеді. Ол үшін саяси біліммен қатар мемлекет экономикасын басқаруға, салықты жүйелеуге, қаржыны реттеуге қабілетті болуы керек еді. Бірінші және екінші Феодосий басқарған жылдары сыртқы күштердің қысымы мен ішкі жағдайды ауыртпалықтарына қарамастан, империя экономикасы айтарлықтай бір белесті бағындыра алды.

Алайда, аталған императорлардан кейін империяда көбінесе ішкі тұрақсыздық орын алып, соның салдарынан мемлекеттің экономикасын ары қарай дамытуға баса назар аударылмады. Бұған Батыс Рим империясының құлауы мен варварлық корольдіктердің үздіксіз шабуылдары кедергі болды. Бұл аралықта Византияны басқарған императорлар Маркиан (450-457), I Лев (457-473), Зенон (476-491) және басқа да билеушілер Византия экономикасын дамыту үшін арнайы ауқымды жоба немесе реформа қабылдай алмады. Бұл уақыттарда сыртқы күштер мемлекетке қатты әсер етіп, империя сырт елдерге алым төлеп тұрды. Бұл жағдай өз кезегінде халықтың наразылығын да тудырып, көтерілістер ұйымдастырылып отырды. Экономиканың дамуында түбегейлі бетбұрыс жасау үшін нақты шаралар мен олардың жүзеге асырылуы қажет еді.

Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде Византия империясының экономикасын дамытуға ерекше көңіл бөлген император I Анастасий болды. Ол 491-518 жылдары билік құрып, билік еткен уақытта империя экономикасын жаңа бір деңгейге көтере алды. Ол қаржы саласын басқаруға бірқатар өзгерістер алып келді, сонау Константиннің тұсында басталған қаржы жүйесін дамытуға тырысты. Мыс теңгелерді айналымға енгізді. Анастасий салық жинау жүйесін қайта ұйымдастырды. Император Анастасийдің тұсында сатып алған кішігірім меншік иелерінен көмегімен салықты жинау тәртібі енгізілді. Салық жинауда қиыншылық көрген жандарға жеңілдіктер берілді. Мұндай жеңілдік түрлері егіншілік немесе қолөнер кәсіпшілігімен айналысуда жоспарланған мөлшердегі нәтижеге жете алмай қалған жағдайда беріліп отырды. Себебі, табиғи апаттар, сыртқы соғыстар мен түрлі жағдайлар қарапайым халықтың еңбек өнімділігінің жоғары болуына кедергі келтіріп отырды. Қалалық

саудагерлер мен қолөнершілерге салынған ескі салықтар жойылып орнына жеңілдетілген алымдар енгізілді. Бұл жағдай саудагерлер мен қолөнершілер қауымы үшін тиімді болды. Сонымен қоса қала саудасы мен қолөнерін дамытуға көмектесті. Ол префектлер тарапынан қадағаланды [57, с. 107].

Егіншілікте салықтың толықтай ақшамен өтелуі оның мемлекет экономикасындағы орнының жоғары екенін көрсетті. Тарихи шегініс жасайтын болсақ, Ежелгі Рим мемлекетінің орталығына шалғай провинциялардан келген астыққа мемлекеттік биліктің ескі жүйесі өте күрделі болып, ол бойынша арнайы мекеме құрылып жұмыс істеген. Ол астық (нан) атауын алды және бесінші ғасырдың басына дейін Римде үздіксіз жұмыс істеген болатын. Империяның жаңа астанасын астықпен қамтамасыз ету үшін Константин Жаңа Римге Александриядан флот арқылы астық әкелген еді. Бұл оқиға өте тез уақытта ұйымдастырылып, жаңа астананың ашылғаннан кейін екі жыл өткеннен кейін халықтың бір бөлігі тегін нан ала бастаған болатын. Астық өндіру Анастасий тұсында империяның басты шаруашылық табыс көзі болды. Астық егу мен оның мемлекетке өткізу мен одан түсетін салықтың көлемі ауқымды болды. Астықтан түсетін салықтың ауқымды болуы империя территориясында егістіктің үлкен көлемін астықтың алатыны айтпаса да көрініп тұр. Тек оған салынатын жан басы салығының көлемі үлкен болмады және ол шаруалардың ынтасын жоғарылатты [62].

Осылайша, жер шаруашылығы мемлекеттік табыстың негізгі көзіне айналды. Ауыл шаруашылығы өнімдері жергілікті халыққа айтарлықтай қымбат бағаға сатылған жоқ. Мемлекет астық пен өзге де ауыл шаруашылығы тауарларын сатуға арнайы бақылау орнатты. Бұл өз кезегінде мемлекеттің ауыл шаруашылығына өте белсенді араласқанын көрсетеді. I Анастасий тек ауыл шаруашылығы ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік кірістердің барлық бағыттарын қатаң бақылауға алды. Император I Анастасий империяда мемлекеттік қаржыны жұмсауда қатаң есеп беру тәртібін орнатып, соның нәтижесінде мемлекет қазынасын молайтқан еді. I Анастасий орнатқан жүйе катал болып, ол мемлекет қаржысын тиянақты түрде бақылады. Ол 320 мың фунтқа тең болған алтын қорын жинады [57, с. 108].

I Анастасийден соң билікке келген I Юстин тұсында мемлекет қаржысын басқаруда түрлі кедергілер орын алды. I Анастасий жинаған қаржы Юстиннің билігі кезінде оңды-солды жұмсалды. Император I Анастасий билігінің аяқталуына орай олардың көбі ауыстырылды және өз сипатын өзгертуге мәжбүр болып, сондай-ақ провинциялардан табыс табу үшін императордың ең жақын органына айналды. Қаржы саласы империяның әл-ауқатының қандай деңгейде екенін анық көрсетіп отыратын сала болғандықтан, оны реттеу және мемлекет қаржысын тиімді пайдалану басты назарда болды. Претория префектілерінің (провинция басшылары, кейіннен қаржы саласын бақылаушылар) аймақтарда және жалпы мемлекеттік кірістерді реттеудегі рөлі зор болды.

IV-VI ғасырларда Византия экономикасында қалалардың және оларға іргелес жатқан қалашықтар мен аудандардың рөлі өте зор болды. Оның ішінде Константинополь, Антиохия, Адрианополь және басқа да ірі қалалар мен

олардың іргесіндегі аудандардың қызметі зор болды. Әрбір қалаға әкелінген тауар алдымен оның іргесінде саудаға түсетін болды. Мұндағы сауда тауардың құндылығы мен қажеттілігінің деңгейін анықтап, ол кейін қалаға кіргізілетін болды.

Бұл жағдай қалалар арасында тауар алмасу мен сауда-саттықты дамытуға зор серпін берді. Сыртқы сауда мен мемлекет экономикасының дамуына орай қалалар үлкейе түсті. Осыған байланысты қала маңында егіншілік пен бау-бақша егу жұмыстары қысқарды, тіпті жүргізілмейтін болды. Бау-бақша мен егіншілік қаланың іргесіндегі аудандарда жүргізіліп, ол дайын болған соң ғана қалаға кіргізілді. Мұның барлығы осы дәуірде Византия экономикасының даму ерекшеліктерінің жоғары деңгейде болғанын көрсетеді. Қалалардың дамуы мемлекеттің экономикалық ахуалымен тікелей байланысты болып, қала халқы үлкен қала мәдениетін қалыптастырды [63].

Византия империясының тарихында Ұлы реформатор ретінде қалған император І Юстиниан билік еткен тұста империя экономикасында айтарлықтай өзгерістер орын алды. Оның басты салалары болып табылатын салық, ішкі-сыртқы сауда айналымы, ауыл шаруашылығынан түсетін табыс және басқа да қаржы көздерін реттеуде император І Юстиниан бірқатар ірі мемлекеттік шараларды жүзеге асырды. Ол мемлекетте реформа жасау қажет екенін ұқты. Соның ішінде ең маңыздысы қаржы-экономикалық сала болды. Өзінің билігінің алғашқы жылдарында І Юстиниан І Анастасийден қалған экономикалық жүйені қолдады.

Бұл кезде империяда қаржыны молайтудың жолдарын іздестіруде шығыс аймақтардан салық жинау маңызды болды және ол қаржы көздерін ұлғайтуға мүмкіндік берді. Мемлекеттегі салық жинау жұмыстары да уақыт өте Претория префектілерінің құзырына өткізілді. І Юстинианның алғашқы билеген жылдарында бұл қызметте аса танымал болған префекттердің бірі Каппадокиялық Иоанн болды. Ол жастайынан жақсы қызметтерде болып, билеушілердің көңілінен шығып отырғандықтан префект лауазымын алды. Ол бұл қызметке 531 жылы алынып, алайда оның білімі тым төмен болды. Иоанн соғыс істері мен мемлекеттік шараларды жақсы ұйымдастыра білді. Оның аса ауқымды шараларының бірі атақты «Ника» көтерілісі болды.

Мемлекеттік істер мен құпияларды жақсы білген Иоанн 532 жылы император І Юстинианға қарсы көтеріліс ұйымдастырып, ол Ника (Жеңіске жет) деп аталды. Бұл көтеріліс мемлекетте салық түрлерінің көбеюі салдарынан Иоанның ұйымдастыруымен басталды. «Ника» қақтығыстарының алғашқы күндерінде Юстиниан бұл көтеріліс басшыларын құрбан етуге мәжбүр болды және оның өзін отставкаға жіберді. Оның орнына ескі бюрократиялық аристократиядан лайықты еңбек сіңірген, Сальвияның немересі, Кратердің ұлы, мол байлығы бар – Фока сайланды. Фока мемлекетте ықпалды адамдардың бірі болды. Ол Юстинианға жақын болғысы келді. Юстинианның мемлекеттің қаржы саласында атқарып жатқан істерін Фока толықтай қолдады. Қазына қаржысын елдің игілігіне жұмсауға тырысқан императордың саясаты оған қатты ұнайтын [64] еді.

I Юстиниан, префектілер қаржы саласында маңызды орын иеленгендіктен, оларды өз қызметінде көп ұстамауға тырысты. Император Юстиниан оларға мемлекеттік қорларға берген үлкен талаптарын қанағаттандырмады және өте аз жұмыс істеді деген айып таға отырып қызметтерінен алып отырды. Префектілерді осылай тез алмастырудың нәтижесінде 532 жылдың қазан айында префект лауазымы қайтадан Каппадокиялық Иоаннға берілді. Император I Юстиниан тұсында мемлекетте қазынашылықтың негізгі көзі бастапқы жер салығы болды. Табыс сомасы претория префектісінің кеңсесінде есептелді және оларға епархиялар мен провинциялар таратылды. Кассирдің префектурасына жалпы сомадағы салық салынған. Иоанн жер салығын император атынан бекітілген фрейм (құрылым, жүйе) бойынша ғана емес, сондай-ақ елеулі профицитпен де толық жинады. Прокопий деректері бойынша, жылына үш мың фунт алтынға жететін бұл қосымша табысты Иоанн аспанның сыйы деп тұжырымдады. Салықтарды жинаудағы табысқа осы мәселе бойынша тартылған органдарға және төлқұжаттарға префекттің агенттері арқылы қол жеткізілді [40, с. 337].

Жер салығын жинау провинциялардың басты міндеті болды, өйткені ол 535 жылы (8 қараша) Юстиниан шығарған заңның формуласында айқын көрінеді. Ол бойынша провинциялардың билеушілеріне өздерінің негізгі міндеттерін орындау мүмкіндігі берілді. Оларды жаңа, аса беделді атақтармен қамтамасыз ету, жоғары лауазымдық дәрежелері мен жалақысын көтеру, император оларға азаматтық билік органдарына халықтан салық жинау жөніндегі күш-жігеріне көмек көрсету міндеті жүктелген әскери бөлімдерге билік берді.

Әскери көмекке сүйеніп, провинциялық губернаторлар өз міндеттерін құлшыныспен орындады, ал Каппадокиялық Иоанн қазынаға тек салық салу ауқымында ғана емес, сонымен бірге айтарлықтай артықшылықтар алып келді. Егер үш мың фунт алтын империяның бүкіл салық сомасына толықтыру ретінде қазынаға құйылса, сонымен бірге, өздерінің жауларын және императрица Феодораны қанағаттандыратын үлкен қаржыны жинақтаған префекттің қолында көп ақша болған. Тұрғын үй мен жерді пайдаланудан түсетін салық мемлекет қазынасының негізгі көзі болды. Ол қазынаға көрсетілген жоспардан да көп табыс түсіргенімен, оған Юстиниан қанағаттанбады. Ол үнемі ақша тапшылығын айтып отырды. Осыған байланысты Каппадокиялық Иоанн табыстың жаңа көздерін тапты.

I Анастасийдің кезінде күшейген астық саудасы мен оған салынатын салықтар мен түрлі алымдар I Юстиниан кезінде де жалғасты. Бұған дейін яғни I Анастасий тұсында астық саудасы монополияланбаған еді және астықты сауда-саттықты жеке бастамамен қамтамасыз ететін гарнизондардың көп мөлшерін ұстап тұру қажет болған. I Юстинианның нұсқауы бойынша астанада астық сату үкімет тарапынан монополияланды. Прокопийдің мәліметіне сәйкес, жағдайы нашар халыққа астық сатудан қазынаға жылына 300 фунт таза алтын түскен. Жалпы алғанда, мемлекетте астық сатудан түсетін кіріс көздері мол болып, алайда бұған кедей отбасылар мен тұрмысы төмен азаматтар кедергі болып отырды.

Осының негізінде мемлекетте кірістің басқа көздері де қарастырылады. Империя астанасында астық сату монополиясының түсіміне қанағаттанбайды, сол үшін басқа азық-түлік өнімдеріне де монополия орнату оларды сату және ауқымды табыс табу жолдары қарастырылады. Мемлекет астанасында ұзақ уақыт бойы қаланың префектісі болып табылатын лауазымды адамдар халықтың преторлар деген лауазымды иеленіп, ол мемлекеттік кірістің басқа да көздерін қарастыруға қадағалау орнатты. Дегенмен, күнделікті тұрмысқа қажетті тұтыну тауарлармен сауда жасаудың шын мәнінде монополизацияланғанын және оның маңызды табыс көздерін алып келгенін айту қиын. Өз кезегінде бұған қатысты, яғни мемлекетте базар саудасына қатысты заңнамалық нормаларды І Юстиниан өзінің жаңа Кодексінде көрсетіп өтті. Ол мұндай құқықтық нормаларды қабылдауда өзіне дейінгі императордың жарлықтарын пайдаланды. Онда баж салықтары мен монополияға бақылауды жеңілдетудің жолдары қарастырылып, ол бойынша бірнеше баптар да қабылданды.

Осылайша, қазыналық кірістердің өсуі мен кедендік табыстың ұлғаюы қарастырылды. Бұл жағдай мемлекеттің қаржылық кірісінің өсуіне және қазынаға мол табыс әкелудің жолын көрсетті. І Юстиниан мұндай тәжірибенің бұрыннан қалыптасып дамығанын ескере отырып, онда ерте кезден бастап Византияның жағалауларында сауда жүгі бар кемелер өтіп, олар империя территориясы арқылы өтетін болғандықтан олардан белгілі бір мөлшерде алымдар алынып отырған. Византияның Шығыс шекараларындағы елдерден теңіз арқылы немесе құрлық арқылы Еуропаға өтетін кемелерден алым алынатын болған.

Баж салығынан түсетін кірістер екі құрлықты жалғап отырған Константинополь қаласын жан-жақты шайып тұрған Босфор бұғазы мен Қара теңіз және осы теңізден Дарданелла бұғазы арқылы Жерорта теңізіне шығатын жолдардан сауда кемелерінің тауар тасымалынан түсті. Сонымен бірге құрлық арқылы Ұлы Жібек жолының бойымен [62, 142 б.] өтетін керуендерден түсетін салықтар да қазынаны толықтыру үшін маңызды болды. Император және реформатор І Юстинианның жарлығы бойынша империяда саудагерлер түрлі себептермен тыйым салынған қару-жарақ пен өзге де тауарлар әкелмейтін болды.

Мемлекет қазынасын молайтуда префект каппадокиялық Иоанның орны ерекше болып қала берді. Ол ендігі кезекте, сыртқы саудадан бөлек басқа да кіріс жолдарын қарастырды. Бірақ император сарайы мен билікте Иоанның дұшпандары өте көп болды, соның ішінде ең негізгісі императрица Феодора болды. Алайда, ол император І Юстинианға қажет болғандықтан оны лауазымынан 541 жылдың ортасына дейін босатпады, оған қарсы императрица өте күрделі жымысқы әрекеттер ұйымдастырды. Императрица Феодора оған қастандық ұйымдастыруда тынышталмады және ол оны аяғына дейін жеткізді. Ол Иоанны қызметтен босатумен тынды. Ол империяның қазынасын байыту жолында сан-салалы істерді атқарды. І Юстиниан тұсында империяда жүзеге асырылған экономикалық шаралар мен түрлі табыс көздерінің артуы, бастысы

мемлекет экономикасының дамуы осы Иоанның есімімен тығыз байланысты еді.

I Юстиниан тұсында Византияда экономикалық даму жолында осындай ауқымды шаралар жүзеге асырылып, ол мемлекеттің қаржы саласының дамуына зор ықпал етті. Мемлекеттің ішкі саяси жағдайында орын алған процестер мен сыртқы күштердің қысымының салдарынан пайда болған қаржылық дағдарыстарды еңсеруде император I Юстинианның атқарған қызметі зор болды. Ол үшін арнайы заңдар мен құқықтық нормалар қабылданды. Империя қазынасын байыту император I Юстинианның басты жобаларының бірі болды. Император ол үшін бүкіл мемлекеттік аппарат пен аймақ басшыларын осы жобаны жүзеге асыруға жұмылдырды. Сонымен бірге оның қарамағында жұмыс істеп, әуелде аймақ басшылары және қаржы саласының мамандары ретінде сипатталған префекттердің еңбектері де зор болды.

Византия империясында экономикалық өрлеу мен даму II Юстин (565-578 жж) тұсында да жүзеге асырылды. II Юстин империяның экономикалық даму жағдайын өзінен алдыңғы билеуші I Юстинианның кезіндегідей бір қалыпта ұстауға тырысты. Ол I Юстиниан сияқты экономикалық салаға ауқымды жобалар енгізбегенімен, империяның экономикасын дамытуға елеулі үлес қоса алды. II Юстин мемлекеттің ішкі жағдайындағы басты саяси ұстанымдар экономикамен де тығыз байланысты болу керек деп түсінді. Ол мемлекеттің қаржы саясатын әділ жүргізуді қолға алды. Қазына байлығын ұрлау, жемқорлық пен мемлекеттің шығындарына жұмсалатын қаржыны үнемдеу мен қадағалау II Юстиннің басты экономикалық ұстанымдарының бірі болды. Осының негізінде мемлекеттік кірістер мен салықтың өндірілуі, алымдар мен әр түрлі кіріс көздерінің қазынаға құйылуы мемлекеттік құқықтық-нормалар арқылы қадағаланып отырды.

Көрініп тұрғандай, кейінгі антикалық дәуірдегі билеушілер арасынан II Юстинді Византия экономикасында салық жинау ісі бойынша ең әділ билеуші ретінде тануға болады. Оның мұндай салық саясаты империя экономикасындағы ірі жаңалықтардың бірі болды [65]. Ол провинция басшыларына салық жинаудың қосымша түрлерін енгізуді тапсырып, сонымен бірге салықты жинауда шынайылық пен әділдіктің болуын талап етті. Бұл жағдай жылдар бойына жемқорлық қалыптасқан салық саласындағы оңай шаруа емес еді. Соның негізінде қазынаға аса үлкен қаржы жиналып, ол мемлекеттің ішкі шығынымен тұрмай сыртқы саясатын қамтамасыз етуде зор қызмет етті.

Мемлекет экономикасында император II Юстин империя халқының қымбатшылық жағдайда күн кешпеуі үшін және халықтың артық қаржылай шығындарын болдырмау жолында ірі қадамдар жасады. Оның ойынша халық тек мемлекетке салық төлеп, тиісінше өзінің адал еңбегімен, кәсібімен күн кешуі керек болды. Алайда мұның барлығын аз уақыт ішінде бүкіл империя территориясында орнату мүмкін емес еді. Дегенмен, император оған барынша тырысып, мемлекет артық шығындарға душар болған жағдайда қосымша

бюджет көзінің болуы керек екенін түсінді және осы жолда әрекет етті. Ол үшін бірқатар бағдарламалар қабылдады.

Бұл туралы II Юстин тұсында қабылданған құжаттар мен тиісті шешімдер түрлі дәлелдер келтіреді. Императордың бағдарламасы қаржы теориясы іспеттес болып, оның басты бағыттары салық жинаудағы жаңа әдістер, бюджеттік балансты сақтау, қосымша шығындарды болдырмау және үнемдеу әдістері болды. Ол өзінің мұндай бастамаларын мемлекеттің құқықтық нормаларына енгізді. Мұндай заңдар бұзылған жағдайда ол заңмен қудаланатын болды [65, с. 27]. Сонымен қатар, II Юстин мемлекеттің қаржы саласында «фиск» деген ұғымды енгізді. Ол бұл терминді тек империяның мемлекеттік қаржы саласында емес, сондай-ақ жеке тұлғалардың қаржылық әрекеттерінде қолданды.

Бұдан шығатын тұжырым жеке тұлға мен мемлекет арасында қаржылық байланыстар орнаған еді. Мұнымен бірге «фиск» түсінігі императордың жеке тұлға ретіндегі өзінің жекелей қаржы қоры. Мұндай фисклер жеке азаматтарда да болып, ол мемлекеттік салық жинау саласының басшылығы тарапынан қадағаланып отырған. Өз кезегінде қаржысы көп адамдар өзінің шығындарына байланысты мемлекетке салықты көп төледі. Тіпті император II Юстин өзі де мемлекетке салық төлеп отырды.

Бұл аталған істер мен бастамаларға қарай отырып, VI-VII ғғ. Византия империясының экономикасын, оның ішінде салық жүйесі мен қаржы саласын басқару әдістері бойынша көрші және тіпті бүкіл әлемде заманының алдыңғы қатарлы мемлекет болғанын аңғару қиын емес. Сонымен бірге, империя экономикасының даму ерекшеліктері өз алдына жеке бағытты құрайды. Бұл әрине империяның сан ғасырлық жинаған тәжірибені орынды пайдалана отырып, оны ары қарай дамытудың нәтижесінде болды. Оның мысалы ретінде II Юстиннен соң бұл істі император Маврикий жалғастырғанын атап өткен орынды. 582-602 жылдары билік құрған Маврикий империя экономикасында ірі бастамалардың авторы ретінде саналады. Ол билік пен мемлекеттің қаржы саласын екі бөлек ұстады. Мемлекеттік шенеуніктерді қазына мен қаржы істеріне араластырмады [65, с. 31].

VI ғасыр мен VII ғасырдың басында Византия императорлары мемлекет қаржысын пайдалану мен алым-салықтардың кірісін қадағалауды қатты қолға алуының өз кезегінде өзіндік кедергілері де орын алып отырды. Салықты қатаң қадағалау оның көлемінің артуына себепші болып, оны өз уақытында төлеу қарапайым халық үшін қиындық тудырды. Ал, екінші жағынан билік үшін де аса қолайлы болған жоқ, өйткені олар халықтың кейбір бөлігінің салықтан қиналуын қаламады. Дегенмен Маврикийдің тұсында салық ауыртпалықтары артып, ол билік пен халық арасында түсінбеушіліктің тууына алып келді. Бірақ, билік халықпен бірге алымдардың өтелуі жайлы түсіндіріп берді. Ол сыртқы соғыспен байланысты болды. Император Маврикий мемлекеттегі салық көлемінің артуын сыртқы соғыстарға байланысты әскер санын арттырып, салықтан түсетін қаржыға империя әскерін қажетті материалдармен жабдықтау көзделді. Бұл жайлы мәліметтер Маврикийдің «Стратегикон» шығармасында айтылған.

Маврикийдің саясатын пайдаланған жергілікті билеушілер салық жинауда қателіктерге жол беріп, олар қаржының бір бөлігін алып отырды. Алайда, бұдан хабардар болған Маврикий оларға тиісті шаралар қабылдап, ол қоластындағы билеушілерді мемлекет қаржысына қол салудан аулақ болуға шақырды және ол үшін қатаң жазалар тағайындады. Ол барлығы армия үшін деп ұран тастады. Себебі, бұл кезде Византияның сыртқы саясатында көптеген кедергілер орын алып көптеген саяси жағдай шиеленісті, оның ішінде көбінесе Персиямен соғыс факторлары туындап отырды. Маврикий салық саясатын реттеумен қатар, империяның қаржы жүйесін реттеумен де айналысты. Ол билік органдары өкілдерін қазына қаржысы мен мемлекет байлығын тонамауға шақырып, оларға қатысты арнайы конституциялық нормалар қабылдады. Осыдан бастап салықпен бірге қаржы ресурстарын пайдалану жұмыстары да әділ түрде жүргізіле бастады [66].

Осылайша, Маврикий де өзіне дейінгі империяның қаржы-экономикалық саласында табысты қадамдар жүргізген императорлардың бірі ретінде саналды. Оның өзге билеушілерден ерекшелігі ол халықтың әлеуметтік ахуалына көп көңіл бөлді. Соның негізінде салық саясатына өзгерістер енгізді. Ал қаржыны басқарудағы саясаты І Юстиниан, ІІ Юстин және Тиберий ІІ Константин сынды императорлардың саясатына ұқсас болды. Император Маврикий Византия экономикасын дамытуға ерекше үлес қосты. Оның басты ерекшелігі өзге императорлар сияқты соғыс келіссөздерін ешбір қаржылай шығынсыз жүргізіп отырды. Мемлекеттің қаржысын заңсыз жұмсау мен қазынаға негізсіз қол сұғу ол үшін ауыр қылмыс болып саналды.

VI ғасыр мен VII ғасырдың басында Византия империясында билікке келген императорлардың басым бөлігі мемлекеттің экономикасына, оның дамуына баса назар аударып, ол империяның күшеюіне зор үлес қосты. Жоғарыда аталған императорлардың осындай саясатының салдарынан Византия үш кұрлықтың басын біріктірген аса қуатты державаға айналды. Шығыс Рим империясы бұл кезде барлық сыртқы бәсекелестерін жеңіліске ұшыратты, аймақта оның беделі арта түсті. Империяда экономикалық дамуың өзіндік жаңа моделі қалыптасты. Империялық қазына, мемлекет қаржысы, ішкі салық, барлық экономикалық органдар мемлекет пен халық игілігі үшін жұмыс істеді. Мұндай процестің жүруіне императорлардың мемлекет экономикасын басқарудың дәстүрлі жолын бір-біріне өсиет етіп қалдыруы себеп болды. Бұл өз кезегінде Византияның алдыңғы қатарлы өркениеті дамыған мемлекет болып, одан ары қарай дамуына септігін тигізді.

Жоғарыда атап өткендей бұл дәуірде Шығыс Рим империясындағы экономикалық дамудың басты ерекшеліктерінің бірі ауыл шаруашылығымен қатар, қала мәдениетінің де үлесі жоғары дамыды. Қалалардың дамуының басты көріністері оларда шеберханалар мен түрлі ұстаханалар пайда болып, олар белсенді жұмыс істеді. Мұның барлығы колөнер мен сауданың дамығанын көрсетіп отыр. Қалаларда жалдамалы жұмысшылары бар шағын колөнер шеберханалар жұмыс істеді. Шеберханалардан бөлек шіркеудің мемлекет қазынасына қарасты болған немесе мемлекеттің қолдауы негізінде жұмыс істеген ірілі-ұсақты ұстаханалар болды. Византия империясында Батыс Рим

империясы мен өзге мемлекеттерге қарағанда қолөнер өндірісі де жоғары сатыда дамып, тоқыма өнеркәсібі, құрылыс техникасы және кендір мата мен жүн маталарды өндірді.

VI ғасырдан бастап Византияда жібек маталарды жасау ісі жолға қойылды. Кен ісі мен металл өңдеп, қару-жарақ жасау жоғары дәрежеде дамып, өркендеді. Шыны заттарды жасап, оларды безендіру ісі, сарай бұйымдарын, тастың мүсіндерін, әскери киім үлгілері мен зергерлік заттар жасау жолға қойылды. Византиялық алтын «солид» көп ғасырлар бойы орта ғасырлардағы халықаралық ақша 170 ретінде қолданылды [67]. Бұл дәуірде сыртқы сауданың әсерінен Шығыс Рим империясында қалалар көркейіп, сауда орындары жұмыстарын қарқынды түрде жасап жатты. Соның қорытындысы ретінде Константинополь бірінші болып, Византия империясының астанасына әлемнің әр жерінен көпестер келіп жатты. Сөйтіп, Константинополь Шығыс пен Батыс аралығындағы алтын көпір атауына ие болған болатын. Империяның басқа да ірі экономикалық орталықтарына айналған Александрия, Сирия, Антиохия, Эдесса, Тир, Кіші Азия қалалары - Эфес, Никея, Никомедия және Смирна және т.б. болды. V-VI ғасырларда Шығыс Рим империясының Қара теңіз жағалауындағы және Кавказ елдерімен сауда-саттық байланыстары күшейе түсті [67, 17 б.]. Византия Еуропадағы ең дамыған мемлекетке айналып, саудагерлер Батысқа Шығыстың қымбат тауарларын апарып, мол табысқа кенеледі.

V-VI ғасырларда Византияның экономикалық дамуы расында да қалалардың дамуымен ерекшеленді. Ол сол кезде Батыс Еуропадағы қалалардың тыныс-тіршілігі мен тұрмысының деңгейімен көзге түсті. Византияда бұл кезде арнайы сауда қалалары пайда болды. Бұлай деудің себебі, мұндай қалаларда сауда-саттық ісі ерекше дамып, халықтың үлкен бөлігі осы бір саламен айналысатын болды. Сондықтан, оларға «саудагер қалалар» деген атау да беріліп отырды. Оларда қаржы-тауарлық жүйе сақталды. Бұл мемлекет экономикасындағы қалалардың рөлінің ерекшелігін көрсетті. Сонымен қатар, қала өмірінде қолөнер ерекше мәнге ие болды. Қолөнершілер қауымы қаланың негізгі тұрғындары болып саналды. Себебі, олар өндірген тауарларын өздері тұрған қала мен басқа қалаларға апарып саудалады. Бұдан шығатын түйін, ендігі кезекте қалалар тек сауда-саттық емес, сонымен бірге арнайы тауар өндіретін орталықтарға да айнала бастады. Мемлекеттік билік қалаларды тек сыртқы сауда ғана емес, сонымен бірге өндіруші орталық қызмет атқаруы тиіс деп тапты. Бұл жағдай Византияда ірі экономикалық орталықтардың пайда болуына алып келді [68].

Қорыта айтқанда, Еуразияда Халықтардың ұлы қоныс аудару дәуірінде Византия империясы өзінің экономикалық басқару жүйесімен және осы саладағы даму жолымен, оның әр түрлі бағыттарымен және басқа да салаларымен өзге мемлекеттерден ерекшеленіп тұрды. Басты ерекшеліктердің бірі осы дәуірдің өзінде-ақ Византия империясында ақша айналымы үлкен жетістіктерге жетті. Мемлекеттің қаржы саласы қызмет етті. Мемлекет экономикасында ақша мен оның айналымы уақыт ағымына қарай дамып отырды. Византиялық ақша бірлігінің құны өте жоғары болды. Ол жоғарыда

аталғандай, кей жағдайда алтынмен пара-пар саналды. Бұл жағдай Византия экономикасының ерекшеліктерін көрсетіп қана қоймай, оны осы заманның аса қуатты держава екенін көрсетті. Ақша айналымы империяда орталықтанған және дамыған қаржы жүйесінің қалыптасқанын сипаттай отырып, ол Еуропа мемлекеттерінде осы саланың дамуына ықпал етті.

Мемлекеттік-әкімшілік аппарат империяда қаржы саласының дамуына ерекше ықпал етті және оның басты кепілі болды. Дегенмен, империя экономикасына кедергі келтіретін факторлар да аз болмады. Оның басты мысалдары сыртқы күштер болып, онда варвар тайпалары мен корольдіктер Византия территориясына сан дүркін жорықтар ұйымдастырып, империя билеушілерін алым төлеуге мәжбүр етті. Сондай-ақ, Персиямен болған соғыстар империя экономикасына ерекше кері ықпал етіп отырды. Ішкі саясатта императорлардың бюрократиялық аппараты мен кейбір династия өкілдерінің қазынаны ұрлауы мемлекеттің экономикалық дамуына кедергі келтірді. Алайда, мұндай саяси кедергілер сол заманда империяның экономикалық даму жолына толықтай тосқауыл қоя алмады.

1.2 Император Юстиниан I және оның реформалары.

Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде Византия империясының саяси, экономикалық ахуалы, сыртқы саясаты, халықтың әлеуметтік жағдайы мен тұрмысы империя басшыларының жүргізген саясатымен тығыз байланысты болды. Бұл дәуірде империяда көптеген мемлекет басшылары империя тағын иеленіп, мемлекеттің ішкі-сыртқы саясатын оңтайлы түрде жүргізу үшін қызмет еткен билеушілер қатары көп болды деуге де болады. солардың ең негізгілерінің бірі атақты император I Юстиниан болды. I Юстиниан Византия империясының билеушілері арасында ұзақ қызмет еткен және мемлекеттің дамуы мен гүлденуі жолында ауқымды мемлекеттік шараларды жүзеге асырған императорлардың қатарында саналады. Бұл дәуірде империяның саяси өмірінде көптеген мәселелер орын алып, оның басты мысалдары ішкі саясатта мемлекетті дамыту, халықтың әлеуметтік ахуалын көтеру сияқты мәселелер болса, сыртқы саясатта варварлық корольдіктер мен тайпалардың, көрші мемлекеттердің жан-жақты қысымынан құтылып, империяны аймақта қуатты державаға айналдыру болды. Ұзақ жылдар бойы Византия империясын басқарған I Юстиниан өз мемлекетінің осы бағыттағы мәселелерін шешіп, оның ары қарай дамытуға қызмет етті. Ол қоғамдық өмірдің барлық салаларында ірі өзгерістер енгізді. Соның негізінде I Юстиниан империяда саяси, әкімшілік, әлеуметтік, құқықтық реформалар жүргізіп, империя тарихында ұлы реформатор ретінде қалды [69].

Император I Юстиниан 482-565 жылдары өмір сүріп, ол Византия империясын 527-565 жылдары басқарды. Өзінің басқару жылдарында ол Юстиниан әулетінен шыққан ең мықты саяси басшылардың бірі болды. Өзінің билікке келген кезінен бастап ол мемлекеттегі ішкі саяси жағдайды реттеуге кірісті. Ол үшін арнайы бірнеше заңдар жинағын қабылдады. Оның басты мысалдары 528 жылы дайындалып, 529 жылы қабылданған Византия

императоры I Юстинианның арнайы заңдар жинағы қабылданып, ол «Юстиниан заңдары» немесе «Юстиниан кодексі» деп аталды. Сонымен қоса, 535-565 жылдары жазылып, жарияланып «Новеллалар» деген атауды иеленген заңнамалық жарлықтардың құқықтық құндылығы аса көлемді болып және мемлекеттің барлық салаларын басқарудағы атқаратын заңдық күші мен ролі жоғары болды [69, p. 274].

Византия империясында I Юстиниан билікке алғаш келген уақыттан бастап ол үшін маңызды болған басты бір мәселе – ол империялық билік өкілдері мен бұқара халықтың арасындағы қарым-қатынастарға негізделді. Провинцияларда жергілікті билік органдарының өкілдері халықтан салық жинауда күш көрсетіп, мемлекеттік жерді пайдалану үшін қосымша алымдар төлетіп әлсіз халыққа қоқан-лоқы көрсету осы кездегі белең алған ауыр жағдайлардың бірі еді. Оның басты мысалдары Ликия, Фригия, Каппадокия, Антиохия, Иллирия және басқа да аймақтарда осындай факторлар көптеп орын алды. Онда империялық армияның сарбаздары, провинцияларда жергілікті тұрғындарға жеккөрушілік пен зорлық-зомбылық түрлерін көрсетті. Провинция басшылары жолдарды, су құбырларын жөндеуге деген сылтаумен халықтан ақша жинады.

Оны кей жағдайда қорқытып, қатыгездікпен жинап алды. Қалалық тәртіп сақшылары мен қызметкерлер халықты ұры-қарыдан да, тонаушылардан да қатты тонады. Мұны білген I Юстиниан әуелде бұқара халықтың мазасын алмау үшін, екіншіден билік пен халық арасында ортақ диалог құруды ойластырып, ол үшін тиісті мемлекеттік заңдар қабылдауды көздеді. Мұндай заңдар халықтан орынсыз ақша жинаған мемлекеттік қызметкерлерді жазалау және тыйым салу үшін қажет болды.

Империяның ішкі саясатында мұндай олқылықтардың орын алуына мемлекеттік әкімшілік аппараттың салғырттығы мен ең бастысы лауазымды орындардың сатылуы себеп болды. Әрбір мемлекеттік қызметкер өзінің сол қызметке келу үшін шығынданған материалдық шығындарының орнын толтырып, оны еселеу үшін мемлекет қаржысын жымқырды және жергілікті провинция халықтарына негізсіз алым-салықтар тақты. I Юстиниан осы мәселені қолға алып, оны мүлде жойып тастауды көздеді. Жалпы оған дейін императорлар Маркиан мен Анастасий тұсында да мемлекеттегі мұндай саяси келеңсіздіктерді болдырмау немесе мүлдем тоқтатып тастау туралы шешімдер қабылдаған болатын. Бірақ, ол нәтиже бермей мемлекеттегі жемқорлық пен ұрлық, тартыстар толастамаған еді. Юстиниан үшін басты мәселелердің бірі осы секілді ауқымды мәселелерді шешіп алу болды [70].

Мемлекеттегі мұндай келеңсіздікке тосқауыл қою үшін 535 жылы 1 - мамырда Юстиниан Префектінің атына арнайы эдикт жариялады. Ол бойынша мемлекеттік қызметкерлердің қаржысын, олардың табыс көздерін қадағалады және оны император сарайы, империялық кеңсе, претория префектісі сынды мемлекеттік органдар қадағалауға алды. Мемлекеттік билікте суфрагийлер енгізіліп, ол мемлекеттік қызметкерлердің сайлану жолдарын қамтамасыз етті. Мемлекеттік қызметкерлер белгілі бір деңгейде салық төледі және олардың табысы мен қаржысы қадағалауда болды. Мұның барлығы

I Юстинианның мемлекеттік басқару саласында қабылданған реформаларымен тығыз байланысты болды. Мемлекеттік істердің басқару құрылымында бұрын соңды болмаған өзгерістер енгізіліп, ол бойынша аса көптеген жұмыстар атқарылды.

Юстинианның нұсқауы бойынша мемлекеттік қызмет тек қана адал адамдарға қол жетімді болды және тағайындалу төрт куәгерлердің қатысуымен ант беру арқылы жүрді. Сонымен бірге, Юстинианның мемлекет басқарудағы формуласы сол жарлықта жарияланды. Ант император мен императрицаның (Феодора) атына әкелінді және тағайындалуы салық мүдделеріне қатаң қарауға және оның барлық энергиясын қолдануға (халыққа салықтар мен салықтардан тиімді түсімдердің түсуіне байланысты) қатысы бар екендігі ескерілді. Айта кетерлігі императрица Феодора империяның саяси-экономикалық өмірінде зор рөл ойнады [70, pp. 33-35].

Императордың жаңа мемлекеттік қызметкерлерге, оның ішінде преторларға, модераторларға, проконсулдарға мен олардың қызметіне қатысты белгілеген әкімшілік-саяси заң нормалары болды. Юстинианның өз қаулыларында император әкімшілігінің қызметі мен оның ісіне қатысты көптеген қаулы-шешімдер қабылданды. Провинциялық үкіметтің бастапқы мақсаты қазынаға түсетін табысты алуды қамтамасыз ету болды. Императордың мемлекеттің ішкі саясатына қатысты жүргізген жұмыстарында оның ішкі құрылысы, мен жалпы мемлекеттік жүйені реттеуде Юстинианға Каппадокиялық Иоанн зор көмек көрсетті.

Осы орайда, Юстинианның мемлекеттік басқару мен әкімшілік істерінде жүргізген реформаларын оның 529 жылы өзі жариялаған «Кодексімен» байланыстырған жөн. Сонымен қатар, Юстиниан тұсында мемлекеттік басқару ісіне қатысты заңдар оның «Юстиниан Новеллалары» деп аталатын келесі бір ауқымды жинағының бөлімдерінде көрсетілген. I Юстинианның Новеллалары билік пен халық арасында ортақ іс жүргізу құқықтарын қамтамасыз етіп, сонымен бірге екі әлеуметтік топтың заң нормаларын көрсетті. Юстиниан Новелласының 17 бөлімінде жоғарыда қабылдаған эдиктімен бірге провинциялық губернаторларға арналған грамоталарды заңдастырды және ант қабылдау формасын анықтайтын жарлық шығарды. Ол квестор Трибониан сарайының атына жолданды. Заң шығарушы провинциялық губернаторлардың құзыретінің әртүрлі аспектілеріне тоқталып, жалпыға ортақ ұсыныстардан басқа, жеке мәселелерге міндетті түрде көзқарастарын айқындайды. Заң шығарушылар осы заңнамада провинция басшыларының құзыретінің әртүрлі аспектілеріне тоқталып, жалпы ұсыныстардан басқа, жеке мәселелер бойынша міндеттейтін нақты нұсқаулар береді [71].

Осылайша, билеушілер ірі жер иеленушілердің ұсақ шаруашылықтарды басып алмауына, өзге ұсақ ауыл шаруашылық өндірушілерін қуғындамауға және өзіне орынбасар тағайындамауға т.б. міндетті болды. Императорлық әкімшіліктің жоғары дәрежелі құқықтарын және міндеттерін анықтайтын ешбір жаңа ережелерді қорытындыламаған бұл эдиктге, императордың өзі де қанағат тұтпай, ол осы жылы аймақтардағы зорлық-зомбылық пен әділетсіздіктерді жою үшін бірқатар жарлықтар шығарып, оны Шығыстағы жекелеген

провинцияларға арнады және бұл құжат префект Иоанның атына жарияланды. Бұл бұйрық армияның провинцияның өміріне қатысы жоқ, шекара аудандарында күшейтіп, жыл сайын сыртқы жаумен күресу үшін жабдықталған армия идеясына негізделген [72].

535-536 жылдары Юстиниан жергілікті басқару мен әкімшілік қызметіне қатысты бірқатар жарлықтар шығарып, ол бойынша кейбір провинцияларда басшылардың ескі атауларын өзгертті, бір басшыға әскери және азаматтық биліктің жоғары қызметтерін біріктіріп берді. Мұндай өзгерістер Писидия, Ликаония, Геленопонт, Каппадокия, Пафлагония және Еуропадағы бірқатар провинцияларда енгізілді. Осы аталған провинцияларға қатысты қаулыларда жаңа титул мен атау билеушіге, оның көмекшісіне және өкілдігіне тағайындалды. Бұл әкімшілік істерге қатысты реформамен тығыз байланысты болды. Реформаның мән-мағынасын көрсетумен шектелмей, Юстиниан үкіметтің қамқорлығына, халық өмірінің әр түрлі аспектілеріне және барлық қиындықтарға байланысты оларды болдырмау немесе алдын-алу үшін қосымша жарлықтар шығарды [72, с. 218].

Император әкімшілігінің теріс әдеттеріне қарсы күресте Юстиниан жергілікті биліктің бұл органына, оның басты мақсатын қалалық қауымдастықтардың төменгі тобын мемлекеттік шенеуніктердің, жергілікті әкімшіліктер мен салық жинаушылардың наразылығын қорғаудан бастады. Бұл қауымның қорғаушысы, Валентиниан мен Валент уақытынан бері қызметте болған дефенсор (қорғаушы) атауын алып жүретін қызметкер болды. Олар провинциялық губернатор мен император агенттерінің кеңсесінің бұрынғы мүшелерінен тағайындалып, қоғам өкілдерінің ортасынан сайланды. Олардың тікелей функциялары сот билігін белгілі бір құзыретке айналдыру арқылы жүріп, төменгі билік өкілдері арасынан әлсіз және жоғары биліктен жәбір көрген басшыларды қорғау болды.

Дефенсор үкіметтің барлық жоғары лауазымды шенеуніктеріне шағымдануға құқылы болатын. Император Анастасийдің кезінде дефенсордың позициясы мен құқықтары қайтадан реттелген болатын, бірақ Юстинианның уақытында жергілікті биліктің бұл органы провинциялық губернаторлар әртүрлі теріс қылықтарға жол бергендіктен, жергілікті халық бұл атауды қабылдамай тастады. 535 жылы Юстиниан дефенсорлар туралы арнайы заң шығарды. Осы лауазымнан провинциялық ақсүйектер өкілдерінен бас тартқандықтан, Юстиниан бұрын жұмыс істеген бес жылдың орнына екі жылдық қызмет мерзімін белгіледі, қаланың көлемі мен тұрмыс-тіршілігінің ауырлығына байланысты 4 немесе 3 дәрежелі қызметкерлерге ақы төледі. Жарлық қабылданған соң сол кезде сот-әкімшілік функциялар қорғаушылардың қызметінде бірінші орынға шықты, ал халықтың төменгі сыныптарының мүдделеріне қатысты дефенсорлар ең алдымен жергілікті әкімшіліктің өкілі болды және оның провинциялық губернаторға жалпы басшылығына көмек көрсетуге міндетті болды [73, р. 600].

Император I Юстинианның мемлекет басқарудағы келесі бір маңызды міндеттерінің бірі – империядағы дін мәселесі болды. Бұл дәуірде Византия империясында Христиан дінінің жаңа бағыты Православие түсінігінің пайда

болып, оның уақыт өте бірте-бірте дамуы мемлекетте діни жағдайға әсер ете бастады, тіпті шиеленістіріп жіберді. Бұрыннан католиктік ұстанымда өмір сүрген халық жаңа діни бағыттың қағидаларын түсіне алмады. Империя үшін діннің маңыздылығы оның саяси өмірімен пара-пар болды. Себебі, халықтың негізгі бөлігі дінді берік ұстанды және ол үшін әр түрлі жағдайларға барып отырды. Бұл дегеніміз, мемлекетте діни сала аса маңызды болып, оны заңмен бақылауға алып, өзінің даму жолын жеке бағыттап отыру керек болды. Себебі, діни факторлар ішкі және сыртқы саясатқа әсер етіп отырды. Сондықтан, өзіне дейінгі императорлар сияқты I Юстиниан да осы дін саласындағы қалыптасқан әр түрлі мәселелерді шешіп, оны саясаттан алшақ ұстау мақсатында арнайы заңдар қабылдап, соның күшімен басқаруға тырысты [74].

Бұл кезде Византия империясы үшін дін мәселесі басты тақырыптардың бірі болғандықтан осы салаға өзгерістер енгізуді жөн санады. Император діни-теологиялық мәселелерді зерттей бастады және оның өзінің барлық күштерін империяның бүкіл аумағында христиан дінін мойындау және осы діннің бірлігін орнатуға кірісті. Мемлекетте діни бірлік пен әділеттіліктің орнауын жақтаған ол өзінің кодексінде, яғни заңдар жинағында дін мәселесіне баса назар аударды. I Юстиниан өзіне дейін билік құрған императорлардың заңдары мен нормативтік жинақтарына талдау жасай отырып, дін істерінің құжаттарына көптеген өзгерістер енгізді. Оның ойынша Христиан діні – әділеттілік пен бірліктің символы және тыныштық пен татулықтың кепілі болуы тиіс еді. Бұл істер оның діни саладағы жасаған өзгерістері болып, ол зор нәтижесін берді. Халық арасында Христиан дінінің беделі артып, ол расында да тыныштық пен татулықтың белгісіне айналды.

Империяда дін істері мемлекеттің ішкі саясатын нығайтуға бағыттталып, ол империяда өмір сүріп жатқан халықтардың ауызбірлігін дамытуға қызмет етуге мүдделі болды. Себебі, ерте орта ғасырларда Византияның Фракиядағы, Кіші Азия мен Шығыстағы провинцияларында өмір сүрген халықтар арасында өзара діни алауыздықтар орын алып, түрлі деңгейдегі саяси жанжалдарды тудырып отырды. Сондықтан, I Юстиниан дін істерінің қызметі туралы заңдарды өзінің мемлекетті басқару ісіне арналған заңдардың әділеттілік істері бойынша заңдық нормалардың құрамына енгізді. Онда құдайдың біреу ғана екенін және халықтың құдайға ғана табынып, өзге наным-сенімдерге бой ұрмау қажеттігі көрсетілді. Сонымен қатар империяда көптеген шіркеулер мен храмдар салғызды. Олардың барлығын өз бақылауына алып, Христиан дінінің мәртебесін көтерді. Осыған байланысты ол империяда «Римдік әділеттілік храмының» негізін қалаушы деп танылды. Мұнда I Юстинианның империяда әділ қоғам құру үшін діннің қызметінің ерекше екендігіне мән бергенін аңғару қиын емес [74, С. 181-183].

Шығыс Рим императорына тән болған жоғары міндеттерінің арасында Юстиниан бірінші кезекте шіркеу ісіне алаңдаушылық білдіріп, Христиан дінінің шынайы мойындау туралы жарлығымен билік бастады. Римдік тақтың бөлінуінен кейін басталған еретиктер мен монофизиттерді қатты қудалау бұған дейін император Юстин билігінің бүкіл кезеңінде және Юстиниан билігінің алғашқы жылдарында жалғасты. Олардың ортасында көптеген білімді және

беделді теологтар болған монофизиттар императордың Халкидон соборын тану туралы талаптарын орындамай, өздерінің ілімінің шындықтарын қорғап, қудалау мен қысымшылықтың барлық түрлеріне жол бергісі келмеді. Сот саясатында монофизитке қатысты бірлік болмады. Императрица Теодора осы мәселеде өзінің позициясын анықтап, монофизит жағында тұрды. Теодора барлық қудалаушыларға қорған болғысы келді [75].

Теологиялық мәселелерді шешуде өзіне кәміл сенген император Юстиниан келіспеушіліктердің жеке сұхбаттарын анықтау арқылы шіркеу бірлігін қол жеткізуге үміттенген. Халкедондықтардың иерархиялық кеңесін мойындаған адамдар арасында оның көптеген пікірлестері болды. Шығыс епископтары оған өздерінің сенім туралы мәлімдемесін жіберді, олар бағаланған мәселелерді көрсетіп, түсіндіріп, Халкидон соборын тануға мүмкіндік бермеді. Константинопольде Монофизит шіркеуінің көптеген беделді өкілдері болған, ал Юстиниан олардың арасында православиелермен сұхбат жүргізуге шешім қабылдады.

Қолда бар мәліметтерде көрсетілгендей, осы діни-теологиялық [75, р. 85] даудың уақытының нақты мәліметтер аз, бірақ ол 532-533 қыста немесе 533 басында орын алғаны аса белгілі, себебі онымен тікелей байланысты Юстинианның жаңа басылымы қаулылары болып, олар осы уақытта жазылды. Константинополь қаласы және империяның негізгі қалалары: Эфес, Кесария, Кизик, Амида, Трабзон, Иерусалим, Апея, Антиохия, Севастия, Таре, Анкир қалаларына осы туралы бұйрықтар жіберілді.

Император I Юстинианның Византияда келесі бір реформа жүргізген басты саласы құқықтық жүйе болды. Ол империяда қалыптасқан бұрынғы заңдарға үлкен өзгерістер енгізіп, оларды қоғам талабына сай етіп жаңартты. IV-VI ғғ. Византия империясында әлеуметтік-экономикалық және саяси қатынастардағы түбегейлі өзгерістер, қатал табандылықпен ескі құқықтық нормаларды қайта жаңартуды талап етті, себебі, бұл одан ары қарай жарамсыз халге түсіп, ілгері өмір сүруі қиындады. Әлеуметтік санаттағы тілде айтылғандай, қоғамның жоғарғы құрылысының заңды бөлігін өндірістік қарым-қатынастарды дамытып оны өзгертуге тура келді. Тарихи тілмен айтқанда шындыққа сай біршама қатал және ескірген Рим заңын жаңадан қалыпқа келтіру қажет болды.

Бірақ, мемлекетте мұндай ең қиын тапсырманы орындаудың қандай жолдары бар екені әзірге ешкімге белгісіз еді. Империяның үстемдік класы дилемма алдында тұрды: ескі заңдарды іс жүзінде қолдану өте ескірген және ескірген институттар мен құқықтық нормалармен, жаңа заңдар жасаумен, ежелгі дәстүрлердің ұлылығын қастерлеуге мәжбүр болды. Ортақ жол - тек қана нақты өмірде болған өзгерістерді ескере отырып, римдік заңдарды кодтау мен жүйелеу жолдары қалды. Ал, бұл жолды император Юстинианның өзі таңдады [76].

Рим империясының ұлылығын сақтау және қалпына келтіру ғана емес, сондай-ақ Рим қоғамының мақтанышы, оның танымал сот практикасы, Юстиниан билігінің міндеттерінің бірі болды. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, бұл тек бос декларация ғана емес, сонымен бірге насихаттау

құрылғысы болды. Мемлекетте жағдай әлдеқайда күрделі еді. Ең бастысы, құлдықтың феодализмнен ауысу кезеңінде, ескі жүйе бұрынғысынша өз позициясын бермеген кезде Рим заң институттары Византия империясының билеуші тап үшін әлі күнге дейін сәл өзгертілген түрінде өмір сүріп, өте қолайлы болды.

Империядағы құлдықтың әлеуметтік және таптық құрылысы мен оның басқару жүйесінің бәрі де империяның билеуші класының мүдделеріне сай болып, тек қана сақталып қана қоймай, барлық жағынан күшейтілді. Бұл жағдай Византия мемлекеті мен қоғамының дамуына кері әсер етті. Ірі қалалар мен дамыған қолөнер, меншік және сауда операциялары әртүрлі болғандықтан, нақты өмір сүру ел экономикасына негізделген жеке меншік құқықтарын қатаң реттеуді талап етті. Юстинианды өзіне қаратқан негізгі факторлардың бірі құлдар мен олардың қызметі және осы секілді басқа да мәселелер болды [77].

Мемлекеттегі осындай ішкі саяси факторларды ескере отырып, император І Юстиниан мемлекеттің заң саласында нақты іске көшудің қажет екенін ұқты. Бұл жағдай қиын болып, алайда оның болашақта жүзеге асырылуына сенген ол бұл саладағы түбегейлі өзгерістерді қалай да болмасын бастау керек болды. Юстинианның заңдық кодификациясы сот пен оның тәжірибесін іске асырудағы мүлдем жаңа құбылыс болғанын және заңнамалық реформадағы ірі қадамдарының бірі болғанын көруге болады. І Юстиниан мемлекетте заңдар мен құқықтық нормаларды қабылдауда осыған дейін қабылданған заңдарды басшылыққа алды. Себебі, халық бұрыннан үйренген нормативтік тәртіппен бірте-бірте басқа да құқықтық негіздерді мойындап үйренеді деп сендірілді. Мемлекет пен халық арасындағы қарым-қатынасты реттеуде заңдар жинағының орны мен рөлі жоғары болатын болды. Заңдарды қабылдау үшін жер-жерлерден біліктілігі жоғары мамандар тартылды. Олар халық үшін және тиісінше үкімет пен әкімшілік үшін тиімді болған нормативті құжат жасау қажеттігін [78] ұқты.

Мемлекеттік заңдарды реттеуде құқықтық доктрина ретінде қолданыстағы жазбаша құқық құқықтарының дәрежесін көтеруге деген ұмтылыс жоғары болды. Сонымен қатар, заңды жеңілдету және тұрақтандыру бойынша іс-шаралар жүргізілді. Олардың мақсаты классикалық юриспруденцияның құқықтық формализмін жеңуде римдік классикалық заман құқықтанушылары мен заңгерлерінің және Рим императорларының сот тәжірибесінде қолданатын орасан зор заңдық құжат жасау болды.

Мұның оң әсері римдік құқықтармен салыстырғанда отбасылық және басқа да құқықтық жаңалықтардың, әсіресе некеде болған кездегі жазбаша келісім-шарттардың таралуына да әсер етті. Рим заңының бұл бағыты табиғи түрде нығайтылды, бірақ сол уақытта римдік юриспруденция және римдік заңнама Шығыс Рим империясында заңның сөзсіз негізі болып қала берді. Осылайша, Юстиниан заңдарында көптеген жаңалықтар классикалық римдік заңмен салыстырғанда өмірдің әлеуметтік жағдайындағы өзгерістердің, сондай-ақ жергілікті заңның және жаңа идеологияның — христиандықтың әсерін бейнелейтін классикалық заң, эволюция эволюциясы негізінде туылды. Бұл тұрғыда Юстиниан заңы IV-VI ғасырларда орын алған заңның эволюциясын айқындайды.

528 жылы, Юстиниан билігінің екінші жылында заңның үлкен кодификациясы басталды, оның қажеттілігі ұзаққа созылды. Үкіметінің монархиялық нысаны мен жаңа императордың билікке деген көзқарасымен жүріп, барлық заңнамалық реформа соған ғана жатқызылды. Ол азаматтық құқыққа негізделгендіктен «Азаматтық-құқықтық кодекс» деген атау берілді. Империалистік конституцияларда заң реформасына байланысты шығарылған, жаңа заңдарды құруда Юстинианның шешуші идеясы басым. Юстиниан азаматтық кодексті енгізуде өзіне дейінгі императорлардың тәжірибелерін де назардан тыс қалдырмады. Ол әскери салаға қатысты бірқатар заңнамалық құжаттарды енгізуді ойластырды. Юстиниан Рим императоры ғана емес, сонымен бірге Рим әскери жеңістерінің даңқын қалпына келтірген сондай-ақ заң ғылымын бұрын-соңды болмаған биікте көтерген заң шығарушысы император болғысы келді. Дегенмен, шын мәнінде, Юстиниан өзі ешқандай шайқасқа қатыспады және барлық жеңістерді басқа адамдардың көмегімен жүзеге асырды. Сол сияқты, ол заңнамалық реформаға жеке қатыспады және оны басқаларға берді. Соған қарамастан, оның «Азаматтық құқық туралы кодексті» құрудағы рөлі өте маңызды деп танылмайды [78, С. 8-9].

Юстинианның барлық заңнамалық реформаның рухы, әрине, оның талантты көшбасшысы және білікті орындаушысы - кваторист Трибониан болатын. Император сондай-ақ заңдарды кодификациялау туралы өзінің идеясын жүзеге асыра алатын осындай жігерлі және білімді адамды табудың сәті түсті. Император өзінің танымал адвокатының еңбегін жоғары бағалады, ал оның конституцияларында ол әрқашан тәжірибе, үлкен еңбекқорлық пен терең білімге құрметпен қарады. Ол заңға қатысты идеяны ғана емес, оны іске асыру бастамасын және жалпы реформаның жүргізілу барысын қадағалайды. Ол ешқандай энергияны, ақшаны, заңдардың жаңа кодексін жасауға ешқашан уақыт бөлмеді және әрдайым орындаушыларды шақырды. Ол елдегі жағдайды қатал бағалап, заңдарды жүйелеу мен кодификациялаудың өзекті қажеттілігін түсінді. Юстинианның «Азаматтық құқық кодексі» бастапқыда үш бөліктен тұрды. Олар: Кодекс, Дигестт немесе Пандект және Институция. Біраз уақыттан кейін оған төртінші бөлігі ретінде - Новелла қосылды.

Құқықтық нормалардың міндеттерді орындау үшін адвокаттар комиссиясы екі мыңға жуық кітапты, немесе үш миллион желіні бөлшектеуге және жүйелеуге тиіс еді. Император ойластырылған заңнамалық кодификацияның қиындықтарын толығымен түсініп, бұрын-соңды ешкім мұндай нәрсені бұрын-соңды ешқашан армандап қойған емес деп жазған, ал онда «терең теңізде болғандай», ең білімді және қабілетті адамдар суға батып кетуі мүмкін еді. Бастапқыда Дигес құруға 10 жыл керек деп шешілді, бірақ үш жыл өткеннен кейін Дигесер аяқталды және 1633 жылдың 16 желтоқсанында Юстиниан оны мақұлдады. Енді олар империяның бүкіл аумағында заң күшін алды.

Заңнамалық реформа Юстиниан кодексінің жобасымен басталды. 528 жылы 13 ақпанда императордың бұйрығымен жоғарғы адвокаттық лауазымдарда жұмыс істейтін 10 тәжірибелі мемлекеттік қызметкер заңгерлер мен заң профессорларын білді. Бұл комиссияны патриций Иоанн басқарды. Сонымен қатар комиссия құрамында Константинопольден Теофилус империя

Кеңсесінің заңгері және заң профессоры Константин, сондай-ақ адвокаттар мен төменгі қатардағы лауазымды тұлғалар және патриоттар кірді. Комиссияға дейін он үкімет мүшесіне империялық конституциялардың үлкен массасын практикалық қолдануда және шын мәнінде жоғалтқан барлық ескіргендерді тастайтын ең маңызды нәрселерден шығару міндетін қойды. Бұдан басқа, барлық тандалған империялық ережелерді өз алдына жүйелеу және жіктеу кажет болды.

Жұмыс барысында кең өкілеттіктер алған заңгерлер комиссиясы заңдарға өзгертулер енгізді, ескірген жарлықтардан бас тартты, жоғалған немесе жоғалып кеткен мекемелерден шығарылды және қайшылықтар мен қайталануларды жоюға тырысты. Жұмыс уақыт айтарлықтай қысқа мерзімде аяқталды. 529 жылы сәуірде кодификациялау басталғаннан кейін бір жылдан астам сәл кем, Юстиниан кодексінің алғашқы басылым аяқталды, және 16 сәуір күні ол заңды түрде өз күшіне енді [78, с. 10].

529 жылдан бері Юстиниан осы шиеленіскен мәселелерге қарама-қайшылықтар мен ескірген мекемелерді жоюға қатысты арнайы заңдар шығара бастады. Бұл заңды шығару жұмысы 534 дейін жалғасты. Тіпті, ол одан кейін де дәл осы заңға қатысты жұмыстармен ауқымды болмаса да шұғылданып отырды. Жаңадан шығарылған Юстиниан конституциялары «шешімдер» деп аталды және олардан арнайы редакциялау құрастырылды. Кодекстің екінші редакциясын құру кезінде көптеген жаңа атаулар мен терминдер қолданылған. Бұл жинақта азаматтық заңдар мен тайпалық құқықтардың арасындағы айырмашылықтар жойылды, жекешелендіру нысандарын біріздендіру жүзеге асырылды және арадағы көптеген айырмашылықтар жойылды.

534 жылдан бастап Трибониан, Дорофей және Константинопольден шақырылған адвокаттар мен заңгерлерден құралған жаңа комиссия кодекстің екінші басылымын құрастыра бастады. Комиссия жаңа Кодекске түзетулер мен толықтырулар енгізу үшін қайтадан үлкен өкілеттіктер алды. 16 қарашада 534 жұмыс Codex Repetitae praelectionis атауы бойынша жарияланды, ал 534 желтоқсанда 534-де Кодекстің екінші редакциясына заң күші берілді. Юстинианның кодексінің үлкен бөлігі екінші басылымда сақталып қалды және ол кейінірек дүниежүзілік даңққа ие болды. Кодекске кіретін заңдардың көпшілігі латын тілінде жазылған болатын. Жалпы, Юстиниан кодексі 12 кітаптан тұрды [79].

Кодексте әрбір беттің жоғары жағында Юстинианның аты жазылатын болды. Соңында оның жариялану уақыты мен орны туралы қолтаңба болды. Әрбір тақырыптың құрамы қатаң анықталды: біріншіден, мазмұнның қысқаша мазмұны орналастырылды, содан кейін бір немесе бірнеше империялық шешімдер хронологиялық тәртіпте ұйымдастырылған бірдей заңды сұрақты орындады. Юстинианның коды бізге түпнұсқада емес, тек кейінгі қолжазбаларда ғана келді, онда оның мәтіні белгілі бір төмендеуге ұшырады. Юстиниан Кодексі көптеген құқықтық мәселелерді қамтиды. Ондағы маңызды орын жеке заңдармен (2-8 кітабы), біршамасы әкімшілік (10-12 кітабы) және қылмыскерлерге (9 кітабы) арналды.

Өткен кезеңнің заңдарынан айырмашылығы шіркеу істеріне көп көңіл бөлінеді (1-ші кітап), шіркеудің құқығы, епископтардың және дін қызметкерлерінің артықшылықтары анықталып, таза теологиялық мәселелер қарастырылады. Кодексте еретиктерге, пұттарға, манихандарға, самариялықтарға қарсы күрделі шешімдер бар. Кодекстің құлдар туралы ережелері өте маңызды. Классикалық дәуірдің Рим заңымен салыстырғанда елеулі жаңалық - бұл оның 11-ші кітабында Кодекстің жарлықтары берілген. Құқық көздеріне және лауазымды тұлғалардың міндеттеріне айрықша сілтеме жасалады. Юстиниан кодексіне сәйкес римдік заңның эволюциясының бөлшектері төменде талқыланатын болды, ол барлық заңнамалық реформаның жалпы сипаттамасымен көрсетілді.

530 жылғы 15 желтоқсанда Юстинианның арнайы Конституциясы шығарылды. Ол «Дигестт» деп аталды. Дигестт жинағын бастау үшін 16 адвокатқа тапсырылды [76, с. 13]. Юстинианның айтуынша, «ежелгі заңдарды білмей, қазіргі заңды түсіне алмайды». Сонымен бірге, өмірдің өзі басқа іске асыруды талап етеді, таза практикалық және белгілі бір дәрежеде бірінші міндетке қайшы келеді. Адвокаттардың классикалық шығармаларынан нақты әлеуметтік жағдайдағы қолданыстағы заңға айналуы мүмкін нәрсені таңдау қажет болды. Ол үшін бұрынғыға қайшы келетін ескірген құқықтық нормаларды жою және барлық нормативтік-құқықтық құжаттарды өмір сүру талаптарына сәйкес келтіру қажет болды. Даулы мәселелерді шешу үшін комиссия императорға жүгінді және ол тез шешім қабылдады.

Император Юстинианның осы қаулылары, содан кейін Кодекстің 2-ші редакциясына енгізілген танымал «50 шешім» кітабын құрастырды. Дигестт латын тілінде - римдік заңгерлердің тілінде жасалды, бірақ Дигестт мәтінінде грекше терминдер ғана емес, тіпті грек тілінде жазылған үзінділер де бар. Дигестт 7 бөлікке бөлінеді және 50 кітап. Әрбір кітап өз кезегінде 30 атауға бөлінеді. Барлығы Дигестте 429-433 атаулар бар. Сондай-ақ, тақырыптарда үзінділер бар, олардың әрқайсысы бір адвокаттың жұмысынан алынған үзінді. Барлығы шамамен 9200 үзінділері бар. Әрбір үзіндінің авторы атауымен және материал алынған композицияның атауымен басталады [79, с. 60].

Дигестті жасауда авторлар Ежелгі Рим дәуірінен бастап қолға алынған барлық заңнамалық актілерді сарапқа салды және Рим императорларының құқықтық еңбектерін талдауға түсірді. Себебі, өткен мен бүгіннің құқықтық жағдайын салыстырып, сондай-ақ олардың ерекшеліктерін көрсету қажет еді. Осындай ірі құқықтық нормалар мен заңдар жинақтары небәрі үш жылдың ішінде жасалып бітті. Ол үшін қаншама талдау мен олардың нәтижелері, тәжірибелік жұмыстар, заңның қолданыс аясын кеңейту жолында көптеген жұмыстар атқарылды. Дигестт халықаралық құқықтың көптеген мәселелерімен айналысып, басты функциялары соғыс жариялау, бейбітшілік орнату, халықтарды бөлу және жаңа мемлекеттер құру, елшілердің мәртебесі және елшіліктерді жіберу тәртібі, бөтен адамдардың құқықтарын қорғау, тұтқынға алынған және тұтқыннан қайтарылған адамдар және т.б. болды.

Юстиниан жүргізген заң реформасы Кодексті және Дигестті жариялаумен шектелген жоқ. Мемлекетте заңдар мен құқықтық саланы реформалап қоймай,

сонымен бірге осы салада білім беруді реформалау және заң ғылымдарын оқыту мен дамытуды жетілдіру қолға алынды. Ол алғашқыда мемлекеттік құқық пен оны зерттеуге басшылық жасау керек болды. Юстиниан бұл саланы, яғни құқық саласын дамыту үшін келесі бір жобаны ашты. Оның атауы Институция (Институт – білім беру мақсатында айтылған) деп аталды. Византия билігінің жоспары бойынша мекемелер Юстиниан реформалаған заңнамаға сүйене отырып, қазіргі заңның жай-күйін жариялап, барлық ескіргендерді бөліп тастап, жаңартып отырды. Юстинианның сөзіне қарағанда, бұл сала, яғни Институция Кодекс пен Дигест сияқты негізгі қажеттіліктерден туындады [78, с. 112]

Институцияны толық жасап шығу жұмыстары 530 жылы императорлық Конституцияға сәйкес басталды және 533-ші жылдың қарашасында бұл іс аяқталды. Институция Дигесттен біраз уақыт бұрын пайда болды. Олардың жасалу жолдары қатар жүргізіліп, жасаушылардың идеясына сәйкес, институттар қолданыстағы заңның негізін қысқаша баяндап, сол арқылы студенттерді Дигест пен Кодексті зерттеуге дайындады. Институция Дигест пен Кодекске енгізілген өзгерістерді ескере отырып, классикалық заңнаманы құрастырды. Институцияны құрастырушылар Феофил мен Дорофей болды. Юстиниан Институциясының мазмұны өзіне дейінгі императорлардың жасаған Институциясынан біраз өзгешелеу және жаңалау болды [78, с. 171]. Институцияның алғашқы кітабы жеке және отбасылық құқық негіздерін зерделейді, екіншісі – мүлік пен құқыққа қатысты мәселемен айналысады, Үшіншісі мұраға және келісімшартқа, төртінші тағамдардың (бұрынғы *delicto*) және костюмдердің міндеттеріне арналған. Юстиниан институциясы 98 атауға бөлінеді, бұл өз кезегінде үзінділерге бөлінеді. Жалпы алғанда, институциялар Византия империясының заңдарында мектеп мақсаттары үшін ғана пайдаланылмағанын, сонымен қатар жеке істерді талдауда практикалық қолдануды қабылдағанын атап өту керек. Олар Юстинианның 30 желтоқсандағы 533-ші жылғы бастамасымен жарияланды және империялық заңның күшін иеленді.

VI ғасырда Византияда әлеуметтік-экономикалық, саяси өмірде қажет болған және таптық, идеологиялық күреске арналған ең үлкен құндылықтардың бірі Юстинианның заңдар жинағы болды. Мемлекеттің саяси дамуына жоғарыда аталған заңдардың рөлі өте зор болып, дегенмен Юстиниан оларды өзінің келесі бір заңдарымен толықтырды. Кодексте және басқа да заңдар жинағында қарастырылмаған құқықтық нормалар келесі бір заң жинағында жариялануы тиіс еді. Ол Юстинианның «Новеллалар» деп аталатын келесі бір заңдық жинағында көрініс табатын болды [80].

Империяның саяси, әлеуметтік-экономикалық реформаларын жүзеге асыруда Новелланың маңызы өте зор болды. VI ғасырдың Конституцияның тірегі болып табылатын Дигест, Кодекс және Институциялармен салыстырғанда, бұл заңның күші зор болды. Бұл заңда император қоғамдық өмірдегі нақты өзгерістерді ғана емес, сол кезеңде империядағы саяси және әлеуметтік күрестерді болдырмауға тырысады. Жоғарыда атап өткендей, Новеллалар әкімшілік басқаруда, әлеуметтік жағдайды реттеуде, азаматтардың

құқықтарын қорғаудағы орны өте зор болды. Сонымен қатар, Новеллалардың дін және шіркеу жұмыстарын бақылаудағы қызметі жоғары деңгейде болып, ол империяның діни-идеологиялық саласында ерекше қызмет етті [80, с. 171].

Византия империясының реформаторлары қатарында саналған атақты заң шығарушы император І Юстиниан тарапынан қабылданған Новеллалар мемлекет пен қоғамды және үкіметті дамытуға үлкен үлес қосты. Заңдық шығармалар ретінде қабылданып, мемлекет пен қоғамды басқарудың басты құралына айналған «Юстиниан Новеллалары» халық тарапынан өте жылдам әрі жылы қабылданды. Новеллалардың заңды күші жоғары болып, әрбір азамат оған құрметпен қарауы керек болды [81].

Тараушада қорыта айтқанда, І Юстиниан Византия тарихында саяси-экономикалық, құқықтық жүйені қалыпқа келтіріп, дамытқан, сондай-ақ осы және өзге салаларда ірі, бұрын-соңды болмаған реформа жүргізіп, империя тарихында «Ұлы реформатор» атанған император болды. Мемлекетте саяси құрылымдар мен басқару иерархиясының заманауи, жаңа түрлерін енгізіп, оның даму жолдарын айқындады. Сол дәуірде империя мен өзге аймақтарда пайда болған және шиеленіскен діни-конфессиялық мәселелерді шешіп, ескі римдік шіркеу мен православие бағытын ұстанушылар арасында өзіндік сабақтастық орнатып, халықтың діни ұстанымдарын мемлекеттік құқықтық нормалармен шектеді. Сонымен қатар, Византия тарихында Юстинианның билігі Шығыс Рим императорларының арасында римдік заңдарды керемет кодификациялаумен байланысты болды.

Император І Юстиниан орта ғасырлық Византия конституциясының атасы ретінде тілге алынды. Оның қабылдаған заңдары мен құқықтық-нормативтік жобалары мемлекет пен қоғамда үлкен қолдауға ие болып, ұзақ уақыт сақталды. Ең негізгісі Юстинианның империяда қабылдаған заңдары ортағасырлық және қазіргі заман тарихында кең ауқымды құқықтық реформаның басты үлгісі болып табылды, ол кейінгі уақыттарда сот тәжірибесін дамытуға ұзақ уақыт бойы әсер етті.

1.3 Империядағы әлеуметтік-саяси күрес және сыртқы жағдайы

Шығыс Рим империясының жеке-дара мемлекет қалыптасуы мен оның саяси-әлеуметтік даму жағдайы хронологиялық жағынан осы Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірімен тығыз байланысты. Шығыс Рим мемлекеті дербес мемлекет болып өмір сүре бастаған соң барлық мемлекеттің тәжірибесінде болғанындай оның да саяси, әлеуметтік өмірінде де үлкен өзгерістер орын алды. Мемлекет басшылары, императорлар мемлекеттің саяси жағдайын реттеу мен әлеуметтік ахуалын жоғарылатудың жолдарын қарастырумен айналысты. Мемлекет өзінің дамуының даңғыл жолын таңдады. Шығыс Рим мемлекеті Батыстан бөлініп шыққандықтан ол бастапқы кезден империя атағын иеленді. Мемлекет басшылары жеке-дара билік жүргізіп, ол билік мұрагерлік жолмен беріліп отырды. Мұны айтудың өзі маңызды болып, империяның саяси және әлеуметтік өміріне императорлардың билігі тұсында жүргізген саясаты ерекше ықпал етті. Империяның саяси және әлеуметтік-экономикалық даму бағыты әр

императордың тұсында әр түрлі болып, олар бір-бірінің ісін ары қарай дамытуға талпынды. Мемлекеттің қаржысын көбейтіп, қазынасын толтырған императорлар да болып, сонымен бірге қазына қаржысын жымқырып, экономиканы дұрыс басқара алмай соның арқасында империяда талай көтерілістің тууына себепші болған билеушілер де болды.

Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірі Византия империясы үшін ауыр кезең болды. Бұлай топшылаудың өзіндік бірнеше себептері болып, оның ең негізгілері: біріншіден, бұл дәуірде Византия империясы жаңадан құрылған мемлекет болғандықтан өзінің даму жолын қалыптастыру керек болды. Екіншіден, іргесін Батыстан бөлек ұстағандықтан ол үшін халықтың тұрмысы мен әлеуметтік жағдайын реттеу маңызды болып, оның өзіндік қиындықтары болды. Үшінші бір маңызды фактор ол – Византияның сыртқы саясатына қатысты жағдай болды. Бұл дәуірде Шығыстан Батысқа қарай жылжыған халықтар мен жергілікті тайпалар Византия империясының территориясына қоныстанып, осында өз тіршілігін жалғастырды. Сырттан көшіп келген варвар тайпалары Византия территориясына жорықтар ұйымдастырып, онда империя жерінен өздеріне орын талап етті. Көптеген соғыстар ұйымдастырылды. Империяның басты сыртқы жаулары саналып, оған түрлі саяси және әлеуметтік-экономикалық талаптар қойған тайпалар ғұндар, готтар, славяндар, аварлар және сыртқы саясатта басты қарсылас болған парсылар империяның өміріне ерекше әсер етті.

Бұл дәуірде империяның ішкі саяси жағдайы алдыңғы қатарлы заманауи мемлекетке тән сипатта болды. Батыс Рим империясы құлдырап, құлап бара жатқан тұста керісінше Шығыс Рим империясы өзінің саяси жағдайын тіктеп, мұнда бір орталыққа біріктірілген зор күшке ие болған ірі мемлекет құрылды. Мемлекеттің басқарушысы император болып, ол жергілікті жерде «Василевс» деген атауды иеленген бюрократиялық орталықтанған аппараттың басқарушы қызметін атқарды. Шығыс Рим империясы мемлекетті басқаруда Батысқа тән болған саяси басқару құрылымды қабылдамады. Императордың мемлекетті басқару құзыреті шексіз болғанымен, оның қоластындағы шенеуніктердің қызметі заң арқылы шектелді. Императордың санасуға мәжбүр болған негізгі мекеме ол шіркеу болды. Христиан шіркеуі мемлекеттік органдардан дербес өмір сүріп, ол империя халықтарының арасында мемлекеттік идеологияны насихаттаушы басты рухани дем беруші, халықты ауызбірлікке шақырушы ірі қасиетті орын болды.

Шығыс Рим империясы бірнеше провинциялардан құралып, олардың басында императордың тағайындауымен сайланған аймақ басшылары отырды. Олар мемлекеттің саясатын аймақтарда мүлтіксіз жүргізіп отырды. Империяда ең бастысы шіркеу, одан кейін мемлекетті басқарушы аппарат, сот ісі, салық жинау, жер ісімен айналысушы, әскер және басқа да салалық қызметтер жұмыс істеп, оларды префектілер, центуриондар мен тиісті шенеуніктер басқарып отырды.

Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде Шығыс Рим империясында саяси жағдай мен империяның сыртқы жағдайын зерттеуде бұл мемлекеттің қоғамдық өмірі мен оның даму деңгейін анықтаудың қажеттігі туындайтыны

сөзсіз. VI-VII ғғ. Шығыс Рим империясында қоғамда жер иеленушілер мен жер өңдеушілер біртіндеп арнайы қоғамдық тап ретінде қалыптаса [82] бастады. Оның Византия қоғамының саяси және әлеуметтік өміріне көрсеткен ықпалы өте зор болды. Мемлекеттік мүлікті иеленушілер мен жеке меншік арасында бәсекелестік туындап отырды.

Шығыс Рим империясында заманауи жер өңдеу мен қолөнердің және ондағы өндіргіш күштердің дамуы оның аймақтағы алдыңғы қатарлы мемлекет екенін айтпастан-ақ көрсетіп тұрды. Бұл дәуірде Шығыс Рим империясында мемлекеттік аппарат бұрынғыдай құл еңбегінен бас тартып, жерді ірі пайдаланушыларға беріп, елді-мекендерде қолөнер мен сауданы дамытуды қолға алуды ұйғарған болатын. Бірақ, бұл әр императордың тұсында әр түрлі деңгейде болды. Осыған негізделген қоғамдық-әлеуметтік даму Византия императорларын жаңа жерлерді «игеруге» итермелеген болатын. Алайда бұл дәуірде халықтардың батысқа қарай жылжуы, «варварлық» жаулап алу қимылдары және ішкі әлеуметтік тартыстар оның алға басуына үлкен кедергі болды.

Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде Византияда құлиеленушілік қоғамдық қатынастарда да сақталды. Салыстырмалы түрде қарағанда, Шығыс Рим империясында құлиеленушілік қоғам мен оған негізделген тіршілік жағдайы Батыс Рим империясындағы сияқты көлемді түрде сақталмағанымен ол мұнда әлі де өмір сүріп жатты. Құлиеленушілік жұмыстары жер өңдеу мен онымен тікелей байланысты болған салалардың барлығында болды. Басты ерекшеліктердің бірі – Византияда құлдарға Батыстағы сияқты зат ретінде қараған жоқ. Оларға адами тұрғыдан қарау туралы заңдар жұмыс істеді. Ол туралы I Юстинианның да заңдарында қарастырылды сілтеме [70, pp. 25-27]. Бұл жағдай тез уақытта құлдық қатынастардың жойылатынын анық аңғартты. Құлиеленушілік дамыған провинциялар қатарында Византияның Грекия, Сирия, Кіші Азия, Мысыр және басқа да аймақтар енді. Құлдық қатынастар империяның қоғамдық, саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуын артқа тартты. Себебі, құлиеленушілік ең төменгі тап болғандықтан, онда белгілі бір дәрежеде даму болмай керісінше мемлекеттің дамуын тежеді. Дегенмен, қоғамның алға жылжуы мен уақыттың өзі мұның даму болашағы жоқ екенін айқындады. Халықтардың Ұлы қоныс аудару процесі орын алып, осындай аса ауқымды көш жүріп жатқан тұста да құлдық қатынастар жойылуы тиіс екендігін көрсетіп берді.

Соңғы уақыттарда Византия және жалпы Еуропа тарихында құлдық қатынастардың жойылуына осы Ұлы қоныс аудару процесінің қатысы бар екені анықталуда. Мұның басты мысалдары көшпелі тайпалар мен жергілікті халық арасында өзара қоғамдық тәжірибе алмасулар жүрді. Византия империясы өзімен іргелес жатқан варварларды жұмысқа жалдады. Оның ішінде соғыс қимылдарына байланысты әскерлер жалдап алынып отырды. Мұның өзі византиялық қоғамда біртіндеп жалдамалы еңбектің пайда болуына өз септігін тигізді. Қоғам дамыған сайын жер өңдеушілердің қол астында жалдамалы шаруалардың еңбектері бағаланып осыған байланысты «құл» деген атау да бірте-бірте жойыла бастады.

Бұрынғы құлдықта немесе құлға тән қызметте болған адамдар енді өз алдына жеке қызмет ете алатын болды. Қоғамда саналы түрде құлдарға күш көрсету мен зорлық жасауға тиым салына бастады. Ендігі кезекте, бұрын құлдар атқарып келген қызметті жалдамалы жұмысшылар атқаратын болды. Империяда халықтың басым бөлігі ауыл шаруашылығында, оның ішінде жер өңдеумен айналысқандықтан, қол еңбегі үлкен қажеттілікті талап етті. Ірі жер иеленушілер өз жұмыстарын өзінің қоластына алған шаруаларға істететін болды. Оларды «колондар» деп атады. Колондар жер иеленушілердің қоластында жұмыс істеді және өзіне тиісті жалақысын алып отырды. Олар бір жерден шығып, екінші бір жер иеленушінің қолында еркін жұмыс істей алатын болды [83].

Осылайша, бірте-бірте Византияда құлдарды алмастырған колондарды пайдалану мен олардың қоғамдағы орны анықталды, онда жана тап өкілдері қалыптасып, ол Батыстағы сияқты колонат деген атпен белгілі болды. Олардың құқығы құлдармен салыстырғанда өзгеше болды. Басты өзгешеліктер, колондар ерікті мен жалдамалы түрлері болып, ол бұрынғы классикалық кезеңдегі құлдардан айырмашылығы болды. Колондарды кейбір әдебиеттерде жалдамалы жұмысшылар ретінде көрсетеді. Бірақ, көп жағдайда колондарды жалдамалы жұмысшылармен салыстыруға мүлде келмейді. Себебі, колондарда кез-келген шаруашылыққа арналған еңбек құралдары мен олардың белгілі бір деңгейдегі тәжірибесі мен білімі болмады. Олар тек жер иеленушілердің құралдарын ғана пайдалана алды. Колондардың ерікті түрлері де болып ол георгтар деп аталды. Георгтардың құқықтары заңмен бекітіліп, олар жер иеленушілердің қызметінен бөлек жеке үй шаруашылық жұмыстарын да атқара берді.

Империядағы колонаттық кезең V-VI ғасырлардан қалыптасып дамыды және империяның саяси-әлеуметтік өмірінде маңызды роль атқарды. Оның дамуына империяда құлдардың наразылығына байланысты саяси және әлеуметтік күрес өзінің септігін тигізді. Мемлекет пен қоғамда жалдамалы еңбек күшінің белгілі бір дәрежеде болса да бағалануы тиіс болды [84]. Колондардың Шығыс Рим империясында қоғамның негізгі бөлігіне айналуы византиялық қоғамның дамуы мен алға жылжығанын анық көрсетеді. Жаңа әлеуметтік таптардың пайда болуы империяның саяси алға басуының бір бағыты ретінде қабылданды. Империяда колондардың пайда болуы мен олардың уақыт ағымына қарай жеке шаруаға айнала бастауы жоғарыда аталғандай Византияда феодализмнің жылдам қалыптасуына және дамуына зор үлес қосты [85].

Ұлы қоныс аудару дәуірінде Византияда мемлекеттің ішкі саяси-әлеуметтік күрестің тууына ықпал еткен факторлардың ең негізгісі дін болды. Константинополь Христиан дінінің қасиетті орны саналып, ол империяда өмір сүріп отырған халықтардың негізгі ұстанатын діні болуы тиіс еді. Христиан діні бүкіл империя аумағында уағыздалды. Ендігі кезекте, империя аумағы аса үлкен болғандықтан және оның құрамындағы халықтардың көп болуына байланысты наным-сенімі мен діни көзқарасы әр түрлі болды. Империяда Христиан дінінен бөлек пұтқа табынушылық пен тәңіршілдік, ұлттық діни наным-сенімдер болып және ешқандай дінді ұстанбайтын халықтар өмір сүрді.

Бұл жағдай империяда діни алауыздықты көтеріп, ол елдің тұтастығы мен мемлекеттің идеологиясын жүргізуге ерекше кедергі болды. Мұның барлығы Византияның саяси дамуына кері әсер ететін факторлардың біріне айналды. Осыған байланысты империяда дінсіздерді қудалау мен өзге дінді ұстанатын халықтарға христиан дінін уағыздау туралы заңдар қабылданды. Император Византияда Христиан дінінің негізгі кепілі болып, ол халыққа осы дінді сіңдіру жұмыстарының негізгі бастаушысы болды [86].

Осылайша, Византияда христиандық шіркеудің қызметі мен беделі жоғары болып, император онымен санасып отыруға мәжбүр болды. Христиандық шіркеу Батыстың шіркеуден ерекшеленіп, оның басты ерекшелігі ол бүкіл империядағы саяси істерге араласты және мемлекеттік билеушілер мен жер иеленушілердің әлеуметтік мүдделерін қорғады. Төменгі деңгейдегі халыққа баса назар аудармады. Бұл жағдай империяда саяси-әлеуметтік күрестің тууына себепкер болған басты себеп болды. Осының салдарынан шіркеу қызметіне қарсы халық арасында еретиктердің қозғалысы орын алып отырды. Византия шіркеуінің басты мәселесі ол әсіресе шығыста өмір сүрген несториандар мен монофизиттердің әрекеті болды. Олар Константинопольдегі орталық шіркеудің мемлекет ісіне араласуына және халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға кіріспеуіне қарсы болды. Бұл ілімдегілер мемлекетте сепаратистік қозғалыстар ұйымдастырды. Шіркеу оларды діннен бас тартқандардың саяси бағыттағы ұйымдастырушылар деп айыптады және мемлекетте жиі орын алып отыратын саяси-әлеуметтік наразылықтар мен баскөтерулердің негізгі қозғаушы күші ретінде сынады [87].

Ұлы қоныс аудару дәуірі Византия империясының жеке-дара империя болып ішкі саяси құрылымдарын қалыптастырумен қатар, оның сыртқы саяси бағыттарын айқындаған кезең болды. Шығыс Рим империясының аяқтан тік тұрып мемлекет болып құрылуында басталған қоғамдық, саяси-әлеуметтік күрестердің тууына әсер еткен фактор сыртқы жағдайдың шиеленісуі болды. Жоғарыда аталғандай, қоныс аудару кезінде Батысқа жылжыған халықтар империяның ата жауы болып шыға келді. Варвар тайпаларымен туындаған тартыстар империяның саяси дамуына кері әсерін тигізіп отырды. Сонымен бірге, сыртқы саяси жағдайдың аса құбылмалы, қауіпті және өте қиын жағдайда қалуына себепші болды. Шығыс Рим империясы батыстан бөлініп, тек қана Батыс Рим империясымен, яғни қасиетті Риммен байланыс орнатып, өзінің сыртқы жағдайын реттей беруге болатын еді. Алайда Ұлы қоныс аудару дәуірі Византияның сыртқы саяси жағдайын өзгертіп жіберді. Мұнда Византия сыртқы саясатының бағыттарын өзі анықтап алған жоқ, оған керісінше сыртқы саяси күштер әсер етті [88].

Бұл дәуірде Византияның ішкі ахуалы мен жалпы саяси-әлеуметтік күрестер мен империяның сыртқы жағдайын анықтауда және оның мазмұнын ашуда әр кезеңде билік құрған императорлардың жүргізген саясатын анықтаған жөн. Себебі, әр император өзінің жеке қабілетіне байланысты саясат жүргізіп, ол империяның ішкі-сыртқы саяси жағдайын анық суреттеп беріп отырды. Әрбір мемлекет басшылары империяны өзінің жеке табиғи және адамгершілік қабілетіне сай басқарды. Кейбіреулері ел басқаруға құлықсыз болса, кейбірі

мемлекеттік басқару құрылымдарын өзгертті, халықтың әлеуметтік ахуалын жақсартты, саяси-әлеуметтік қайшылықтардың орын алмауы үшін ірі саяси қадамдар жасап, реформалар қабылдап жатты. Мұндай византиялық императорлар арасында атап айтқанда II Феодосий, I Анастасий, I Юстиниан тарапынан қабылданған мемлекеттік заңдар мен саяси және әлеуметтік-экономикалық реформалар мемлекеттің саяси тұрақтылығын қалыптастыру жолында қызмет етті.

Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде Шығыс Рим империясының Батыстан бөлінбей жатып-ақ өзара ішкі саяси күрестер мен тартыстар басталып кеткен болатын. Негізінде, Шығыс империяның әу баста құрылуына осындай тартыстар себепші болған еді. Бұл кезде император I Феодосий түрлі саяси амал-тәсілдердің негізінде мұндай ішкі саяси күрестерді басып, бұл жағдай ақыры Шығыс Рим империясының Батыстан бөлінуімен аяқталды. I Феодосий басқарған тұстағы басты мәселе римдік провинция басшыларының жеке-дара билікке ұмтылуы мен узурпаторлардың билікке негізсіз қарсы шығуымен сипатталды. Император мұндай жеке-дара билікке ұмтылып, халықты жаппай таптық күреске шақырған саяси күрескерлердің барлығының әрекетін күшпен және бейбіт жолмен басып, ол ақыры 395 жылы Шығысты Батыстан бөліп алды және алғашқы император атанды [89].

Бұл дәуірде жаңадан қайта құрылып отырған империяда ішкі саяси мәселелер жеткілікті еді. Қоғамды бытыраңқылыққа ұшыратуы мүмкін болған факторлар өте көп еді. Солардың бірі және ең негізгісі діни фактор болып, оның ішінде Христиан дінін ұстану мен оған қарсы болған қоғамдық орталардың діни көзқарастары басты мәселеге айналды. Мемлекет батыстан саяси және экономикалық тұрғыдан бөлінгенімен діни жағдайда бөліну қиынға соқты. Батыс шіркеуі мен шығыс шіркеуінің бөлінісі қоғам арасында бөлініс тудырып, ол халықтың алауыздығын туындатуға бірден-бір себеп болуы мүмкін еді. Бұл кезде Христиан дінінің де өз ішінде бірнеше бағыттары болып, олардың ең негізгілері Никейлік және Ариандық шіркеулердің сенушілері болды [90]. Сонымен бірге Византияда өзге ұлттар өте көп болып олардың арасында өзара тартыстар мен аймақтағы ұлттық басымдық пен гегемондық үшін талас жүріп, ол да империяның ішкі саяси жағдайына кері әсер етті. Оның салдарынан тіпті билікке қарсы көптеген саяси көтерілістер орын алды.

Мұндай саяси алауыздық туған аймақтардың көшбасында Сирия, Палестина, Мысыр провинциялары тұрды. Жаңадан құрылған Шығыс Рим империясында мұндай ұлттық, таптық, діни және өзге де ішкі саяси күрестерді болдырмауда I Феодосий мен оның мұрагері император I Аркадий ерекше қызмет етті. Бұл императорлар сыртқы саясатта негізінен готтармен бақталастыққа түсіп отырды. Шығыстан келген тайпалардың әсерінен Византияның шекарасына келіп орныққан олар Византия билеушілеріне талаптар қойып, ақыры соғыс қимылдарымен аяқталып отырды. Готтар император I Аркадийдің басты сыртқы мәселесі болды, ол бірнеше рет соғыс қимылдарын жүргізді. Византияның готтармен болған басты соғыс жағдайы 395, 400 жылдары болып, Аркадий (395-408 жж.) табысты қимылдар жүргізе алды [91].

V ғасырдың алғашқы жартысы Византия үшін ішкі саясатқа қарағанда сыртқы саяси мәселелермен ерекшеленді. Бұл тұста қоныс аудару процесінің күшейді, шығыстан көшіп келген варвар тайпалары Батысқа жылжи отырып олардың басым бөлігі Византия шекараларында тұрақтап қалды. Олардың ішінде белсенділік танытқан готтар, ғұндар, вандалдар және басқа да ірілі-ұсақты тайпалар болып, олар империя территориясына қауіп төндірді. Аталған тайпалар арасынан ғұндар белсенді қимылдар жасап, олар империяны ұзақ уақыт алымдар төлеуге мәжбүрледі. Бұл кезде империя тізгінін ұзақ уақыт қолында ұстаған II Феодосий (408-450 жж.) империяның ішкі саясатына қарағанда сыртқы саяси мәселелерін шешіп алуға көп уақыт жұмсады. Империя өзінің шығыстағы басты қарсыласы сасанидтік Иранмен соғыс қимылдарын күшейтті. Екі мемлекеттің шекісуінің негізгі себебі Христиан дінінің империядан тыс аумақтағы халықтарға таралуы болып, оған парсылардың қарсылық танытуымен байланысты болды. варвар тайпаларымен үздіксіз тартыстар және Иранмен күшейтілген соғыс жағдайлары империяның ішкі әлеуметтік-экономикалық ахуалына кері әсер етті.

Бұл процесс императорлар Маркиан, Лев, Зенон және басқалардың тұсында жалғасып, варвар тайпалары империяның сыртқы саясатын аса ауыр деңгейге шығарды. Сыртқы алымдар төлеудің салдарынан халық наразылығы туындап, бұқараның императорға деген сенімі азайды. Осының салдарынан императорлар таққа ұзақ отыра алмады. Империяда саяси-әлеуметтік шиеленіс артып, ол халықтың билікке наразылығын күшейте берді. Елдегі ішкі саяси-әлеуметтік күрестің алдын-алу үшін арнайы экономикалық реформа керек болды.

Мұндай экономикалық реформа император I Анастасий билік құрған (491-518 жж.) тұста жасалды. Ол халықтың әлеуметтік жағдайын терең ұғып, оны көтеру үшін және елде таптық және әлеуметтік күрестің алдын-алу мақсатында белгілі бір шешімдер қабылдауды жөн санады. I Анастасий ішкі және сыртқы сауданы дамытуға назар аударып, бұл салада айналысушыларға келетін түрлі қауіп-қатердің алдын алуға кепілдік берді. Сонымен бірге елде кәсіпкерлікпен айналысатын тұлғаларды мемлекет пайдасына шақырып, оларды белгілі бір мерзімге салықтан босатты [129]. Түрлі қаржылай жеңілдіктер қарастырып берді. Мұның барлығы көп ұзамай жемісін беріп, империяның халықаралық саудадағы ролін күшейтті. I Анастасий кезінде империяда жер шаруашылығы басты назарда болып, онда жер салығы енгізілді және ол алғаш кезде аз мөлшердегі салық көрсеткішімен белгіленді.

I Анастасийдің сыртқы саясаттағы басты қарсыласы Сасанидтік Иран болды. Екі жақты басты геосаяси тартыстары Кавказда, Армения мен Лаз жерлеріне байланысты болып, ол мемлекетаралық саяси байланыстарды бұзды. Басты желеу Византияның аймақтағы халықтарға ешбір негізсіз христиан дінін таратуы деген атпен байланыстырылды. Варварлардың шапқыншылықтары жалғасып, бұл кезде готтар мен ғұндардың қысымынан бөлек славяндардың саяси қыр көрсетуі басты тақырыпқа айнала бастады.

I Анастасий кенеттен қайтыс болып, оның орнына таққа қай әулеттің өкілі келетіні белгісіз болып, бұл империя тағы үшін тартыстардың тууына алып

келді. Ақыры сенаторлардың ұсынысымен I Юстин император болып сайланды. Дегенмен, император сайланғанымен талас-тартыс толастамай, оның ақыры империяда билікке қарсы көтеріліске ұласты. Көтерілісті діншіл Амантия есімді адам басқарды. Ол ішкі саясаттан хабардар болып, жаңадан билікке келіп отырған I Юстинді пара беріп алдауға кіріседі. Ол мемлекетте белгілі бір лауазымды қызметте отыруды қалайды. Бірақ, Амантияның ойлары мен істері әшкере болып, ол жақтастарымен бірге өлім жазасына кесілді. Арадан көп ұзамай онымен бірге қамауға кеткендерге кешірім жасалып, олар қайтып келді. Алайда, кешірім жасаған соң I Юстинге қарсы мұндай бүлік тағы да пайда болды.

Саяси бүлікті Виталиан есімді адам басқарды. Ол да өзінің діни және саяси ұстанымдарын алға тартып, Амантия үшін кек алуға дайын екенін білдіреді. Бірақ, ол көп ұзамай қайтыс болады. Жалпы, I Юстинге қарсы соғыс жүргізген бүлікшілер негізінен діншілдер болды. бұл туралы Евагрияның хроникалары дәлелдейді. 518-527 жылдары билік құрған император I Юстин мемлекетте Христиан дінінің Православие бағытын таратуды толыққанды қолдайтынын айтты [55, с. 275].

Византия империясында халықтардың саяси және әлеуметтік күресі мен империяның сыртқы саясатындағы дағдарыстардың ең шиеленіскен кезі ол император I Юстинианның басқарған кезеңімен тұспа-тұс келеді. I Юстиниан басқаруының алғашқы жылдарында империяның Шығыс провинцияларында (Антиохия, Лаодикея, Селеуксия т.б.) жер сілкінісі мен басқа да табиғи апаттар орын алып, олардың салдарынан 10 мыңнан астам адам опат болды. Бұл жағдай империяның әлеуметтік-экономикалық жағдайына ерекше ісер етті. Император I Юстиниан зардап шеккен аймақтардағы халықтарды үш жылға барлық салықтардан босатып, зардап шеккен қалаларды қалпына келтіру үшін 200 фунт алтын жұмсауға бұйрық берді. Сонымен бірге мемлекет астанасы мен басқа да аймақтарда жөндеу жұмыстары жүргізіліп, мәдени орындар салынды. Ол үшін де қыруар қаржы жұмсалды. Мұндай істер мемлекеттік кірістердің көбеюіне айтарлықтай кері әсер етті.

I Юстиниан кезінде империядағы саяси-әлеуметтік күрестердің мысалы бола алатын факторлардың бірі ол жоғарыда аталғандай діни жағдай болды. Император I Юстиниан дінсіздер мен пұтқа табынушыларды қудалау туралы заңдар қабылдады. Себебі, әр түрлі дінді ұстау мемлекеттің саяси өміріне қауіпті болуы мүмкін еді [93]. Ол негізсіз соғыстардың, халықаралық жанжалдардың пайда болуына ықпал етеді деп сенді. 529 жылы Палестинада жергілікті халықтардың көтерілісі мен онда орын алған жаппай қанды соғыстың салдарынан жүз мыңға жуық адам көз жұмды. Бұл туралы Прокопийдің еңбектері мәлімет береді. Бұл жағдай империя қазынасына ауыр болды. Прокопий, I Юстинианның елдегі қантөгістен кейін Палестина халқының еңбек жалақысынан ешқандай шегерім жасамағанын және қаңырап бос қалған жерлер үшін жалақы төлеуге мәжбүр болған христиан жер иелерінің жағдайы одан сайын нашарлағанын айтады.

Осыдан соң көп ұзамай 532 жылы Византия тарихында атақты «Ника» көтерілісі басталды. Ника көтерілісі өзге діндегілердің ғана емес, тіпті

Христиан дінінің жаңа бағыттарын ұстанатын адамдарды да қудалады. Бұл көтерілісте халық дін үшін соғысқа шыққандай болды. Бұған қарай отырып, діннің Византия қоғамында саяси және әлеуметтік маңызының өте зор екенін көруге болады. «Ника» көтерілісі І Юстинианның діни саясатына және мемлекет пен қоғамды басқару жолында қабылдаған заңдары мен түрлі шараларына қарсы ұйымдастырылды.

Бірақ, көтеріліс бастырылып, ол халық арасында түсіндіру жұмыстарының жүргізілуімен аяқталды. І Юстиниан елде болып жатқан діни ұстанымдар мен көзқарастардың қақтығысы мен жалпы діни алауыздықтар мемлекет пен қоғамның дамуын тежейтін басты кертартпа күш деп білді. Император егер оны дер кезінде реттемейтін болса, онда ол империяда бұқара халықтың саяси күреске шығуын одан сайын үдетіп, империяны іштен ыдыратуы мүмкін деп топшылады [94]. Дегенмен, мұнымен империяның әр аймақтарында халықтардың қозғалысы толастаған жоқ. Діни тақырыптар империяның әр аймағында уақыт ағымына сай туындап жатты.

Прокопий осы жылдарда Юстиниан билігіне үкіметтің жергілікті халықтың апаттарына деген көзқарасын жеткізді, өйткені ақшаға деген зәрулік мемлекет үшін үлкен мәселеге айналды. Бұл кездегі Юстиниан режимінің дағдарысы енді ғана басталған еді. Оның келесі бір мысалдары Сасанидтік Иранмен жүргізілген соғыстар мен оның келісімдерін қабылдау және оны жүзеге асыру Византия тарапынан сатып алынды. Дәлірек айтқанда, бейбітшілік туралы келіссөздер жүргізу ұсыныстары І Юстиниан тарапынан басталып, ол үшін Византия Иранға соғыс шығындары мен алымдар төледі. Себебі, ол өз билігінің алғашқы жылдарынан бастап парсылармен соғысып жатты. Византия Иранның соғыста жеңіліп қалуы мүмкін деп ұқты және өзінің билікке келгеніне дейінгі кезеңде басталған бұл соғысты барынша тез аяқтауға ұмтылды.

Сол заманғы тарихшылар Фоканың мемлекеттегі басты қызметін оның атақты Әулие София храмының құрылысын бастауымен сипаттайды. Бұл үшін оның императорға 4 мың фунт алтын сыйлағаны айтылады. Прокопийдің жазбаларында берілген мәліметтерге сәйкес, Юстинианның префекті лауазымында қызмет еткен барлық адамдардан (550-ші жылға дейін) тек Фока және Басс есімді префектілер (547-ші жылы) өзінің жеке басының қамын ойламаған, байлық үшін өз қызметін пайдаланбаған мемлекет үшін еңбекқор саналған адамдар болды. Бірақ, бұл лауазымды өз міндетіне алып адал орындаған осы адамдар ұзақ жылдар бойы отыра алмады. Мұның басты себептері

Прокопийдің айтуынша, І Юстиниан тұсында халықтың белгілі бір бөлігі мен билік өкілдері оның әйелі Феодораның билікке араласуына байланысты саяси наразылықтары туындады. Халық арасынан әлеуметтік тап өкілдері оның мүлде мемлекет пен оның қазынасын басқаруға араласпауын талап етті. Феодора саяси мәселелермен тұрмай, қазына қаржысы мен мемлекеттік кірістерді басқаруға дағдыланды. Дегенмен, ол император қазынасын байытуға арналған кең ауқымды жоспарлары мен құрылыс орындарын салудың және олардың табыс табуының күрделі міндеттерін шеше алмады. Мемлекетке

қаржы саласында жаңа бағыт немесе тіпті жаңа өмір қажет еді. Ол үшін аса білікті маман қажет болды. Бұл істе білікті маман ретінде сириялық Питер Варсима белсенділік таныта алады деп шешілді. Питер Варсима Феодораның ұсынысымен сайланды. Ол біртіндеп мемлекеттік қазынаға жаңаша тәртіп енгізді. Питер Варсима префект болып екі рет сайланды. Оның біріншісі 543-546 және 555-559 жылдар аралығы болды [95].

Осы жылдары мемлекетте оба ауруы тарап, ол тым асқынып күшейіп кетті. Оба ауруы империя қазынасына үлкен шығын келтірді. Билік тарапынан ешқандай күш обадан туындаған берешекті тазарта алмады. Обадан кейінгі жылдарда империяның саяси-әлеуметтік жағдайы өте қиын халге түсті. Император I Юстинианның кезіндегі басты сыртқы саяси мәселе ол парсы соғыстарымен байланыс болып, ол императордың Иран шахы I Хосровпен 545 жылға дейін бейбітшілікті қайта қалпына келтіру мақсатында жұмсалған қаржы және басқа да қаржы қиындықтары мемлекетті үлкен экономикалық шығындарға ұшыратты [62, бб. 140-142].

VI ғасырдың соңы мен VII ғасырдың алғашқы ширегі Шығыс Рим империясында кейбір қоғамдық орталарда құлдық қатынастар әлі де болса бар еді және басты жағдай бұл қоғам осы кезеңде үлкен дағдарысқа ұшырады. Осыған байланысты бұл уақыт аралығы империяда саяси-әлеуметтік күрестің ауқымды орын алған кезеңі болды. Мемлекетте феодалдық қатынастар дамып, қоғам санасы адамзат дамуының келесі бір сатысына көтерілді. Мемлекетте қоғамдық өмірде әр түрлі өзгерістер орын ала бастады. Әрбір азамат өзін белгілі бір деңгейдегі қызметші ретінде сезінуі тиіс болды. Биліктегі тұлғалар мен түрлі шенді қызметкерлер бұқара халықпен санасуы тиіс болып, ол қоғамның санасын өсірді. Халық билікке көптеген саяси және әлеуметтік бағыттағы талаптарды қоя бастады. Басты талап мемлекеттің халықпен санасып жұмыс істеуі қажет еді, адамдарға құлдық кездегідей қатынастар жойылып, қанаушылық азаюы тиіс болды. Бұрынғы құлдықта өмір сүрген адамдар енді дербес жалдамалы жұмысшыға айналып, ол ерікті шаруаға айналды, қолынан келсе қолөнермен айналысты немесе саудаға кірісті.

Дегенмен, мұндай талаптар әр жерде әр түрлі қабылданды. Мысалы, мемлекет астанасында қара халыққа қолдау мен құрмет көрсетілсе, провинция халқында мұндай жағдай болмады. Қанаушылық сақталды, қараша халыққа жергілікті билік өкілдері құрметпен қарамады. Соның негізінде көптеген көтерілістер орын алып, ол империяда саяси-әлеуметтік күрестің тууына себеп болды. Мұндай күрестің басты мысалдары аймақтардағы наразылықтар мен көтерілістер және осы көтерілістерді пайдаланып, лауазымды қызметкерлердің мемлекеттік саяси төңкеріс ұйымдастыруы болды. Мемлекеттік лауазымды қызметкерлер арасында билікке қарсы шығып үлкен нәтижеге қол жеткізген центурион (әскери қызметкерлер) Фока болды. Фока өзі әскери адам болып, ол Еуропа жерінде жүргізілген соғыстарда қол бастады. Ол император Маврикий жүргізген саясатқа қарсы шығып, қол бастады, тараптар арасында ашық соғыс басталды. Басты себеп, сыртқы соғыстарға байланысты шенеуніктер мен әскерилерге және қара халыққа қойылатын саяси және әлеуметтік талаптар

болып, оның ішінде әскерге адам алу мен соғыстарға қатысты халықтан салық жинау болды [96].

Фоканың көтерілісінің кезінде 602 жылы император Маврикий жан-жақтан қолдау іздеуге қарамастан, ол жеңіліске ұшырады және тақтан түсіріліп, қайтыс болды. Бұл жағдай Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуіріндегі ең ірі саяси және әлеуметтік күрес пен төңкерістің бірі болды. Император тағына Фоканың өзі отырды. Ол империяның 610 жылға дейін басқарып, ол жасаған төңкерістің саяси, әлеуметтік-экономикалық маңызы зор болды. Халық өзіне не қажет екенін түсіне бастады және оны билікке жеткізуді үйренді. Император Фоканың көтерілісі империяның ішкі саяси-әлеуметтік өмірінде ірі өзгерістерге бастама болып, ол сонымен бірге сыртқы саясатқа да әсер етті. Империяда ішкі саяси жағдайдың шиеленіскенін пайдалануды көздеген басты қарсылас Сасанидтік Иранның билеушісі II Хұсрау Византияның шығыс аймақтарын иеленуді көздеп, оған әскер кіргізді. Бұл жағдайы империяны аса үлкен саяси және әлеуметтік-экономикалық дағдарысқа ұрындырды.

Жалпы, Маврикий мен оған дейін билік құрған императорлар II Юстин мен II Тиберийдің билік құрған тұсында Шығыс Рим империясында халықтың саяси ахуалы мен оның әлеуметтік өміріне баса назар аударылмады деуге де болады. Мұның өзіндік маңызды себептері болып, I Юстинианнан кейін мемлекет тізгінін қолға алған императорлар II Юстин, Тиберий, Маврикий мемлекеттің сыртқы саясатына баса назар аударды. Себебі, VI ғасырдың екінші жартысы Византия империясының саяси өмірінде аса бір қауіпті кезең болып саналды.

Ал, сыртқы жағдайды ретке келтірмей ішкі ахуалды тұрақтандырып, халықтың саяси-әлеуметтік жағдайын көтеру қиын болды. Оның сыртқы саясаттағы басты бақталасы болған Сасанидтік Иран Византияның шығыс провинцияларын, тіпті империяны түгелдей құлатуға дайын тұрды. Варвар тайпалары, оның ішінде әсіресе аварлар, славяндар, готтар, ғұндардың ұрпақтары және басқа да көшпелі халықтар Византияға сырттан үздіксіз қауіп төндіріп отырды. Бұл уақытта Византияны алым төлеуге мәжбүрлеген мемлекет Авар қағандығы мен славяндар болды. Олардың шектен тыс алымдарды талап етуі Византияның оларға сан рет соғыс ашуына себеп болып, ол да империяның саяси жағдайына кері әсер етті [96, pp. 12-13].

Бұл императорлардың кезінде де шіркеу ісі өзінің қызметін жалғастыра берді. Мемлекеттік орталықтанған басқарушы аппарат діннің ролінің ұдайы жоғары бола беретінін, шіркеудің мемлекет қызметіне деген үлесі ұдайы көп болатыны айтылды. Тек Тиберийдің тұсында ғана аздап қарсылық әрекеттері туындап онда шіркеу қызметкері Евтихий біраз қарсылық көрсетті. Тиберий шіркеу қызметкерлері мен қарсылық ұйымдастырған адамдарға қатысты түрлі шаралар қабылдады. Ол император I Юстинианның шіркеу ісіне қатысты мемлекеттік заңдарын басшылыққа ала отырып, түрлі жазалау шараларын ұйымдастырды.

Сыртқы саясатты реттеу ішкі ахуалды тұрақтандыруға ғана септігін тигізіп қана қоймай, ол сонымен бірге империяның сыртқы саудасын реттеуге көмектесті. Сыртқы сауда Византия үшін маңызды болды. Император II Юстин (565-578 жж.) сыртқы сауданы дамыту үшін шығыста күшейіп келе жатқан

Түркі қағанатымен сауда қарым-қатынастарын орнатты. Екі мемлекеттің саудасаттық байланыстары олардың саяси қарым-қатынастар орнатуына себепші болып, император оларды парсыларға қарсы пайдаланды. Бұл саясат өзінің жемісін беріп, империяның сыртқы саясатында табысты қадамдардың бірі болды. II Юстиннен соң түркілермен байланыстарды жалғастырған II Тиберий сыртқы саясатта тиімді қадамдар жасай білді.

Одан соң билікте болған император Маврикий (582-602 жж.) империяның сыртқы саясатында табысты саясат жүргізе алды. Ол парсылармен арадағы саяси жағдайды реттеп, Балқандағы соғыс қимылдарында біраз нәтижелерге қол жеткізді. Жоғарыда аталғандай, Маврикий елдің ішкі жағдайына баса назар аударған жоқ. Оның басты мақсаты тек империяны сыртқы күштерден қорғау болды. Ол 591 жылы Иранды өз қалауы бойынша ұсынылған келісімдерге көндіре алды. Аварларға қарсы табысты соғыстар жүргізіп, оларды бірнеше дүркін жеңілістерге ұшыратты. Аварларды Дунайдың арғы беткейіне ысырып тастады.

600 жылы жасалған келісімде аварларды өз дегеніне көнуге мәжбүрледі. Одан соң империяның келесі бір аса қауіпті қарсыласы болған славяндарға аттанып, 601-602 жылдары оларды бірнеше рет жеңіліске ұшыратты. Славяндар да келісім сұрауға мәжбүр болды. Осылайша, император Маврикийдің әсери тактикасы жоғары болып, ол Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде сыртқы саясатта белсенділік танытып, жеңісті соғыстар жүргізген императорлардың қатарынан орын алды. Бірақ император Маврикий көп жылдар соғыс қимылдарында жүріп, ішкі жағдайдан көбінесе бейхабар болғандықтан, өзінің ішкі қарсыластары мен бақталастарының қарсылығына бірден қарсы тұра алмай, солардың бірі болған әскербасы Фоканың көтерілісінен кейін тақтан тайдырылды [97].

Фока империя тағын иеленген жылдары мардымды саясат жүргізе алмады. Ол империяның ішкі-сыртқы саясатында туындаған мәселелерді шеше алмады, парсыларға қарсы күресте жеңілістерге ұшырады. Фоканың басты қателігі парсыларға қарсы жеке соғысу үшін аварлармен аса ауыр келісімшарттарды қабылдады. Халықтың басын біріктіре алмады және елді басқаруда көбінесе әскери күш қолданды. Мемлекетті басқаруға қабілетсіз болып, оның бастаған шаралары жүзеге аспай қалды. Мұны көрген халық оның биліктен кетуін талап ете бастады. Бұл жағдай сол кездегі алдыңғы қатарлы мемлекеттермен салыстырғанда Византия халқында саяси сананың оянганын анық көрсетті. Бұқара халық мемлекетті басқаруға дәрменсіздік танытқан билеушілерді биліктен аластатуға бейім бола бастады. Мұндай саяси қимылдар негізінен империя астанасы мен оған жақын жатқан провинция халықтарына тарапынан көптеп ұйымдастырылды. Осындай келеңсіздіктердің салдарынан Фока 610 жылы тақтан тайдырылды және өлтірілді. Византия империясының тағына Ираклий отырды [98].

Бұл кезде империяда экономикалық күйзеліс және ішкі саяси-әлеуметтік дағдарыс жағдайында болса да парсылармен соғыс тоқтаған жоқ. Византия мен Иран арасындағы бұл соғыс 602-628 жылдары ұзақ уақытты қамтып, ол империяның ішкі жағдайында туған саяси-әлеуметтік мәселелерге байланысты

ұзаққа созылды. Фока басқарған жылдары ішкі саяси күрес пен сыртқы соғыстардың салдарынан дағдарыс жағдайында тұрған Византияны қайта көтеру Ираклий үшін басты саяси міндет болып қабылданды. І Ираклий деген атпен Византия императоры болып сайланған Ираклий өзі текті әулеттен шығып ол мемлекетті басқаруда табысты қимылдар жүргізуге бел байлады. Ол ішкі көтерілістер мен провинцияларда халық наразылықтарын, сан түрлі саяси толқуларды басты. Ішкі-сыртқы соғыстан қажыған халықтың саяси-әлеуметтік жағдайын жақсарту жолында бірнеше жылдам шешімдер қабылдады. Мемлекет саясатына қарсы күреске шыққандарды, себепсіз көтеріліс ұйымдастырғандар жазаға тартылды. Осылайша, империядағы саяси-әлеуметтік күрес біршама азайды [98, pp. 54-56].

Келесі кезекте І Ираклий сыртқы саяси мәселелерді реттеуді, оның ішінде Сасанидтік Иранмен соғысты аяқтауға кірісті. Нақтырақ айтқанда, І Ираклий билік еткен тұста Сасанидтік Иран Византияның қас дұшпаны болып саналды. Ішкі жағдайды реттеген соң қайта әскер жасақтап, Константинополь түбіне келген парсыларды қууға белсене кіріскен І Ираклий табысты қадамдар жасай бастады. Аса үлкен соғыс майданына шыққан византиялықтар Шығыста хазарлармен, Батыс Түркі қағанатымен одақтаса отырып, басты қарсыласы Сасанидтік Иранды жеңіліске ұшыратты. VII ғасырда Византиямен, енді күшейіп келе жатқан арабтармен және басқа да мемлекеттермен тоқтаусыз соғысып, сонымен бірге ішкі жағдайда тұрақтылықты сақтай алмаған Сасанидтер әулеті биліктен құлатылды. Бұл аса ірі тарихи жағдай болып, империяның құлауына бұған дейінгі Шығыс Рим империясымен жүргізген соғыстар елеулі ықпал етті [99].

Мәселеге қатысты ғылыми тұжырымдардың негізгі түйіні Халықтардың ұлы қоныс аудару дәуірінде Шығыс Рим империясының саяси жағдайы аса құбылмалы күйде болды. Империяның ішкі саяси өмірінде тұрақсыздық көптеп орын алды. Бұл дәуірде империядағы ішкі тартыстар мемлекеттің саяси-әлеуметтік дамуына кері әсерін тигізіп отырды. Империяда орын алған саяси және әлеуметтік-экономикалық тартыстар негізінен мемлекет басшыларының алауыздығынан, жеке-дара биліктің шектен тыс жүргізген қатаң саясатынан туындады. Ішкі саяси көтерілістер мен наразылықтар билік пен халық арасындағы түсінбеушіліктің салдарынан туындап, ол бірте-бірте мемлекеттік басқару аппаратының бұқара халыққа деген саясатын түбегейлі өзгертуге алып келді. Нақтырақ айтқанда уақыт өте мемлекеттік билік халықпен толық санасу қажеттігін уақыттың өзі көрсетіп берді. Саяси-әлеуметтік қайшылықтарды реттеудің салдарынан ішкі саяси жағдайды басқарудың византиялық өзіндік жолы қалыптасты. Бұл Византия империясының кейіннен саяси дамуына ықпал етті.

Қорыта келгенде, Ұлы қоныс аудару дәуірінде ішкі саяси жағдайдың құбылуына, әлеуметтік-экономикалық дамудың уақыт ағымына сәйкес шегеріліп отыруына сыртқы саяси факторлар ерекше ықпал етті. Көрші халықтармен, мемлекеттермен, империялармен байланыстар орнатуда, соғыстар жүргізуде Византия өзінің сыртқы саясатты басқарудың алдыңғы қатарында тұрған мемлекет ретінде көрсетті. Ұлы қоныс аудару процесінде

Батысқа қарай жылжыған әрбір варвар тайпаларының «аялдамасына» айналған Византия, олардың бетін қайтару үшін берілетін алымды қазынадан берсе, ал қазынаны халықтан алынған салықтың есебінен толықтырып, ол империяның әлеуметтік-экономикалық жағдайын төмендетіп жіберіп отырды. Дегенмен, империя өзінің саяси төзімділігі мен ұтымды саясатының арқасында ішкі және сыртқы саясатта орын алған сан түрлі кедергілерді жеңіп, өзінің даму жолын айқындай алды және келесі бір тарихи кезеңге аяқ басты.

2 ХАЛЫҚТАРДЫҢ ҰЛЫ ҚОНЫС АУДАРУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ВИЗАНТИЯ ИМПЕРИЯСЫ ЖӘНЕ ҒҰНДАР МЕН АВАРЛАР

2.1 Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңінің басталуы

Еуразияда Халықтардың Ұлы қоныс аудару процесі – әлемдік тарихта аса ұзаққа созылған және ең ірі тарихи процестердің бірі ол болып табылады. Бұл үрдістің басты ерекшеліктері оның қоғамдық өмірдің барлық салаларын қамтығанымен сипатталады. Оның басты факторлары ретінде бұл көштің құрамында болған және осы көшке араласқан халықтардың саяси, этникалық, экономикалық, әлеуметтік және мәдени өміріндегі бұрын-соңды болмаған өзгерістер мен даму процесін көрсетуге болады. Еуразия тарихында халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірі IV-V ғасырларды қамтыды. Бұл дәуірде Еуразия халықтарының басым бөлігінің саяси, этникалық, мәдени бейнесін түбегейлі өзгерткен тарихи процестер өз дамуының шарықтау шегіне жеткенін көрсетті. Халықтардың Ұлы қоныс аудару процесі антикалық дәуірден бастау алған құлиеленушілік адамзат өркениетінің жойылып, оның орнына жаңа бір қоғамдық формация – феодалдық қатынастардың орныға бастаған кезеңмен тұспа-тұс келді. Келесі кезекте, Халықтардың Ұлы қоныс аудару процесінің қашан, қалай және кімдер тарапынан басталғаны аса маңызды факторлардың бірі ретінде саналады.

Адамзат қоғамында сананың өзгеріп, дәуірлердің алмасуына әсер еткен осындай ауқымды тарихи үрдістің қалай, қашан басталғаны туралы ғылыми мәселелер тарихшы-ғалымдардың қызығушылықтарын назарын ұдайы өзіне аударып, ол көптеген ізденістердің жүзеге асырылуына арқау болуда. Соның негізінде Халықтардың Ұлы қоныс аудару процесінің тарихына қатысты тұжырымдардың аясы уақыт ағымына сай кеңейе түсуде. Соның ішінде зерттеу жұмысының басты міндеттерінің бірі болған Халықтардың Ұлы қоныс аудару процесінің басталуы, олардың негізгі қозғаушы күші мен себепшісі және оған түрткі болған басты факторлар жайлы тұжырымдар көбеюде. Олардың ең негізгілері көштің басталуы, себептері, барысы мен аяқталуы және оны кезеңдерге бөліп қарастыру болып отыр.

Хронологиялық тұрғыдан алғанда қазіргі уақытта әлемдік медиевистика өкілдері Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірі негізгі үш кезеңге бөлінеді. Оның біріншісі осы заманның II-IV ғасырдағы көші-қон процестері. Екінші кезеңге байланысты болған уақыт аралығы IV-V ғасырлардағы оқиғалармен сипатталады. Ал үшіншісі, VI-VII ғасырлар аралығын алып, ол бұл үрдің аяқталған кезеңін қамтиды. Бұл кезеңдердің әрқайсысының өзіндік ерекшелігі болып, ол халықтардың қоныс аударуына ғана, яғни тек саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайына әсер етіп қана қоймай, сонымен бірге олардың тілдік, мәдени, этникалық өзгерістерге ұшырауына да аса зор ықпал етті [100].

Еуразия даласында Халықтардың Ұлы қоныс аударуында түбі Еуразияның далалық аймақтарынан шыққан көшпелі түркі тайпалары мен сол дәуірде Еуропада сан жағынан басым болған герман тайпалары маңызды роль атқарды. Оның ішінде Ұлы Тұран далаларынан тарап, ғасырлар бойына тіршілік пен күнкөрістің әсерінен Батысқа қарай жылжыған көшпелі ғұн тайпалары осы

көштің негізгі бастамашылары болды. Ғұн мемлекетін ерекше атап айтқан жөн. Себебі, ғұн тайпаларының Шығыстан (қазіргі Қазақстан, Ресей т.б. аумақтар) Батысқа қарай Кавказ бен Каспий маңы арқылы жаппай жылжуы IV ғасырға жатқызылады. Бұл кезең Еуразия даласында Халықтардың Ұлы қоныс аудару қозғалысын бастайды [3, С. 10-11]. Мұндай тұжырымдар, яғни Шығыстан Батысқа қарай қоныс аударған батыс ғұндардың көшіп-қонуы мен олардың біздің дәуірімізге дейін Орталық Азия аймағында өмір сүрген ежелгі ғұн тайпаларымен тарихы тамырлас болғандығы ұзаққа созылған ғылыми тартыстардың нәтижесінде ғана анықталды. Ғылыми тартыстардың тууына негізінен нақты деректердің аздығы мен әлемдік тарихшылар арасында мәселеге қатысты көзқарастардың сан алуан болуы себеп болды.

Еуразияда Халықтардың Ұлы қоныс аудару процесінің бастамашысы болған ғұндардың бұл аймаққа қалай келгені туралы географтардың еңбектері сарапқа салынды. II ғасырда өмір сүрген грек географы Дионисий Периегет өзінің шығармаларында Каспий теңізінің айналасында өмір сүрген халықтар туралы мәліметтер беріп, алайда онда ғұндардың болғаны жайлы хабар бермейді. Алайда, ғалымдар арасында бұл хабардың сенімділігі туралы ортақ пікір жоқ. Кейбір тарихшылар бұл жерде өткен антикалық тарихтың маңызды рөлін атқарған халықтар туралы айта отырып, Дионисий Периегет жұмысының қолжазбалық дәстүрі бұл жағдайда бұрмаланған деп санайды [100, с. 181].

Сол сияқты, антикалық дәуірдің келесі бір географ ғалымы Клавдий Птолемейдің хунну тайпаларын Қара теңіз аймағында өмір сүрген деп жариялауы ғылымда үлкен пікірталас тудырды. IV ғасырдағы ғұндардан едәуір айырмашылығы бар Птолемейдің хундарын кейінгі бағандар деп қарастырған П.И. Шафарик пен Э.А. Томпсонға [101] қарағанда, көптеген ғалымдар грек географының пайымдауларының дұрыстығына сенімді және соларға жататынын айтады. Бірақ, Птолемей: ғұндар Қара теңізде емес, Орта Азияда болуы керек деген. Ф. Альтхайм оларды Кавказдың батыс бөлігінде Маныч пен Жоғарғы Кубаньда, Н.П. Толль – Дон жағалауында, А.Д. Удальцов – Днепрдің шығыс жағына орналастырады. Ал, Э. Фон Витерсхайм мен О. Мэнчен - Хелфен Молдавия, Днестрдің төменгі жақтарын қазіргі замандағы аумақ деп [102] есептейді.

Халықтардың Ұлы қоныс аударуының басталуына ықпал еткен ғұн тайпаларының Шығыс Еуропаға келуі мен олардың осы аймақтарға жақындауы және өмір сүруі туралы антикалық автор Аммиан Марцеллиннің жазбалары көптеген ғылыми тартыстарға шек қоя алады. Оның жазбаларында хундар бір кездері Меотия көлінің (Азов теңізі) шығыс бөлігінде қоныстанбай, тек Танаис (Дон) өзенінің солтүстігінде өмір сүрген деген мәліметтер көрсетілген. Сонымен қатар, Аммиан Марцеллин хундарды шығыс Азов теңізінің автохтонды халықтарының қатарына жатпайды деп санаған. Олар тек сыртқы аймақтарға жорықтар жасау арқылы аландарға және массагеттер жеріне жетті. Бұдан бөлек олардың келесі бір тобы Кавказда және Каспийде пайда болған. Аммиан Марцеллиннің ойынша ғұндардың батысқа жылжуы осы аймақтардан басталған. Көрші тайпаларды бірте-бірте бағындырып, сол арқылы осындай

ұлы көшті бастап жіберген. Оның тұжырымдарын сараптасақ, ғұндар мұндай аса ауқымды процесті бастауын өздері де ойламаған [103].

Ғұндардың бұл аймақтарда пайда болғаны туралы антикалық тарихшы Евнапийдің «Жалпы тарих» еңбегінде кездеседі. Оның жұмысында берілген үзінділерден ғұндардың Шығыс Еуропаға жақын аймақтарда пайда болуы туралы мәліметтер келтірілген. Бұл еңбек те еуропалықтар атағандай хундардың осы аймақтарға Каспий маңы мен Кавказ аймақтарынан келгеніне күмән келтіріп тұрған жоқ. Ол да ғұндардың мұнда қайдан келгенін және скифтерді Азов аймағынан қалай ығыстырғаны туралы таңданысын жеткізіп, ұлы көштің басталуына осы бір шығыстан пайда болған халықтың әрекетін барынша суреттеуге тырысады [104].

Шығыстан шыққан ғұндардың негізгі бөлігі Кавказ далаларына келіп, одан батысқа қарай оңтүстік Ресей даласына жеткен, ал әлдеқайда аз бөлігі Киммердегі Боспор арқылы Қырымға өткен. Ғұндардың бұл әрекеті осы көштің, яғни Халықтардың Ұлы қоныс аударуының басталуына ықпал еткен негізгі қимылдардың бірі ретінде тиянақты түрде көрсетіледі. Антикалық тарихшы Зосим бұған қосымша ретінде ғұндардың келесі бір шағын бөлігі Кавказда және осы таудың алдыңғы беткейіндегі аймақтарда қалып қойды дейді. Олар шамамен 20 жылдай уақыт өткен соң Парсы патшалығы, Армения және Шығыс Рим провинцияларына жеткен [37, с. 178].

Осылайша, кейінгі антикалық римдік және ерте византиялық авторлар ғұндарды Азов теңізіне жақындағанда ғана анықтайды, алайда олардың тарихының алдыңғы кезеңдері римдіктерге белгісіз еді. Келесі кезектегі сұрақ, еуропалық тарихшылар көрсеткендей, осы көштің басталуына түрткі болған хундардың, яғни қазіргі заманғы ғылымда батыстық ғұндар деп аталатын осы халықтың ертеде қытай деректерінде көрсетілген Орталық Азиядағы ғұн тайпалары арасындағы байланыс бар ма, жоқ па деген тартыс ғылымда ұзақ уақыт бойы үстемдік етті. Алғашқыда Халықтардың осы көшін бастаған ғұндар болды ма деген сауал болса, енді олардың шығыстағы ғұндармен байланысы бар ма, болса қаншалықты деген ғылыми мәселе күн тәртібіне енді.

Дегенмен, ол өзі еуропалық ғұндардың азиялық ғұндармен байланысы бар деген пікірдің жақтаушысы ретінде танылды [105]. Ал, Орталық Азиядан шыққан ежелгі ғұндарды Ұлы қоныс аударудың басты себепкері болған еуропалық ғұндармен байланыстырған алғашқы зерттеуші М.Дегин болған еді. Оның тұжырымы көп ұзамай-ақ кең көлемді қолдауға ие болып, осы мәселеге өздерінің жұмыстарында тоқтаған тарихшылардың басым көпшілігі осы көзқарасты ұстана бастады. Осылайша, бұл мәселе өзінің шешімін түбегейлі тапты. М. Дегиннің мұндай тұжырымдары Э. Гиббон, А. Тьерри сынды әлемдік ғалымдар тарапынан жалғасын тапты.

М. Дегин мен К.И. Иностранцев бастаған пікірлер ұзақ жылғы тартыстар нәтижесінде ғылымда өз орнын тапты. Еуразияда Халықтардың Ұлы қоныс аударуын бастаған ғұндардың Шығыстағы ғұндармен тарихи тамырластығы анықталып, олардың өздері Батысқа осы аймақтардан ғасырлар бойына жылжып барғаны анықталды. Осыдан кейін уақыт өте еуропалық ғұндарды Шығыстан, дәлірек айтқанда Орталық Азиядағы ежелгі ғұндардың бір бөлігі

деген ғылыми тұжырымды кеңестік ғалымдар да қолдады. Олардың қатарында А.Н. Бернштам, Л.Р. Кызыласов, С.В. Киселев, М.И. Артамонов, Н.Я. Мерперт, Л.Н. Гумилев, Ә.Х. Марғұлан, И.П. Засецкая, З. Удальцова және т.б. болып, олар өз зерттеулерінде бұл жайлы жаңа пікірлерді суреттеді. Сонымен қатар, кейіннен Мак-Говерн, Е. Прицак, Альтхаим және басқа да батыс ғалымдары бұл тұжырымды қолдады [106].

Бұл туралы отандық тарихшы Қ.Т. Жұмағұлов өз зерттеулерінде осы көшті бастаған еуропалық ғұндардың Еуропаға Орталық Азиядан барғанын көрсетеді. Зерттеуші шығыстағы ғұндардың тарихына қысқаша тоқтала отырып, онда біздің заманымызға дейінгі дәуірде қытайлар ғұндарды өздерінің ең басты жауларының бірі ретінде есептеген. Ғұндар мен қытайлар арасында сан рет соғыстар болып, ғұн шаныюлері жеңіске жеткен. Бірақ, уақыт өте ғұндар әлсіреп, керісінше қытайлар күшейіп, оларды Батысқа қарай барынша шегіндіреді. Осыдан бастап ғұндар батысқа қарай жылжып, ғасырларға созылған жылжудың нәтижесінде Азов және Қара теңіздердің жағалауына жеткен [107].

Оның басты мысалдары біздің дәуіріміздің алғашқы жылдарынан бастап-ақ Қытай билеушілерінің қысымынан біржолата ығыстырылған солтүстік ғұндардың үлкен бір бөлігі I ғасырда Орталық Азия, оның ішінде қазіргі Қазақстан аумағын басып өтіп, одан соң Еділ, Дон өзендері мен Арал теңізі аумағында біраз уақыт өмір сүреді. Осы шағын кеңістікте ғұндар аландармен және өзге де көшпелі тайпалармен бірге екі-үш ғасыр уақыт бойы көшіп қонып жүріп, ақыры Шығыс Еуропаға қарай жақындаған. Аталған тұжырымдарды нақтылау үшін оны тиісті фактілермен көрсететін болсақ, алдымен Шығыстағы ғұндардың атақты тәңірқұты (билеуші) Мөде қайтыс болған соң ғұндар уақыт өте әлсіреп бұрынғы құдіретінен айырыла бастайды. Ғұндардың әлсіреуіне әсер еткен келесі бір фактор ғұн тайпалары арасында туындаған билік үшін өзара қырқыстар болып жатты. Олар мемлекетті қайта тіктеу үшін кейде бірігіп, күшейіп жатса, кейде руларға бөлініп бытырап соның негізінде қытайлардан жеңіліске ұшырап жатты. Бұл үдерістердің өзі бас-аяғы елу жылдай уақытты қамтыды.

Қытайлардың ғұндарды шығысқа ығыстырған ең басты оқиғаларының бірі б.з.б. 119 жылы орасан мол қытай армиясы ғұн тәңірқұтысының тұрағы мен оның ордасын басып алып, ғұндар мен олардың билеушісін қысымға алды. Бұл әскери қысым ауыр болып, тәңірқұты үлкен шығынға ұшырады [108]. Бұл дәуірде қазіргі Қытайда Хань империясы салтанат құрып, ол қуатты мемлекетке айнала бастаған еді. Осыдан соң, бірте-бірте ғұндар батысқа қарай шегіне бастады. Мұнымен тоқтамаған қытайлар оларға жиі-жиі жорық ұйымдастырып әбігерге салды. Уақыт өте Қытай армиясы Орта Азия қарай жылжи берді. Келесі бір аса маңызды саяси оқиға б.з.б. 101 жылы болып, бұл кезде Хань империясы бастаған қытайлар ғұндарды тағы бір рет ығыстырды. Бұл жолы ғұндар Шығыс Түркістан алқаптарынан толықтай айрылып қалды.

Осындай жетістіктеріне масаттанған Хань империясы ғұндарға б.з.б. 99-97 жылдары тағы да соғыс ашып, аса үлкен шабуылдар ұйымдастырды. Бірақ, бұл жолы қытайлар өз күштерімен ғұндарды жеңе

алмады, тек жиырма жылдан соң ғана олар басқа көшпелі халықтардың батыстағы үйсіндердің, шығыстағы дунхулардың және солтүстік-шығыстағы өзге де тайпалар мен халықтардың көмегінің арқасында жеңіске жете алды. Өздеріне қарсы жан-жақтан ұйымдастырылған ауыр соғыстың салдарынан ғұндар көп саяси-моральдық шығынға ұшырады. Осыдан бастап расында да ғұндардың саяси дағдарысы басталды [108, с. 61].

Өздерінде орын алған руаралық қырқыстардың және Қытайда Хань империясының қысымынан, сондай-ақ көршілес тайпалардың қысымынан кейін ғұндар б.з.б. 47-48 жылдары оңтүстік және солтүстік болып екіге бөлініп кетті. Бұл жағдай ғұндардың батысқа жылжуына әсер еткен ең негізгі факторлардың бірі болды. Бұл кезде оңтүстіктегі ғұндар лажсыздан Қытайдың бодандығын қабылдады, ал солтүстіктегі ғұндар өзімен көршілес тайпалармен бірлесіп, өз тәуелсіздігін сақтау мақсатында батысқа қарай жылжи бастады. Қытайдың үздіксіз қысымынан қажыған солтүстік ғұндар қазіргі Қазақстанның оңтүстік аймақтарын жайлаған Қаңлы мемлекетіне келді. Бұл көш ғұндардың алғашқы рет Орта Азия мен Қазақстанға қарай жылжығанын көрсетіп, қоныс аударудың алғашқы легі болды. Бұл жағдай Халықтардың Ұлы қоныс аударуының алғышарты болған батысқа қоныс аудару қимылдарының ауқымды бір бағыты еді.

93 жылы Солтүстік ғұндар тағы да батысқа қарай жылжыды. Ендігі кезекте олар қазіргі Қазақстан территориясы арқылы батысқа қарай көше бастады. Бұл көшу ғылымда ғұндардың батысқа жылжуының екінші кезеңі ретінде сипатталады. Көш процесі барысында ғұндар жергілікті тайпаларды бағындырып, Сырдария бойымен Арал өңірін жайлайды, сондай-ақ қазіргі Қазақстанның орталық және батыс аймақтарына барып қоныс тебеді. Олар осы аймақтарға жайғасып, жергілікті халықтармен араласады. Өте баяу қарқынмен жылжи отырып, өзге тайпалармен ассимиляцияға түсудің арқасында аздап антропологиялық бейнелері өзгереді, тілдері түркіленіп, өздерінің жергілікті тілдік диалектісі қалыптасады. Мұндай өзгерістер мен түрлі процестер ғұндардың IV ғасырда Шығыс Еуропа жеріне келуіне дейін өткен екі-үш ғасыр уақыттың ішінде болып өтті. Халықтардың мұндай ауқымды түрде жылжуы тек ғұн тайпалары ғана басты рольді жоқ, олармен бірге басқа да ірі көршілес тайпалар мен халықтар батысқа қарай жылжып, кейіннен IV ғасырда Халықтардың Ұлы қоныс аударуының басталуына үлес қосқан. Дегенмен олардың үлкен бөлігі ғұндар болып, қалғандары скифтер, фин-угорлар және басқа да тайпалар болды.

Алға қарай жылжу мен жол-жөнекей жаулап алудың салдарынан көшпенді ордасының құрамы үздіксіз өзгерді, барлық жаңа тайпалар мен халықтарды сіңірді және оған қатысты «Хундар» сөзі ұжымдық атына айналды. Осы орайда ғұндарға белгілі бір тілдің иелері ретінде келетін болсақ, бұл тақырыптың негізгі өзегі олар прототүрік тайпаларын құрайды [109]. Хун тілінен тек бірнеше атау сақталғандықтан, кейбір зерттеушілер оны жоққа шығарады, бірақ басқа болжамдар ұсынбайды. Бірақ, олардың түбі тілдерінің бірі екеніне ешкім күмән келтірмейді.

Батыс ғұндардың этногенезінде, бастапқыда гетерогенді болған түркі-моңғол элементтерінен басқа, олар қамтылған аумақтарда тұратын халық, әсіресе, осы процессте Батыс Сібір мен Оңтүстік Оралдың фин тайпаларының маңызы зор. «Басқа этникалық топтарды, көбінесе өркениеттің жоғары деңгейін игеру арқылы, түріктер «сіңірген» халықтардан көп нәрсе қабылданды. Антропологиялық ерекшеліктер, экономика формалары, рухани мәдениет үлгілері және сөздік қоры бар. Бір сөзбен айтқанда, басқа ұлттармен болғандай, түріктердің батысқа қарай қозғалысы түркі тайпалары секілді көбейіп, біртіндеп олардың бастапқы ерекшеліктерін жоғалтты» [110].

Қара теңіз аймағында ғұндардың болуы, әсіресе олардың пайда болғаннан кейін бастапқы кезеңде аз мәліметтер сақталған. Антикалық тарихшы Аммиан Марцеллин берген мәліметтерге сәйкес, ғұндар жылжи отырып Меотия көлі мен Понт теңізінің (Қара теңіз) жағалауы аудандарына келіп, аландар мен танаиттердің соққыға жығып, одан кейін гревтунгтарға шабуыл жасады. Содан соң олар тез арада шығыс шекараларынан тервингтердің иеліктеріне дейін жетіп, Днестрде, қазіргі Бендер қаласының маңына жеткен болуы мүмкін. Бұл қазіргі Оңтүстік Карпат аймақтары болуы керек. Мұнда Қара теңіздің Солтүстік-Батыс жағалауында, шамамен 376 жылы ғұндар өздерінің шабуылын тоқтатты.

Ғұндардың Каспийге, одан Кавказға, Ресейдің оңтүстік және оңтүстік-батыс аудандарына, содан соң Меотия көлі мен Танаис өзенінің аңғарына қарай жылжуы туралы уақыт өте көптеген археологиялық деректер де табылған. Кейбір археологиялық деректер ғұндардың батысқа қарай өз жолдарын нақты факт ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Ғұндарға тән болған археологиялық ескерткіштер Алтай, Орталық Азия, Қазақстан және Оралдан Мажарстанға дейін таралған. Бұрынғы КСРО аумағында орналасқан жерлеу дәстүрінің басым бөлігі Волга аймағында кең таралған, бұл тайпалардың Кавказ бен Қырымда кең таралған іздері бар. Каспийде және Кавказда II ғасырдағы хун тайпаларының археологиялық іздері табылған. Бұдан бұрын ғұндар Дон, Кубань, Солтүстік қара теңіз жағалауындағы көптеген грек қалалары мен орманды даланың черняхов мәдениетінің көптеген елді мекендерін толығымен бұзушы ретінде кінәланды [111]. Бірақ, уақыт өте археологтардың көптеген қазба жұмыстарының нәтижелерін қайта қарастырып, IV-V ғасырларда келтірілген өрттің және зақымдардың қабаттарын зерттеудің салдарынан жаңа болжамдар мен пікірлер ұсынылды. Мұндай пікірлер ғұндардың Босфор патшалығы мен аймақтағы басқа қалаларға мұндай аса үлкен зиян келтірген жоқ деп мәлімдейді.

Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Еуропаға қарай жақындап, халықтарды бірте-бірте батысқа қарай ығыстырып келе жатқан ғұндардың тарихы бойынша мол мәлімет беретін Аммиан Марцеллиннің жазбаларында ғұндардың күнделікті өмірі жайлы мәліметтер де келтіріледі. Осы көштің негізгі қозғаушы күші болған ғұн тайпаларының батысқа жылжуына себеп болған басты факторлар олардың күнделікті өмірі мен тұрмыс-тіршілігімен байланысты еді. Аммиан Марцеллин ғұндарда үй жануарларының көптігі, олардың етін жейтіні туралы хабарлайды [5, с. 538]. Шығыс Еуропадағы осы тайпалардың пайда

болуы туралы аңыздың бір нұсқасында малшының рөлі зор. Ғұндардың жылқыдан бөлек қандай жануарлар түрлерін өсіргені туралы терең айту қиын, себебі антикалық жазушылар олардың малдың қандай түрлерін өсіретін туралы аса терең тоқталмайды. Бірақ, археологиялық зерттеулерге сәйкес, ғұндардың жерлеу орындарында кейде қойдың сүйектері кездескен.

Ұлы қоныс аударудың басталуына ғұндардың ықпал еткені жайлы Аммиан Марцеллин былай деп жазады: «Олардың бірде біреуі оның қайда туып өскенін, қайда тәрбиеленгенін сұрағанда жауап бере алмайды...», - дейді. Себебі, ғұндар бірінші жерде туып, екінші жерде есейіп, келесі бір жерде шейіт болған. Ғұндар әсіресе III-IV ғасырларда Шығыс Еуропаға қарай тез жылжыған. Аммианның жазбаларында көшпенді өмір салтын аса берік ұстанған ғұндар үшін жылқының маңызы өте зор болған. Дәстүр бойынша әрбір ғұн үшін ең қымбат сыйлық – жылқы болды [103, с. 539].

Аммиан Марцеллиннің көрсетуі бойынша Солтүстік Қара теңіз аймағында ғұндардың күнделікті шаруашылықпен қаншалықты белсенді түрде айналысқанын айту қиын. Бірақ, ғұндар үшін кез келген жағдайда азық табу қиын болмаған. Олар жорықтарда жеңілген тайпалардың ресурстарын пайдаланып отырған. Осындай күнкөріс қамын жасаумен олар батысқа қарай қалай жылжығанын да байқамай қалды. Бұл туралы Аммиан Марцеллин «ғұндар Аландардың жерлеріне жетті ... көп адамды өлтірді және тонап кетті, басқалары келісімді қамтамасыз ете отырып, татуласу туралы антпен бекітті...» - деп көрсетеді [103, с. 542].

Осылайша, IV ғасырдың 70-жылдары ғұндар солтүстік Қара теңіз бен Азов теңізі жағалауларында пайда бола бастады. Атап отырғандай, ғұндардан бірінші болып ауыр жеңіліс көрген көшпелі тайпалардың бірі Азов теңізі өңірін мекендеген аландар (қазіргі осетиндердің арғы тегі) болды. Көшпелі аландардың біраз бөлігі қазіргі Кубань өзені бойында ғұндарға бағынатынын мойындады. Аландардың жерін иеленген ғұндар өздерінің жеңістерімен масаттана отырып тоқтаусыз алға жылжып отырды. Осы кезде ғұндар негізгі екі бағытта ілгері қарай жылжыды. Олар: біріншісі – қыста мұзды жолмен яғни Перекоп және Таман түбегі арқылы Керчь бұғазы мен Қырымға Боспор патшалығына беттеді. Екінші, батыс және солтүстік батыста орналасқан алан, гот және басқа да герман тайпаларына қарай бет бұрды [106, б. 55]. Ғұндардың бұл жолдағы мақсаты тек алға ілгерілеу болды. Олар үшін Еуропаның климаты аса жайлы сияқты болып көрінді.

Ғұндар альпизураларды, итимарларды, тунцарларды және остготтарды бағындырып оларға әртүрлі міндеттер жүктеді. Басып алынған халықтарға әр түрлі салықтар мен алымдар төлеу жүктелді. Олар өздеріне алым төлеумен шектелді. Ал, алым-салық төлеуден бас тартып, ғұндардың тегеурінді шабуылдарынан құтылу үшін өзге тайпалар лек-легімен Батысқа қарай жылжыды. Бұл Халықтардың Ұлы Қоныс аударуының басталуының үлкен көріністерінің бірі еді. Мысалы, Солтүстік Қара теңіз аймағының кең аумақтары, кең алқаптар қаңырап бос қалды. Ол жерде өмір сүріп отырған халықтар Батысқа қарай ығысты. Халықтардың Ұлы Қоныс аударуының басты оқиғалары аландардың жылжуынан кейінгі болып өткен 375 жылы ғұндардың

Эрманарих бастаған остгот мемлекетін жоюмен және Боспор патшалығын қиратуы болды [112]. Бұл туралы белгілі ғалым, түрколог, атақты ғұндар тарихын зерттеуші Л.Н. Гумилев, батыс ғұндар жайлы былай дейді: «Ғұндар батысқа қарай жылжи отырып аландарды талқандап, және олардың үлкен бөлігін өздеріне қосып ала отырып, аса зор тайпалық одақтың басын құрады. Мұнымен шектелмеген олар IV ғ. 70-жылдары Доннан өтіп остгот корольдігін жеңіліске ұшыратты. Бұл жағдайлар Еуразияда Халықтардың Ұлы қоныс аударуы деген атқа ие болған жаңа, келесі бір тарихи кезеңді бастап берді». Шығыс Еуропаға кірер тұста орын алған мұндай саяси жағдайға ерекше таңданыспен қараған Л.Н. Гумилев осы жерден келесі бір дәуірдің басталғанын ерекше тілге алады [113, с. 247-248].

Қай кезде болмасын еуропалық және батыс тарихшыларының басым бөлігі ғұндардың халықтарды батысқа қарай ығыстыруын жабайылықпен, варварлық, жауыздық әрекеттермен сипаттайды. Бірақ, бұл кезде ғұндармен іргелес тайпалар мен халықтарда да мұндай жаугершілік әрекеттер көптеп орын алды. Кеңестік және ресейлік ғалымдар бұл жағдайды заман мен қоғамның өзіндік ерекшелігімен түсіндіреді. Себебі, тонаушылық пен варварлық қимылдар осы кезде Еуропада өмір сүріп жатқан тайпаларға да тән еді. Ғұндардан жеңілген халықтар ғұндарды асырау үшін жұмыс істеуге мәжбүр болды. Жеңілген тайпаларға ғұндар өздерінің әскери-саяси басымдығын орнатып, оларды аяусыз тонап отырды [100, с. 191].

Ғұндар өздеріне берілген халықтарды аландар сияқты қосып алып жүрді. Ал соғысқан халықтармен әскери қимылдарды соңына дейін жүргізді. Осының салдарынан Шығыс Еуропаға көшіп келген ғұндардың саяси-әскери қысымына ұшыраған жергілікті тайпалар, готтар, аландар, вандалдар т.б. халықтар ауыр зардап шекті. Жергілікті тайпалар шығыстан ығыстырған ғұндарға өз жерін босатып беріп батысқа қарай жылжып жаңа қоныс іздеді. Батыстан қоныс табу үшін жылжыған халықтардың мұндай аса үлкен көлемдегі көші тарихқа «Халықтардың Ұлы қоныс аударуы» деген атпен енген процесті бастады. Осылайша, Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірі басталып, ол үш ғасырдан астам уақытқа созылды. Бұл процесті бастаған негізінен ғұндар болып, кейіннен ұлы қоныс аудару процесін жалғастыруда ғұндармен бірге герман тайпалары да қатысып, өзінің өшпес орнын қалдырды.

Сөзімізді қорытындылайтын болсақ, Еуразия тарихында Халықтардың Ұлы қоныс аудару процесінің басталуының өзі ауқымды процесті құрады. Қоныс аудару процесінің алғышарттары мен оның себепкері болған ғұндардың және басқа да көшпелі тайпалардың ғасырлар бойына өте жай қарқынмен болса да батысқа қарай жылжып, осынау бір аса көлемді тарихи процесті бастауы адамзат тарихындағы аса ірі жаңалық болды. Ұлы қоныс аудару процесі ғұндар мен өзге де халықтардың саяси өміріне үлкен өзгерістер әкеліп, тіпті олардың этникалық, антропологиялық дауына да әсер етті. Еуразия даласында өмір сүріп жатқан мемлекеттердің, халықтар мен тайпалардың тарихи дамуы басқа арналарға бұрылды. Халықтардың Ұлы қоныс аударуының басталуы Еуразия тарихында үлкен процестерге бастама болды. Бұл қозғалыстың басталуы ұзаққа созылған саяси тартыстардың, толассыз соғыстардың басталуына себепші

болып, алайда сонымен бірге адамзат тарихына үлкен өзгеріс енгізіп, ол кейіннен Еуропада феодализм генезисінің пайда болуы мен оның дамуына ықпал етті. Халықтардың Ұлы қоныс аударуы ғылымда үлкен тартыстар тудырып, ол үлкен жаңалық ретінде қабылданды. Дегенмен ізденіс жұмыстары әлі де жалғасып, бұл процестің барысы мен тарихына қатысты ғылыми жаңалықтардың енуіне арқау болуда.

2.2 Византияның ғұндармен қарым-қатынасы

Халықтардың Ұлы Қоныс аудару дәуірі ғұн халқының саяси өміріне үлкен өзгерістер алып келді. Еуропаға қарай жылжи отырып, олар өздерінің тегеурінді шабуылдары мен түрлі әскери әдістерінің арқасында алдына қарсы келген варвар тайпаларын жеңіліске ұшыратып отырды. Соның нәтижесінде ғұндар Еуропаға ішкерілей еніп, өздерінің мемлекетін құра алды. ғұндар уақыт өте Еуропаның орталық аудандарына ене отырып, IV-V ғасырлардың тоғысында олар Дунай жағасындағы аймақтарға дейін жетті. Ғұндар Паннония жерін басып алып, нәтижеде Еуропада Ғұн мемлекетін құрды. Мемлекеттің негізгі орталығы қазіргі Мажарстан жері (Венгрия) жері болды. Өздерінің күнкөріс жағдайын сыртқы халықтарды бағындырып, солардан алым жинауға дағдыланған ғұндар аймақтағы өзге халықтарға, герман тайпаларына жорықтар ұйымдастырып отырды. Ғұндардың соғыс әрекеттеріне шыдамаған герман тайпаларының үлкен бөлігі Батыс Еуропаға қарай жылжи берді. Жаулаушылық пен жалдамалы әскер ретінде соғысқа қатысудың салдарынан Ғұн мемлекетінің Еуропадағы саяси беделі үстем болып, ол өзімен іргелес өмір сүріп жатқан халықтар мен тайпалардың және ірілі-ұсақты корольдіктерге үстемдігін жүргізіп отырды.

Бұл жағдай Ғұн мемлекетінің әскери-деспотиялық жүйеде өмір сүруімен және соның негізінде оның қуатты болуымен байланысты болды. Ғұн билеушілері өз халқын соғысқа бейім етіп тәрбиеледі, мемлекетте әскери міндеттің орны ерекше болды. Әрбір ер азамат болашақ әскери адам деп танылды және ол өз халқының тыныштығының кепілі болуға міндеттелді. Осының арқасында, Ұлы Қоныс аудару дәуірінде Азиядан Еуропаға көшіп барған көшпелі ғұн тайпалары IV-V ғасырларда Еуропа қоғамында аса үлкен беделге ие болды [114].

Ғұндардың жаулаушылық әрекеттері аймақта өзге халықтар мен варварлық корольдіктер ғана емес, сонымен бірге Византия империясын да әбігерге салды. Жоғарыда атап көрсеткендей, Византия империясы бұл уақытта Оңтүстік-Шығыс Еуропада айтарлықтай беделге ие болып, ол Батыс Рим империясынан бөлініп жеке-дара күн кешуде еді. Келесі кезекте Шығыс Рим яғни Византия империясы үшін өзінің шекара сыртында жүрген халықтармен аумақтық есеп айырысу керек болды. Өйткені, 395 жылы Батыс Римнен түбегейлі бөлінген Шығыс римдіктер өз мемлекетінің ішкі-сыртқы жағдайын реттеп, оны дамыту әрекетінде еді.

Түрлі жорықтар мен басқыншылық қимылдардың нәтижесінде алға қарай жылжыған ғұндар Византия империясымен шекаралас болып қалды. Мұндай

әрекеттердің алғашқы бастамасы – ғұндардың остготтарға, вандалдарға және осы Шығыс Еуропадағы басқа да халықтарға қысым жасап, оларды батысқа қарай ығыстырды. Ғұн мемлекеті мен Византия арасындағы алғашқы тартыстар осы халықтардың 370-380 жылдары Шығыс Рим империясының территориясына қарай қашып, одан пана табуымен басталды. Дәл осы уақытта әлі Рим империясы ресми түрде екіге бөлінбегенімен Константинопольдегі билеушілер ғұндарға және басқа да варвар тайпаларына қатысты өзіндік саясат ұстанып, сол бойынша сыртқы мәселелерді шешіп отырды.

Осыдан соң Ғұн мемлекеті мен Византия арасында бір-екі ғасыр уақытқа созылған саяси байланыстар кезеңі басталды. Мемлекеттер арасында басталған саяси әрекеттестіктің бағыттары әр түрлі болды. Халықтардың Ұлы қоныс аударуы дәуірінде Ғұн мемлекетінің Византия империясымен де саяси-дипломатиялық байланыстар мен саяси текетірестерге де барып отырды. Жалпы, ғұндар мен Шығыс Рим империясының арасындағы қарым-қатынастар көбінесе шиеленіс жағдайында болды. Оның себептері ғұндардың Византия империясының территориясына енуі және оның қоластындағы халықтарға қысым көрсетуі болды. Даланың әскери өнерін жетік меңгерген ғұндар, енді бірте-бірте Шығыс Рим империясына үрей туғыза бастады. Мұндай текетірестер ғұн билеушісі Валамбердің тұсында басталды.

Валамбердің билігі кезінде ғұндар мен византиялықтар арасындағы байланыстар құбылмалы жағдайда болды. Оның басты мысалдары ретінде айтсақ, осы билеушінің кезінде ішкі тартыстар орын алып ол ғұндардың Шығыс Рим империясына қарсылық жасауға мүмкіндік бермеді [115]. Өз кезегінде ғұндарда орын алған мұндай жағдайды ұтымды пайдалануға тырысқан Шығыс Рим императоры I Феодосий ғұндарды Балқан территориясынан сыртқа қарай кері ысырып тастаған. Оның басты мысалдарының бірі 395 жылы ғұндар бетін мұз қаптаған Дунай арқылы батысқа қарай жорыққа шыққан кезде оны тек I Феодосий ғана тоқтата алды. Алайда, мұндай жағдайға қарамастан ғұндар тиісті жауап қайтарып, ол бойынша әскери жорықтарды үдете түсіп, Византия басшыларын жиі мазалап отырды. Бұл кезде ғұндар енді Балқан жақтан, яғни солтүстіктен емес, Кавказ жақтан Арменияға және сол арқылы Кіші Азия жеріне бастырып кіріп, Мелитана – қазіргі Малатья жеріне дейін барады. Бұл ғұндардың жасаған ауқымды әскери жорықтарының бірі ретінде саналады [101, с. 37].

Осылайша, ғұндар Шығыс Рим империясымен шекаралас болып алған соң, IV ғасырдың аяқ кезінен бастап оның территорияларына қауіп төндіре бастады. Бұл жағдай келесі ғасырда да жалғасын тапты. Басты мақсат – бай ғұмыр кешіп отырған Византиядан күнкөріс көзін табу. Далалық көшпелі өмір кешу қанына сіңген ғұндар Византиямен шекаралас аймақтарға басып кіріп, оқтын-оқтын шабуылдар ұйымдастырды. Бұл кезде ғұндардың көсемі болған Ульдин өз әскерлерін Византияның шекарасында ұзақ ұстады. Ульдин бастаған ғұндардың ауқымды әскери қимылдардың бірі 408 жылы орын алып, ол ғұндардың Дунайдың төменгі облыстарына қайта шабуыл ұйымдастырумен сипатталды. Бұл жолы ғұндар Дунайдан еш қиындықсыз өтіп, Мезия (қазіргі Балқан жеріндегі аудан) жеріне басып кірді. Жойқын әскери әрекеттердің нәтижесінде

аймақтың орталығы болған Кастра Мартис қамалы жойқын соғыспен басып алынды.

Мұнымен тоқтамаған ғұндар Балқандағы келесі бір маңызды саяси-экономикалық аймақтардың бірі болған Фракия жеріне басып кірді. Бұл кезде жеңіліс үстіне жеңіліс көріп отырған шығыс римдіктер ғұндарды қалай да болмасын тоқтатудың жолын іздейді. Ғұндардың тегеурінді соғыс қимылдарына қарсы төтеп беру қиын болды. Ақыры, византиялық билеушілер ғұн басшысы Ульдинге пара беріп, оны кері қайтаруға шешім қабылдайды. Бірақ, Ульдин бейбіт келісімге келу үшін римдіктерден аса көп ақша сұрайды және қаншалықты қиындықтарға қарамастан римдіктер оның қойған талабын орындайды [38, с. 46].

Өз кезегінде Византия мен ғұн мемлекетінің арасындағы саяси байланыстарды римдіктердің ғұндардан әскери көмек алумен көрсетуге де болады. Византия империясы өзінің сыртқы саяси мәселелерін шешуде және соғыстарда ғұн легиондарын пайдаланды. Мұндай байланыстар Донат, Харатон, Ругила сынды ғұн билеушілері кезінде орын алды. Бұл кезде Византияның сыртқы саясатындағы басты бақталастары көрші гот тайпалары мен Иран болды. Сонымен қатар, ең маңыздысы Батыс және Шығыс Рим империялары арасында туындаған соғыс жағдайларында да ғұндар қызмет етті. Бұл бір жағынан Византияға тиімді болғанымен, екінші жағынан ғұндарға да оң ықпалын тигізді.

Осының арқасында аталған ғұн билеушілерінің екі Рим империясының алдында да мерейі үстем болды. Византия императоры Феодосий Константинопольді қорғауға баса назар аударды. Себебі, соғыс әдістерін аса жетік меңгерген ғұндар мен өзге де варварлар шекарадан асып өтіп, қалаға өте тез жақындауы әбден мүмкін болды. Осының негізінде 413 жылы Константинопольдің қоршауы жөндеуден өтіп, ол одан да биік етіп салынды. Бұл өкіметтің ғұндардан қорғанудың бірден-бір жолы еді [38, с. 48].

Атап көрсеткендей, Византия билеушілері ғұндары барынша өз жағына тартып, оларды соғыстарға пайдалануға тырысқан. Олармен одақтасып, көршілік қатынастарды дамыту мақсатында тіпті оларға түрлі миссионерлерді жіберді. Солардың ең негізгісі белгілі бір дінді берік ұстанбаған ғұндарды христиан дініне тартумен сипатталды. Мұндағы ең негізгі мақсат ғұндарды діни жолмен өзіне тартып, болашақта оларды осылай бағындыру болды. Бұл уақытта Византия империясында өмір сүріп, діни қызметте болған шіркеу епископы Иоанн Хризостом ғұндарға наным-сенім мен дінге терең бет бұруға шақыру мақсатында келді.

Шіркеу қызметкері болған Иоанн Хризостом ғұндарға христиан дінін насихаттады, оларға осы діннің қағидалары мен оның рухани маңыздылығын үйретіп, оны қабылдауға шақырды. Алайда патриархтың мұндай діни пропагандалық жұмыстарынан нәтиже шықпады. Оның ең басты қиындығы тіл мен мәдениеттің ортақ болмағандығынан туындады. Осыған қарамастан, ғұндардың тілінде сөйлей алатын арнайы шіркеу епископтарын жіберіп, үгіт-насихат жұмыстарын қайта жүргізгенімен алайда одан ешбір нәтиже шықпады. ол Кейіннен олардың тілін білетін адам тапқанымен, бәрібір оларға дін

уағыздау қиынға соқты. Осының салдарынан мұндай діни-пропагандалық жұмыстар аяқсыз қалды. Мемлекеттер арасындағы байланыстар бұрынғыша құбылмалы күйде жүргізіле берді [38, с. 57].

Византия мен ғұндар арасындағы байланыстар осы ғасырдың 30-жылдары ғұн билеушілері болған Октар мен Ругиланың және әскербасы Мундзуктың кезінде жақсы деңгейде болды деуге болады. Византия мен ғұндардың өзара қарым-қатынасы бейбіт түрде жүрді. Октар мен Мунзук оның жақын туыстары болып, олар ғұн мемлекетін бірлесіп басқарды және Византияға қарсы жақсы саяси ұстанымда болуға тырысты. Ғұндардың әскерін басқарған Мунзук болашақ ғұн патшасы Аттиланың әкесі еді. Тіпті Ругиланың кезінде Византия мен Ғұн мемлекеті арасында елшілер алмасып, басты мақсат тараптар арасында тыныштық сақтау және алымдарды өз уақытымен төлеу болды. Оның басты мысалы 433-434 жылдары Ругила Константинопольге өзінің елшілерін жіберген еді. Мұндай бейбіт байланыстар тараптар арасында ұзақ уақыт бойы болмаған еді.

434 жылы Ругила (Руа) кенеттен қайтыс болып, оның орнын басу үшін ішінара сайлау жүргізіліп, ақыры Мунзуктың ұлы Аттила Ғұн мемлекетінің билеушісі болып жарияланды. Аттиланың билікке келуі тек ішкі саясат емес, сонымен бірге сыртқы саяси жағдайға да әсер етті. Көптеген өзгерістер орын алды. Бұл дәуірде ғұн билеушілері арасынан 434-453 (кей деректерде 435-455) жылдары Ғұн мемлекетін басқарған Аттиланың Еуропадағы саяси беделі жоғары болды. Онымен еуропалық варварлық корольдіктер былай тұрсын екі Рим империясының императорлары санасып отырды. Себебі, ғұн мемлекеті қуатты мемлекет еді. Оны қазіргі кезде тарихшылар империя деңгейіне көтеріп жүр. Ол өзінің әскери жүйесімен тез танылды. Даланың ұрыс әдістерін жетік меңгерген ғұндар үшін кез-келген мемлекеттің аумағына басып кіріп, әп-сәтте ойран салуы ғажап емес еді. Осыған байланысты екі Рим империясының бірі Византия империясы ғұндарға құрметпен қарап, империяның шығыс аймақтарынан қоныстануға орын берген. Осылайша, сан-салалы саясаттың негізінде Ғұн мемлекеті мен Византия арасында саяси және елшілік қатынастар орнаған [116].

Ғұн мемлекеті мен Византия шекаралас болып, 435-440 жылдар аралығында мемлекеттер шекарасында саяси жағдай барынша тұрақсыз болды. 440 жылдары екі мемлекет арасында Дунайда шиеленіскен жағдай қалыптасты. Осы кезде Византия императоры Феодосийге ғұндардың Дунайдан солтүстікте орналасқан бекіністерін басып алғаны жайлы суық хабар жетті. Аттилаға дейін ғұн билеушісі болған Ругила тұсында жасалған келісімшарт бойынша, шекарадағы бекіністерде ғұндар алыс-беріс жасау құқығына ие болған еді. Ғұндар бекініске жәрмеңке өтіп жатқан кезде шабуыл жасап, онда римдік әскерлердің болғанына қарамастан, көптеген римдіктерді өлтірді. Мұның себебі, аймақта византиялықтардың жаңа жорықтары орын алған еді. Қамалдардың басып алынуына римдік өкімет наразылық білдірді. Сондай-ақ, Шығыс Рим империясы екі жақтың тең құқықтары және қауіпсіздігі келісілген 435 жылғы тараптар арасында жасалған Марг келісімшартының бұзылғанын алға тартты [117].

Ғұндар мен Византия империясының арасындағы қарым-қатынастар Аттила билік еткен тұста кеңінен жүргізіле бастады. Осы кезде Византия империясын Феодосий билеп тұрған еді. Аттила бастаған ғұндардың тегеурінінен қорыққан Византия олармен елшілік арқылы бейбітшілік келісімдер іздей бастайды. Бұған қарап, Аттиланьың билікке келген уақыты ғұндардың қайтадан күшейіп, олардың өз көршілеріне қорқыныш пен үрей алып келгенін байқауға болады. Оның басты мысалдарының бірі Ругиланың өлімі Ғұндар мен Византия империясының арасындағы көптеген бейбітшілік келісімдердің бұзылуына алып келді.

Аттила ғұн билеушілерінің арасынан билікке жақын, сырт елдермен қарым-қатынасқа бейім басшылардың бірі болды. Қаһарлы және бірбеткей болғандықтан оны тек римдіктер емес барша еуропалықтар ұнатпады. Дегенмен оны өз замананың беделді тұлғасы болғандықтан оған құрметпен қарады. Сондықтан олар «әлемнің өркениетті елдерін жабайы күйінде болған адамдардан және шатырларда тұратын аңшылар мен бақташылардан жер игерумен айналысатын қала тұрғындарын бөліп қарайтын болса, Аттилаға Жоғарғы мәртебелі басқарушы атағы беруге болатын еді» дейді. Яғни Аттила ежелгі дәуірдің нағыз саяси тұлғасы ретінде сипатталып отыр. Қара теңізден бастап Дунайдың шетіне дейінгі жерлер оның иелігінде болды.

Аттила өз билігі тұсында қуатты мемлекеттің басшысы болып, ол көрші елдердің ішкі-сыртқы істеріне араласты. Ол өзінің ырқына көнбеген елдерді қылыштың күшімен алатын еді. Ол франктердің ісіне араласты және оның әскербасшыларының бірі Рейн жағасында өмір сүрген бургундтарды толықтай дерлік жазалаған. Аттила Балтық теңізін қоршаған және Еуропа құрлығынан осы су бөліп тұрған жерлерді және Скандинавия елдерін бағындырды. Бірақ, скандинав халықтарына толық бата алмады. Бұған, осы аймақтың климаттық жағдайының суықтығы мен скандинав халықтарының ержүректілігі мүмкіндік бермеді. Дегенмен, ол осы аймақта бағындырып үлгерген біраз халықтардан салықтар жинап үлгерді [118].

Шығыс жағында Аттиланьың скиф даласына үстемдігін белгілеу қиын, бірақ оның Еділ жағалауына дейін билік жүргізгені анықталған. Замандастары ғұндар патшасынан жауынгер ретінде ғана емес, сиқыршы деп те қорыққан. Халықтар арасында Аттиланьың билігін мойындағандар және оның тірі кезінде ешқашан өз тәуелсіздіктеріне қол жеткізуге ұмтылмаған гепидтер мен остготтар санының көптігімен, олардың көшбасшылары өздерінің ерлік қасиеттерімен ерекшеленді. Ал елеусіз басқа тайпалардың патшалары Атилланың қол астында қызметші немесе оққағарлары болып топырлап жүретін. Олар оның әр қимылын бақылап, егер ол маңдайын тыржитса қорқыныштан дірілдейтін. Оның қаһарлы бұйрықтарын наразылықсыз және ойланбастан сөзсіз атқарды. Бейбіт уақытта оның лагерінде бағынышты патшалар кезекпен өз ұлттық әскерімен күзететін, ал егер Аттила оның барлық әскери күштерін жинаған кезде, олардың саны бес жүз мыңнан, тіпті жеті жүз мыңнан асатын.

Феодосийді ғұндардың елшілері ескерту ретінде олардың иеліктерінің бір жағынан Дунайдан Танаисқа дейін созылып жатқандықтан, олар Еуропада да,

Азияда да оның көршілері екенін ескертіп мазалап тұратын болған. Феодосийді әкесі Аркадий император болып тұрған кезде ғұн жауынгерлері шығыс провинцияларды тонап, ол жерлерден көптеген байлық және тұтқындармен оралды. Олар құпия жолдар арқылы Каспий теңізінің жағалауына дейін, Армения қарлы тауларын кесіп өтіп, өздерінің ауыр кавалериясын Каппадокияның жоғары асыл тұқымды жылқыларымен толықтырды, таулы Киликияны басып алып, Антиохия халқының тыныштығын бұзды. Далалар мен батпақтарды кешіп өтіп, римдіктердің ойынша ерекше қасиетті саналған Меотий көлінен өтіп, таулардан асып екі апта дегенде Мидияға жетті. Онда олар бірнеше фракиялық қалашықтарға басып кірді [119]. Олар Мидия жазығында парсы әскерімен кездесті, және олардың өз сөзімен айтқанда, аспанды жебенің көптігінен қараңғылық басты. Бірақ ғұндар көптеген қарсылас күштердің алдында тойтарыс бере алмай кері қайтуға мәжбүр болған. Олардың кері шегінуі басқа жолмен жүзеге асырылды, олар жаугершіліктен жиған дүниесінің көбінен айрылып, жергілікті тұрғындар жайлы азды-көпті мәлімет алып және қалай да кек алу мақсатымен лагерьге оралды.

Аттила мен оның византиялық бақталасы император Феодосийдің өкілдері 435 жылы Марга келісімін қабылдап, онда тараптар бір-бірінің аумағына қол сұқпау туралы келісімшарт қабылдаған еді. Император елшілері ғұндармен сұхбат барысында және Аттиланьң қабылдауында болу кезінде Константинополь комиссарлары оның қаһары мен назарын ұзаққа созылған ирандықтармен күресіне аударуға үміттенді. Ал батыс римдіктер өздерінің шығыстық туыстарына мұның қауіпті екенін, мидиялықтар мен парсылар ғұндарға төтеп бере алмайды және оңай басып алу ғұн патшасының мақтаныш сезімін және жеңімпаздық күшін арттыруы мүмкін екенін түсіндіріп жатты. Мұнда негізінен Византия билеушілері Аттила бастаған ғұн әскерлерін жалдамалы күш ретінде де пайдаланғысы келді. Бұл кезде мемлекет басқарып отырған Иран шахы II Йездигерд Византияға аса үлкен қауіп төндіріп, ол Византия империясының ішкі-сыртқы саясаттағы жобаларының жүзеге асырылуына аса үлкен кедергі келтірді. Алайда, ол жауапсыз қалдырылды. Аттила өзін Феодосийдің әскерлерімен бір сапта болуда өзінің құрметі мен әскери атағына қанағат тұтпай, ғұндар өздерін барлық жағынан қоршаған римдіктерге масқаралық және төзімділіктің қамытын кигізді [101, с. 100].

Алайда, көп ұзамай Марг келісімі бұзылып, ол Ғұндар мен Византия империясының арасында үлкен әскери жорықтар мен соғыс факторларының орын алуына себеп болды. Соғыстарды Аттиланьң өзі бастады. Марг келіссөздерінен кейін Дунайдың солтүстік жағында еркін сауда базарлары ашылып, Констанция бекінісі атауын алған римдіктермен қорғалған еді. Алайда, византиялықтар ғұндардың шекарасына өтіп, олардың қабірлерін тонаған. Ғұндар бұған себепші Марга қаласының епископы деп мәлімдеді, ол ғұндардың аумағына өз жорығын жасағанда Атилланың жасырын қазынасын ұрлап кеткен деп шешті және сол қазынаны қайтарып беруді талап етті. Ғұндар жауынгерлері өздерінің соғыс әрекеттерін саудагерлерді қудалап, қауіпсіздіктерін бұзумен, бекіністі қиратумен бастады. Олар бұл әрекеттерін кек алу үшін деп түсіндірді. Византия сотының Марг қаласының епископын

соттаудан бас тартуы жаңа соғыстың белгісі болды. Мезия тұрғындары басшыларының асыл қаттылығын құптап, қолдау білдіргенмен, Виминация және оған көршілес қалалардың ғұндар тарапынан қалай қырылып қалғанын естігенде, ол жазықсыз және құрметтеуге лайық екеніне қарамастан, қаланың қауіпсіздігі үшін епископтың жеке өміріне құрбан ету тиіс деген шешім қабылдады.

Епископ өзін-өзі құрбан етуге қорыққан емес, олардың ниетін тап басып түсініп және оның орындалуының алдын алу мақсатында ол ғұндардың басшыларымен келіссөздер жүргізуге қорықпады. Дунай өзені жағалауына жақын көптеген ғұн әскерін орналастырды және қажет кезінде қақпаны епископ өз қолымен ашып берді. Сатқындықпен табысқа қол жеткізген бұл жетістіктері шешуші жеңістерге дайындық ретінде қызмет атқарды. Илирия аумағы мен шекаралық бекіністердегі бірқатар қамалдар шағын гарнизонның күшімен қорғалды. Бірақ бұл жеңіл тосқауылдар ғұндардың қысымымен бірден жойылды [120].

Ғұндар өздерінің жойқын шабуылдарының арқасында халқы көп қалалар – Сирмия, Сингидун, Ратиария, Маркианополь, Нэсс және Сердиканы алды. Олардың ғимараттары мен бекіністерінің құрылысы біртіндеп сол мақсатқа, сыртқы шабуылға бейімделген болатын. Аттила басқарған сансыз көп варварлардың әскері кенеттен шабуыл жасап, Адриат теңізінен Эвксинский Понтын бөліп тұрған бес жүз мильден астам кеңістікте орналасқан жерлерін ойрандады. Алайда, ешқандай қоғамдық қауіп немесе қоғамдық апаттар Феодосийге Рим легион басшысы болуға және тақуалық немесе жеке істерін жүргізу үшін кедергі болған жоқ.

Византия императорының әскерлері бірінің артынан бірі болған үш ұрыста жеңіліске тап болды. Аттиланьң қозғалысы ұрыс алаңдарында байқалды. Алғашқы екі шайқас Дунай мен Гемский тауларының арасында жатқан байтақ Ута жазығы және Маркианополь қабырғаларының түбіндегі далада болды. Римдіктердің Херсонес Фракияға дейін кейін шегініп, құрлықтың тар жағалауына әкеп тірелуі олардың үшінші жеңілісі болды. Аттила бұл әскери күштердің көзін жойған соң, Геллеспонттан Фермопилге дейінгі барлық елдердің және Константинополь әскерімен бетпе-бет келіп оларға қырғидай тиіп ойрандады. Гераклея мен Адрианополь қалалары ғұндардың ойрандауынан аман қалды, бірақ мұнда Шығыс империясының ұсақ қалалары мен елді мекендері қирады және жермен-жексен етілді. Феодосий өз адамдары мен астананың халқын Константинопольдің қабырғаларының көмегімен қорғап қалды, бірақ соңғы жер сілкінісі елу сегіз мұнараға сызат түсірді. Бұл зақымданудан соң жөндеу жұмыстары жүргізіліп, ол өте асығыс түрде болды. Константинопольдің ырымшыл халқының сенімі таусыла бастағандай болды. Олардың ойынша Құдайдың өзі Византия империясының астанасын римдіктердің не тілін, не дәстүрін, не дінін білмейтін далалықтардың қолына берді [120, С. 48-50].

Аттила өзі басқарған ғұндарды Византия империясына ашқан соғыс әрекеттері географиялық жағынан Балқан түбегіндегі аумақтарда жүргізілді. Бірнеше қалалар мен халықтар бағындырылды. Бұл Аттиланьң Византиямен

саяси байланыстарындағы алғашқы кереғар әрекеттердің бірі болды. Ол бұл жағдайды орындауға мәжбүр болды. Дегенмен, ол Византия империясының халқын қырып-жоюға құлықты болмады. Ол тек империя басшыларына өз әрекеттерінің дұрыс емес екендігін мойындатқысы келді. Шын мәнінде Византия басшылары өз қателерін мойындап оның жойқын соғыс әрекеттерін тоқтату мақсатында оны келісімге шақырды.

Аттиланы тоқтатуға атақты елші, тарихшы, Византия мен ғұндар арасындағы саяси байланыстар тарихы жөнінде көп мәлімет қалдырған Присктің жазбалары көп мәліметтер береді. Ол бейбіт келісімдер жүргізу мақсатында Аттилаға келді. Приск өзінің саяси-дипломатиялық шеберлігімен барынша Шығыс Рим империясын қорғауға тырысып бақты.

Феодосий Аттиладан кешірім сұрауға мәжбүр болды. Атилла оған маскара бейбітшілік келісімдерді орындатты. Жазбаша келісімнің арқасында император оған үнсіз Сингидун немесе Белградтан бастап Дунай оңтүстік жағалауларындағы созылған ауқымды және маңызды аумағын берді. Осы аймақтардың шегін Атилла он бес күндік жорық кезінде белгіледі. Кейіннен басып алынған Нэсс қаласына еркін сауда базарын көшіруді жоспарлағаны белгілі болды. Аттиланың бұйрығы бойынша оған жыл сайын салық және құрмет ретінде төленетін жеті жүз фунт алтын шамамен екі мың бір жүзге дейін өсті және ол соғыс немесе қылмыс үшін жаза ретінде шығындарды жабуға алты мың фунт алтынды дереу төлеуге бұйрық шығарады.

Бұл келісімдердің барлығы 441-443 жылдары орын алды. Аттила өзінің талаптарын тез орындауға асықты. Мұндай талапты орындау бай Византия үшін оңай болады деп ойлауға болар еді, бірақ халықтың әлеуметтік тоқырауға ұшырауы елдегі экономикалық қиындықтардың қиындықтардың дәлелі болып табылады. Салықтар қарапайым тұрғындардан алынды, көп бөлігі қазынашылық бағытта болып, оны жинауда ұрлық орын алды. Қолма-қол ақшалай қаражат әскери дайындықтарға күтпеген шығындармен сарқылады. Аттиланың шыдамсыз ашкөздігін қанағаттандыру үшін сенат мүшелеріне ауыр және еркін салық салынып ақшасы жоқ кейбір аристократтар маскара болып аукциондарда әйелдерінің әшекейлерін сатуға мәжбүр болды [121].

Сол кезде ғұндарда ара-тұра елшілік қызметте болған Присктің хабарлауы бойынша, соғыс қимылдары ғұндардың римдіктердің қазіргі Белградтағы ауданындағы сауда жәрмеңкелеріне баса көктеп енуінен басталған. Соғыстың негізгі сылтауы қала епископы Маргтің патша қабірінен ғұн қазынасын ұрлауынан туындаған [122].

Ғұндар патшасы, еркімен немесе еріксіз бағындыруға тұлғалардың меншік құқықтарын ұлттық құқықтың негізінде үстемдікке алды. Осы негізгі принципі бастап ол қорытынды шығарды және барлық Аттиланың шешімдері басты мәселеге айналды. Соғыс кезінде тұтқынға түскен ғұндар, еш өтемақысыз дереу босатылуы тиіс еді. Тұтқынға түскен әрбір римдік, өз бостандығын 12 алтынға сатып алу керек екенін, Аттиланың иелігін тастап қашқан ғұндықтар міндетті түрде кері қайтарылуы тиіс. Осы адамгершілікке жатпайтын және маскара шартты орындау барысында империялық офицерлер империяға адал қашқындарды өздері құқығынан айырды және өлтірді. Феодосийдің қорғауына

жүгінген адамдардың өмірін қорғау үшін жеткілікті күші болмағандықтан римдіктер бүкіл сенімнен айрылды [123].

Тарихшылар мен ғалымдар Византия империясы мен ғұндар арасындағы байланыстарды және соғыс жағдайын зерттеуде Балқандағы, яғни Фракия жеріндегі Азимунций қаласының ролін атап өтуі тиіс. Бұл қала Аттиланың арынын тоқтатқан қала болып саналады. Азим немесе Азимунций деп аталатын Иллирия шекарасында орналасқан кішкентай фракиялық қалашық тұрғындары әскери өнерімен танылды және өз қолбасшыларын сайлады, ғұндарға қарсы күресте өзінің тамаша ерліктерімен, жастық жауынгер рухымен ерекшеленеді. Қорқып жаудың жақындап келгенін күткеннен гөрі, Азимунций тұрғындары ғұндарға қарсы шығып, өз жорықтарын жасап тұрады. Олар ғұндардан тұтқындар мен олжаларын тартып алып, өз қатарын ерікті қашқын жауынгерлермен толықтырды. Ғұндар қауіпті көршілерінен қашқақтайтын болды [120, с. 50].

Аттила империяға бейбіт келісім жасалғаннан кейін де соғыс қаупін төндіруді тоқтатпады. Ол империя билеушілерінен Азимунций тұрғындарын өз заңдарына бағынуға мәжбүрлеуді бұйырды. Министрлер мен Феодосий ұятты қойып ашығын мойындады. Олар соншалықты батыл, тәуелсіздігі үшін күрескен, тұрғындарға билігі жүрмейтінін айтқан. Ғұндар патшасы тұтқындар алмасу туралы Азимунций тұрғындарымен келіссөздер жүргізуге мәжбүр болды. Олар кездейсоқ қолға түсірілген малымен бірге бақташыларды қайтаруды талап етті. Олар ғұндарды тұтқындар арасында Азимунций тұрғындары жоқтығына сендіріп ант беруге мәжбүр етті. Аттила, өз тарапынан келіссөздерді қанағаттарды және Азимунций халқының батылдығына таңданды. Шынында егер Азимунций халқы көбейіп, олардың ерлік істері қолдау тауып дамыған болса, ғұндар өз шекарасын басқыншылықпен кеңейтуді тоқтатқан болар еді.

Феодосий өз қауіпсіздігіне және құрметіне қорқақтық пен сатқындығы есебінен жетпегенде, оны қорлаудың жаңа жолдарын тудырмас еді. Византия ордасына оны кемсітетін бірінен соң бірі 5-6 елшілік жіберілді. Елшілік құрамында Приск те болды [123, с. 104]. Олар Атилланың соңғы бұйрықтарын орындауды, қашқындардың есімдері жазылған тізімін беруді және егер олардың патшасының талабы қанағаттандырылмаса, ол қаласа өзінің жауынгер халқының ызасын тоқтата алмайтынын айтып ескерту жасады. Ғұн патшасы осы келіссөздер арқылы өзінің менмендігін қанағаттандырудан бөлек, сүйікті нөкерлерін жау есебінен байытуды көздеді. Империяның қазына қоры елшілер мен олардың негізгі мүшелеріне сый-сияпат жасаумен ақ таусылып бітетін болды. Өйткені елшілердің қалай жеткізіп баруына бейбітшілік пен достық қарым-қатынас тәуелді болды. Аттиланың елшілері сыйлықтармен марапатталып, үлкен абыроймен қабылданды деп жағымпазданды.

Максимин патшаның қатысуына жіберілді, бірақ кез-келген бір нақты жауап алудың орнына, солтүстікке қарай алыс саяхатқа жол бастауға мәжбүр болды, себебі Аттила өз мақтанышын қанағаттандыру мақсатында сол баяғы бір тұрағында Шығыс империяның да, Батыс империяның да елшілерін қабылдағысы келді. Оның саяхатын патшаның ыңғайына қарай біресе тоқтатуға

мәжбүрлейтін, біресе алдыға жылдамдығын арттыратын, біресе тіке бағыттан шетке бұратын жолсеріктер басқарды. Римдіктер, олар Паннония жазықтарымен өткен кезде бірнеше кеме жүзетін өзендерді қолмен тасымалданған қайықтармен өтті деп ойлайтын; бірақ Тисаның, немесе Тибисканың біртекті ағыстары оларға әртүрлі атта бірнеше рет жолықты деген күмәнға негіз бар. Көршілес жергілікті тұрақтардан оларға әр дайым провианттың мол қоры тасымалданып отырды – виноның орнына бал, наның орнына тары және де *sapius* деп аталатын белгісіз сусын, ал Присктың сөзінше, ол арпадан алынатын.

Мұндай ас бәрінен де астаналық салтанатқа үйренгендер үшін қатты әрі дәмсіз көрінгені мүмкін, бірақ осындай уақытаралық айырмашылықтарда елшілер өз жұбаныштарын соғыста аяусыз және қорқынышты болатын сол варварлардың көрсеткен сүйкімді әрекеттері мен қонақжайлығына да куә болды. Олар батпақты жердің шетінде лагермен бірге жайғасты. Жел мен жаңбырдан, найзағай мен гүрілден тұрған қатты дауыл оларды палаталарға куды, олардың жүктері мен үй әбзелдері суға шыланып, жолдан адасты және кез-келген қауіптен сескенді. Келесі күнді елшілер демалысқа жаратқан еді: олар өз жүктерін жинап кептірді, қызметші мен жылқылардың күштерін балғындатты, бірақ кешке арғы жолға шықпастан бұрын, олар тұрақтың жомарт иесіне өз алғыстарын сый ретінде күміс кеселер, қызыл түске боялған тері, кепкен жемістер мен үнді бұрышын сыйлау арқылы білдірді.

Аттила осы келіссөздерден кейін өзіне тағы да елшілер жіберуді талап етті. Ол елшілерге аса тәкаппарлықпен сенімсіздікпен қарады. Ол егер атақ дәрежесі көңілінен шығатын елшілер болса, Сердика қаласына дейін өзі баруға уәде берді. Кеңесшілер мен Феодосий Сердика толығымен қираған қала екенін сылтауымен ұсынысты қабылдамады, сондай-ақ империя әскерінде қызмет ететін әрбір офицер ғұндардың кез келген княздарымен келіссөз жүргізуге хұқылы деп айтты.

Аса құрметті орда қызметкері Максимин өз таланттарын көрсетіп, азаматтық және әскери тапсырма үшін, құлықсыз ашулы Атилланың көңілін жұмсартатын қиын, тіпті қауіпті тапсырманы орындауға келісті. Онымен бірге досы тарихшы Приск те ғұн патшасының бейбіт үй өмірде тәртібін болжауға, танысуға мүмкіндік алды. Бұл жайында тек аудармашы Вигилиус қана білді. Сол мезетте ғұндардың соңғы екі елшілері Паннония провинциясынан шыққан Орест пен скиф тайпасының ержүрек қолбасшысы Эдекон патша лагеріне оралған болатын. Кейіннен олардың есімі бірінің баласы соңғы Рим императоры болуымен, екіншісінің Италия варварларының королінің әкесіретінде әлемге әйгілі болды [124].

Ғұндардың патшасымен созылмалы әрі жеке әңгімеге өтті, бірақ оның сүйкімі әртүрлі өрескел және мақтанышты жазғырулармен араласып отырды, сонымен қатар өзінің талаптарына байланысты ол өз хатшысы Констанцияның жақтырмауларын лайықсыз ынта-жігерімен қолдады. «Император, — деді Аттила, — оған баяғыда бай әйелді уәде еткен; Констанция өз күтулерінде алданып қалмауға тиіс, ал Рим императоры ешкімге де оны өтірікші деп атауға құқық бермеуі қажет». Үшінші күні елшілер жіберілді; олардың талапты

өтініштерінің нәтижесінде бірнеше тұтқындарға қалыпты төлем негізінде бостандық берілді және де патшалық сыйлардан басқа оларға әр скиф ақсүйектерінен құрметті әрі пайдалы сыйды — атты қабыл алуға рұқсат етілді. Максимин Константинопольге өзі келген жолымен қайта қайтты, және де ол мен Аттиланың жаңа елшісі Бериктің ортасында кіші кірім кездейсоқ тіке-тірес пайда болса да, ол өзін өзінің ауыр сапары екі ұлттың арасындағы бейбітшілік пен одақтастықты нығайтты деген үмітпен жұбатты.

Көптеген аттары мен адамдары бар елшілік Константинопольден үш жүз елу миль немесе он үш күндік жол жүретіндей жерде орналасқан Сердика қаласына келіп жетті. Сердиканың аман қалған жерлері империяның ішінде орналасқандықтан қонақ күту жағын да римдіктер өз мойнына алды. Жергілікті тұрғындардың көмегімен олар ғұндарға көптеген жылқы мен қойлар сойып, мол дастархан ұйымдастырды. Тыныштықты екі жақтың бірдей көңіл көтерулері бұзды. Екі жақтың қызып қалған елшілері өз патшаларының кереметтігін мақтап айтысып қалды. Максимин мен Приск үлкен күш салып, еліріп алған ғұндарды сабасына әрең түсіріп, әңгімен басқа тақырыптағы арнаға бұрды.

Византия империясы мен ғұндар арасындағы саяси шиеленістер Аттила қайтыс болғаннан кейін саябырсыды. Оның негізгі себебі Аттила қайтыс болған соң ғұн мемлекетінде ішкі бытыраңқылық орын алып, мемлекет сыртқы саясат тұрмақ ішкі саяси мәселелерді шешумен әлек болды. Бұл жағдай Византия үшін тиімді болып, ол Еуропадағы ең қауіпті бақталасынан келетін қатерді жойылады деп сенді. Расында да солай болып, бұдан кейін ғұндар мен Византия арасында айтарлықтай саяси байланыстар болмады.

Қорыта айтқанда, Халықтардың Ұлы Қоныс аудару дәуірінде Еуропа жеріне табан тіреген ғұндар мен Шығыс Рим империясы арасындағы саяси байланыстар тарихы осы дәуірдегі Византияның сыртқы саясатындағы негізгі тарих беттерінің бірі болып қалды. Византия өзінің ғұндардан қаншалықты жеңіліс көріп, алым-салық төлеуге мәжбүр болғанымен тағдыр жолы Византия империясының бұл бәсекеде жеңгенін көрсетті. Ғұндардың римдіктерге жасаған қысымдары мен сан түрлі шабуылдары Византияның сыртқы жаудан қорғану тактикасын дамытуға, мемлекетте әскери саланың өркендеуіне және ең бастысы Приск сияқты елшілердің саяси шеберлігін арттырып, сыртқы саясатта дипломатиялық әдістерді пайдалануды үйретті. Екі мемлекеттің саяси текетірестері мен өзіндік қарым-қатынастары аймақтағы ауқымды процестердің бірі болды. Византияның сыртқы саяси өмірінде ғұндардың рөлі өте зор болды.

2.3 Шығыс Рим империясы және аварлар

Еуразия даласында Халықтардың қоныс аудару дәуірінде осы процестің жүзеге асырылуына негіз болған және осы дәуірде Византияның сыртқы саясатына тікелей әсер еткен келесі бір көшпелі халық — аварлар болды. Византия билеушілері мен аварлардың арасындағы саяси жағдайға тоқталмас бұрын аварлардың шығу тегі туралы атап өткен жөн. Себебі, қолда бар мәлімет бойынша Византияның саяси жағдайы айқын, болып, алайда осы тұста

аварлардың кімдер және қайдан келгенін анықтап алу қажеттігі туындайды. Авар тайпалары мен олардың шығу тегі және құрған мемлекеті туралы шетелдік және отандық медиевистикада ғылыми ізденістер жалғастырылуда. Себебі, осы бір үлкен көштің жалғасуына себепші болып, Византия империясының сыртқы саясатына тікелей әсер еткен аварлардың шығуы мен олардың саяси-әлеуметтік тарихы қазіргі уақытқа дейін ішінара ғылыми тартыстар тудырып келеді. Дегенмен, қазіргі кезге дейін белгілі болғанындай, аварлар қазіргі Еуропа жерінде VI ғасырдың ортасында пайда болған. Бұл туралы ерте ортағасырлық авторлардың жазбалары мәлімет бере алады. Сонымен бірге, византиялық жазбаларға сүйене отырып аварларды көшпелілер және арғы тегі Шығыстан шыққан деп тұжырым жасауға болады. Аварлардың аталған кезеңде Еуропа жеріне ат басын тіреуін заттай, яғни археологиялық деректер де растайды.

Аварлардың Еуропаға келгені туралы маңызды мәліметтерді ерте ортағасырлық хронистердің бірі Феофилакт Симокаттаның жазбаларынан көруге болады. Автордың айтуынша аварлардың үлкен бөлігі түбінде Шығыстан келген болса, сонымен бірге жергілікті жердегі көптеген варвар тайпалары өздеріне аварлар деген атауды иемденіп алған [1, p. 159]. Бұл жағдай өте аз уақыт ішінде Шығыс Еуропа жерінде аварлардың санының күрт артуына септігін тигізген. Мұның басты мысалдарының бірі осы VI ғасырда және тіпті бұған дейінгі кезеңде қазіргі Шығыс Еуропа жерінде өмір сүрген ірілі-ұсақты тайпалар сол кезде аймақта үлкен күшке ие болып келе жатқан аварлардың ішіне араласып сіңісіп кеткен. Олардың басым бөлігі еуропалық ғұн тайпаларының ұрпақтары мен Аттила заманында Ғұн мемлекетінде өмір сүрген көшпенді тайпалар еді.

VI ғасырда Византияда билікте болған атақты император I Юстиниан билікке келіп, сыртқы жағдайда реттей бастаған тұста, империяның іргесінде өмір сүріп жатқан тайпалар өзара бірігіп, басшысын билеуші ретінде қабылдай бастады. Бұл пікірге түсініктеме беретін болсақ, осы кезде авар мемлекетінің негізін қалаушылар ретінде саналған уар мен хунни тайпаларының біраз бөлігі өздерін аварлар деп атап, көсемдерін қаған деп атайды. Олар өздерін неге аварлар деп атағандары туралы нұсқалар көп, бірақ оның ең негізгілері осы тайпалардың атауына ұқсастырылып айтылуы болды. Осы кезде Шығыс Еуропа жерінде өмір сүріп жатқан барселт, уннугурлар, сабирлер, утригурлар мен кутригур және басқа да ғұн тайпалары өздерінің жеріне ығысып келе жатқан уар мен хунни тайпаларының адамдарын көріп, олардан сескенген және оларды аварлар деп санайды, сондай-ақ олар аварлар біздің жерімізге көшіп келді деп есептеген.

Сондықтан да аталған ғұн тайпалары бұларға сый ұсынып, құрметпен қарсы алған. Уар мен хуннилар барлық жағдай өздері [44, p.160] үшін оңтайлы болғандығын көріп, оларға елші болып келіп отырған адамдардың қателігін пайдаланды және олар өздерін аварлар деп атайды. Алайда бұлардың аварлар екені нақты ма жоқ па ғылымда өз кезегінде әлі күнге дейін тартыстар орын алады. Қазіргі уақытқа дейін бұл псевдоаварлар (аварсымақтар) қай тайпадан тарағаны, олардың шыққан географиясы мен басқа да элементтерін анықтау

қиын болып отыр. Алдыңғы орынды өздеріне алғаннан кейін әртүрлі атауларды сақтап қалуы заңдылық. Олардың біреуі уарлар деп аталады, ал басқалары хунни деп аталады. Уар мен хунни Тил өзенінің жағасында өмір сүрген оғор тайпасынан шыққан деген тұжырым тағы бар [125].

Аварлардың пайда болуында ең негізгі тартыс тудыратын жәйттердің бірі Феофилакт Симокаттаның терминологиясы бойынша 558 жылы Византия императорына бірінші елшілік жіберген псевдоаварлар мен 463 жылғы жағдайға байланысты Панийлік Приск атап көрсеткен аварлардың арасындағы айырмашылық туралы сұрақ әзірге өз шешімін таппай отыр. Көптеген ғалымдар бұл тайпаларды қытай жылнамасындағы ортаазиялық жуань-жуаньдармен салыстырады. Византиялық жазушылар аварлардың «өз елдерінен» қашқаны жөнінде біледі. Археологтар Орталық Еуропада табылған көптеген заттардың шығыс заттарына ұқсастығын негізге ала отырып, олардың өз «отандары» - ол Алтай, Солтүстік Монғолия, Оңтүстік Сібір деп санайды [126]. Осының негізінде аварлар арасында түркітілдес компоненттің рөлі үлкен болған деп санауға болады. Феофилакт Симокаттаның жазуына қарағанда аварлардың халық болып қалыптасуында угорлардың рөлі ерекше болған. Олардың алдындағы көшпенділер секілді аварлар угорлар мен түркі халықтарының араласуынан пайда болған деп саналады [45, pp. 159-160].

Осылайша, аварлардың да ежелгі ғұн тайпалары сияқты шығыстан ауып келгені анықталып, ғалымдардың оған деген күмәні сейіле бастады. Аварлар да шығыстан келген тайпалардың (оның ішінде түркі тайпаларының) бірі ретінде саналып, олар да халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуіріндегі басты рөлді сомдаған халық болғанына толық көз жеткізілді. Дегенмен, кез-келген көшпенді халықтың этногенез мәселесі өте күрделі мәселе. Сол сияқты аварлардың шығу тегі туралы бір шешім табу біздің қолымыздан келмейді. Бұл тайпалар шығыстан батысқа қоныс аудару барысында мәдени және этникалық өзгеріске ұшырағаны сөзсіз және тарихи жазбаларда бірте-бірте қалыптасқан тайпалар туралы мәліметтер бар. Ортағасырлық авторлар VI ғасырдың ортасында Еуропаға келген халықты аварлар деп атағаннан кейін бізде бұл этнонимді қолданамыз. Ерте келген көшпенділер ордасы секілді аварлар Қара теңіз бен Азов теңізінің маңына жақындаған кезде ғана аварлар атақты бола бастады. VI ғасырдың Сириялық тарихшысы Евагрий оларды скифтер деп атайды.

Ал, кейбір зерттеушілер аварлардың киіз үйлеріне қарай отырып, Кавказдың арғы жағын, яғни Орталық Азияны мекен еткен ежелгі сақтардың ұрпақтары дейді. Қалай болғанда да аварлар шығыстан, оның ішінде Орталық Азиядан жылжыған, дәстүрі мен тіршілігінде түркілік басым болған халықтардың бірі. Осының негізінде оларды түркі халықтарының бірі дегенге көпшілік зерттеушілер қауымы күмән келтірмейді.

Салыстырмалы түрде қарағанда, аварлардың да византиялықтармен саяси байланыстары немесе тараптар арасындағы сыртқы факторлар ғұндардыкімен ұқсас болып, онда аварлар Шығыс Рим империясының шекараларынан жеткен соң, ол жаққа кіруге және қоныстануға рұқсат алуды көздейді. Жоғарыда аталғандай, аварлар Қара және Азов теңіздері аймақтарын және онымен іргелес

жатқан аумақтарды мекендеп, сол жерден Византияға елші жіберген. Оның басты мысалдарының бірі ұзақ уақыт көшіп-қонудан кейін аландарға жеткен аварлар, олардың көсемі Саросийден өздерін римдік билеушілермен таныстыруын сұрады. Ал, елші жіберудің мақсаты өзара келісімшартқа отыру болды. Ол келісімшарт бойынша аварлар Византия территорияларына қоныстанып, сонымен қоса олардан жыл сайын қымбат сыйлықтар, ақша мен құнарлы жер алу болып табылды. Бұған қарай отырып, аварлардың күшті екенін аңғару қиын емес.

Осы ретте Византияның жағдайына келсек, бұл кезде империяны жоғарыда аталғандай император І Юстиниан басқарып, оның тұсында ішкі және сыртқы саяси жағдай тұрақты болмады. І Юстиниан империяның ішкі саяси жағдайын тұрақты ету үшін түрлі реформалар жүргізіп, сонымен бірге сыртқы жағдайды да реттеу мақсатында іргедегі тайпалық мемлекеттермен және корольдіктермен жақсы қарым-қатынаста болуға тырысты. Себебі, бұл уақытта Византияның байлығымен қосып талауға дайын тұрған көршілес тайпалар мен мемлекеттер көп еді. Халықтардың қоныс аударуынан басталған варвар тайпаларының және аталып отырған сол кездегі аварлардың қаупі мен олардың бетін қайтару Юстиниан үшін оңайға соқпады. Ол бұл кезде Италияда, Кавказда және басқа аймақтарда соғыс жүргізді [121, с. 241].

Аварлардың аталып отырған елшісі 558 жылдың басында келді. І Юстиниан тез шешім қабылдап, бұл тайпаны, яғни аварларды империяның сыртқы жауларымен соғысу үшін пайдалануға тырысты, өйткені ол аварлар жеңсе де, жеңілсе де пайда римдіктердің жағында болатынын түсінді. Мұнда тағы бір ескере кететін жәйт, бұл кезде Византия билеушілері сыртқы саясатта орын алған мәселелерді көршілес варвар тайпаларына пара бере отырып, оларды бір-біріне қарсы айдап салу саясаты әлдеқашан дамыған болатын. Византия билеушілері бір-бірімен іргелес қоныстанған варвар тайпаларын бір-біріне айдап салудың нәтижесінде өзінің сыртқы дұшпандарынан оңай құтылып отырған. І Юстиниан дәл осы әдісті қолдануды жөн санады. Оның басты қарсыластарының бірі Иран және аймақтағы бірқатар корольдіктер болды.

Осылайша, І Юстиниан елшілікті қабылдау жайлы алғашқы шешімді жылдам әрі оң қабылдады. Бұл кезде Византияның көршілес славян тайпаларымен арадағы соғыс жағдайларын және империяның өзге де сыртқы жауларының көптігіне байланысты олармен қарулы қақтығысқа шығудың мүмкін еместігін іштей түсінген Кандих есімді аварлардың елшісі уақытты созбай бірден негізгі мәселені реттеуге көшті. Менандр Протектордың айтуынша ол: Византия империясының басшылығына «Саған халықтардың ең ұлысы және ең күштісі келіп тұр, авар тайпасы жеңілуді білмейді, ол қарсыласының көзін еш қиындықсыз жояды. Сондықтан да, саған аварларды одақ ретінде қабылдау пайдалы және оларды өзіңе мықты қорғаныш ете біл, бірақ олар сенен жыл сайын бағалы сыйлықтар мен ақша алып тұрса және өздеріңдей құнарлы жерге орналасатын болса ғана Рим державасымен достық қатынасты орнатады» - деді [127].

Император І Юстинианда аварлар жайлы жеткілікті ақпарат көзі болған болу керек. Себебі ол сол кезде-ақ аварлардың барлық саяси күші қағанға

бағынғанын және осы күш византиялықтар мен славяндарға қарсы жұмылдырылғандығы жайлы біліп отырды. Жат жерлік елшілер бірнеше күн бойы оның шатырының алдында қабылдауды күтумен болып, алайда аварлардың елшілері мұнда ұзақ болмады. Сонымен, барлық жағынан таразылай келе император І Юстиниан авар билеушісі Баян қағанның елшілер арқылы қойылған талаптары мен ұсыныстарын қабыл алып, барлық қажетті шығындар мен сыйақы ретінде жыл сайынғы беріліп отыратын тарту-таралғы туралы уәдесін берді [127, 24 б.].

Бұған жауап ретінде арадан көп уақыт өтпестен, император І Юстиниан аварларға өзінің алғашқы елшілігін жіберді. Елшілікті оның ең жақын адамдарының бірі болған Валентин бастап келді. І Юстинианның саяси миссияларын орындауға келген Валентиннің негізгі мақсаты аварларды өзімен одақтас етіп, оларды толықтай Шығыс Рим империясының сыртқы жауларына қарсы соғыста пайдалану болды. Көшпелі халық ретінде саналған аварлардың даланың ұрыс тактикаларын жақсы меңгеруі, авар әскерінің ержүректігі мен соғысуға бейімділігі византиялық өкілдердің өз дұшпандарын жеңуіне кәміл сендірді.

Валентиннің мақсаты орындалды. Ол аварларды дегеніне жетті, яғни Византияның айналасындағы савирлерді, утригурлар мен кутригурларды, ең қауіпті саналған анттар мен басқа да славян тайпаларына қарсы соғысуға көмек көрсетуге көндірді. Бірақ, бұл жолы да аварлар византиялық елшілерге жоғары талаптар қоя бастайды. Ол бойынша алтын мен күмістен және басқа да қымбат бағалы бұйымдар, ақша және осы сияқты саудада айырбасқа түсе алатын заттар беруін сұрайды. Қойылған талап тілектер византиялықтар тарапынан жүзеге асырылады. Ал, аварлар болса олардың барлық қойған талаптарын бұлжытпай орындайды.

Осылайша, заманауи көзқарас тұрғысынан алғанда осы 558 жылы Византия императоры І Юстиниан мен авар ханы Баян қаған арасында елшілер арқылы қабылданған келісімшарттардың негізінде Шығыс Рим империясы мен Авар қағанатының арасында әскери одақтастық байланыс орнатылды. Ол бойынша, византиялықтар аварларға тиісті тарту-таралғылар мен алым-салықтар төлеп отырды, ал аварлар болса Византия империясының батыста Дунай өзені жағалауына дейінгі аймақтарын сыртқы жаулардан қорғап отырды. Бұдан көрініп тұрғандай император І Юстиниан жылдам шешім қабылдап, мәселені тезірек шешіп алуға кіріскен. Кейінірек Юстиниан тарапынан аварларға жақсы төлемақы төленгеннен кейін аварлар византиялықтарға қыр көрсетіп отырған тайпалар савирлерді ойсырата жеңіп, Қара теңіз маңындағы тайпаларды шекарадан ары ысырып тастады. Сонымен бірге утригурларға айтарлықтай зиян келтірді [127, 24-25 бб.]. Осылайша, империяда шиеленіскен сыртқы саяси жағдайларды қалпына келтіріп алу үшін Византия империясының билеушісі І Юстинианның аварлармен одақтасуы өте тиімді жағдайлардың біріне айналды.

Тараптар арасында 558 жылғы жасалған уағдаластықтан кейін осындай сыртқы саяси өзара әрекеттестіктер орын алып, ол Византияның сыртқы саясатына оң нәтижелер әкелді, ал аварлардың Еуропаға тереңдей енуіне

жағдай жасады. Осыдан соң аварлар Солтүстік Қара теңіз маңынан тез жылжып өтіп Дунай аңғарларына жетеді. Аварлардың әскери қуатының зор болуынан еуропалық тайпалар мен корольдіктер онымен санасып отыруға тура келді. Тіпті оған Византияның өзі де сес көрсете алмады. Менандр Протектордың қалдырған жазба мәліметтері бойынша аварларда алғашында жиырма мыңға жуық жауынгер болған, ал бірнеше жылдан кейін әскери тұтқындардың, туыстас тайпалардың өз еркімен қосылуының арқасында олардың саны тағы он мың жауынгерге көбейді [128].

Әскери одақтастық байланыстардың келесі бір көрінісі арадан бір жыл өткен соң 559 жылы қайта орын алды. Бұл жолы аварлар Шығыс Рим басшылары тарапынан жасалған талап-тілектеріне байланысты көршілес тайпаларға жорыққа шығады. Себебі, Византиямен іргелес жатқан варвар тайпалары оған қайта сес көрсете бастайды. Бұл кезде басты қауіп кутригурлар тарапынан болды. Олардың басшысы Заберган өз әскері мен және оған басқа да тайпалардың әскерлерін қосып алып Константинопольге қауіп төндірді. Византияның өтінішін мақұл көрген аварлар Қара теңіздің солтүстік беткейіне келіп, Дунайдың төменгі ағысы мен Скифия аймақтарындағы савир, утригур, ант және басқа да славян тайпаларын соғыспен жеңді. Оларға ауыр талаптар қойып, өзіне бағынышты етті. Олардың арасынан славяндар ауыр шығынға ұшырап, оның ішінде ант тайпалары зәбір көрді. Мұның өзіндік себептері де болып, мұнда император I Юстиниан ант тайпаларының мекендеген аймақтарда аварлардың өмір сүруі үшін олар үлестіріп берген еді.

Ғұн тайпалары мен славян тайпаларын бірнеше дүркін жеңіліске ұшыратқан аварлардың аймақта беделі жоғарылады. Олар кутригурлар мен утригурларды, савирлер мен анттарды жеңген соң күшейіп, бірнеше қорғансыз жатқан тайпалар мен халықтарды өздеріне бағындырды. Келесі кезекте, олар Византия империясының аумағына ішкерілей еніп, тағы да саяси талаптар қоя бастайды. Себебі, бірнеше халықтар мен тайпаларды өзіне бағындырған соң авар қағанатына қосымша қоныстанатын жерлер қажет болды. Осыған байланысты, аварлар Византия империясының аумағына тиесілі болған аймақтардан егіншілік пен жалпы тіршілік үшін жер сұрайды. Олар мұнымен шектелмей, мемлекеттер арасында және аймақта бейбітшілік пен қалыптасқан әскери одақтастық байланыстарды сақтап қалу мақсатында жыл сайын төленіп отыратын алымдар мен салықтардың көлемін арттыру туралы талаптар қойды. Осы аталған талаптарды жеткізу үшін авар билеушілері 562 жылы Византия императоры I Юстинианға тағы да екінші рет өз елшілігін жөнелтті.

Бұл жағдай I Юстинианды әбігерге салды. Оның салдарынан Шығыс Рим империясының билеушісі мен авар ханының саяси байланыстарына салқындық түсті. Дегенмен, I Юстиниан жағдайды ушықтырмау мақсатында аварларға басқа аймақтардан жер беруді ұсыну туралы шешім қабылдайды. Менандр Протектордың айтуынша 562 жылы император I Юстиниан аварларға Паннонияға қоныс аударуды ұсынады, бірақ аварлар өз жерлеріне бауыр басып қалғаны сонша Скифиядан басқа жерге көшкісі келмейтіндігін айтады [129]. Бұл жазбадан автордың Скифияның Солтүстік-Батыс және Солтүстік Қара теңіз маңын айтып отырған болуы әбден мүмкін. Себебі, аварлар негізінен осы

аймақтарда пайда болып, олар осы өңірде күшейген. Византия билеушілері оларды өз астанасынан алыста ұстау үшін Паннонияға жер ауыстырғысы келген болатын [129, р. 145]. Аварлардың Паннонияға әу баста-ақ қоныс аударғысы келмегендігі, ал I Юстиниан қайтыс болғаннан кейін оның орнына таққа отырған II Юстин ол жерді беруден бас тартқан кезде күшпен тартып алуға тырысқандығы түсініксіз.

Бірақ, оның өзіндік себептерін мынадан көруге болады. 562 жылғы аварлар тарапынан жасалған ұсыныстар қабылданбаған соң да авар елшілері Византия астанасына келуін тоқтатпады. Бұрынғы қалыптасқан дәстүр бойынша олар өздерінің алымдарын өндіріп, Византия императорларын әбігерге салып отырды. Осындай жағдайлардың бірінде Византия әскербасы, Юстин империя астанасында отырған елшілерді тұтқындауды бұйырады. Себебі, авар жансыздарының арасынан Икуним есімді бір кісі Юстинге аварлардың Византияны түбінде жаулап алу ниетінің бар екенін айтып, бұл жағдай мемлекеттер арасында қалыптасқан саяси достық қатынастарды бұзады. Авар елшілері елдеріне олжасыз оралған соң, бұл жағдай авар қағаны Баян ханның өшпенділігін күшейтеді. Авар қағаны Византияға соғыс қимылдарын ашуға бел байлайды [130].

Авар қағанаты мен Византия арасында туындаған соғыс жағдайының түп негізі себебі, жоғарыда аталғандай I Юстинианның аварларды Скифиядан ысыру әрекеті болды. Сонымен қоса, келесі бір маңызды фактор 565 жылы император I Юстиниан қайтыс болған соң, оның орнына келген II Юстин аварларға салық төлеуден бас тартуы болды. Мұның барлығы аймақта соғыс факторларын тудырып, оның нәтижесі аварлардың Паннония мен оның аймағын толық иеленумен аяқталды. Мұндай ретсіз әрекетті әрқалай түсіндіруге болады. Бұл византиялық авторлардың аз хабар беруі немесе ары қарай батысқа біреудің күштеп айдауымен бара жатқандығымен түсіндіріледі. Бұдан шығатын қорытынды аварлардың Фракияны сәтті басып алғаннан кейін Византия императоры Паннонияны беруге мәжбүр болды. Ортағасырлық авторлар бұл әрекетті қаңғып жүрген аварларға деген қайырымдылық деп санайды. Негізінде бұл келісімшарт қағаз жүзінде ғана болған, өйткені аварлар Паннония жерлерін кейіннен 567-568 жылы гепидтерді ойсырата жеңіп Италияға кетіп бара жатқан лангобардтардың қолынан алды [44, с. 36]. Археологиялық қазбалар бұл территория Драва өзенінің солтүстігінен Тиса өзенінің аңғары болғандығын куәландырады. Орта Дунай аймағы аварлардың негізгі қоныстанған жерлері болған, олар сол жерден Шығыс Рим империясымен батыс көршілеріне көптеген шабуыл жасап отырған.

Дегенмен, уақыт өте Византия мен аварлар арасында саяси байланыстар реттеле бастады. Ол Византия тағында биліктің алмасуымен, дәлірек айтқанда император II Юстиннің орнына Тиберий II Константиннің келуімен байланысты болды. 578 жылдан бастап ресми таққа отырған император Тиберий негізінен империяны 574 жылдан бастап II Юстинмен қатар биледі. Оның аварларға қатысты саясаты өзгеше болды. Ол өзінің мықты көршісі деп санаған аварларды I Юстиниан сияқты өзіне жақын ұстауға тырысты. Осының негізінде ол билікке келген 574 жылдың өзінде-ақ аварлармен байланыс орнату

туралы шешім қабылдады. Ол бойынша тараптар арасында келісім қабылданып, келісімшартқа сәйкес Византия тарапынан аварларға империямен шекаралас болған славян және басқа да тайпаларға қарсы соғысу ұсыныстары қойылды, аварлар бұл ұсынысты қабылдады. Ол үшін Византия аварларға жыл сайын 80 мың алтын көлемінде салық төлеп тұратын болды. Бұдан соң аймақта саяси жағдай тынышталып, соғыстар азая түседі. Алайда арадан екі жыл уақыт өткен соң бұл келісімшарт бұзылады. Оның бұзылуына елшілер арасындағы байланыстардың салқындауы, оларды жазықсыз тонау және басқа да жағдайлар себеп болады [130, 46 б.].

Аварлардың негізгі көздегені байлық пен территория болғаны анық. Бұған олардың Византияға қойған талаптары дәлел бола алады. Ортағасырлық жазушылардың мәліметі бойынша аварлар Паннония мен оның айналасындағы жерлерде де көшпенді өмір салтын жүргізуін тоқтатпады және жайылым жерлердің жетіспеушілігін сезінді. Аварлардың өндірістік еңбегі туралы, олардың ауыл мен қалалар тұрғызғандығы туралы мәлімет аз, тіпті жоқ десе де болады. Тонаушылық жорықтар күнделікті өмір салты болған. Өз кезегінде аварлардың Византия [45, с. 31] тарапынан алынған алым-салықпен тұтқындарды сатудан түскен пайда арқасында тіршілік еткендігін айта кеткен өте маңызды. Тіпті аварлар Византияның басқа халықтармен жасасқан саудасаттық істерін өз бақылауында ұстаған және осы арқылы олар өз тұрмысы мен шаруашылығының жайын реттеп отырған. Бірақ бұл туралы жазба деректер жоқ.

Заттай сақталған деректер мен археологиялық қазба ескерткіштері аварлардың Византияның сауда істеріне араласқаны туралы мәліметтер береді. Оның басты мысалдарының бірі қазіргі Мажарстан территориясынан VI-VII ғасырлардағы көптеген византиялық тиындардың табылуы аварлардың тонау мен алым салық алудың нәтижесіндегі байлық деп санауға болады. Аварларды азық түлікпен жергілікті егін шаруашылығымен айналысатын тайпалар қамтамасыз етіп отыруға мәжбүр болған. Екі ғасыр өткеннен кейінде дереккөздер аварлар экономикасындағы қандай да бір өзгерістің болғанын көрсетпеді.

592-598 жылдар аралығында аварлардың Византия территориясына, оның ішінде қазіргі Балқан аумағына басып кіру қимылдары жиілей түседі. Олар соғыста көптеген олжаға кенеледі. Олар көбінесе келіссөздердің арқасында кері шегініп отырған. Жалпы, сол уақытта Авар қағандығы мен Византия арасындағы аумақтың мәселелердің негізгі нүктесі Истр өзені болды. Бұл өзен тіпті мемлекеттер арасында шекара қызметін де атқарады. 594 жылдан бұл өзеннің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында император түрлі қорғаныс шараларын қабылдауға бұйрық береді. Дегенмен де аварлардың аймақтағы мұндай әскери табыстары оның саяси-экономикалық жағдайын аса жоғары болуына алып келе қоймады. Бұған ішкі саяси кикілжіңдер мен түрлі тартыстар кедергі болып отырды. Мұндай ішкі тартыстар қағандықтың әлсірей бастауына алып келді, тіпті бұл жағдай кейіннен аварлардың әскери жағынан құлдырауына себепкер болады [130, 48 б.].

Аварлардың Византиямен байланыстарын айту барысына міндетті түрде оның ішкі саясатына қатысты мәліметтерге де талдау жасап өткен дұрыс. Бұл кездегі аварлардың қоғамдық құрылысы туралы мәліметтер өте аз, бұл мәліметтер көбінесе әскери құрылымын сипаттаған кезде анықталып жатады. Аварларда руға бөлініс жақсы сақталған, олардың өкілдері соғыстада өздері бөлек әрекет жасап, тұрақтарда да басқаларда бөлек қоныстанған. Қаған (лат. *chaganus*, *saganus*, *gaganus*) деген түркілік термин еуропалық авторлардың шығармаларында аварларға қатысты ғана айтылып, бірақ ол Ұлы қоныс аудару кезіндегі барлық этностар қай жағынан болмасын бір-біріне туыс болып, өздерінде түркілік компоненттері болған. Бұл жаналықты түсіндіру қиынға соғады: бұл термин дәл сол кезде пайда болды ма, әлде ғалымдар сол кездегі аварлардың ішкі құрылысы туралы жақсы хабардар болды ма, ол жағы түсініксіз болып қалуда. Түркілік иерархия бойынша қаған деп үлкен тайпалар бірлестігінің басшысын атайды [131]. Аварлар Қара теңіз маңында қағандарын сайлағанына қарағанда өте күшті тайпалық бірлестік болғаны көрінеді. Аварлардың ең күшті қағаны болған Баян хан көбінесе әскерді өзі басқаратын болған, сонымен қатар елшілік қабылдап, бейбіт келісімшарт жасасып, византиядан алым-салық талап етіп отыратын болған. Қағанның тірегі оның жасағы болған [45, с. 142]. Бірақ орта ғасырлық жазбалардың кейбіреуі оның дара билік құрғанына күмән тудырады.

Жоғарыда аталғандай, аварлардың византиялықтармен соғыстары олардың мемлекетінің ішкі саясатында тартыстардың тууына алып келіп отырған. Сонымен бірге авар билеушілері арасында қандай да бір саяси кикілжің туа қалса, олар Византияға кететін болған. Мысалы, Феофилакт Симокаттаның айтуы бойынша, византиялықтармен болған кезекті қақтығысында аварлар жоқ болып кетіп, императордың жағына шығып кетеді. Ол туралы қауесет қағанды абдыратып, қаған оларды қайтару үшін жалынып, басқада көптеген әрекеттер жасайды. Бұл жағдай билеушінің әскери көсем ретіндегі ролін айғақтайды және оның аварлардың рулық құрылысына тәуелді екендігін көрсетеді. «Әсіресе оларға өздерінің арасынан шыққан қашқындар көп зиянын тигізеді, олар тұрақсыз және пайдакүнемшіл бола тұрып өзара келіспеушілік туындаған кезде байланыстар мен келісімді сақтай алмайды» [45, 180 б.].

VI-VII ғасырлардың ширегі аварларда мемлекеттің ішкі саясатында саяси тартыстар мен бытыраңқылықтар орын алды. Оның басты мысалдары Авар мемлекетінің ішінен кутригур-бұлғарлардың күшеюі мен олардың дербес өмір сүру әрекеттері, славяндардың тәуелсіздікке ұмтылуы және осы сияқты басқа да саяси қимылдар болды. Оның ішінде Орталық Еуропада Само есімді лидер құрған славян мемлекетінің аз уақыт болса да дербес өмір сүруі Авар қағанатының саяси бытыраңқылыққа ұшырай бастағанын аңғартады. Бұл мемлекет VII ғасырдың 30-50 жылдары өмір сүріп славяндардың тәуелсіз өмір сүруге дайын екенін көрсете алды.

Дегенмен, аварлар сыртқы саяси жағдайларға да мән беріп, оның ішінде Византияны назардан тыс қалдырмады. Аварлар өздерінің ескі әдетіне салып, империяға үнемі қауіп төндірумен болды. оған жауап ретінде Византия да бұрынғысынша аянып қалмай, керісінше аварларға сес көрсетуге талпынады.

Оның басты мысалдарының бірі VII ғасырдың алғашқы жылдарында Византия әскері Дунай және Тиса өзендерінің аңғарындағы алқаптарда аварлармен ірі шайқастар жүргізіп, жеңіске жетті. Бұл уақытта византиялықтарды жеңіске жетелеген императорлар Фока (602-610 жж.) мен Ираклий (610-641 жж.) [132] болды. Бұл императорлардың басқарған кезінде Византия империясы аварларға едәуір сес көрсетті. Бірақ, дала соғыстарына машықтанып, қарсыласына оңай берілгісі келмейтін аварлар мұнымен тоқтамай империяға ұдайы қауіп төндіріп отырды. Оның басты мысалдарының бірі 610 жылы аварлар Фракия арқылы Византия астанасына баратын аймақтарға бастырып кірді. Аварлар өздері бастырып кірген жерлерді мейлінше тонады. Осыдан басталған соғыс әрекеттері кейін де жалғасып, ол Византия империясы үшін айтарлықтай қауіпті болды.

Мұндай жорықтардың ең ауқымдысы 618-619 жылдары болып өтті. Бұл кезде аварлар Византия империясының астанасы Константинопольге тікелей бағыт алып, оны алғаш рет қоршауға алады. Империя астанасына қауіп төнеді. Аварлардың Византия астанасын тонауға ұшырату жоспарлары орындалмай қалды. Оларды көндіру үшін империя үлкен шығынға батты. Тараптар арасында келісімдер қабылданды. Әдеттегідей византиялықтар аварларды түрлі алымдармен көндіре алды. Алайда, Византияны өзінің негізгі «табыс көзіндей» сезінген аварлар оның Фракиядағы территорияларына жорық ұйымдастыруды қайта бастады.

Бұл мемлекеттер арасында жаңа бір соғыстың тууына алғышарт жасады. Айта кетерлігі, бұл кезде аварлар Еуропада әр түрлі халықтармен соғыс жағдайында және тиісінше достық қарым-қатынаста болған. Аварлар әр түрлі тайпалармен өзара келісімшартқа отырған. Олар франктармен бейбіт келісімшарттар мен әскери одақ құрған, аталған келісімшартты екі тарапта оңай бұзып отырған. Сонымен қоса, гепидтермен, лангобардтармен, славяндармен және басқа да тайпалармен кейде соғыс, кейде одақтастық жағдайында болған. Мысалы, аварлардың франктерге, византиялықтарға, гепидтерге қарсы бағытталған лангобардтармен құрған одағы елу жылға дейін созылған [133].

Осылайша аварлардың басқа халықтармен ара қатынасы әр түрлі болған. Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, кейбір ғалымдардың VII ғасырда аварлардың Дунайдың төменгі ағысымен Шығыс Азов жеріндегі Ұлы Болгарияға [131, 110-115 бб.] өктемдік жүргізді деген тұжырымдары күмән тудыруы мүмкін. Дегенмен, жоғарыда аталған соғыстан кейін аварлар мен византиялықтар арасындағы саяси жағдай толық тұрақтала алмады. Оның басты себептері көрші тайпалардың Византияға қарсы бірлескен шабуылдары, аварлардың талаптары және олардың 619 жылғы жасалған келісімдерді орындамауы мен осы сияқты себептер болды. Осылардың салдарынан тараптар арасында бейбіт қатынастар бұзылды. Оның салдары 626 жылы Византия мен Авар қағанаты арасында жаңа бір үлкен соғыстың тууына алып келді.

626 жылы басталған бұл соғыс Византия үшін ауыр болды. Өйткені, оның басты қарсыласы бұл соғыста тек аварлар ғана болмады. Бұл жолы ол аварлармен бірге парсылармен және славян тайпаларымен соғысты. Соғыс

кимылдары басталмас бұрын аварлар мен парсылар арасында Византияға қарсы бірлесіп соғысу және Константинопольді кезекті қоршауға алу жоспары қабылданады. Сонымен қоса, аварлар өз жағына Византиямен көршілес болған славяндарды да тартты. Византия үш мемлекетке қарсы соғыс алаңында жалғыз өзі қалды. Византия билеушілері Константинопольді қоршауға алған кездегі одақтастардың әрекеттері қауіпті болды. Қаланы қоршауға алуда басты әскери кимылдар славяндар тарапынан ұйымдастырылды. Олар негізінен аварлардың айтуымен кимылдарды жүргізіп отырды. Басты мақсат, Константинопольді алу және оның байлығын иелену [131, 99-100 бб.].

Парсылар әскери кимылдарды негізінен құрлықта жүргізген. Аварлар да қала іргесіне келіп, құрлықтан да теңізден де шабуылдар ұйымдастырды. Бірақ, жеңіс Византия тарапында болды. Византиялықтар әскерін үшке бөліп, теңізде және құрлықта шайқасты. Соғыста жеңілістің салдарынан аварлар қатты әлсіреді. Бұл жеңіліс аварлар үшін ауыр болып, олар өздерінің бұрынғы құдіретінен айрыла бастағанын және керісінше Византияның күшейгенін сезінді. Осыдан кейін Византия мен аварлар арасында ауқымды саяси процестер азайды, тіпті болмады деуге де болады. Оның себептері Авар қағанаты ішкі тартыстардан бытыраңқылыққа ұшырай бастады. Осымен Еуразияда Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуіріндегі Византия мен Авар қағанатының саяси байланыстары мен өзара қарым-қатынастары тарих қойнауына еніп кетеді.

Қорыта айтқанда, Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде Византия империясының сыртқы саяси өмірінде елеулі түрде әсер еткен Авар қағанаты Еуропадағы келесі бір түркі мемлекеті ретінде танылды. Византиямен шекаралас өмір сүрген Авар қағанатының саяси тарихы сан тараулардан тұрып, ол Халықтардың Ұлы қоныс аударуында ерекше із қалдырған мемлекеттердің бірі болды. Авар мемлекеті осы көштің жалғастырушылардың бірі ретінде қалып, ол ғұндардың одағына қарағанда ұзағырақ өмір сүрді. Аварлардың беріктігін моноэтникалығымен және санының аздығымен түсіндіруге болады. Ішкі жағдайда олар ғұндарға қарағанда саясатты басқаша жүргізді, қағанат құрамындағы халықтар бөлінбей, бейбіт өмір сүрді. Сыртқы саясатқа келгенде қағанат құрамындағы және онымен көршілес халықтардың да басты қарсыластары осы Византия империясы болды.

Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде Византия мен Авар қағанатының арасындағы байланыстар мен оның деңгейі сол кезде Еуропадағы ең ірі саяси процестердің бірі болды. Византияның саяси тағдырында аварлардың орны мен рөлі ерекше болды. Византия мен аварлар арасындағы саяси байланыстар аса құбылмалы жағдайда жүрді. Ұлы қоныс аудару дәуірінде екі мемлекет кейде өзара одақтас болып, кейде бітіспес қарсылас болды. Керісінше, Византия да аварлардың саяси тағдырына ерекше ықпал етті. Оның басты мысалдарының бірі ұзаққа созылған соғыстар мен саяси тартыстарда көбінесе аварлар жеңіске жетіп отырғанымен олардың тағдыры византиялықтардың алдында тым қысқа болды. Авар қағанаты IX ғасырға дейін өмір сүріп, ол жойылған соң, оның орнына келген халықтар мен ірілі-ұсақты тайпалық мемлекеттер де Византиямен түрлі бағыттарда байланысқа түсті.

3 IV-VII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ВИЗАНТИЯНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

3.1 Византия және Түркі қағанаты

Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірі Византияның саяси өміріне ықпал етіп, оның тағдырына өзгеріс енгізген кезең болды. Бұл дәуірде басты фактор халықтардың Батысқа қарай қоныс аударумен сипатталып, ол Византияның сыртқы саясатына осы дәуір аяқталғанша өзінің әсерін тигізіп отырды. Бұл дәуірде Шығыс Рим империясы тек өзімен шекаралас жатқан мемлекеттермен ғана емес, сонымен бірге Шығыстың өзінен әлдеқайда қашық жатқан елдерімен де байланыстар орнатып, өзінің сыртқы саяси тарихында үлкен тарих жасады. Византиядан қашықта орналасуына қарамастан өзара елшілік және сауда қарым-қатынастарын орнатқан мемлекет ол – Түркі қағанаты болды. Екі мемлекеттің саяси, елшілік, сауда-саттық байланыстары ежелгі дәуірде Еуразия кеңістігінде орын алған ауқымды процестерді құрады. Византия империясы Халықтардың Қоныс аудару дәуірінің алғашқы ғасырларында көршілес варвар тайпаларымен және іргелес жатқан корольдіктермен түрлі саяси процестерді бастан кешірген болса, ендігі кезекте бұл дәуірдің кейінгі ғасырларында Түркі қағанатымен өзара байланыстар орнатты. Бұл дегеніміз – Византияның дала мемлекеттерімен, алыс шет мемлекеттермен байланыс орнатып, Еуразияда ірі халықаралық процестердің басталуына жағдай жасады.

Византия мен Түркі қағанатының арасындағы саяси байланыстар тарихын зерттеу тарихшылар мен медиевист ғалымдардың назарын ұдайы өзіне аударып келеді. Басты ғылыми тақырып екі мемлекет арасындағы саяси және сауда-саттықпен байланысты болған өзара қарым-қатынастар тарихы болып табылады.

XX ғасырда шетелдік, кеңестік және отандық тарихнамада Византияның алғашқы дербес түркі мемлекеттерімен байланыстар орнатып, өз кезегінде оны дамытып өркендетудің жолдарын зерттеу негізге алынған еді. Ең бастысы, Византия мен Түркі қағанатының арасындағы саяси байланыстарға қатысты болған ғылыми тақырыптар Қазақстан тарихнамасында да қолға алынып, әр түрлі деңгейдегі ғылыми зерттеулер жүргізіліп келеді. Дегенмен, бұрынғы кезде Византияның ерте орта ғасырларда Ұлы даланың көшпелі халықтары құрған орталықтанған мемлекеттерімен қарым-қатынасының ғылыми мәселелерін толық шешіп берді деп айту қиын. Себебі, Түркі қағанаты тарихына қатысты концептуалды мәселелер әлі күнге дейін туындап, осыған орай жаңа ғылыми тұжырымдар қабылдануда. Мұндай ғылыми мәселелер қағандық тарихын толық зерделей отырып, сонымен бірге оның Византиямен саяси байланысына қайта терең бойлауды қажет ететіні сөзсіз. Ұлы дала көшпенділері құрған Түркі қағанаты мен Византия империясы арасындағы саяси, сауда-саттық қарым-қатынасты зерттеу және түсіндіру тақырыбы – өзекті және көздерді кеңінен қолдануды талап ететін тақырып ретінде қарастырылады.

VI ғасырдың ортасында Алтайда болашақта осы өңірден шығатын ірі мемлекеттік құрылымдардың бастамасы болған жаңа мемлекет – Ұлы Түркі

қағанаты пайда болды. Түркі қағанатының бірден күшейіп, оның аймақтағы өзге халықтарға өз үкімін жүргізуі, оны өте аз уақыттың ішінде бүкіл Еуразия құрлығына танымал етті. Түркі қағанатын аз уақыт ішінде танымал болуына әсер еткен негізгі факторлардың бірі сауда саласы болды. Түркі қағанаты аймақтағы көрші мемлекеттермен жақсы сауда-саттық қатынастар орнатты және қағанат халқы өзге елдерде сауда ісімен белсенді түрде айналысты. Бұл кезде Соғды жері Түркі қағандығының құрамында болып, соғдылықтар сауда-саттық жұмыстарын жүргізуді жетік меңгерді. Ерте орта ғасырлардағы авторлардың айтуынша соғдылықтар ең жақсы саудагерлер және Орталық Азиядағы саудадағы ең жақсы делдалдар ретінде танылды. Бұдан бөлек, ең маңыздысы оларда Византия мен оның айналасындағы елдерге саудаға шығарылатын жібек бар еді.

Түрік қағанатының құрылуы Ұлы дала аумағында мемлекеттіліктің қалыптасуымен тығыз байланысты. Бұл мемлекеттік бірлестіктің дәстүрлері кейіннен мемлекет болып қалыптасқан Хазар, Қыпшақ, Оғыз, Қазақ хандықтары мен басқа да түркілер құрған мемлекеттердің бастамасы болды. VI ғасырдың ортасынан бастап Ұлы далада құрылған Түркі қағандығы өзінің сырт елдермен байланыс орнатып, жаугершілік заманда өмір сүргендіктен, көптеген соғыстарға тап болды. Кей әдебиеттерде бұл мемлекет түркілердің алғашқы империясы деп те аталып, бұл мемлекетте осындай құбылыстың туындауы туралы айтуға болады. демек, Түркі қағандығы да өзге империялар сияқты жаулап алу кезінде алынған тәуелді аумақтардың болуына тән осындай мемлекеттіліктің қалыптасқанын көрсетеді. Ол дегеніміз жаңа жерлер мен өзге халықтарды бағындыру саясаты кез-келген империяның сыртқы саяси қызметінің дәстүрлі бағыттарының бірі болып табылады. Түркі қағанатында мемлекеттік басқарудың нақты жүйесі, мықты әскер, басқару құрылымдары болды [134]. Византия империясы Түркі қағандығының аз уақыт ішінде Ұлы далада мұндай саяси бірлестікке айналғанына үлкен танданыспен қарады. Византиялық билеушілер түркі мемлекетімен саяси байланыстар орнатып оны дамытуға асықты.

Ерте замандағы авторлардың айтуынша Түркі қағандығының Византияға тез танылуына әсер еткен келесі бір жағдай қағанаттың халқы жауынгер болып, ол византиялықтардың сол кездегі қауіпті көршілері саналған парсылар мен аварларға және басқа да көршілес көшпелі тайпаларға қарсы күресте одақтас бола алады деген сенім болды. Ерте орта ғасырлық авторлардың бірі Менандр Протектордың жазбаларында тақырыпқа қатысты келтірілген деректік мәліметтері болып, ол Византия мен Түркі қағанатының саяси және елшілік қарым-қатынастары бойынша фактілерге талдау жасаудағы деректік мәні зор. Автор осы дәуірдегі Византия тарихына қатысты мәліметтер беріп, сонымен бірге осы аталған екі мемлекеттің байланыстарын суреттеген [135].

VI ғасырдың 50-жылдары іргесін қалап, уақыт ағымына сай өзінің өмір сүру аумағын кеңейткен Түркі қағанаты оңтүстік-батыста ирандықтармен шекаралас болып қалды. Осы тұста, Түркі қағандығы мен Византия арасындағы саяси, сауда-саттық байланыстарына талдау жүргізбес бұрын түркілер мен парсылар арасындағы байланыстардың деңгейіне тоқталып өткен жөн. Себебі,

Түркі қағандығы мен Византия арасындағы байланыстарға арқау болған негізгі факторлардың бірі осы мемлекеттердің арасындағы сауда-саттық қатынастарының деңгейі болатын

Мұның барысына тоқталсақ, осы жылдары түркілер парсылармен және Түркі қағанатымен шекаралас болған эфталиттерді (ақ ғұндар) ауыр жеңіліске ұшыратады. Ендігі кезекте парсылар өзімен шекаралас болып қалған түркілерді аймақта көрігісі келмейді және өзінің байырғыдан жинақталған күш-қуаты мен абыройына сүйкенген парсылар түркілерді елемеді. Түркі қағанаты бұл кезде іс жүзінде Орта Азияда Соғды жеріне де иелік етеді. Соғды жері Ұлы Жібек жолының өн бойында орналасып, соғдылықтар Түркі қағанатымен жақсы байланыста болды.

Жоғарыда аталғандай соғдылықтар сауда ісіне өте шебер болып, сонымен қоса олар шығыстың және Түркі қағандығының басты жібек өндіруші аймағы ретінде саналды. Түркілер мен соғдылар бір-бірімен өте тығыз қарым-қатынаста өмір сүре отырып, сонымен бірге [136] алыс-жақын елдермен сауда-саттық қатынастарын дамытуды қолға алуға әрекеттенді. Осы мақсатпен түркі билеушілері өзімен көршілес отырған Парсы мемлекетіне елші жіберіп, онда соғдылықтар өндірген жібек мата мен жібектен жасалған басқа да бұйымдарды жөнелтеді. Басты мақсат, жібектен өндірілген бұйымдарды болашақта Парсы елінің аумағында саудалау болады. Бірақ, мұның барлығы іске аспай қалады. Иран патшасы Хұсрау түркі елшілерінің бұл ұсыныстарын қабылдамай, олардың көз алдында өздері әкелген жібек бұйымдарын толық өртеп жіберді.

Мұның жан-жақты өзіндік бірнеше себептері болды. Оның негізгілері парсы мемлекеті Шығыстағы ең ірі жібек өндіруші мемлекеттердің бірі болып, ол өзімен ешкімді бәсекелес санағысы келмеген. Сондай-ақ, бұл кезде Византия Парсы мемлекетінің басты жібек экспорттаушы мемлекеті ретінде саналып, ол бұл саланы ешкіммен бөліскісі келмеді. VI ғ. Парсы елі Қытаймен, Византиямен жібектен жасалған саудадағы басты делдалы болды. Парсылықтар өз монополиялық жағдайын тиімді пайдаланды және тауарларды өз қалауы бойынша көтерді. Әрине, византиялықтардың шикізат жібегін сатып алу өте пайдалы емес еді, әсіресе VI ғ. жібек құрттары қазірдің өзінде империяға әкелінді.

Бұған қарай отырып, Хұсрау [136, p. 222] шахтың Византияны өз тауарымен ғана қамтамасыз етіп, оны өзінің басты сауда серіктесі ретінде көргісі келетінін аңғару қиын емес. Дегенмен, Түркі қағандығы билеушілері мұнымен тоқтамай, екінші рет елші жөнелтеді. Бұл елшілік те дәл осындай ұсыныспен бара жатқан тұста, ол Хұсрау шах бұл елшілікті тоқтатуға бұйрық беріп, елшілерді өлтіруге әмір етті. Осыдан соң барып қана Түркі қағандығы Парсы мемлекетімен әзірге мұндай байланысты орнатудың қажеттігі жоқ екендігін түсінді.

Бұл кезде елшіліктің құрамында болған соғды көпесі Маниах парсылар мен түркілердің арасында достық қарым-қатынастар орнау мүмкін еместігін айтты. Жібек саудасы арқылы парсылармен жақындасуды көздеген түркілер өзінің мұндай саясатының жүзеге аспайтынына көз жеткізді. Айта кетерлік жәйт, бұл жағдай тарихи құбылыс болып, парсылар ілгері заманнан бері

Орталық Азиядан шыққан түркілердің әрекетінен сескенетін болған. Оның басты мысалдары сонау сақ заманында болған әскери соғыстар мен одан кейінгі ғұндардың соғыс әрекеттері еді. Осындай тарихи факторлар түркілер мен парсылардың арасын жақындату мүмкін емес еді.

Маниахтың парсылармен сауда-саттыққа қатысты ұсынысын қабыл алған Түркі қағандығының билеушісі Істемі қаған, басқа елдермен жібек саудасын дамытуды және соның негізінде сыртқы саудадан бөлек саяси-әлеуметтік салаларда байланыс орнату қажеттігін айтады. Осы кезде Маниах түркі қағанына аймақта жібек саудасын дамытатын болсақ, басқа елдермен байланыс орнату қажет деген ұсынысты айтты. Ол түркілермен жібек саудасын жүргізуі мүмкін болған мемлекет деп Византияны ұсынды және ол үшін тез арада Константинопольге елші аттандыруын сұрайды. Маниахтың бұл сөзі Византия мен Түркі қағандығы арасындағы байланыстарға арқау болып, қаған елшілік дайындауды бұйырды. Византия императорының атына хат жолданып, үлкен көлемде жібек материалдары алынып, елшілікті Маниах өзі басқарып Константинопольге аттанды [74, с. 288].

Осылайша, жоғарыда аталғандай, түркілер мен византиялықтардың алғашқы жақындасуы парсылармен байланысты болды. Парсы елінің Түркі қағанатына деген теріс көзқарасы мен ұстанымдары түркілердің Византияға жақындасуына себеп болды. Түркілерді жібек саудасында бәсекелес санаған парсылар өз бәсекелестеріне сауда базарларына мүмкіндік бермейтіндіктерін және соғыстың саудагерлерінің қол сұғушылықтарына қарсы күресті күшейтетінін түсіндірді. Бұл жағдай Түркі қағанатының Византиямен болашақ байланыстардың алғышарты бола отырып, сонымен бірге түркілердің сырт елдермен түрлі салаларда қарым-қатынастар орнатуға бейім екендігін көрсетті. Түркілер өздерін аз уақыт ішінде халықаралық аренада белсенді қатысушы ретінде жариялады. Түркі билеушісі өзі сауда базарларын кеңейту қажеттігін түсінді, өйткені қағанатта жібек көп болды және оны іске асыру қажет болды. Елшіліктің жіберілуін бастаған соғдылықтар іс жүзінде бүкіл қағанатқа пайдалы идеяның катализаторы ретінде әрекет етті [137].

Түркі қағанатының Византияға жасаған алғашқы сыртқы қадамдарының бірі 568 жылы жүзеге асырылып, онда соғды көпесі Маниах бастаған елшілік Константинопольге жіберілді. Соғдылық танымал саудагер әрі дипломат, саясаткер болған Маниахты елшілікті басқарудағы мақсат, оның тәжірибесі жоғары болатын. Жоғарыда аталғандай, соғды тайпасының өкілдері жақсы саудагерлер болғанын, қағандарға кеңес беруші ретінде қызмет атқарғанын ерекше атап өту керек. Тіпті олардың көпшілігі қағандықта жоғары лауазымды орындарды иеленген. Олар қоғамда ақылды саясаткерлер мен жақсы саудагерлер ретінде құрметтелді. Мұның бірнеше себептері болып, Соғды жері маңызды керуен жолдарының қиылысында орналасқан және оның тұрғындары сауда-саттықпен жақсы айналысқан, сонымен қатар әртүрлі халықтардың менталитетін, мәдени ерекшеліктері мен салт-дәстүрлерін білетін болған. Соғдылық саудагерлер әдетте, шет тілдерін меңгерген және жақсы дипломаттар болған [137, С. 41-42].

Осы тұста Византия империясының саяси ахуалына тоқталсақ, бұл кезде Шығыс Рим империясының сыртқы саясаттағы қимылдары құбылмалы күйде қала берді. Византия императорлары сыртқы күштердің әсерінен әбден қажыған болатын. Варварлық корольдіктер, Парсы мемлекеті мен Авар қағандығы бұл кезде Византия үшін басты қарсыластар ретінде саналды. Сыртқы күштерді әр түрлі әдіс-тәсілдермен, саяси айламен қарулы соғыстармен қайтарып отырған Византия билеушілері үшін Шығыста күшейіп келе жатқан келесі бір күш – Түркі қағанаты қандай саясат ұстанатыны шығыс римдіктер үшін белгісіз еді.

Бірақ, түркілердің шығыста жужандарды (аварларды) талқандағанын, олардың негізгі бөлігін көшіріп жіберіп, келесі бір бөлігін өз қоластында алып қалғанын және эфталиттерді соғыста жеңгені туралы мәліметтер Византия билеушілеріне келіп отырды. Шығысқа аттанып отырған географтар мен саяхатшылар және саудагерлер Орталық Азияда қуатты бір түркі мемлекеті құрылғанын византиялықтарға жеткізген. Түркілердің дәстүрлі өнерінде соғысуға бейімдігі мен олардың Ұлы далада күшеюі, сырт елдермен түрлі салада байланыстар орнатуға дайын екендігі византиялықтарға осындай жолдар арқылы жеткізіліп тұрды.

Түркі қағандығының құрылуы мен оның жужандармен (аварлармен) қақтығыстары туралы және соның негізінде аварлардың үлкен бөлігінің Кавказ жері арқылы Шығыс Еуропа жеріне көшіп келуі туралы мәліметтер, император I Юстинианның тұсында Константинопольге жетті. Алайда, Византия императоры I Юстиниан түркілердің шығыста күшейе бастағанына аса мән бере қойған жоқ. Себебі, империяның ішкі-сыртқы саясатында орын алған саяси процестер мен реформалық жұмыстары оның назарын алыс шығысқа аудармады. Византиялық билеушілер тек қана 565 жылы Юстинианның қайтыс болуынан кейін оның орнына тақты иеленген император II Юстиннің басқару тұсында ғана Түркі қағандығының Ұлы даладағы істеріне мән бере бастады. Айта кетерлігі, осы тұста аварлар тарапынан Византияға келесі бір талап-тілектер қойылып, алайда ол жауапсыз қалдырылды.

Император II Юстин қызықтырған басты мәселе ол түркілердің аварлар мен эфталиттерді жеңіліске ұшыратуы мен олардың өз кезегінде парсыларға сес көрсетуі қызықтырды. Түркілердің сыртқы сауда мен түрлі салаларда қарым-қатынастар орнатуға бейім екендігі II Юстинге ұнады. Менандр Протектордың жазбаларына қарағанда Түркі қағанатының Маниах бастаған елшілерін император II Юстиннің өзі жоғары деңгейде қарсы алады [135, С. 222-224]. Көрініп тұрғандай, византиялық билеуші түркілерді көруге және олармен сұхбаттасуға дайын болған.

Ұзаққа созылған сапардан кейін Маниах бастаған Түркі қағанатының елшілігі Константинопольге жетіп келді. Елшілік Кавказ жері арқылы өтіп, ондағы аландардың көмегімен, қауіпсіз жерлерден өтті. Маниахтың көптеген елдер мен жерлерден өтіп, биік таулардан асып, көлдер мен өзендерді кешіп, жазық далалар мен орманды алқаптарды басып өтіп жасаған ұзақ сапары сәтті болды. Византияға келген елшілерді шекара маңындағы күзетшілер орталыққа апарды және содан ары қарай Константинопольге жеткізді. Император бастап Византия билеушілері елшілікті өте жақсы қарсы алды. Византия астанасына

келген түркі елшілері жайғасып өз келген себептерін айтып болған соң император атына жазылған Істемі жабғудың достық негізде жазылған хатын Басилесвке (императорға) ұсынды. Басилевс түркі тілін оқи алатын арнайы аудармашы маман шақыртып, хатты оқытты және ондағы жазбадан өзінің аса қуанышты екенін білдіреді. Осыдан соң хатқа жауап жазып, Маниах бастап келген елшілікке өзінің үлкен ризашылығын жеткізеді. Сонымен қоса, түркі елшілері қажетті елшілік рәсімдерді жүргізе отырып, түркі билеушілері беріп жіберген сыйлықтар мен тарту-таралғылары берілді [138].

Маниахтың елшілігін жылы қабылдап, ондағы жазылған хаттан көңілі жайдары болған Византия билеушісі елшілермен ашық әңгімеге көшті. Византия билеушілерінің түркі елшілерін қабылдап, оларға ыстық ілтипат білдіруінің астарында өзіндік үлкен мән бар еді. Оның басты маңыздылықтары саяси мәселелер, аймақтағы көршілерден келетін қауіпсіздік, сауда-саттық салалары және басқа да тақырыптар болды. Бұған Менандр Протектордың жазбалары дәлел бола алады. Оның хабарлауынша, византиялық басшылар түркі елшілерінен олардың мемлекеті, күш-қуаты, байлықтары мен жерлері туралы көптеген сұрақтар қойып оған жауап алған [138, с. 27].

Менандрдың айтуынша, Византия империясында халықаралық қатынастар кеңсесінің басшылары түркілер мемлекетінің аймақтағы мәртебесі туралы және мемлекеттік құрылымы туралы білуге тырысты. Елшілердің хабарлауынша, Түркі қағандығы негізгі төрт аймаққа бөлініп, мемлекеттегі ең жоғарғы билік Силзибул (Менандр жазбаларында түркі жабғуы Силзибул және Дизабул деп аталған) ханға тиесілі. Византиялықтарды қызықтырған басты сұрақтардың бірі Аварлардың саяси жағдайы туралы болды. Император түркі елшілерінен аварлардың саны мен олардың қайда кеткені туралы мәлімет алу үшін сұрақ қойып, бұл сұраққа түркі елшілері олардың 20 мыңға жуығы қашып кеткенін және олардың біразы Түркі қағандығының қоластында екенін хабарлады. Сонымен бірге, аварлардың айналадағы туысқан халықтармен сіңісіп кеткенін жеткізді. Бұл жерде византиялықтардың аварлар жайлы сұрауының өзі заңды еді. Себебі жоғарыда аталғандай, Оңтүстік-Шығыс Еуропадағы аварлар Византияға жиі сес көрсетіп, оған саяси қысым көрсететін еді. Түркі елшілерінің айтуына қарағанда олар үшін аварлар аса қауіпті емес еді. Тіпті аварлардың біразын түркілер Батысқа қарай ығыстырған болатын.

Менандр Протектордың айтуынша византиялық билеушілердің түркі елшілеріне қойған келесі бір маңызды сұрағы ол эфталиттер жайлы болып, онда олардың түркілермен соғысқаны жайлы білгісі келген. Елшілер эфталиттердің түркілерден жеңіліп Оңтүстік Азияға қарай үдере көшкені жайлы айтады. Бұдан соң император эфталиттердің тұрмысы мен тіршілігі жайлы сұрап, тиісті жауабын алады. Елшілер эфталиттерге тиесілі болған қалалар мен елді-мекендердің барлығы дерлік Түркі қағандығының қоластына өткенін мақтана жеткізді. Елшілер Византия императорына түркілерге бағынышты халықтарды санап берді және ақырында римдіктер мен түріктердің бейбітшілік пен әскери одақтастығын бекітуді сұрады. Олар сондай-ақ өз жерінде өзге халықтардың талауға ұшыраған римдіктердің жауларына қарсы күресуге дайын екендіктерін шешті.

Осы сөздерін айтып болған соң елші Маниах қолын көтерді, ал басқалар айтқанның дұрыстығын дәлелдей отырып, үлкен ант қабылдады [138, С. 27-28]. Егер тараптардың қай-қайсысы шынайы берілген уәделерін орындамаса, олар Дизабул мен бүкіл халықтың қарғысына ұшырайтын болады. Осылайша, түркілер тарапынан жасалған мемлекеттік деңгейдегі келісімдер мен ұсыныстар Түркі қағандығы мен Византия арасында саяси қарым-қатынастардың алғашқы баспалдағы болды.

Бұл кезде түркілердің елшілігінің басты міндеттерінің бірі – ол Византия империясымен жібек саудасын дамытуды жолға қою болған. Бұл жайлы елшілер василевске өз ұсыныстарын да білдірді. Бірақ, бұл жағдай құпталмады. Себебі, Византияда жібек өндіру мен оның құртын өсіру жұмыстары Юстиниан тұсында, тіпті оның билеген кезіне дейін басталып [139] ол қазіргі кезде дамып кеткенін және империяның жібекке зәру еместігін жеткізеді. Дегенмен, екі мемлекет арасында басқа да қажетті тұтыну тауарларын сату мен айырбастау жұмыстары жүргізіле беретін болып келісілді. Бұдан өзге сұрақтар тараптар арасында ұзақ уақыт бойы талқыланып, ақыры өзара байланыстар мен одақтастық қатынастар орнатуға келісім берді. Келісім арнайы ант берумен қабылданды.

Соғды көпесі Маниахтың елшілігімен басталған Византия империясы мен Түркі қағанатының арасындағы сауда-саттық, саяси байланыстар бұдан кейін де жүргізіліп, ол осы VI ғасырдың 60-70 жылдары жалғасты. Мемлекеттер арасындағы басты халықаралық байланыстардың тірегі сауда мен елшілік, саяси байланыстармен сипатталды. Екі мемлекеттің сауда қатынастарында Ұлы жібек жолы маңызды қызмет атқарды.

Византия императоры II Юстин Түркі қағанатынан келген елші Маниахты қабылдап болған соң бекітілген келісімдерді тез арада жүзеге асыру мақсатында түркі елшісімен бірге өзінің елшісін жіберуге шешім қабылдайды. Бұл жағдай Византия императорының Түркі қағандығының билеушісімен жақын саяси байланыс орнатуға дайын екендігін анық көрсетті. Елшілікке Византияның Киликия аймағынан шыққан империяның Шығыстағы комиті қызметінде болған Земарх есімді сенімді өкілі аттанды. Византиялық елшіні түркі елшісімен қоса аттандырудың тағы бір себебі, бұл кезде жол-жөнекей туатын кедергілер көп болатын еді. Сондықтан екі елші Түркі қағанатына қарай бірге аттанды.

Елшілер қайтқан жолмен Кавказ арқылы, аландардың жерін басып, Орталық Азияға қарай енеді. Бұл кезде Византия елшісінің Шығысқа Түркі қағанатына келе жатқанынан хабар алған сасанидтік Иран шахы Хұсрау, лезде елшілердің бетін қайтарып, немесе өлтіру үшін аландардың билеушісіне өтініш жасайды, алайда шахтың бұл пиғылы жүзеге аспай қалады. Осылайша, Земарх бастаған византиялық елшілер 568-569 жж. Түрік қағанатының елшісі Маниахпен бірге, Кавказ тауларынан, Каспий теңізінің аймағынан өткен соң Хорезм және Соғды жерін басып өтіп, Оңтүстік Қазақстан арқылы түркі жағбуы Істемінің (Менандр бойынша Дизабул) сарайына жетіп келді. Билеушінің қабылдауына кірмес бұрын Византия елшілері жанып тұрған екі отты айналып өтеді. Бұл түркілердің өзіндік дәстүрі еді. Земарх бастаған

елшілерді алтынмен апталған, жібек маталармен безендірілген үлкен сарайда қарсы алды. Бір сөзбен айтқанда елшіге аса үлкен қошемет көрсетіледі. Бұл жайлы византиялық елшілер таңданыспен жазады [140]. Одан соң түркі ханы Мұқан қағанның қабылдауында болып, қаған византиялық елшілер мен олардың мақсаты мен билеушісінің саясаты жайлы сұрастырды.

Земарх өзінің билеушісінің сұранысын түркі қағанына жеткізді. Ол император II Юстиннің Византия мен Түркі қағандығының мемлекетаралық сауда-саттық, елшілік, достық байланыстарын орнату мен дамытуды қалайтынын жеткізді. Елшінің мақсаты тек сауда-саттық емес, сонымен бірге саяси байланыстарды қолға алу еді. Себебі, Византия үшін айналасындағы сыртқы жаулардан қорғану жолында ірі саяси-әскери одақтас керек еді. Түркі қағандығы мұндай одақтастыққа сенімді әрі берік екендігі көрінді. Земарх түркі билеушілеріне Византияның Түркі мемлекетімен Сасанидтік Иранға қарсы саяси және әскери одақ құруды ұсынды. Елшінің бұл ұсынысы бірден қабылданбай, әуелі өзара келісімшартты қатайту қажеттігі алға тартылды. Дегенмен, Земарх қағанға Византия императоры II Юстиннің бұған бейім және дайын екенін жеткізіп, түркі билеушісін көндірді. Византиялықтардың басты мақсат одақтастық қатынастар арқылы Сасанидтік Иранның қаупін сейілту болды [141].

Менандрдың айтуынша аз уақыт кідірістен соң Түркі қағандығының сыртқы мәселелерімен айналысушы Істемі жабғу мен қаған тарапынан Византияның парсыларға қарсы одақ құру ұсыныстары қабылданды. Оған Сасанидтік Иранның түркілерге саяси қыр көрсетуі себеп болды. Тіпті, түркі билеушісі кездесу аяқталысымен-ақ парсыларға жорыққа шығатынын айтты. Істемі Византия елшісі Земархқа өзінің жанындағы жиырма шақты адамымен өзімен бірге парсыларға жорыққа қатысуға шақырды. Елшіліктің қалған мүшелерін қайтарып жіберді. Осы жолда Талас өзеніне жете берген тұста Істемі мен Земарх Түркі қағанатына келе жатқан парсы елшілерін кездестіреді. Елшілер өздерінің жолығу себептерін айтып, ортақ диалог жүргізеді. Кездесу кезінде Істемі жабғу парсы елшілеріне менсінбей, көңіл аудармаған кейіппен қарайды да, ал Земархқа олардың алдында ерекше құрмет көрсетеді.

Түркі қағандығының аса құрметті билеушілерінің бірі саналған Істемі жабғу екі елдің елшісімен түскі ас ішіп, онда өзінің парсы елшілеріне риза еместігін осылай танытады. Осыдан соң парсы елшілерімен ашық сұхбат жүргізіп, онда Істемі Сасанидтік Иранның билеушісі Хұсрауға өзінің ренжулі екенін білдіреді де бұл үшін елшілерді жазғырады. Ирандық елшілер қаншалықты өз патшаларын ақтап әлек болғанымен, Істемі оларға мойын бұрмады. Ол елшілердің кері қайтуын бұйырды. Бұл жағдай Сасанидтер мен Түркі мемлекетінің арасындағы саяси жағдайды шиеленістіре бастады [142].

Парсылық елшілер кеткен соң ол Земархты да қайтарудың жолын қарастырады. Оның қасына тағы да бірнеше адам қосып беріп, ол енді жаңадан қосылған адамдарды келесі елші ретінде жөнелтті. Келесі елші болып, Түркі қағандығында тархандық (ішкі істер, сот) қызметте болған Тағман есімді саяси қызметкер аттанды. Бірінші рет елші болып барып келген Маниахтың ұлы да осы елшіліктің құрамына екінші мүшесі ретінде алынады. Земарх Арал маңына

келген соң елшіліктің адамдары екіге жарылып, бір бөлігі ашық даламен кетсе, келесі бөлігі қысқа жолмен батысқа қарай жылжыды. Себебі, елшілік құрамындағы адамдардың саны тым артты және ол елшілер үшін қауіпті болуы мүмкін еді.

Земарх өз адамдарымен бірге Еділ және жайық өзендерінің атырабына келген кезде, мұнда оны Сасанидтер мемлекетінің билеушісі Хұсраудың адамдары барлап жүргені туралы хабар алады. Осыдан соң лажсыздан құмды, батпақты жерлермен қашып, ол аса үлкен дайындықпен аландардың жеріне кірді. Алан билеушілері Земарх пен оның жанындағы түркі елшілерін жақсы қарсы алып, оларды қауіпсіз аймақтармен өтуіне мүмкіндік берді. Аландардың жерінен өткен соң Қара теңізге жақындап, Трапезунд жеріне жетті [72, с. 291]. Осыдан соң теңіз жолы арқылы Константинопольге жетті. Ол өзімен бірге түркі елшілерін ала барды.

Осылайша, жол-жөнекей парсылармен елшілік байланыстарын үзіп, дегенмен түркілермен саяси достық қарым-қатынастар орнатқан византиялық елші Земархтың Түркі қағандығына бастап барған елшілігі өзінің саяси миссиялары мен міндеттерін жоғары деңгейде атқара алды. Земарх бастаған елшілер Византия астанасына абыроймен оралды. Константинопольге келген соң елшілік өзінің Түркі қағандығына жасаған сапары мен түрілердің билеушілерімен жүргізген келіссөздері жайлы император кеңесінде есеп беріп, ол бойынша түркілермен саяси байланыстардың даму болашағының зор екендігін жеткізді [143]. Земарх бастаған елшілік Ұлы далада Түркі қағандығының аса қуатты мемлекет екендігі, оның қонақжайлығы және халықаралық байланыстарға құрметпен қарайтынын ерекше таңданыспен айтты.

Парсылардың түркілерден қауіптенетін түсінген II Юстин мен одан кейін билікке келген Тиберий де жақсы түсінген. Олар Земархпен келген түркілердің елшілерін жақсы қарсы алған. Түркі елшілері Византия императорына Істемі ханның ыстық сәлемін жеткізіп, өзінің тығыз саяси байланыстарды жалғастыру қажеттігін және сауда қатынастарын дамытуды қалайтынын айтты. Мұнда император II Юстин түркілермен одақтастық байланыстарға өзінің шексіз ризашылығын білдіріп, ол бұл саясатын негізінен парсыларға бағыттайтынын атап өтті. Осылайша VI ғасырдың соңғы ширегінде де саяси байланыстар одақтастық деңгейде өзінің жалғасын таба берді. Расында да бұл уақытта Иран Византияның сыртқы саясаттағы ең басты бақталасы, қас дұшпанына айналған еді. II Юстиннен кейінгі император Тиберий парсыларды екі жақтан қыспаққа алудың саяси жолдарын қарастырды. Себебі, бұл кезде Византияның Иранмен кезектегі соғысы жүріп жатыр еді [143, p. 118].

Осындай сыртқы саяси жоспарларды жүзеге асыру мақсатында император Тиберий 576 жылы Түркі қағанатына кезекті елшісін аттандырды. Түркілерге келесі рет аттандырылып отырған византиялық елшілікті Валентин басқарып баратын болды. Бұл елші өзі Византияда өзінің тәжірибесімен танылған адам еді. Айта кетерлігі, бұл кезде Византия астанасында түркі саудагерлері мен түрлі саладағы адамдарының қатары көбейе бастады. Олар тек елшілік құрамында ғана емес, өз бетінше де келген болатын. Елшіні Константинополь

каласында өмір сүріп жатқан түркі, парсы тілдерін білетін адамдар бастап барды. Елшінің жанына жүзден астам адам қосылды. Бұл жағдай біріншіден жол-жөнекей кездесетін қауіпті болдырмау үшін болса, екіншіден әр түрлі сала адамдары болып, олар Түркі қағандығы халқымен тәжірибе алмасу мақсатында жіберілді. Сонымен қатар, елшілік құрамында адам санының мұндай көп болуы екі мемлекеттің бір-біріне деген құрметінің белгісі болды. Земархпен бірге кеткен түркі елшілері Валентин бастаған елшілікпен қайтып келді [144].

Елшіні Істемі жабғудың баласы Түрксанф қабылдады. Алғашында түркі жабғуы елшіге өзінің ренішін білдіреді. Ол түркі елшілерінің кавказ бен аландар жері арқылы қиындықпен барғанын, өзінің Кавказ жерінде аландарды, одан ары өтіп қырымға дейін барғаны туралы және бірқатар халықтарды өзіне бағынышты еткенін айтады. Осы жолда ол өзінің одақтасының, яғни Византия билеушілерінің осындай іске өз ризашылықтарын білдірмегенін және ең маңыздысы өзінің әкесі Істемінің қайтыс болғанына келмеуі мен көңіл білдірмеуін айтып өзінің ренішін білдіреді. Осыған орай елші мен оның жақтастары жабғуға көңіл айтып, өздерінің қайғыға ортақ екендіктерін білдіреді. Осыдан соң Түрксанф оларға құрмет көрсетіп, қағанның ордасына қарай жөн сілтейді. Қағандықтың сыртқы істерімен айналысқан Түрксанф византиялық елшілерге кейіннен өзінің құрметін көрсетті. Валентин Түркі қағанымен кездесуден соң екі мемлекет арасында тек саяси ғана емес әскери одақтың құрылғанын және болашақта сауда қатынастарын одан ары дамытатыны бекітілді [72, С. 323-324].

Алайда, кейіннен VI-VII ғасырлардың тоғысында Түркі қағандығының құрамында әулеттік ішкі алауыздықтар мен тартыстар орын алып, ол ақыры 603 жылы қағанаттың екіге бөлінуімен аяқталды. Осыдан соң Түркі қағандығы жойылып, оның орнына екі жаңа түркі мемлекеті – Батыс және Шығыс Түркі қағанаттары пайда болып, олардың сыртқы саясатының бағыттары әр түрлі болды.

Мәселеге қатысты тұжырымдардың басты қорытындысы – Византия мен Түркі қағандығының арасындағы саяси процестер сол заманда халықаралық қатынастардың үлкен бөлігі болып табылады. Екі мемлекеттің географиялық орналасуы бір-бірімен қашық болғанымен, олардың бір-біріне деген саяси көзқарастары мен ұстанымдары өте жоғары болды. Византия империясы Батыстың қуатты мемлекеті ретінде саналған болса, Түркі қағандығы Шығыста Ұлы даланың империясы ретінде саналып, екі мемлекет сыртқы саясатта бір-біріне деген зор құрметпен қарады. Түркі қағанаты өзінің жарты ғасыр ғұмырында өзінің шалғайда жатқанына қарамастан Византияның сыртқы саясатына ықпал еткен мемлекет ретінде тарихта қалды. Византия Түркі қағандығына ерекше арқа сүйеді. Екі мемлекеттің арасындағы мұндай саяси байланыстарды VII ғасырдың басында Түркі қағандығының ыдырауы тоқтатты. Екі империяның жақын саяси қарым қатынастары Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуіріндегі Еуразияда халықаралық қатынастардың дамуына ықпал етті. Сонымен бірге, болашақта аймақтағы мемлекеттердің саяси-дипломатиялық қатынастарының дамуының жарқын үлгісін көрсетті.

3.2 Византия мен парсылар

Еуразия даласында Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде Еуропа мен Азия құрлығының басын біріктіріп, әлемдік алып мемлекеттердің бірі саналған Византия империясының сыртқы саясатында парсылармен жүргізілген саяси процестер де ауқымды тарихты құрайды. Ерте орта ғасырларда Византияның Шығыстағы өзі секілді қуатты көршісі Парсы мемлекеті аймақтағы оның ең басты саяси бақталастарының бірі болды. Византия императорлары әр жылдарда Иранмен толассыз соғыстар жүргізіп, сонымен бірге саяси және сауда-экономикалық қарым-қатынастар да жүргізіп отырды. халықтардың ұлы қоныс аудару дәуірінде Византияның сыртқы саясатында ерекше ықпалға ие болған. Бұл кезде Иранда Сасанидтік әулет билік құрып, ол еуропалық, римдік әдебиеттерде Персия деп аталды. Ал Шығыста Иран немесе Сасанидтік Иран деп аталып, ол өзінің ішкі саясатымен қатар, сыртқы саяси өмірінде де табысты саясат жүргізді. Қолда бар мәліметтерді талдай және сараптай отырып, Ұлы қоныс аудару дәуірінде Византия империясы мен Иран арасында жүргізілген саяси-дипломатиялық байланыстар мен оған қатысты болған келіссөздердің жүзеге асырылғанын көреміз.

Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде Византия мен Сасанидтік Иран арасындағы саяси процестерді IV-V ғасырлардың ширегінен бастауға болады. Бұл кезде, яғни 395 жылы дербес империя ретінде Шығыста өз билігін жүргізе бастаған Византияның сыртқы саясатында парсылармен байланыстырылған көптеген саяси факторлар орын алып, оның нәтижелері мен салдары әр уақытта әр түрлі болды. Бұл дәуірде екі мемлекеттің де территориясы өзге халықтардың батысқа өтуінде үлкен қызмет атқарды. V ғасырдың алғашқы жылдарында Византия тағын билеген император II Феодосий өзінен бұрын билеуші болған Аркадийдің парсыларға қатысты саясатын жалғастырды. Бұл кезде Византия мен Иран арасында туындаған басты саяси тақырып Кавказда қазіргі Армения территорияларына байланысты туындады. 415 жылы парсылар Арменияның ішкі істеріне қайта араласа бастады.

Мұнда басты саяси мәселе Арменияда билікте отырған Аршакидтер әулетінің билеушісі қайтыс болған соң таққа парсылардан шыққан мұрагердің отырғызылуы болды. Армения тағына парсы патшасы Иездигердтің баласы Шапур отырды. Бұл жағдай византиялықтар тарапынан наразылықтар тудырғанымен, ол соғыс қимылдарына бармады. Себебі, император II Феодосий мен парсы билеушісі Иездигерд арасындағы саяси байланыстар жақсы болды. Византия билеушілері парсылардың христиан дінін ұстанушыларға қолдау білдіргені үшін оларға құрметпен қарайтын еді. Алайда, 420 жылы Иездигерд қайтыс болып, оның орнына келген V Бахрам мен II Феодосий арасында саяси байланыстар түзу болмағандықтан, бірден соғыс жағдайлары орын алды. Басты себеп Армениядағы билік пен Ирандағы христиан дінін ұстанушыларға байланысты болды. V Бахрамның саяси-діни әрекеттері Византияның саяси ұстанымдарына нұқсан келтірді. Оның салдарынан 420 жылы Византия мен Иран арасында соғыс басталды. Соғыс кезінде жеңісті сәттер тараптар арасында алма-кезек орын алып, ол ақыры 422 жылы «100 жылға» жасалған келісіммен аяқталды [145]. Келісімшарттың

негізгі мазмұны парсылар өз жерінде христиан дінін ұстанғандарға еркіндік беретін болды, ал византиялықтар арабтарды өз аумағына кіргізбейтін болды.

Арменияға иелік ету екі империяның да геосаяси жоспарында ерте кезден орын алып, ол империялар арасында тартыстардың тууына себеп болып отыратын еді. Осыған байланысты Византия билеушілері Иранның мұндай шешіміне қарсы болып, ол тараптардың арасында соғыс жағдайының тууына алып келген еді. Бұл кезде Византия мен Сасанидтік Иран арасында басталған соғыстардың негізгі себебі діни факторлармен байланысты болды. Христиан дінін империялық дін деп жариялаған Шығыс Рим империясы өзінің айналасындағы елдерге осы дінді насихаттайтын еді. Солардың бірі Армения болып, ол Византияның әсерімен аймақта христиандықты мемлекеттік дін деп бірінші болып қабылдаған ел ретінде танылды. Армения билеушілері Византия императорларын өздерінің жақын қамқоршысы ретінде қабылдап, олардан ұдайы саяси және әскери көмек алып отырды. Осының негізінде Армения тек діни тұрғыда ғана емес, сонымен бірге саяси салада да Византияның жағында болды.

Мұнымен тоқтамаған Византия империясы Арменияда ұлттық шіркеу жұмысы мен жалпы христиандықтың таралуын қадағалап отырды. Арменияның бір бөлігі парсылардың бақылауында болғандықтан, Византияның мұндай саясаты парсыларға ұнамады. Христиан дінінің Армения мен өзге де аймақтарға таралуына қарсы болған парсылар Византияға қарсы шығып, осы соғыс соның салдарынан туындаған еді. Христиандықтың таралуы екі держава арасында ірі саяси тартыстардың тууына себеп болып отырды. 422 жылы бұл соғыс аяқталған соң таратар арасында жүз жылға арналған бейбіт келісім жасалды. Алайда, Византия мен Иран арасында саяси тартыстар мұнымен толастамады [59, с. 99].

Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде Еуразияда халықаралық қатынастардың басты тоғысқан аймағы Византия империясының территориясы мен оған қарасты аймақтарды көрсетуге болады. Византия Сасанидтік Иранмен қарым-қатынастардың дәстүрлі және сонымен бірге аса күрделі процесін бастан кешірді. Сонымен қоса, айналадағы варварлық тайпалар мен және корольдіктермен қарым-қатынаста болып, ол алайда тұрақсыз жағдайда болды.

Осы орайда IV ғ. соңы мен V ғасырдың басынан бастап парсылардың Арменияға ықпал ету әсерінен Византия мен Иран арасында ұзақ және ауқымды процесс болғаны жайлы тағы да қайталанатын. Бұл жолғы саяси процестер басқа саланың әсерінен орын алды. Ол сауда-саттық саласы болып, Сасанидтік Иран сол уақытта Византия империясымен тағы да Армения үшін бәсекеге түсті. Осылайша, екі елдің саяси-аумақтық амбициялары сауда ісіне қатысты болған бәсекелестікпен толықтырылды. Бұл уақытта Персия римдіктер үшін аса бағалы болатын жібек өндірісіне ие болды.

Осы тұста екі мемлекет арасында Кавказ жері үшін туындаған тағы бір мәселе – аймақта сауда-саттықты қолда ұстау мәселесі болды. Кавказ аймағы Византия мен Иранның басты сауда жолы болып, сыртқы сауда-саттықты дамытуға қолайлы өлке болып саналды. Армения Византияның Кавказдағы ең негізгі орталық аймағы қызметін атқарды. Ол арқылы Византия жібек

саудасында қыруар табысқа кенелді. Ал Арменияның Иранға қатысты аудандары аса белсенді болмай, өз кезегінде Кавказ жеріндегі сауданы екі тарап келісіп жүргізу керектігі алға тартылды. Осының салдарынан империялар арасында сауда-саттық байланысты тартыстар да туындап, ол әскери қимылдардың орын алуымен аяқталатын болған. Саудаға салынған басты тауарлардың бірі жібек болды. Византияның жібек саудасын қыздырған аймақтардың бірі ол осы Армения болып, жергілікті халық жібек саудасын жақсы игерді. Жібек саудасы тіпті екі мемлекет арасындағы саяси және дипломатиялық баланыстарды реттеудегі маңызды күш болды. Себебі, жібек өндірісі мен саудасы экономиканың маңызды бөлігі болып [144, с. 197] саналды.

V ғасырдың алғашқы жартысында Византияның сыртқы саясаты өте ауыр болды. Бұл кезеңде билік құрған император II Феодосийдің қабылдаған түрлі заңнамалық реформалары мен саяси шешімдеріне қарамастан, сыртқы саясатта аласапыран жағдайлар орын алып жатты. Ең басты мәселе варвар тайпалары, оның ішінде Аттила бастаған ғұндарды Шығыс Рим империясына қарсылық танытуы мен оның саяси-экономикалық талаптары империясының саяси-әлеуметтік өміріне қатты әсер етті. 440-441 жылдары Аттиланың Еуропада атой салып жатқан тұста Византия мен парсылар арасында кезекті шиеленіс пайда болып, ол тағы да Византияның христиандарға қатысты саясатынан туындады. Бұл 441 жылы тараптар арасында жаңа бір соғыс қимылдарын бастап, ол көп ұзамай, саяси бітімге келумен аяқталды. Бұл жолы парсылар шығыстан келген варвар тайпаларынан келетін қауіптен сескеніп, византиялықтармен 442 жылы тез бітім жасасты [145, с. 193]. Бұл келісім 422 жылы жасалған келісімді қайта қарап, соның баптарын бұзбай қайта бекітті.

Қабылданған келісімшарттардан соң Византия мен Сасанидтік Иран арасындағы саяси байланыстар сол қалпында қала берді. Келісімшарт сақталып, оның уақыты ұзарды. Соның негізінде V ғасырдың екінші жартысында Византияның шығыс шекарасында біраз уақыт тыныштық орнады. Әрине, бұл екі мемлекет үшін де тиімді болды. Бұл кезде екі мемлекет те бір-біріне саяси қысым көрсетуге шамасы келмеді. Византия бұл уақытта Шығыстағы христиандардың қатарын көбеюіне қанағат тұтып, сонымен бірге солтүстігінде ғұндармен, готтармен және басқа да варвар тайпалармен тартысқа түсіп әлек болып жатты.

Ал, Иран болса, Шығыстан жылжыған көшпелі тайпалардың қысымына ұшырап, онда эфталиттер мен азиялық ғұндардың басқа да тайпаларымен соғысып әлек болып жатты. Сонымен бірге Сасанидтер әулетінде өзара ішкі қырқыстар орын алып ол мемлекеттің сыртқы саясаты тұрмақ, ішкі жағдайын әлсіретіп жіберді. Осының салдарынан екі мемлекет арасында шекарада толассыз туындайтын мәселелер біраз уақытқа шегеріліп, ол екі мемлекет үшін де маңызды болды [146].

Осы тұста айта кетерлік маңызды жәйттердің бірі ішкі және сыртқы күштердің әсерінен әлсіреп, мемлекеттің саяси жағдайын реттеуде қиындыққа ұшыраған Иран билеушісі Ферух шаһ Византиядан көмек сұрады. Расында да 457-459 жылдары орын алған көтеріліс қимылдары мен азиялық ғұндардың

жорықтары мен империядағы соғыс жағдайы Иранды қатты әлсіреткен болатын. Византия тарапынан парсыларға қаржылай қолдау көрсетілді. Алайда, Иранда саяси жағдай мұнымен тұрақталмай, маздакиттердің көтерілісі орын алды. Ол Иранның жағдайын мүлде төмендетіп жіберді. Иранда орын алған осындай факторлар Византия мен парсылар арасындағы саяси жағдайды бір ретке келтіріп, ол келесі ғасырдың басына дейін жалғасты.

442 жылғы келісімнен кейін жарты ғасыр бойына жалғасқан бейбіт қатынастар V ғасырдың басына келіп қайта шиеленісті. Бұл кезде Византия императоры болған I Анастасий парсылармен жақсы қарым-қатынаста болуға тырысқан. Дегенмен аймақта құбылмалы болған саяси жағдай 502 жылы империялар арасындағы саяси ахуалдың қайта бұзылуына алып келді. Оның басты себептері ұзақ жылғы тартыстарды басып, ішкі-сыртқы жағдайды реттеген парсы билеушілері үшін қаржы тапшылығы байқалып, олар Византиядан 442 жылы келісімге сәйкес берілуі тиіс болған алымдарды төлеуін сұрайды. Өйткені, Сасанидтік Иран басшылары өз мемлекетінде болған жоғарыда аталған мәселелерді шешу үшін үлкен көлемде қаржы сарп етті. 442 жылы тараптар арасында келісім жасалған соң көп ұзамай Иранда басталған саяси дағдарысты пайдаланған византиялықтар алымдарды төлеуден бас тартқан болатын.

Бұл жолы Византия императоры I Анастасий парсы билеушісі I Кавад тарапынан қойылған мұндай қаржылық талаптарды орындамай, тек көмек көрсету мақсатында қаржы беруді ұсынады. Алайда, жылма-жыл Византиядан алым өндіруге тырысқан I Кавад мұнымен келіспейді. I Кавадтың мұндай талаптары Византияға ұнамай, ол алым төлеуден толық бас тартады. Бұған шыдамаған парсылар 502 жылы Византияның Армения провинциясына басып кіреді. Осылайша, ұзақ уақыт кідірістен соң тараптар арасында соғыс өрті қайта тұтанды [40, С. 21-22].

Бұл соғыс 502-506 жылдары жүргізілді. Өзінің аз уақыт жүргізілгеніне карамастан, бұл соғыс біріншіден Византия мен Сасанидтік Иранның мемлекетаралық байланыстарын аса шиеленістірген соғыс болса, екіншіден бұл соғыс екі мемлекет арасындағы ең ауыр соғыс болды. Парсы патшасы I Кавад Армения жері арқылы Кіші Азия аумағына түсіп, онда Феодисополь (қазіргі Эрзурум), Амида (қазіргі Диярбакыр) және осылармен іргелес жатқан басқа да қалалардың халқын аяусыз қырып, байлығын тонады, мәдениетіне аса ауыр шығын келтірді. Карр, Эдесса, амида қалалары ерлікпен күресіп, алайда ішкі сатқындардың кесірінен парсыларға берілді. Сол заманның куәгері Иешу Стилиттің айтуынша парсылар қала халқын аяусыз қырып, қамауда ұстаудың салдарынан адам етін жеу фактілері орын алған. Автор бұл туралы аянышпен жазады [52, С. 123-125].

Кіші Азия қалаларында болып жатқан мұндай қанқұйлы соғыстарды тез тоқтату үшін I Анастасий бітімге келу туралы шешім қабылдады. Ол парсылармен арада келіссөздер жүргізу үшін өзінің елшілерін жіберіп, тараптар арасында 505 жылы келісім жасалды. Византия 11 кентинарий көлемінде алтын төлеуге міндеттенді. Парсылар болса ұзақ уақыт қолында ұстаған Амида қаласын тастап кетті.

Алайда, келісім мұнымен жүзеге асырылмады. Тек келесі 506 жылы көктемде ғана тараптар арасында нақтыланған келісімшарт жасалып, ол тараптарға кемінде жеті жыл бойы соғыс ашпау міндеткерлігін жүктеді. Тараптар өз дегенін орындап, Иешу Стилиттің, Прокопийдің мәліметтері бұл соғыс Византияға үлкен қаржылай шығын келтірмегенімен, аса ірі көлемдегі адам шығынын келтірді. Қалалар қиратылды. Амида қаласы ерлікпен соғысып, алайда үлкен нәтижелерге қол жеткізе алмады [147]. Келісімшарт қабылданған соң шекара қалпына келтірілді, қалаларда жөндеу жұмыстары жүргізілді, жалпы өмір қайтадан жалғасты. Бірақ, тараптардың арасындағы саяси жағдай тұрақталмады. Оның өзіндік себептері болды.

Келісімшарт қабылданғанымен, V ғасырдың алғашқы жылдарынан-ақ басталған бұл қанды соғыс екі мемлекеттің саяси қарым-қатынастарын ұзақ уақытқа жақсарт алмады. Византиялықтарда парсыларға деген саяси өшпенділік күшейді, кек қайтару пиғылдары пайда болып, алайда, парсылармен соғыс қимылдарын жүргізу оңай емес еді. Арадан көп уақыт өтпей-ақ византиялықтар қайта қыр көрсете бастады. Оның басты мысалы үйреншікті жағдайға айналған жыл сайынғы уәде етілген алымдарды төлеуден бас тарту болды. 518 жылы Анастасийден кейін Византия тағын иеленген I Юстин сыртқы саясатта парсыларға жақсы көзқараста болуға тырысқанымен, ол алымдарды төлеуден бас тартты. Осының салдарынан шекарада жорықтар ұйымдастырылып, екі мемлекет бір-бірінің территориясына рұқсатсыз еніп отырды. Осындай жорықтардың бірінде римдік билеушілер арасынан екі адам тұтқынға түседі. Олар император Юстиннің ара түсуімен астанаға қайтарылды. Осылайша, екі мемлекеттің саяси қарым-қатынастарына көп ұзамай қайтадан іріткі салынды [40, с. 55].

Прокопийдің айтуынша, бұл кезде I Юстин мен I Кавад арасында саяси байланыстар алғашқыда нашар болғанымен, кейіннен өзара түсінушілік жағдай да орын алған. Ол I Кавадтан кейін билікке келетін мұрагерлерді мойындау мен олардың патшалық билігін танып, жақсы қарым-қатынастар орнату және ең маңыздысы егер тақ үшін ішкі қырқыстар орын алса, оған көмектесу болды. Византиялық билеушілер үшін бұл қалыпты жағдай болып, олар өз саясатын жалғастыра беретін болды. I Кавад таққа баласы Хұсраудың отыруын қалайтын еді [40, с. 32]. Осының негізінде екі мемлекеттің саяси байланыстары біршама реттелді. Бірақ, бұл парсылардың Византияға қатысты келесі бір тұрақсыз саясаты болды. I Кавад парсылардың келесі билеушісі етіп Хұсрауды нықтаған соң Византиямен жүргізілген келіссөздер ұмыт болды. Мемлекет шекарасында ірілі-ұсақты жорық қимылдары толастамады.

Осындай жорықтар ірі соғыс қимылдарына ұласып ендігі соғыс майдандары Кавказ, қазіргі Грузия жерінде ашылып отырды. Мұнда Иберия патшалығы өмір сүріп, ол парсылардың саяси қысымына шыдай алмай, Константинополь билеушілерінен демеу сұрап отырды. Иберия мен Лаз жеріндегі парсылардың басқыншылық қимылдары византиялық элитаға ұнамайтын еді. Өздерін Византияның субъектісі ретінде санаған бұл патшалықтар византиялық василевстердің көмегіне үлкен саяси сенім артатын еді. Бұл кезде Иберия мен Лаз патшалықтарына қолдау көрсетуге дайын болған

келесі билеушілердің бірі Юстиниан еді. I Юстиниан деген атпен таққа отырған ол өз әскербасы, сенімді серігі Велизариймен бірге бұл елдерді қорғауды қолына алды. Қаншама адами және материалдық шығындарға қарамастан бұл жерлерді өз уысында ұстау Византия үшін маңызды болды. Бұл патшалықтар арқылы Византия Шығыспен аса үлкен көлемдегі сауда-саттық қатынастарын жүргізіп отыратын еді.

Византияның Иранмен саяси байланыстарының ауқымды кезеңдерінің бір бөлігін Византия императоры I Юстинианның басқарған кезеңі қамтиды. Иранмен тұрақты дипломатиялық қарым-қатынастар орнату және ол үшін жүргізілген келіссөздер Византия үшін оңайға түскен жоқ. Бұл мәселе бойынша көптеген тарихшылардың жалпыға танымал болған пікірлері Персиямен өтетін бейбіт келіссөздер Византияға ешқашан арзанға түспеген [148]. Жалпы алғанда, император I Юстиниан 527-565 жылдары билік құрған уақытында Византия империясы Иранмен бейбітшілік пен бітім туралы бес рет (532, 545, 551, 556 және 562 жылдары) өзара келісімшартқа қол қойған.

Өз кезегінде, I Юстиниан тарапынан жасалған бұл келісімшарттардың барлығы негізінен Византия үшін ауқымды материалдық шығындарға алып келіп отырды. Мұндай материалдық шығындар Иран әміршілерін өз дегеніне көндіруде және Шығыс шекарадағы жағдайды реттеуде, сондай-ақ аймақтағы қауіпсіздік пен тыныштықты сақтауға жұмсалып отырды. Сонымен бірге, әсіресе келісімшарттар кезінде қарама-қарсы жаққа, яғни Иран әкімшілігіне өтемақылар мен алымдар төленді. Осы жасалған әрбір келісімшарт бойынша Византия тарихын зерттеуші ғалымдар тарапынан әр түрлі деңгейде түсіндірмелер жасалып отырған.

I Юстинианның Парсы мемлекетімен жүргізген саяси-дипломатиялық байланысын дамыту үшін жұмсалған қаржылық шығындар ең бастысы сыртқы саяси байланыстарды дамытуға бағытталғаны маңызды болды. Империяның шығысындағы шекараларында бейбітшілік орнату және қол жеткізу үшін жұмсалған қаржы Византия үкіметінің шығындары туралы азды-көпті мәлімет алудың ең жақсы әдісі тек Иранмен жүргізілген бейбіт келісімдердің шарттарын талдау ғана емес, сонымен қатар Иранда парсы елшілері мен елшілік миссияларын ұйымдастыруға жұмсалған шығындарды есептеу де басты назарда болуында еді. Мұндағы айтылатын негізгі ой мен тұжырым Византия империясының Иранмен дипломатиялық байланыстарды орнату мен дамытуда жұмсалған осындай шығындарының көлемі туралы негізгі қорытындысын көрсету тақырыптың құндылығын арттырады [149].

Императорлар I Юстин мен I Юстиниан тұсында Византия империясы мен Сасанидтік Иран арасында көптеген геосаяси текетірестер орын алып, оның аяғы үлкен соғыстарға әкеліп отырды. Оның ішіндегі ең маңыздысы 526-532 жылдары болған Ибериялық соғыс еді. Осы екі соғыстың барысында жүзеге асырылған мемлекетаралық саяси-дипломатиялық қатынастар аса ауқымды процесті құрайды. Дәлірек айтқанда тақырыпқа арқау болатындай көптеген мәліметтердің тууына себепкер бола алады. Византияның Иранмен жүргізген байланыстарындағы аса үлкен саяси оқиғалардың бірі осы 526-532 жылдары жүргізілген соғысы болды. Соғыстың алғышартына I Юстинианның Кавказ

аймақтарында жүргізген саяси және діни әрекеттері себеп болды. Бұл кезде Византия тарапынан Кавказда, дәлірек айтқанда қазіргі Грузия жерінде ежелден өмір сүрген Иберия патшалығына Христиан дінін күштеп енгізіп, онда Зороастризм дінін ұстанған жергілікті халыққа қысым көрсетіледі. Бұл жағдай өз кезегінде Византия мен Иран арасында жаңа бір соғыстың тууына себепші болған еді.

Бұл соғыстағы алғашқы қимылдар 525-526 жылдары басталып, соғыстың басты ошақтары Кавказ бен Солтүстік Месопотамия, яғни Сасанидтік Иран территориялары болды. 527 жылы соғыс кезінде император I Юстин кенеттен қайтыс болып, оның орнына осы I Юстиниан келді. I Юстиниан өзінің таққа келуінен бұрын басталған соғысты жалғастыруы тиіс болды. Византия билігі одан соғысты табысты жүргізуін сұрады. Византиялықтардың әскерін атақты әскербасы Велизарий басқарып, ол соғыс барысында бірнеше рет табыстарға қол жеткізді. Оның басты мысалдары 528 жылы парсылар Иберияда табысты соғыс әрекеттерін ұйымдастырған болса, 530 жылы Велизарий парсыларға тегеурінді қарсылық көрсетіп оларды біраз шығынға ұшыратады және жеңіске қол жеткізді. Бірақ шешуші ұрыстарда Иран әскерлері жеңіске жетіп, Византия әскерлерін талқандады [150].

Бұл соғыс Византия үшін ауыр болып, ол соғыста жеңіліске ұшырады. Византия Иранмен келісім жасауға мәжбүр болды. Бұл келісімшарт «Мәңгілік бейбітшілік» деп аталып, ол 532 жылы 1 қыркүйекте жасалды. Келісімшартты жүзеге асыруда да қаржылық алымдар мен соғыс шығыны сияқты өзара төлемдер төленді. Мұның басты дәлелі ретінде византиялық тарихшы Кесариялық Прокопийдің еңбектерінде келтірілген мәліметтерді көрсетуге болады. Ол мәліметтерде осы келісімде жаңадан (531 жылы) билікке отырған сасанидтік әулеттің келесі бір өкілі Иран шахы Хұсрау Ануширванға келісімшартты рәсімдеу мен оның жүзеге асырылуына кепілдік беруге көндіру үшін бірқатар алымдар берілгені айтылады. Келісімшарттың басты мазмұны территориялық және дань төлеу болды. Дәлірек айтқанда, соғыс барысында парсы әскерлерінің жаулап алған Византия территориялары римдіктер тарапынан дань төлеумен қайтарылады. Иберия Сасанидтік Иранның сыртқы бақылауында қалдырылды. Хұсрау Ануширван келісімшарттың тезірек жүзеге асырылуын талап етті. Иран шахы соғыста әлсіреген өз мемлекетінің қазыналық шығындарын қайта толтыруға асықты.

Прокопийдің мәліметтерінде Византияның Иран шахы Хұсрауға төлеген кентинарийдің (алтын ақша бірлігі) көлемі 110 болғаны айтылады [40, с. 70]. Бұған қатысты мәліметтерді Византия тарихын зерттеушілер де жоққа шығармайды. Алайда, сонымен бірге 532 жылдың күзінде Хұсрау Ануширванға осындай көп мөлшерде алтын берілді дегенге сенбейтін зерттеушілер де аз болмады. Дегенмен, Византия үшін ежелден көрші және аймақта бақталас болып келген Сасанидтік Иранмен бітім жасау қашан да болмасын оңайға соқпаған. Мемлекеттер арасында бейбітшілік орнату үшін I Юстиниан тарапынан берілген осындай көп мөлшердегі төлем екі мемлекеттің байланыстарына толық нүкте қоя алмайтыны анық еді [151].

Бұл кезде жаңадан билікке келген екі империя басшылары I Юстиниан мен Иран шахы Хұсрау Ануширван арасындағы байланыстар соғыс келісімімен басталды. 532 жылғы бейбітшілік үшін берілген алтынды берудегі императордың басты саяси мақсатын оның Шығыстағы тұтқындар мен соғысты жалғастыра алмай қалған византиялық әскерді аз уақыттың ішінде босатып және кері қайтарып, империяның сыртқы саясатындағы басқа мәселелерді шешумен, сондай-ақ Ұлы қоныс аудару дәуірінде өзімен көрші тайпаларға антивандалдық жорықтарды бастауға тырысуымен түсіндіруге болады. Бірақ бұл жолы Византия Иранмен бейбітшілік келісімшартқа отыруға асықпаған. Ол бейбітшілік туралы келіссөздерді Иранның шамадан тыс талаптары үшін немесе парсылардың келіссөзді бастау шарттарының ашықтан-ашық бұзылуына байланысты бірнеше рет кейінге шегеріп отырған. Византия соғыс шығындарын барынша азайту үшін сол кезде белгілі әсер ету тетіктері – қарсыластың жеріне әскери рейдтерден бастап, тәжірибелі елшілерді жіберуге дейінгі әдістерді де пайдаланды [40, С. 49-50].

Византияда I Юстиниан осы соғыстан соң сыртқы саясат пен жоспарланған соғыстардың барысын өзгертуге тырысты. Ол өзіне одақтастар іздеді, византиялық армияның қатарын барынша толықтырды. Сонымен қатар Иран шахының елшіліктері бейбітшілік шарттарымен мүмкін болатын төлемнің сомасын талқылады. Бейбітшілік келісімдер екі жақтың да соғыс қимылдарын жалғастырудың болашағының жоқтығын бірдей мойындағаннан кейін жасалды. 532 жылғы келісімшарт қарсыластардың тепе-тең мәртебесі мен әскери-саяси мүмкіндіктерін көрсетті. Бұл келісімшарт өзара шектеулерден тұрды, соның ішінде византиялық алым парсылардың көрсеткен «қызметі» үшін нақты алым болуы керек еді.

Византияның Сасанидтік Иранмен байланыстары 532 жылғы жасалған келісімшартпен жақсара бастағанымен ол көпке созылмады. Арадан көп өтпей 540 жылы Иран шахы I Хұсрау Византия қалалары мен бірнеше елді-мекендеріне шабуыл жасайды. Оның ішіндегі ауыр шығынға ұшырағаны Антиохия болды. Мұнымен шектелмеген парсылар Византияға тағы да қыр көрсете бастады. Оның басты мысалы 541 жылы Оңтүстік Кавказдағы грузиндердің Лаз патшалығының халқы өз патшасы II Губаз патшаға қарсы саяси көтеріліс ұйымдастырып, оны жүзеге асыруда Иран шахынан әскери қолдау сұрады. Бұл сұраныс Иран шахының Лаз патшалығын бағындыруға және сол арқылы Қара теңізге шығуға мүмкіндік береді деген жорамалын жүзеге асыратындай болды. Көп ұзамай, Иран шахы Лаз патшалығына басып кіреді. Лаз патшасы Византиядан көмек сұрады. Император I Юстиниан бірден келісім беріп, Иран әскерлеріне қарсы соғысқа кіріседі [152].

Бұл соғыс 541 жылдан 562 жылға дейін созылып, ол «Лаз соғысы» деп те аталды. Соғыс барысында екі жақ кезек-кезек табысқа қол жеткізіп отырды. Сонымен қоса, ара-тұра өзара келісімдер де қабылданып отырды. Солардың бірі 545 жылы жасалған келісімшарт болды. Бұл кезде де келісімшартты қабылдауда әдеттегідей византиялық елшілік мұрындық болды, ал келіссөздердің нәтижесінде византиялықтар парсыларға тағы да алтынмен төлем жасады. Византия Иранға 20 кентинарий көлемінде алым төледі.

Келісімнің ұсынылуы мен бекітілуінде өзіндік жоспары болды. Оның басты мақсаты Шығыста біраз уақыт тыныштық орнату болды. Нақтырақ айтқанда, византиялықтардың парсылармен жаңа келісімдер жасаудағы негізгі көздегені ол Шығыстағы белгілі бір уақытқа дейінгі бейбіт өмірді сатып алу еді [107, с. 98].

Келісім қабылданып, тараптар арасында бейбіт қатынастар орнағанымен, ол ұзаққа созылмады. Оның басты мысалы арадан бес жыл уақыт өткен соң тараптар арасында соғыс қайта басталды. Бұл жолы да Лаз патшасы Губаз император І Юстинианнан өзін толықтай Византия империясының құрамына алуды ұсынды. Ал, лаз халқы бұған қарсы болып, түрлі ішінара саяси қайшылықтар орын алды. Осыдан соң Лаз патшасы Византияның Иран шахы Хұсрауға қарсы соғысуға шақырды. І Юстиниан мұны мақұл көріп, соғысуға бел байлады.

Соғыстың жаңаруына екі негізгі себеп болып, онда біріншіден кек қайтару болса, екіншіден Кавказдағы Ластика жерін (Лаз патшалығын) түгел [153] өзіне қосып алу болды. Лаз жерін және Кавказды өзіне шекаралық буфер ретінде ұстауға тырысқан І Юстиниан Иранмен соғысуға шешім қабылдады. Ол 549 жылы Кавказға өзінің әскербасылары Дагосфейді аттандырды. Бұған жауап ретінде шах І Хұсрау әскербасы Мермерой бастаған армияны Византиямен соғысқа жіберді. Дагосфей Батуми, Кобулети және бірқатар қалалар мен бекіністерді алды. Мұнымен қоса Рекифанг, Бесс сынды қолбасшылар табысты әрекеттер жүргізді. Соғыс Византия әскерін жігерлендірді. Бұған жауап ретінде Хұсрау шах қосымша күш жіберіп, оған да Мермерой басшылық етті. Ол Музхерез, Кутаси және Ухимерий қамалдарын алды. Қосымша күштің әрекеттері византиялықтарды әбігерге салып, алайда олар ерлікпен соғысты. Нәтижеде, тараптар үлкен шығынға ұшырады [154].

Тараптардың бір-бірімен тоқтаусыз соғысынан күдіктенген І Юстиниан тағы бір рет келісімге келуге қарсы болмады. Мұны түсінген Иран шахы Хұсрау Константинопольге өз елшісі Исдигунды бітім жасау үшін тағы да жөнелтті. Келісімді қабылдау тартыстарға толы болды. Ақыры, тараптар өзара шешімге келді. Қабылданған шешім бойынша тараптар арасында бес жылға дейін соғыс ашпау туралы келісім жасалды және І Юстиниан 26 кентинарий көлемінде соғыс шығынын төледі. І Юстинианның төлеген алтыны Византия империясының Кавказдағы шекарасының тыныштығын қамтамасыз етуге жұмсалатын болды. Себебі, бұл аймақтарда өмір сүрген варвар тайпалары Византияның шығысынан басып кіріп тонаушылық жорықтарын жүргізіп отыратын еді. Бұл жағдай аймақтағы жергілікті халықты мазасыздандыратын еді. Сондай-ақ, ең маңызды факторлардың бірі І Юстиниан осы алтын арқылы Сасанидтік Иранның Қара теңізге шығу амалын тағы да бес жылға шегерді. Бітімге келу ұсынысы парсылардан түсіп, алайда соғыс шығынын византиялықтардың төлеуінің тағы бір себебі, бұл кезде соғыстың жаңаруы Византия тарапынан басталғандығынан болды [155].

Алайда тараптар арасында саяси жағдай мұнымен тынбады. Арадан екі жылдай уақыт өткен соң тараптар арасында соғыс қайта жаңарды. Бұл жолы соғысты Иран бастады. Басты мақсат, қалай да болмасын уақыт оздырмастан

Қара теңізге түсу болды. Осыған байланысты 553 жылы тараптар арасында соғыс қайтадан жаңарды. І Юстиниан Иран шахы Хұсрау тарапынан басталған соғыстан ешбір қымсынбай, керісінше оған тиісті жауап беруге әрекеттенді. Тарихшы Миринейлік Агафийдің көрсетуі бойынша соғыста Иран әскерін Мермерой мен Нахогаран басқарса, Византия әскерін Бесс пен Юстин басқарды [41, с. 69]. І Юстиниан бастаған византиялық әскерлер шах Хұсрау әскеріне тегеурінді қарсылық көрсетті. Соғыста Иран жеңіліске ұшырады. Тараптар арасында 556 жылы (кей мәліметтерде 557 жыл) тағы бір рет келісімшарт қабылданып, ол да бес жылға жоспарланды. Бұл соғыста І Юстиниан тарапынан ешқандай алым-салық төленбеді. Дәлірек айтқанда, Византияның Иранмен болған кезекті дипломатиялық келіссөздерінде жаңа шығындары болмады. Бұған соғысты Иранның өзі бастап және соғыста өзі жеңіліске ұшырауы себеп болды [41, с. 88].

Бұдан кейінгі жылдары Византия мен Иран арасында Лазика жеріне қатысты ешқандай геосаяси мәселе көтермей, тек бұл аймақ жөнінде түпкілікті бір келісімшарт қабылдап, оны бұзбауға келісті. Бұл келісім 562 жылы жасалды. Онда осы жылы екі империяның елшілері империялар шекарасында кездесті. Бұл жерде әр мемлекет атынан елшілер өзара келіссөздер жүргізіп, мемлекетаралық бейбіт шешім қабылданды. Шешімге сәйкес келісімшарттың күші кемінде елу жылға созылатын болды. Келісімшарт бойынша Иран шахы Хұсрау Лаз патшалығының Византияға қосылатынын мойындады. Иран Қара теңізге шыға алмайтын болып, ол тек келіссөздердің арқасында жүзеге асырылатын болды. Ал, бұған жауап ретінде Византия императоры І Юстиниан жыл сайын 30 кентинарий көлемінде салық төлеп тұруға келісті және бастапқы 7 жылдың алымын бірден төлеуге міндетті болды. Сонымен қатар діни шектеулер алынып тасталатын болды [156].

Император І Юстинианнан кейін билікке келген І Юстиннің билігі тұсында да Византия мен парсылар арасындағы саяси қарым-қатынастар аса шиеленісті жағдайда қала берді. Парсылар Византияны соғыспен үркітіп, оны өзіне алым төлеуге мәжбүрлеуді дәстүрге айналдырғандай болды. І Юстинианнан қалған алым төлеу І Юстин үшін ауыр болды. Император парсылардың мұндай саясатына тосқауыл іздеудің және басқа да сырттан келетін қауіптің жолын алу үшін жұмыс істеді. Империяның парсылардан бөлек сыртқы жаулары көп және олар қауіпті болды.

Жоғарыда аталғандай, І Юстин Иранмен жүргізілген соғыс факторларына қарсы түркілермен одақтасты. Византияның түркілермен одақтасуы Сасанидтік Иран үшін халықаралық қатынастардағы ірі қателіктерінің бірі болды. Мұның басты мысалы парсылар өзімен көрші болған түркілермен одақтаса алмай, олардың византиялықтармен жақындасуына үлкен мүмкіндік берді. Византиялықтардың түркілермен жақындасуы парсыларға ұнамай, Хұсрау шаһ олардың қарым-қатынастарын бұзу үшін әр түрлі айла-тәсілдерді іске асырды. Оның себебі, парсылар түркілермен осы VI ғасырдың 60-70 жылдары болған соғыста ауыр жеңіліске ұшырап қырық мың алтын көлемінде алым төледі [44, с. 78]. Бұл жағдай парсылар үшін ауыр болып, ендігі кезекте Византияны уысынан шығарып алмау әрекеттері басталды.

Парсылардың Византияға деген мұндай саяси ұстанымдары мемлекеттер арасында аз уақыттың ішінде тағы бір соғыс қимылдарының басталуына саяси алғышарт жасады. Парсылардың түркілерден жеңілісін көрген византиялықтар оларға төленетін алымдардан бас тарта бастады және Иран территориясында өмір сүретін христиан дінін ұстанған халықтарға, оның ішінде армяндарға діни және саяси қолдау көрсетті. Ол бойынша Византия Сасанидтік Иранға қарасты болған армяндардың өз қарамағына алу туралы жасаған өтініштерін құп көрді. Бұл жағдай 571 жылы орын алып, ол жаңа бір соғыстың тууына нақты себептердің болды. Сондай-ақ келісі бір маңызды себеп – ол парсылардың Византияға қарасты болған арабтардың жерін тартып алуы болды. Иран үшін соғысты бастауға осы екі фактор жеткілікті болды [157].

Бұл соғыста I Юстин барлық өзінің жақтастарын әскерге тартты. Тиберий, Маврикий сынды болашақ императорлар бұл соғыста қол бастады. Соғыс қимылдары үдей түскен сайын императордың денсаулығы нашарлады және соған байланысты Тиберий империядағы билікті қатар жүргізді. Ол іс жүзінде 574 жылдан билік тізгінін қолына алып, заңды түрде Тиберий II деген атпен 574-582 жылдары басқарды. Оның басқару жылдары Сасанидтік Иранмен соғыста өтті. Денсаулығының нашарлауына байланысты ол тақта ұзақ отыра алмады.

582 жылы билікке Маврикий келді, парсылармен соғыс қимылдары жаңарып, ол барлық күшін сыртқы саясатқа жұмылдырды. Маврикий өзі соғыс тактикаларын аса жоғары деңгейде меңгермегенімен, ол соғысқа жұмылдыру мен әскерді ұйымдастыра алды. Басы 572 жылы басталып, сонау 591 жылға дейін жалғасқан бұл соғыс ұзаққа созылып, бұл соғыс Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде өзінің басқа соғыстардан саяси және тарихи маңыздылығымен ерекшеленді. Оның басты мысалдарының бірі соғысқа көптеген халықтар, түркілер, ғұн тайпалары, хазарлар, арабтар, парсылар және ромейлер мен басқа да ірілі - ұсақты халықтар қатысты [157, с. 80].

Екі мемлекет те соғыста өзінің ұстанымдарын алға тарта отырып соғысты соңына дейін жүргізуге тырысты. Алайда, бұл соғыста Иран тағында ауыз-түйістер орын алып, ол II Хұсраудың таққа келуімен аяқталды. Бұл 591 жылы болып, онда II Хұсрауға қарсы Бахрам Чобиннің көтерілісі орын алды. Оның салдарынан Иран соғысты жалғастыра алмайтыны анық көрінді. Ал, Византия болса, мұны пайдаланып, өзінің әскери қимылдарын жалғастыруға дайын болды. Шаһ II Хұсрау тек соғысты тоқтату ғана емес, сонымен бірге сырттан көмек қолын алу мақсатында Византия императорына өз елшісін жібереді [157, с. 94]. Византия билеушілері парсылар тарапынан елшілер қабылданып, келіссөздер жүргізілді. Византия императоры Маврикий парсылардың ұсынысын қабыл алып, келісімшартты өз пайдасына шешетінін айтты. Келісімшарт 591 жылы жасалып ол бойынша Иран Византияға Кавказ бен Шығыс Месопотамиядағы жерлердің үлкен бөлігін кері қайтарды. Осылайша екі мемлекет арасында бейбіт қатынастар орнады.

Бірақ, бұл қатынастар да ұзаққа созылмады. Сасанидтік Иран билеушілері ескі әдетіне салып, II Хұсрау билікке мықтап жайғасқан соң Византияның саяси жағдайын бақылауға алды. 572-591 жылдары болған соғыста жеңіске жеткен

император Маврикий өзінің сәтті қадамдарынан масаттанып, сырт елдермен соғысты жалғастыра береді. Алайда, оған Балқандағы соғыстар кезінде Фока есімді таққа үміткер саяси тұлға қарсы шығып, ол 602 жылы Византияда билікті қолға алды. Ол аймақтағы өкілдер мен мемлекеттік лауазымды қызметкерлерге қысым көрсетті. Осындай тартыстар арқылы бидікке келген Фока мен византиялық билеуші әулет өкілдерінің арасында саяси талас-тартыс басталды. Фокаға қарсы бірінші болып Месопотамиядағы жергілікті өкіл Рамсес қарсы шықты [158]. Жағдайды реттеу үшін византиялықтар парсылардан көмек сұрады. Бұл жағдайды ұтымды пайдалануға тырысқан парсылар олардың ішкі істері мен соғыстарына араласа отырып жоғарыда аталған алдыңғы соғыстың салдарынан уысынан шыққан территорияларды қайтарып алуды көздеді.

Император тағына отырған Фоканы халық пен комиттер және таққа үміткер өзге әулет өкілдері мойындаған жоқ. Парсы билеушісі II Хұсрау византиялықтардың өтінішін құп көріп Фокаға қарсы соғыс қимылдарын бастады. 602 жылы басталған мұндай соғыс қимылдары 628 жылға дейін созылып, ол алғашқыда жай ғана Фокаға қарсы ұйымдастырылған соғыс болса, кейіннен екі империя арасындағы ашық соғысқа айналды. Фокаға қарсы шыққан тақа үміткерлер қатарында болашақ император Ираклийдің жақтастары мен әскері көп болды. Ол Фоканы жеңуге кәміл сенді. Сондықтан парсылардың бұл іске араласуын қаламады. Бірақ жағдайды ұтымды пайдаланғысы келген парсылар, мұнымен тоқтамай Византияға қарсы соғыстың жаңа бағытын ашып сол арқылы өздерінің аталған мақсатына жетуге тырысты. Византиялықтар бұған қарамастан, өздерінің азамат соғыстарын жалғастырып, ақыры Ираклий 610 жылы Фоканы тақтан тайдырды.

610 жылы билікке келген Ираклий парсылармен басталып қойған соғысты ары қарай жалғастыруға мәжбүр болды [159]. I Ираклий деген атпен таққа отырған ол II Хұсрауды (Парвиз) Византия империясының территориясынан шығуын талап еткенімен нәтиже шықпады. Уақыт өткен сайын соғыстың географиясы кеңейе түсті. Оған қатысатын одақтастардың да саны артып, соның негізінде соғыстың қатысушыларының да қатары көбейді. Парсылардың Византия территорияларындағы соғыс қарқыны баяу жүргізіліп, алайда олар империя провинцияларын иеленумен аяқталып отырды. Парсы әскерлері Кавказ, Месопотамия жерлерінде бұрын қолдан кеткен аймақтарды басып алып, Кіші Азияға басып кірді. Мұның барлығы Византия билеушілерін әбігерге салды. I Ираклий парсылардан бітім сұрап, бірақ ол жауапсыз қалды.

Мұнымен тоқтамаған парсылар өзінің баяу қимылдағанына қарамай, 614 жылы Палестина мен оның орталығы Иерусалимді иеленеді, 616 жылы Мысырға басып кірді. Шығыс провинциялар толықтай иеленіп, Кіші Азияның қалалары алынды. Парсы әскерлері осы тұста Византияны тонауға талпынған аварлармен жақындасып, олармен әскери одақ құрды. 622-623 жж. парсылар мен аварлардың біріккен әскерлері Византия астанасы Константинопольге қауіп төндірді. Бұл соғыс Византия үшін аса ауыр соғыс болып, мемлекет құлаудың сәл-ақ алдында тұрғандай болды. Бұл кезде аварлар Византияның Балқан провинциясынан қауіп төндіріп, енді орталыққа қарай жылжуға бет бұрады. Сондықтан, I Ираклий әуелі аварлармен, одан соң парсылармен кездесу

өткізуге тырысты. 622-623 жылдары I Ираклий аварлармен келіссөздер жүргізеді [160].

Аварлармен келіскен император енді Шығыста парсылармен жеке соғысу үшін қамданды. Ендігі кезекте, 624 жылы I Ираклий парсылармен келіссөз жүргізуге қамданды. Алайда, парсы патшасы II Хұсрау тарапынан келіссөздер қабылданбайды. I Ираклий бұған жауап ретінде күшпен сес көрсетуге тырысады. Ол Кіші Азияның шығыс бөлігіндегі парсыларға тиіседі. Арада соғыс қимылдары тағы күшейтіледі. Енді Кіші Азияда өзінің әскерлерінің берік қимылдар жүргізіп жатқанына сенімді болған II Хұсрау әскер жинақтап Константинополь қаласына қарай аттанады. Парсылар Константинопольдің шығыс жақ бетінен әрекет ететін болып, оларға еуропалық жақ бетінен аварлар мен басқа да тайпалар көмектесетін болды.

Бірақ, I Ираклий бұған қарамастан Кіші Азиядағы парсыларға қарсы соғыс қимылдарын жалғастыра берді [161]. Соғыс қимылдары 626 жыл қыза түсіп, оның әскери, саяси және халықаралық мәні өте зор болды. Оның басты мысалы Константинопольге одақтастар тарапынан зор қауіп төнген кезде I Ираклий де айналадан одақтас іздеді. Бұл уақытта ол өзімен жақсы қарым-қатынаста болған хазарлар мен түркілерден көмек қолын сұрады. Византиялықтарға көмек көрсетуге дайын болған хазарлар мен түркілер парсыларға қарсы әскер жасақтады.

Осылайша бұл соғыс халықаралық сипат алды. Батыс Түркі қағанатының билеушісі Тон жабғу қаған қырық мыңдық әскер шығарып, Кавказда Иран шаһы II Хұсраудың әскеріне аса зор көлемдегі шығын келтіреді. Хазар тайпасы да Кавказ жерінде византиялық әскерлермен соғысады. Сасанидтік Иранмен жақын көрші болған Батыс Түркі қағандығы соғыс аяқталғанға дейін Византия тарапында соғысқа қатысып жеңіске жетті. Мұнда түркі қағанының да өзінің саясаты бар еді. Ол да Орта азия мен кавказда парсылармен саяси бақталастыққа түсті. 628 жылы Византия мен оның одақтастары жеңіске жетті. Византия өзінің бұрынғы аймақтарын түгел-дерлік өзіне қайтарып, сасанидтік Иранның келетін қауіпті біржола жойды.

Бұл соғыста римдіктер, парсылар, түркілер қатысып, ол Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде осы процесті жүзеге асырушы халықтар мен мемлекеттердің арасындағы ең ірі соғыс болды. Мұны Л.Н. Гумилевтің: «VII ғасырдың дүниежүзілік соғысы» - деп атауы бекер емес [162]. Византия мен Сасанидтік Иран арасындағы бұл соғыс тек екі империя арасындағы әскери қимылдармен сипатталып қана қоймай, сонымен бірге оның Халықтардың Ұлы қоныс аудару процесіндегі халықаралық саяси мәні мен маңыздылығы аса зор болды.

Византияның сыртқы саясатында парсылардың орны мен мемлекеттер арасындағы байланыстарға қатысты тұжырымдардың қорытындысы – ол Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде халықаралық қатынастарда ауқымы кең болған процестердің бірі болып тарихқа енді. Шығыс Рим империясының Сасанидтік Иранмен байланыстары аса құбылмалы жағдайда болып, ол көбінесе империялар арасында геосаяси мәселелермен сипатталды. Византия империясы өзін әуелден шығыстағы мемлекет деп есептеп, ол өзінің аумағын

жан-жақты кеңейтті. Екі мемлекеттің арасында туындаған шекаралық мәселелер Византияның Шығысқа қарай кеңею саясатынан туды. Онымен шекаралас болған Сасанидтік Иран өз заманының аса құдіретті мемлекеттерінің бірі болып, ол өзінің аумағын ешкіммен бөліскісі келген жоқ. Екі мемлекеттің саяси қатынастарындағы келесі бір маңызды фактор ол діни жағдаймен байланыстырылды.

Византия Иран халықтарына христиандықты таратып, сол арқылы оның халқын өзіне бағынышты етуге тырысты. Ол осы саясаты арқылы біраз нәтижелерге қол жеткізді. Алайда парсылар бұған ұдайы соғыспен жауап беріп, ол есепсіз қантөгіс соғыстардың орын алуына алып келді. Салыстырмалы түрде қарағанда парсыларда дипломатиялық шеберлік аз болды. Олар кез-келген саяси шиеленістерге ұрыспен жауап беруге дайын тұрды және Византия мен Иран арасындағы соғыстарда көбінесе жеңіске жетіп шығыс римдіктерді өзіне алым-салық төлеуге мәжбүрледі.

Менандр Протектордың айтуынша, Византия империясы негізінен алғанда түркілермен байланыстарды дамытқаны сияқты парсылармен да сондай жақсы қарым-қатынаста болғысы келген. Византияның мұндағы мақсаты – түркілер еліне жол ашу үшін парсылармен тығыз байланыстар орнатып, соның арқасында олармен де жақсы қарым-қатынаста болуға әрекеттенген [163]. Византиялық елшілер парсы билеушілерін өзіне тартып, түрлі дипломатиялық келіссөздер де жүргізді. Алайда, бұған көбінесе Сасанидтік Иранның билеушілері кедергі болды. Ирандық билеушілер Византияға қарсы тек соғыс қимылдарымен жауап беруге және оны күштеп көндіруге тырысты. Алайда, сан жылдар бойына төленген алым-салықтарға қарамастан, Византия Иранмен дипломатиялық байланыстарды реттеуге тырысып отырды және соғыс жағдайында әскери қимылдармен жауап берген.

Атап отырғандай, екі империяның арасындағы саяси процестердің басым бөлігі соғыс факторымен байланысты болды. Дегенмен, Византия мен Иранның байланыстары, сауда-саттық қарым-қатынастары және осы іспеттес басқа да мемлекетаралық тақырыптар үнемі екі елдің арасында қарастырылды. Екі империя бірін-бірі мүлде жойып жіберуге талпынған жоқ. Византияның Иранмен арадағы саяси, сауда-экономикалық қарым-қатынастар өзге елдерге үлгі бола білді. Алғаш рет елшілердің дипломатиялық қызметтері байқалды. Арнайы елшілер жіберіліп, олар саяси қарым-қатынастарды реттеудің негізгі кепілі болды. Хронологиялық және саяси-тарихи жағынан осындай ауқымды процестерді бастан кешірген екі мемлекеттің өзара қарым-қатынастары кейінгі ғасырларда халықаралық қатынастардың дамуына серпін берді.

3.3 Шығыс Рим империясы және славяндар

Еуразия даласында Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде осы процестің барысында Шығыс Рим империясымен іргелес өмір сүрген тайпалардың бірі – славяндар болды. Бұл дәуірде славяндар Шығыс Рим империясының территориясына еніп, бір-бірінің саяси өміріне өзара ықпал етті. Халықтар мен мемлекеттер арасында орын алатын бірқатар саяси процестерді

жүзеге асырды. Кезі келгенде өз ішінде байланыстар жүргізді. Бұрынғы кезде Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде Шығыс Рим империясымен саяси бәсекеге түскен халықтардың негізгілері готтар мен ғұндар және герман тайпалары көбінесе тілге алынатын болса, енді соңғы уақыттарда славяндармен байланысты болған тарих зерделенуде.

Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде славяндар аса ауқымды процестерді жүзеге асыра алмағанымен, олар осы бір Ұлы көштің кезінде Еуразиядан өзінің тарихи орнын белгілеп алды. Славяндардың Оңтүстік-Шығыс Еуропа жерінде пайда болуы мен [164] олардың Византиямен саяси, әскери және сауда-саттық саласындағы байланыстары біршама ауқымды процестерді құрады. Осыған орай, Византия империясының сыртқы саясаты мен осы дәуірдегі өзімен іргелес қоныстанған славяндармен көршілік қатынастары туралы ғылыми жұмыстар жүргізілуде. Оның қатарында ерте ортағасырлық авторлардың материалдарын ғылыми талдаудың негізінде Шығыс Рим империясының іргесінде славяндардың пайда болуы мен күшеюі, салт-дәстүрі мен әлеуметтік тарихы және Шығыс Рим империясымен көршілік қатынастары зерттелуде. Соның негізінде, византиялық билеушілердің славян тайпаларымен саяси байланыстарының деңгейі мен оның тарихи маңыздылығы зерделеніп отыр.

Шығыс Рим империясының саяси жағдайы белгілі болып, ендігі кезекте славяндардың шығу тегіне біршама сипаттама берудің қажеттігі туындайтыны анық. Славян халықтары Оңтүстік-Шығыс Еуропада қалыптасып дамыған ежелгі тайпалардың бірі болып саналады. Олардың өте ерте кезден бастап өзінің этникалық пайда болу шежіресі, саяси тарихы мен мәдениеті қалыптасты.

Славян тайпалары өзге халықтармен бірге Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде басты саяси роль атқарған тайпалардың бірі болды. Олар шығыстан ығысып келе жатқан халықтармен бірге осындай ірі қоныс аудару процесін жүзеге асыруға қатысты. Славяндар Ұлы қоныс аудару дәуірінде батысқа қарай ығыса отырып басқа халықтармен бірікті, кейде жаңа этникалық топтардың қалыптасуына ықпал етті. Сонымен бірге, өзіндік этникалық элементтерін жоғалтпай басқа тайпалардың мәдениеттерін қабылдаған тұстары да болды. Жалпы, славяндар бұған дейін Шығыс, Оңтүстік Еуропада пайда болып, Ұлы қоныс аудару дәуірінде батысқа қарай жылжыды. Соның негізінде батыс славяндар деген атау пайда болды. Славяндар Дунай бойына, Балқанға мықтап орнықты [164, С. 19-20]. Олардың осы аймақтарда және Оңтүстік-Шығыс Еуропаның басқа да өлкелеріне таралуын ерте ортағасырлық авторлар мен хронистердің еңбектерінен көруге болады.

Византиялық тарихшы Кесариялық Прокопийдің айтуынша, славяндар Ұлы қоныс аудару дәуірінде саны жағынан көп тайпалардың біріне айналды. Сонымен бірге олар көп бөлікке бөлінді. Олар ортақ билікті білмеді, олардың ортасында ақсүйектер жоқ, сондықтан өзара жиі қақтығысып отырған. Олар кейде Шығыс Рим империясының шекараларына басып кірген. Прокопий Прокопий Склавиндер мен Ант тайпаларын славяндардың тармағы дей отырып, оларды Византияның жақын көршілері деп санайды.

Прокопий славяндардың географиялық орналасуын былай көрсетеді. Оның көрсетуі бойынша, Меотия шығанағынан (қазіргі Азов теңізінің маңы) Понт жеріне (қазіргі Қара теңіздің айналасы) дейін таралады. Солтүстіктегі басқа аудандарды сан жағынан көп болған славян тайпаларының бірі Ант тайпалары алады [165]. Прокопийдің айтуынша, славяндар «демократияда» ұзақ уақыт өмір сүріп, барлық мәселелерді табысты да қиын деп шешкен. Прокопийдің сондай-ақ Византияны феодализациялау процесінде славяндардың рөлін зерделеу үшін үлкен қызығушылық тудыратын бірқатар фактілер туралы хабарлайды. Бұл ақпарат славяндардың өмірі мен әскери әдістеріне қатысты.

Гот тарихшысы Иордан славяндардың Оңтүстік-Шығыс Еуропада пайда болуы туралы біраз мәліметтер қалдырған. Ол славян халықтарының тегін анықтауда ант және склавен тайпаларын ерекше атаған. Иордан славяндардың бір тармағы болған анттардың атауын венеттер деп те атаған. Иордан славяндарды жауынгер халық ретінде сипаттайды. Оның айтуынша, славяндардың батыстағы көршілері герман тайпалары болып, олар негізінен фракиялықтармен (балқандықтар) шығысында болгар тайпалары болып саналатын утригурлар мен кутригурлармен көрші болған [39, с. 72].

Ұлы қоныс аудару дәуірінде славяндарда алғашқы қауымдық құрылыс ыдырап, феодалдық таптық қоғам орнады. Өндіргіш күштер жедел дамып, құрал-саймандар жетілдіріле түсті. Шаруашылықта жеке меншіктік қатынастар орнығып, мүлік теңсіздігі күшейе түсті. Сонымен қатар славяндар қоғамында көршілік, қауымдық меншік те дамыған. Жайылымдар, орман және өзен жағалаулары қауым болып пайдаланылды. Славяндар көрші Шығыс Рим империясымен соғыстарда қолға түскен тұтқындарды айырбастап немесе сатып отырған. Сол кезде өмір сүрген Псевдо-Маврикий: «VI ғасырда славяндар тұтқындарды көптеп сатқан» дейді. Славяндар қоғамы тайпалық одақ болған. Славяндарда тайпалық одақты әскери көсем басқарған. Оның қол астындағы бірнеше мың тұрақты әскері көрші елдерге жорықтар жасап, олжа түсіріп отырған.

Славяндар кландық қауымдастықта өмір сүрді. Қарастырылып отырған кезеңнің соңына қарай, славяндардың тайпаларға бірігуі мен тайпалық одақтардың қалыптасу процесі үлкен тарихи мәнге ие болды. Бұл тайпаның басында бүкіл тайпалық ақсақалдар сайлаған кеңес болды. Славяндар тек әскери іс-қимылдар кезеңінде басымды қимылдарды орындады. Халықтардың Ұлы қоныс аударудың процесінде белсенді қимыл жасаған славяндар V-VI ғасырларда кең аумаққа таралып, олар осы кезеңде ауқымды территорияның иесі болып шыға келді. Көрші халықтармен саяси тайталасқа түсу, территориялық мәселелер, жаулаушылық соғыстар славяндардың әлеуметтік жағдайын аса жоғары деңгейге көтере алмады. Оның тек аумақтық маңызы ғана болды. Бұған славяндардың арасында ауызбіршіліктің қандай деңгейде болғаны өзекті болуы мүмкін.

Ерте ортағасырлық авторлардың көрсетуінше славяндардың славяндар арасында алауыздық көп болып, ортақ билік болмады. VI ғасырда өмір сүрген Псевдо Маврикийдің жазған мәліметіне қарағанда славяндарда ортақ билік болмаған. Бұл жағдай өз кезегінде славян тайпаларының бірлігінің дамуына

кері әсер етіп отырды [45, С. 189-191]. Сонымен бірге Псевдо Маврикий славяндардың қоғамы туралы айта келіп, онда славяндармен ант тайпаларының қатар өмір сүргенін алға тартады және олардың әдет-ғұрыптарында ешбір өзгешеліктің жоқтығын айтады. Ол славяндардың бостандық сүйгіш, өз елі мен жерін қорғауға жан беретін батыл, төзімді, суық пен ыстыққа бейім және тұрмыстың кемшіліктеріне мойымайды деп көрсетеді.

Славяндықтар ауыл шаруашылығымен айналысса да көшпелі және жартылай көшпелі тайпа ретінде жаңа шұрайлы жайылым жерді іздеді. VI ғасырда славяндар Дунайдың солтүстік-батыс жағына орналасты және батыс славяндықтар склавен және шығыс славяндықтар ант деген атпен екі бұтаққа бөлінді. Прокопийдің айтуы бойынша VI ғасырда славяндар Дон өзенінің шетінен Азов теңізінен солтүстікке қарай жерлерге тарай бастаған. Иордан былай деп хабарлайды: Висла өзенінен бастап ұшы-қиыры жоқ кеңістікте халқы бар венет тайпасы орныққан. Қазір олардың аттары сол кездегі әр түрлі тайпаларға байланысты ауысып отырады, бірақ ең бастысы олар ант пен склавендер болып қала береді. Сонымен бірге венет атауы славян тайпаларында сақталды [39, С. 71-72].

VI ғ. ежелгі славяндардың әлеуметтік қалыптасу, әскери еркіндігіне байланысты болды. Византиялық материалдарда славян князьдары, олардың көсемдері және әскер басылары аталып өткен. Бұл жерде көсем Ардагасий, Пирагостий, князь Давриттий, князь Лавриттий, Мезамир елші мен оның ағасы Калагаст, князь Акамирдің аттары белгілі. Византия славяндықтармен тығыз байланыста болған кезде, олардың мемлекеттік құрылымдары мен өзара байланыстары демократия мен әскери еркіндігі ретінде аталды. Дәл осылай Прокопий Кесарийский склавен мен анттардан байқаған болатын. Славяндықтардың әскери жорықтары тонаушылықпен халықтың көпшілігін тұтқындаған. Византия территорияларына жақындай түскен славяндар Балқанда жорықтар жүргізіп, мол алтын мен күмістің иесі болған. Славян шаруалары табындап жылқы өсіріп, оның көрші елдерге сатып отырған және тұрмыста пайдаланған [166].

Славяндардың тарихы ұзақ уақыт бойы Византия тарихының аясында қарастырылып келді. Мұның басты себебі славяндардың Византияның құрамында да ұзақ уақыт өмір сүргенін білдіреді. Уақыт өте жүргізілген, толықтырылған зерттеулер славяндардың оңтүстік-шығыс Еуропада өзіндік қалыптасқан тарихының бар екенін дәлелдеп шықты. Сонымен бірге, олардың тарихының Византия империясымен байланысты екендігі көрсетіліп келеді. Келесі кезекте славяндардың Византиямен өзара байланысқан терең тарихының бар екеніне назар аударудың қажет. Оның негізгі бөлігі славяндардың Византия империясының құрамында өрбіді. Сондай-ақ келесі бір бөлігі славяндардың жеке халық болып, жеке тайпа немесе бірлестік ретінде Византиямен өзара байланыстар жүргізген тарих болды. Византияның бірнеше ғасырлар бойы славяндармен байланыста болғандығы, оның мемлекеттік дамуында жаңа құбылыстардың тууына негіз болды.

Славяндардың тарихы мен Византияның тарихын, бір-бірінен оқшаулауға болмайтынын ғылымның өзі дәлелдеп шықты. Ұлы қоныс аудару дәуірінде

Византия империясымен түрлі байланыстар орнатып, өз кезегінде аумақтық мәселелерге байланысты соғыстар жүргізіп отырған халықтардың бірі осы славяндар болды. Соның ішінде славяндардың Византиямен байланыстарын көбінесе соғыспен сипаттауға болады. Себебі, славяндар шығыстан готтардың, ғұндардың өзге де варвар тайпаларының ығысуымен Шығыс Рим империясының территорияларына қарай ығыса берді. V-VI ғасырлардың ширегінде славяндар мен олардың ант тармағы Дунайды қиып өтіп, маңайдағы аймақтар мен бекіністерді талан-таражға салды. Бұл әрекеттер Византия үкіметі үшін үлкен қиындық туғызды, кейде славяндардың басқыншылығынан құтылу үшін төлем жасады [167].

Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде Византия империясы мен славяндар арасындағы саяси процестер өзге халықтармен салыстырмалы түрде қарағанда аса ауқымды болған жоқ. бұл славян тайпаларының дамуы мен олардың шығыс римдіктермен көршілік қатынастарының кеш орын алуымен байланыстырылады. Славяндар мен Византия арасындағы саяси процестерді жалпы екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезең – V ғасырдың соңы және VI ғасырдың басы болды. Бұл кезең славяндардың жорықтарының басталуымен сипатталады. Бұл уақытта славяндар мен анттардың қарулы бөлімдері Дунайды кешіп өтіп, өзен аңғарындағы аймақтарды талан-таражға салып, қиратты.

Мұнымен тоқтамаған олар Дунай шегінен тыс бұрынғы өздерінің бекіністеріне қайта шегініп отырды. Славян тайпаларының жасаған мұндай жорықтары мен басқыншылық қимылдары византиялық үкімет үшін үлкен қиындық туғызды, тіпті кейде славяндардың басқыншылығынан құтылу үшін төлем жасап отырды. Көрініп тұрғандай, византиялықтар мен славяндар арасындағы саяси процестер соғыс қимылдарымен басталып отыр. Мұндай әскери қимылдар осы қоныс аудару дәуіріндегі қалыпты халықаралық жағдайлардың бірі болып саналатын еді.

493 жылы славян тайпалары Византияға басып кіріп, оңтүстікке қарай жылжыды. Олар Балқанда өз аумағын Фракия, Македония және Тесалиге қарай кеңейтуге кірісті. 499 жылы славяндар Фракиядағы болгарларға қарсы әскери жорық ұйымдастырды, бірақ ол сәтсіз болып, үлкен жеңіліске ұшырады. Осы кезеңдегі ең үлкен қақтығыстардың қатарында фракиялық әскерлердің славян тайпаларымен соғысын және аймақ басшысы Юлианның өлімін атап өту керек. Комис Марселлинуc сондай-ақ, бір мезгілде жасалған болгарлықтардың рейдтерін де атап өтеді. 499 жылы Иллирия әскерлерінің басшысы Арист Фракиядағы болгарға қарсы науқан өткізді, бірақ үлкен жеңіліске ұшырады. 502 жылы болгарлар тағы да қорғансыз қалған Фракияның бірқатар аудандарын шауып өтті [168].

Византия императоры Анастасий 512 жылы славяндардың шабуылынан қорғану үшін, «ұзын қабырға» деп аталатын қорғаныс желісін салдырды. Бұдан соң славяндар Дунайдың маңынан тез арада кетіп қалды. Бұл оқиғалар 518-527 жылдары билік құрған император I Юстин билігі тұсында болған. Ол славяндар арасында әскери техника жағдайы онша болмағандықтан олар соғысқа қарусыз аттанды. Славяндар соғыста көбінесе жаяу жүрді, қолдарында

калқандар мен дарттары бар, олар сауыт киген жоқ. VI ғасырдың соңына қарай Византия әскерлерімен тұрақты қақтығыстардың әсерінен олардың соғыс техникасы күрт өзгерді.

I Юстиниан билік құрған бірінші жылдан бастап Византияға қарсы славяндардың жорықтар тарихының екінші кезеңі басталады. Олар бірте-бірте соғыс қадамдарын жүргізе бастайды. Прокопий өзінің жазбаларында славяндарға қарсы I Юстинианның саяси және әскери әрекеттері жайлы баяндайды. Онда императордың славяндарды Византияның іргесіндегі өзге варвар тайпалары сияқты ұстап тұру қажеттігі айтылады. Оның тұсында славяндар Византияға үздіксіз шабуылдар жасап тұрды. I Юстиниан кезінде славяндардың үлкен шабуылы 527 жылы болған. Сол жылы славяндарға өте жақын тұратын анттар Дунайдың үлкен өткелдерінен кешіп өтіп, Византия империясына басып кірді. Небәрі бір жылдан кейін-ақ славяндар мен оларға туыстас болған анттар Иллирия мен Фракия жеріне өтіп ол жерден көптеген тұтқындар қолға түсірді.

Прокопийдің айтуынша, императордың туысы Герман славяндарға қарсы барлық әскерлерді жіберіп, оларды жеңіліске ұшыратты. Славяндардың одан әрі шабуылдарын болдырмау үшін және империясының өз жолын кедергі мақсатында император I Юстиниан Дунай шекараларын нығайту үшін түбегейлі шаралар қабылдайды [169].

Осылайша, солтүстік және солтүстік-батыс шекарасындағы Византия империясы көбіне славяндардың қатысуымен болатын варварлармен шабуылды басынан кешіріп отырды. VI ғ. басында үкімет астананы 40 км қоршай отырып, ұзындығы Қара теңізден Жерорта теңізіне шығатын жолда ұзындығы 80 км болатын үлкен күзет қақпасын соғуға мәжбүр болды. Ұзын қабырғаны қорғау қиын болды, бірақ астана үшін варварлардан үлкен қауіп төну өсе бергендіктен мұның бәрі жүзеге асырылуы тиіс болды. Византия билеушілері империяны сыртқы жаудан қорғауда қауіпсіздікті сақтауда мүмкіндігінше барлық тайпаларды тартуды жүгінді. Федерат ретінде одақтастарды, жаңа халықтарды өзінің ықпалына тарта отырып, олар үшін ескі империяның провинциясынан жер беріп отырды. Әскерлер лангобарддардан, герулдерден және славяндардан жасақталып отырды.

VI ғ. Дунайдың төменгі және ортаңғы ағысы Тисса сағасына дейін империяның шекарасы болып саналды, бірақ шын мәнінде аймақтағы билік славяндарда еді. Себебі, Дунайдан солтүстікке қарайтын жерлер Византия үшін баяғыдан жоғалған болатын және осыған орай оның негізгі қожайындары славяндар болып саналды [166, с. 134].

Дунай бойын қорғау үшін ескі бекіністер болған Виминаци, Ратсиария, Августа, Эск, Нова, Трамариска, Доростол деп аталатын қорғаныс пункттерін қайта жабдықтады. Бұл салынған бекіністер арқылы Византия империясының славяндарға қарсы қауіпті күш қолданғандығын көрсетеді. Славян тайпалары болып саналған склавендер мен анттар және басқа да варвар тайпаларының басқыншылық варварлық әрекеттерінің салдарынан шекаралас аумақтағы тарихи орындар, үңгірлер мен қабірлер және ескерткіш қызметін атқарып, тарихтан мәлімет беретін ескерткіштер түгел-дерлік қиратылды [169, с. 205].

Бұл империяда жаңа қорғаныс жағдайын қамтамасыз ету қажеттігін тудырды. Сонымен қоса, Филиппополь және Платинополь бекіністері варварларға қарсы бағытталып салынған.

Прокопий өз шығармасында І Юстинианның осындай қамал-бекіністерді арнайы славяндар мен басқа да варварларға қарсы тұрғызған дейді. Сонымен бірге қамалдар мен бекіністерді нығайтып қалпына келтіру шараларының ауқымды жүргізілгенін айтады. Бұл бекіністер жақсы қызмет етіп, онда олар арқылы славяндарға ауыр соққылар берілді. Тіпті кейде үздіксіз шабуылдардың әсерінен славяндар бөлініп кетіп отырды. Алайда, уақыт өте осы бекіністер арқылы славяндардың қозғалысын мүлде тоқтатып тастау мүмкін болмады. Прокопий өз кітабында славяндармен соғыстардың сәтсіздіктер тек бекіністермен емес, соғыс тактикаларымен де байланысты болған деп көрсетеді.

Бекіністер арқылы берілген үздіксіз шабуылдардың әсерінен славяндар тым-тырақай қашып, бөлініп кетті. Бұл бекіністерді қайтадан қалпына келтіре отырып, І Юстиниан славяндарды енді бұл аймақтарды тек басып алып иелену ғана емес, сонымен қатар осы аймақтар мен бекіністерді тартып алу үмітінен айырды. Византия империясы осы бекіністер арқылы ғана славяндардың басқыншылық әрекеттерін тоқтату мүмкіндігіне ие болды. Дегенмен, мұндай қорғаныс империяның қорғанысын толық қамтамасыз етеді деп айту қиын еді. Прокопий өз жазбаларында бұл жағдай І Юстинианның кезінде әскери құрылымның әлсірегендігін, осы бекіністер олардың игілігі үшін салынғанын айтады [170].

Прокопийдің айтуы бойынша, бұл жеңіліске орай, славяндар мен Анттар империяның Дунай аймағына иелік етеді. 534 жылдан бастап 546 жылға дейін славяндар мен империяның әскери күштері арасында үлкен қақтығыстар болмады. Дунайдан тыс жерлерге еніп, славяндар бос жерлерді иеленіп, сонда өмір сүрді. Славяндар мен Юстиниан арасында бейбіт қатынастар орнады. Император І Юстиниан шығыс жақтан ығысқан жаужүрек варварларды ұдайы өзіне тартып, оларды өзінің соғыс қимылдарына жалдап отырған. Мұндай әдістер Византия императорларының ғұндармен, готтармен, герулдермен және басқа да тайпалармен жақындасуына, бейбіт өмір кешуіне алып келген. Византия билеушілері өз кезегінде славяндардың жекелеген топтарымен одақтасуға талпынды. Соның негізінде олар Византия әскерлерінің қатарына тартылды.

Халықтардың батысқа қарай ығысуы славяндардың да өміріне қауіпті болды. Оның басты мысалы 546 жылы герулдердің Дунай аймағына жылжуы кезінде олар славяндардың қарсылығына тап болып, онда тараптар арасында соғыс жағдайы орын алды. Соғыста славяндар жеңіліске ұшырап, бұл Византия үшін тиімді болды. Бұл жайлы кейбір тарихшылар Дунай аймағына герулдерді римдіктер айдап салды деген тұжырымға келеді. Дей тұрғанмен, бұл жағдай Прокопийдің айтуынша ойда жоқта пайда болған әскери қақтығыстардың бірі болған. Мұндай қақтығыстар қоныс аудару дәуірінде варвар халықтары арасындағы қалыпты құбылыстардың бірі еді [170, с. 203]. .

Дегенмен, славяндардың Балқан түбегіне шабуыл жасауы уақытша емес екендігі белгілі болады. Византиялықтармен соқтығысу барысында славяндар әскери өнерін жетілдіре бастады. Соғысудың жаңа техникалық дағдыларын игерді және оны өзінің жауларын қарсы пайдалана білді. Византия тарихшылары византиялықтардың соғысу шеберлігін, күшін, батылдығын атап өтті. Славян әскери күш жігерінің күшеюі әрқашан тонау арқылы байлыққа кенелу болды.

Славяндардың күшеюі Византия үкіметін аварлармен келісімге келуі мәжбүрлейді. Оның мақсаты қауіпті жауларын жеңу еді. Ал, іс жүзінде басқаша болды. Славяндар аварлармен және басқа да халықтармен одақтас болуды және Византияның Балқан провинциясына тереңірек енуді бастады. Олар авар қағандарына үлкен үлес беруге уәде берді. Себебі, славяндармен көршілес болған аварлар оларға Балқанға терең енгуге мүмкіндік бермейтін еді. Олар тіпті Византияның «олжасын» бірге бөлісеміз деген өзара келіссөздерге де келіп отырды [171].

Аварлардың және аймақтағы басқа да халықтардың кедергісінен құтылған соң 548 жылы славяндардың үлкен бөлігі Дунай аңғарында қайтадан пайда болды. Олар соғыс әрекеттерін қайта бастап осы аудандардың көптеген тұрғындарын бағындырды. Олар Византияның бірқатар бекіністерін өзіне қаратты. Славяндарда 15000 жуық әскері болып, ол Византия әскеріне сес көрсетуге дайын болды. Прокопий Дунайдағы славяндардың әскери жағдайын егжей-тегжейлі сипаттайды. Ол славяндар күшті болып, оларға ешкім қарсылық көрсете алмады дейді. Бұл жорық барысында славяндар Несте өзенінің жағасындағы Топер қаласын алды. Славяндар қаланы күшпен алмады және әскери қулықпен жеңіске жетті. Олар әскерлерінің көпшілігін қаланың қабырғасын құлатуға салды, ал кішігірім отряд қаланың күзетшілерін шабуылмен бұзып өтті. Қаланың тұрғындары ұзақ уақыт бойы өздерін қорғап, шабуылдаушыларға балқытылған май мен шайырмен құйып, бірақ берілуге мәжбүр болды.

Қала тұрғындары өлтірілді және құлдыққа салынды. Славяндар мұнымен тоқтамады. Олар 551 жылы, Дунай арқылы Никке келіп, осы аймақта славяндар византиялықтар тұтқиылдан тап беріп, үлкен көлемде соғыс ашады. Бұл кезде Византия әскері Италия жеріндегі соғыстарға қатысып жүргендіктен, соғысты бірден ауыздықтау мүмкін болмады. Мұнымен тоқтамаған славяндар Фессалоники мен онымен іргелес жатқан қалалар мен елді-мекендерді қоршауға алу үшін оңтүстікке қарай жылжыды. Император Юстиниан әскербасы Германға Италияға жорықты кейінге қалдыруға және бүкіл Фессалоники мен аймақтағы басқа қалаларды өзінің әскери күшімен қорғауға бұйырды [165, с. 369].

Славяндар үш бөлікке бөлініп, өздерін басып алған жерлерін аяусыздықпен қиратты. Прокопий бұл кезде славяндар Дунайдан кері өтпей, керісінше, олар қыста өз елінде болғандай, осында қалып қойған. Бұл Византияға үлкен нұқсан келтірді. Шығыс Рим империясының императоры Юстиниан келесі жылы славяндарға қарсы үлкен армия жіберді, оны ең жақсы жасақталған әскербасылар басқарды. Византиялықтар өз күшіне кәміл сенген

болатын. Алайда, соғыс кезінде бәрі басқаша болды. Римдік әскерлер мен славяндар Константинопольден жақын болған Адрианополь қаласының маңында кездесті. Бұл жерде византиялық әскерлер үлкен шығынға [165, с. 373]. ұшырады. Бұл шайқастан кейін славяндар батысқа қарай жылжып, Константинопольге жақындауға тырысты. Бірақ бұл жолы астанаға шабуыл жасамағанымен, олар 553 жылы Иллирияға қайта кірді. Олар өздерінің византиялық әскерлермен соғысуға дайын екенін білдіріп отырды.

553-тен 575-ке дейінгі кезеңде славяндардың әрекеттері туралы маңызды фактілер айтылмайды. Оның себептері бұл кезде славяндардың алға ілгерілеуіне аварлар мен басқа да тайпалар кедергі келтірді. Византиялық тарихшы атақты Феофилакт Симокатта империяны басып озған славяндар 583 жылы қайтадан ұзын қабырғаға кіргенін хабарлайды. Византия императоры Маврикий Эргин өзенінде славяндарға айтарлықтай шабуыл жасап, оларды жеңіліске ұшыратады. Маврикий славяндарға қарсы табысты әрекеттерін жалғастырып, оларды Адрианополь қаласының жанында тағы да жеңіліске ұшыратты [44, с. 35].

VI ғасырдың орта тұсынан бастап славян тайпаларының Дунайдың арғы бетіне қарай жорығы жоспарлы түрде жолға қойыла бастады. Олар өзеннің арғы жағында саяси стратегиялық және сыртқы сауданың маңыздылығын жоғары бағалап ол жайлы тез хабар алып отырды. Славяндар осылайша батысқа қарай жылжып отырды. Осы тұста славяндардың Еуропаның орталық аймақтарына жылжып, ол аймақтарда алғашқы қазығын қаққан еді. Олар қазіргі Еуропадағы чехтар, словак және басқа да славян халықтарының арғы аталары болып саналады. Дегенмен қоныс аудару дәуірінде славян тайпалары үшін батысқа қарай жылжу да оңайға соқпады. Олар жол-жөнекей өзге варвар тайпаларымен соқтығысып, ірілі-ұсақты соғыстарға тап болып отырды. Олардың ішінде ең маңыздысы аварлар болып, славяндар мен аварлардың саяси қатынастары мен ұстанымдары Византия үшін маңызды болды.

Славяндар Еуропада шығу тегі ғұндарға жақын болған авар тайпаларымен кездесіп, олармен әр кезде әр түрлі, яғни бірде жақсы бірде нашар қарым-қатынаста болады. Аварлар бір кездері славяндармен [172] бірлесіп отряд құрса, ал кейбір кезде оларды үйлерінен қуып, өртеп елді-мекендерін тонауға ұшыратқан. Славяндар мен аварлар кейде бірлесіп, тіпті одақ құрып отырған. Олар тіпті бірлесе отырып Византияға қарсы түрлі қимылдар ұйымдастырды. Византиялық авторлар аварлар мен славяндықтарды екіге бөледі, бірақ олар бір әскерді құрып отырғандықтан оларды жиі біріктіреді. Осылайша, Византияға тағы бір қарсылас пайда болып, ол үшін мұндай көршілерінен құтылу оңайға түскен жоқ.

Жоғарыда аталғандай, аварлармен байланыста Константинополь авар елшілеріне қымбат сыйлықтар тартып отырды. Мұндағы басты мақсат император I Юстиниан аварларға көмек беру арқылы өзінің сыртқы жауларын, оның ішінде славяндарды түбегейлі жеңемін және империя территорияларынан мүлде ары ысырып тастаймын деп ойлады. Ол аварларды славяндарға қарсы қойып та үлгерді. Бірақ I Юстиниан аварлар мен славяндарға қатысты өз мақсатына толық жетпеген.

Ұлы қоныс аудару дәуірінде Византия мемлекеті мен славяндар [173] арасында тек қана саяси-әскери текетірестер мен соғыс факторлары ғана орын алған жоқ. Сонымен бірге славяндар өздерінің әлеуметтік өмірі үшін Византиямен сауда байланыстарын да жүргізді. Славяндар империя территориясына келіп, емін-еркін сауда-айырбас жұмыстарын жүргізіп кетіп отырды. Византия мен оның халықтары славяндармен алыс-беріс жүргізуінің басты факторы ретінде олардың арасындағы саяси жағдайдың тұрақты болғанын көрсеткен орынды. Демек, бұған қарай отырып тараптар арасында саяси байланыстардың реттелгенін де аңғару қиын емес. Византия мен славян тайпаларының арасындағы саяси байланыстары жоғары деңгейге көтеріле алмағанымен, ол белгілі бір халықаралық фактор ретінде тарихта қалғанын ескерген жөн.

Ерте орта ғасырларда халықтардың ортақ мәдениетінде Византия мемлекеті латын, грек жазушыларымен, шығыстық және батыстық тарихшылар мен араб, парсы географтарымен қатар үлкен рөлге ие болды. Византияда ерте кезден қаржылық мәдениеттің жоғары деңгейі мен ірі сауда байланыстарының орнауы оның билігінің нығаюына себепкер болды. Мысырда Александрия, Сирияда Антохия, Евфратта Эдесса, Арменияда Майферкат пен Двин, көптеген кішіазиялық қалалар сауда қарым-қатынастарын орнататын басты аймақтарға айналып, сауда және стратегиялық байланыс көзіне айналды. Константинополь болса, империяның саяси, әкімшілік, сауда және мәдени орталығына айналды. Бұнда шалғайдағы нарықтық тауарлар жетіп отырды. Қытай мен Орта Азиядан соғды көпестерінен парсылар мен сириялықтарға өтіп отыратын жібек маталар да жеткізіліп отырды.

Константинополь мен империяның басқа да аймақтарында сыртқы саудаға кіріскен тайпалардың бірі славяндар болды. Славяндар балауыз, елтірі, мыстарды жеткізіп отырды. Олар шығыстан келген айлаққа өрік, мейіз, бадам, құрма, шарап, сириялық маталар, кілемдер мен әйгілі тігілген киімдер алып отырды. Осы жерден үлкен және кіші кемелер Босфорға тауар тасыды. Мысырдан бидай, алтын құм мен піл сүйегі тасымалданды. Астана халқы Жерорта теңізі мен Қара теңізден жеткізіліп отырған үлкен мөлшердегі балғын және тұзды балықтарды тауысып отырды. Ол қала тұрғындарының ішіндегі кедей-кепшіктерінің тағамы болды. Славяндар ерте кезден Византияның аумағына жақын маңда өмір сүргендіктен империядан шығатын қажетті тауарлар оларға да жетіп отырды. Бұл жағдай кейіннен сауда қатынастарының өрбуіне негіз болды.

Сауда қатынастары негізінен Ұлы қоныс аудару заманында Балқанда үлкен славян халықтарының бірі болып, елеулі ықпалға ие болған болгарлардың кезінде күшейді. Жоғарыда аталған тауарлармен қоса бағалы заттар, әшекей бұйымдар, жүзіктер, алқалар мен білезіктер сатылды. Алтын және мыс тиындар, қорғасынды мөрлер арқылы халықтар арасында өзге елдермен үлкен сауда-саттық орнатқандығын байқаймыз. Алғашқы болгар астанасына жүргізген қазба нәтижесінде болгарлардың Византия мемлекетінің мәдениетімен және жазуларының ұқсастығымен, яғни тығыз қарым-қатынаста болғандығын аңғаруға болады [167, с. 147].

Жоғарыда аталғандай, славян халықтарының арасынан болгарлардың беделі үстем бола бастады. Ұлы қоныс аударудың салдарынан Балқан тауының етегінде болгарлардың мемлекеттік негізі қалана бастады. Ерте орта ғасырлардағы славяндармен салыстырмалы түрде қарағанда әрине болгарлар Византиямен сауатты қарым-қатынастар жүргізуге тырысқан. Дегенмен, өз кезегінде саяси текетірестер мен соғыс жағдайлары да орын алып отырды. Болгарлар өздерін Византияның Балқандағы сенімді әріптесі ретінде көрсетуге тырысты.

Балқан жағындағы шекаралық жағдайы мен тұрақтылықты қамтамасыз етуде кейіннен VII ғасырдың екінші жартысында Византия болгарларға алым-салық төлеп те отырған. Салықтан бас тартқысы келген византиялықтарға болгарлар шабуыл жасауға мәжбүр болды. Дегенмен, кей жағдайда император өзінің Шығыс аудандарынан қосымша күш тартып, болгарларды шекара маңынан асыра қуып отырған. Дегенмен, болгарлар мен өзге де славяндар Балқанға берік орнықты [174]. Византиялық билеушілер оларды шекара тысындағы саяси мәселелерді шешуде пайдаланып отырды. Бұл жағдай VII ғасырдың соңында орын алды. Халықтардың ұлы қоныс аудару процесі тоқтаған соң, кейіннен славяндардың негізгі бөлігі Византияның халқына айналды.

Қорыта айтқанда Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірі Еуразияда көптеген халықтардың саяси, этникалық, мәдени тарихын өзгертуге әсер еткен болса, ол өз кезегінде Азия мен Еуропаның басын біріктіріп отырған Византия сияқты ұлы мемлекеттің саяси тағдырына елеулі түрде әсер етті. Шығыстан ығыстырылған варвар халықтардың бірі саналған славяндар әуелде Византиядан пана іздесе, кейіннен оның өзіне сырттай қауіп төндірді. Осының салдарынан Византия мен славяндар арасында ауқымды түрде бейбіт қатынастар орын алмады.

Византия империясы мен славяндар арасында орын алған соғыс жағдайы мен түрлі саяси теке-тірестер Византияға уақытша шығындар әкелген болса, ал славяндар үшін ауыр болды. Византияның бір ғана шабуылмен бүкіл славяндарды Балқаннан қуып шығуға қауқары жеткенімен, византиялық билеушілер ондай қадамға бармады. Себебі, олар славяндарды өз шекарасының сыртында сыртқы қорғаныс ретінде ұстағысы келген. Мұндай тәжірибе Византияның негізгі әдісі болатын. Олар осы әдіспен ғұндарды, готтарды және герман тайпаларын шекара сыртында ұстады. Дегенмен, Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде өзге халықтарға пана болғаны сияқты Шығыс Рим империясы славяндарға да қорған бола білді. Олардың халық болып қалыптасуына және болгарлар сияқты жеке мемлекет құруына византиялықтар үлкен көмек көрсетті. Бірақ әу бастан бытыраңқылықта өмір сүрген славяндар сол қалпында қала берді. Олай дейтініміз олар ірілі-ұсақты княздіктер іспеттес өмір кешті.

Ұлы қоныс аударудың алғашқы кезеңінде славяндар өзге варварлар сияқты өте тұрпайы өмір сүргенімен, кейіннен бұл процесс тоқтаған соң олар да өз мәдениетін қалыптастырды. Славяндардың мәдениетінің қалыптасып дамуында Византия империясы аса үлкен роль ойнады. Оның басты мысалдары славяндар

гректерден бөлек болған өзінің алфавитін қалыптастырды. Терминология өзгерді. Діни тұрғыда православ шіркеуінің қағидаларын ұстанды. Византия астанасы Константинопольді өздерінің қасиетті орындары деп ерекше құрмет тұтты.

ҚОРЫТЫНДЫ

Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуіріндегі Шығыс Рим империясының тарихы бойынша жүргізілген диссертациялық ғылыми-зерттеу жұмысында, осы кезеңдегі империяның ішкі және сыртқы саясаты мен әлеуметтік-экономикалық дамуы зерттелді. Бұл дәуірдегі Византия империясының аталған салаларға бағытталған тарихы сол заманда өмір сүрген батыс, шығыс, византиялық, римдік авторлар мен хронистердің еңбектерін талдаудың негізінде және заттай деректер мен тарихнамалық деректерді ғылыми сараптамадан өткізудің, сондай-ақ, тақырыпқа қатысты өзге де зерттеу жұмыстарын жүйелеудің нәтижесінде ғылыми тұжырымдар қабылданып, диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша төмендегідей қорытындылар жасалды. Отандық тарих ғылымында Шығыс Рим империясының тарихын зерттеу ісінің тәуелсіздік жылдарынан бастап дамып келе жатқанын және оның қазіргі уақытта да жалғасып жатқанын алға тарта отырып зерттеу жұмысының мазмұны бойынша көптеген қорытындылар қабылданды.

Халықтардың ұлы қоныс аудару кезеңінде Шығыс Рим империясы Батыс пен Шығыста алдыңғы қатарлы мемлекет ретінде танылды. Оның басты ерекшеліктері империяның жүйеленген саяси басқару формасы болды, экономикада бірізділік қалыптасып, уақыт ағымына сай оны дамыту жолға қойылды, мемлекеттік тұрақты салық жүйесі жұмыс істеді. Сонымен қатар, мемлекетті басқару функциялары, қазынаны бақылау, император мен шенеуніктердің қызметін қадағалау және осы сияқты өзге де салалардағы даму жолымен, оның өзіндік сан түрлі тармақтарының тұрақты жұмыс істеуімен жеке-дара ерекшеленіп тұрды. Бұл үшін мемлекеттік аппарат пен император сарайы және заң өзіндік бақылау жұмыстарын жүргізіп отырды. Бұл жағдай салыстырмалы түрде қарағанда қазіргі кездегі мемлекеттік басқару құрылымдарына ұқсас болып, ол сол уақытта әлем елдерінің көшбасында тұрып, өзге елдерге үлгі болды. Империялық қоғам өзінің саяси дамуымен танылды. Ара-тұра орын алып отырған ішкі қырқыстарға қарамастан, империя әлемдік өркениеттің басты орталығы болып қала берді. Оның саяси дамуын Батыс Рим империясымен салыстырғанда әлдеқайда жоғары болды.

Шығыс Рим империясы Христиан дінінің басты қолдаушысы болды. Христиан діні Византияның саяси өмірінде ерекше орын иеленді. Византиялық билеушілер өздерін Христиан әлемінің қорғаушысы ретінде санады. Діншілдер мен христиан шіркеуінің қызметкерлері қоғамда беделді адамдардың қатарында саналды. Шіркеу мемлекет пен қоғамда белді роль атқарды. Мемлекет басынды тұрған лауазымды адамдар көбінесе мемлекетте дінді берік ұстана отырып, оны мемлекет идеологиясын жүргізуге пайдаланғысы келді. Христиан шіркеуі демагогияны белсенді пайдаланып, халық арасында билігін нығайтып алған. Нақтырақ айтқанда дін халықты біріктіруші үлкен мемлекеттік құрал болып табылған. Империяда «христиандықты ешқашан ұмытпау керек және оны насихаттауды тоқтатпау керек» - деген ұран басым болды.

Халықтардың ұлы қоныс аудару дәуірінде Шығыс Рим империясының дамуына Рим императорлары тарапынан енгізілген мемлекеттік құқықтық

нормалар ерекше ықпал етті. Шығыс Рим империясының басқа мемлекеттерден көш ілгері тұруына және оның өзге мемлекеттерге үлгі боларлықтай мемлекеттік жүйенің дамуына сол дәуірде империяны басқарған билеушілердің ерекше қызметі өз септігін тигізді. Шығыс Рим империясының мемлекет пен қоғамды басқарудағы дамуына I Юстинианның қызметі зор болды. Ол өзінің заңнамалық және құқықтық реформалары негізінде империяның дамуын жоғары деңгейге көтере алды. Юстинианның өз қабылдаған кодексі бүгінгі күнге дейін сақталып, оның екінші басылымы сақталған. I Юстиниан өзінің әлемдік құқықтық тарихында осындай ірі жоба қабылдағанын ойламаған болса керек. Император I Юстиниан жақсы сақталып, ол кейінірек дүниежүзілік даңққа ие болды. Кодекске кіретін заңдардың көпшілігі латын тілінде жазылған және грек тілдерінде жазылды. Императордың тек құқықтық емес сонымен қаржы саласындағы реформалары сәтті аяқталып, ол империяның дамуына зор үлесін қоса алды. Ерте орта ғасырларда Византияның саяси-экономикалық өміріндегі қызметі зор болған император I Юстинианның қаржы саласын басқарудағы жобалары біріншіден өзіне дейінгі дарынды басшылардың ісін жалғастырушы, оны дамытушы ретінде сипатталса, екінші жағынан ол өзінен кейінгі билеушілерге үлгі бола алды.

Көрсетіліп отырған кезеңде Шығыс Рим империясы қуатты экономикалық держава болды. Византия экономикасы ешбір қиындыққа дес бермейтін аса қуатты экономикалық база болды. Империя экономикасының қуатты болуы сыртқы сауданың тұрақты түрде жүруі және ішкі шикізат пен байлықтың көп болуымен байланысты болды. Экономикалық қордың өлшемі бойынша Шығыс Рим империясы көрші мемлекеттерден көш ілгері ерекшеленіп тұрды. Басты экономикалық ерекшеліктердің бірі ретінде осы дәуірдің өзінде-ақ Шығыс Рим империясында тұрақты түрде ашқа айналымы жұмыс істеп, ол мемлекетке үлкен табыс әкеліп отырды. Шығыс Рим империясында арнайы мемлекеттік қаржы саласы қызмет етіп, ол табысты жұмыс жасады. Дегенмен әр император кезінде ір түрлі саясат жүргізілуіне байланысты мемлекеттік қорға қол сұғушылар да табылып жатты. Бірақ, осыған қарамастан, империяның экономикалық өмірінде ақша басу мен оның айналымы уақыт талғамастан өзінің дамуын жалғастыра берді.

Константинополь империя экономикасының басты орталығы саналды. Қала халқы бай, қуатты өмір сүрді. Империя астанасында соғылған алтын ақша мемлекет экономикасының басты кепілі болды, византиялық ақша бірлігінің құны өте жоғары болды. Алтын ақша мен оның құнының жоғары болуы империя экономикасының басты даму ерекшеліктерін көрсетті. Сонымен қатар, ең маңыздысы оны сол заманның аса қуатты экономикалық держава екендігін тағы бір айқындады.

Халықтардың ұлы қоныс аудару дәуірінде Шығыс Рим империясының мемлекеттік басқару аппараты империяда құлиеленушілік қоғамдық қатынастарды жойып, құл саудасына тиым салуға тырысты. Мұның өзі византиялық өркениеттің батыс римдіктерден өзгешелігін көрсетіп отыр. Құлдық қатынастардың қоғамдық дамуды тежейтінін византиялық билеушілер терең ұқты. Батыс пен Шығыс мәдениетінің жалғастырушысы болған

Византияның құлдық қатынастарға тосқауыл қоюы әрекеттері оның адамзат өркениетінің жаңа белестерін бағындыруға бейім екенін көрсетті. Империяда құлдық қатынастар бірден жойылып кеткен жоқ. Құлиеленушілік құрылысты тоқтату жұмыстары біраз уақытты талап етті.

Ұлы қоныс аудару заманында Шығыс Рим империясының сыртқы саясаты негізінен сыртқы соғыстармен сипатталды. Оның басым бөлігі ғұндармен, аварлармен, славяндармен және парсылармен жүргізілген соғыс факторлары болды. Сыртқы жағдайда Шығыс Рим империясына, оның саяси-экономикалық дамуына ерекше кері ықпал еткен мемлекеттердің бірі Ғұн мемлекеті болды. Ғұндар Орталық, Шығыс Еуропа аумағына берік жайғасып өз мемлекетін құрған соң византиялықтар онымен тең дәрежеде санасты. Бірақ, ғұндарда Византия сияқты ғасырлар бойына қалыптасқан мемлекеттік басқарудың заңды дәстүрі мен құқықтық негізі болмағандықтан, ол римдіктермен бәсекеге түсе алмай іштей ыдырап тынды. Дегенмен, ғұн мемлекеті Византияның өмірінде ерекше із қалдырып, бұл мемлекеттің билеушілері, әсіресе Аттила өзіне Византияны ата жау немесе бітіспес дұшпан ретінде санамады. Ғұн билеушілері Византия императорларына тиісінше құрметпен қарады. Екі мемлекет арасында соғыс жағдайларының орын алуына негізінен оңай табыс көздеріне қол жеткізу ғана себеп болды. Бір сөзбен айтқанда ғұндардың парсылар сияқты Византияның құлату жоспары болған жоқ.

Бұл дәуірде Шығыс Рим империясының ғұндардан кейін мемлекетаралық деңгейде саяси қарым-қатынаста болып, алайда көбінесе соғыс жағдайында болған Сасанидтік Иран еді. Парсылар Византияны түгел жаулап алуға бейім болды. Парсылар бұл дегеніне жете алмағанымен, олар Византияға ең ауыр саяси-экономикалық шығын келтірген мемлекет болып саналды. Сыртқы күштердің қаупін алым төлеумен бетін қайтаруға дағдыланған византиялық императорлар парсыларды ұдайы ақшаға сатып алып отырды. Дей тұрғанмен, бұл әдіс өзінің нәтижесін берді. Византия осындай айла-тәсілдер арқылы өз территориялық бүтіндігін сақтап қалды. Сасанидтік Иранда болған ішкі саяси дағдарыс пен мемлекеттегі өзгерістер Византия үшін тиімді болды.

Халықтардың ұлы қоныс аудару дәуірінде Шығыс Рим империясы өзімен деңгейлес әлемдік державалар арасында халықаралық дипломатияның үлгісі бола алды. Византияның Түркі қағандығымен саяси қарым-қатынастары ежелгі дәуірдегі халықаралық дипломатияның ең жарқын үлгісі болды. Түркі қағандығы мен Византия арасындағы жібек саудасы халықаралық сауданың негізгі күрежолы болды. осылайша Византия империясы Халықтардың ұлы қоныс аудару дәуірінде Батыс пен Шығысты байланыстырушы саяси көпір қызметін де атқарды. Бұл өз кезегінде империяның халықаралық аренадағы беделін көтерді.

Халықтардың ұлы қоныс аудару дәуірінде Византия империясы көптеген халықтардың этникалық дамуына да ерекше ықпал етті. Мысалы славяндардың, аварлардың, герман тайпаларының дамуына өз септігін тигізді. Оның басты тұжырымдарының бірі аталған варвар тайпаларының Византияға қыр көрсетіп, соғыс ашқанына қарамастан, империя оларға қамқор болды. Өз жерінен орын беріп, олардың дамып көбеюіне мүмкіндік берді. Қазіргі Оңтүстік, Шығыс

Еуропадағы халықтардың біразының этникалық дамуына осы Шығыс Рим империясының ықпалы өте зор болды. шығыстан келген тайпалар империядан пана тауып, өз өмірін жалғастырды.

Шығыс Рим империясының көрші елдермен сауда-саттық қарым-қатынастары империяның саяси жағдайына оң ықпал етті. Сауда-экономикалық қатынастардың саяси маңыздылығы жоғары болды. Көрші мемлекеттермен сауда-саттықты күшейту арқылы өзінің сыртқы саяси жағдайын тіктеп алды. Шығыс Рим империясының билеушілері өзімен тарихи тамырлас болған Батыс Рим империясының билеушілерімен саяси байланыстарды жоғалтпады. Батыс Рим империясының жерлерін өзіне мұра деп есептеген византиялық билеушілер бұрынғы Рим жерлері үшін толассыз күрестер жүргізді. Ол ұзақ уақытты қамтыды. Осының салдарынан бұрынғы Батыс Рим жерлері біртіндеп Византия территориясына қосыла бастады және бұл процесс өз жалғасын тапты.

Қорыта айтқанда, Халықтардың ұлы қоныс аудару дәуірінде Шығыс Рим империясы осы көштің қақ ортасында болып, бұл процесс империяның саяси-экономикалық өмірінде аса маңызды орын иеленді. Ұлы қоныс аудару процесі Шығыс Рим империясының болашақтағы өмірі мен жалпы империяның тағдырына тигізген әсері ауқымды болды. Бұл дәуірде Батыстан бөлініп, жаңадан өмір бастаған Шығыс Рим империясының саяси, әлеуметтік-экономикалық салаларда даму үстінде болды.

IV-VII ғғ. Ғұндардың және түркі әлемінің ықпалы Шығыс пен Батыстың өзара байланыстарына әкеле отырып, Ұлы жібек жолының одан әрі дамуына әкеледі. VI- VII ғасырлардан бастап Империядағы құлиеленушілік қатынастар бірте-бірте ыдырайды да, қоғамда жаңа өркениетке жол ашылады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.

- 1 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 288 б; Тәуелсіздік белестері. – Алматы: Атамұра, 2003. – 335 б.
- 2 Жұмағұлов Қ.Т. Орта ғасырлардың басындағы Еуропадағы халықаралық қатынастардың сипаты // әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. – 2003. – №1 (28). – 44-51 бб.
- 3 Жұмағұлов Қ.Т. Ғұндардың Галлия (Франция) жеріндегі шайқасы // әл-Фараби атындағы ҚазМУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2001. – № 1. – 85-98 бб;
- 4 Жумагулов К.Т. Великое переселение народов в евразийском пространстве // Вестник КазНУ имени аль-Фараби. Серия историческая. – 2002. – № 2. – С. 9-12.
- 5 Жумагулов К.Т. Гуннский союз племен в Центральной Азии и Великое переселение народов на евразийском континенте // «Евразия на стыке веков»: Материалы международного симпозиума, посвященного 10-летию Независимости Республики Казахстан. – Астана, 2002. – С. 190-202.
- 6 Удальцова З.В. Идейно-политическая борьба в ранней Византии (по данным историков IV-VII вв.). – М.: Наука, 1974. – с. 352.
- 7 Литаврин Г.Г. Очерки истории Византии и южных славян. – М.: Учпедгиз, 1958. – с. 326.
- 8 Пигулевская Н.В. Византия и Восток // Палестинский сборник. Л., 1971. – №23 (86). – С. 3-17.
- 9 Курбатов Г.Л. Византия в VI столетии: Популярный очерк. – Л.: Учпедгиз, 1959. – с.136.
- 10 Васильев А.А. История Византийской империи. В 2-х т. – СПб.: Алетейя 1998.
- 11 История Византии. – В 3-х т. / отв. ред. акад. С.Д. Сказкин. – М.: Наука, 1967. - Т. 1. – с. 523.
- 12 Серов В.В. Чрезвычайный бюджет Византии в VI веке (опыт историко-политико-экономического исследования): Монография. – Барнаул: Азбука, 2010. – с. 256.
- 13 Величко А. История византийских императоров: в 6-ти томах.). – 3 -е изд. – М.: Вече, 2015.- Т. 1. – с. 607.
- 14 Шувалов П.В. Северо-восток Балкан в V-VI вв. Города лимеса и варварские вторжения // Из истории Византии и Византистики. – Л.: изд. ЛГУ, 1991. – С. 39-47.
- 15 Шиканов В.Н. Византия. Римская мечта. Западные войны Византии VI-XIV вв. – СПб.: Рейтар, 2008. – с. 192.
- 16 Сиротенко В.Т. История международных отношений в Европе во второй половине IV-начале VI вв.. – Пермь: Пермской гос. унив., 1975. – с. 184.
- 17 Пахомов Ю. Византийско-хорватское отношения в раннем Средневековье // Славянский Альманах.– М.: Индрик, 2007. – С. 11-28.
- 18 Леонов С.В. К вопросу о влиянии Византии на русскую историю // Исторический журнал: научные исследования. – 2012.– № 6 (12). – С. 67-76.

- 19 Karl Roth. Geschichte des Byzantinischen Reiches. – Berlin: Verein. Wissenschaftl, 1919. – 171 s.
- 20 Beck Hans-Georg. Senat und Volk von Konstantinopel. Probleme der byzantinischen Verfassungsgeschichte. – München: Verlag der Bayerischen Akademie der Wissenschaften, 1966. – 75 s.
- 21 Peter Schreiner. Byzanz 565-1453 (Oldenbourg Grundriss der Geschichte, Band 22). – München: Oldenbourg, 1986. – 226 s.
- 22 Mischa Meier. Justinian. Herrschaft, Reich und Religion. – München: Beck, 2004. – 128 s.
- 23 Leppin Hartmut. Justinian. Das christliche Experiment. – Stuttgart: Klett-Cotta 2011. – 448 s.
- 24 Timo Stickler. Die Hunnen. – München: Beck, 2007. – 128 s.
- 25 Michael Schmauder. Die Hunnen. Ein Reitervolk in Europa. – Darmstadt: Primus-Verlag, 2009. – 176 s.
- 26 Klaus Rosen. Attila. Der Schrecken der Welt.– München: Beck, 2016. – 320 s.
- 27 Frank Martin Ausbüttel. Theoderich der Große. Der Germane auf dem Kaiserthron. – Darmstadt: Primus-Verlag, 2003. – 192 s.
- 28 Edward Gibbon. The History of the Decline and Fall of the Roman Empire. – vol. 1-6. – London: Strahan and T. Cadell. (1776-1788).
- 29 Romilly Jenkins. Byzantium: The Imperial Centuries 610-1071. – London: Weidenfeld and Nicholson, 1966. – p. 400.
- 30 Mark Whittow. The Making of Byzantium, 600-1025. – London: Macmillan, 1996. – p. 504.
- 31 Zhumagulov K., Fabio L.Grassi. Intergration of the EAST and West in the History // Вестник КазНУ Серия историческая. Вып №1 (89), Алматы, 2018.
- 32 Francesco Cognasso, Bisanzio. Storia di una civiltà. – Milano: Dall'Oglio, 1976. – p. 512.
- 33 Guglielmo Cavallo. The Byzantines. – Chicago: University of Chicago Press, 1997. – p. 302.
- 34 Аммиан Марцеллин. Римская история / пер. Ю.А. Кулаковского, А.И.Сонни. – СПб.: Алетейя, 1996. – с. 576.
- 35 Олимпиодор Фиванский. История / пер. и комм. Е.Ч. Скржинской // Византийский временник. – 1956. – Т. 8. – С. 223-276.
- 36 Евнапий Жизни философов и софистов / пер. с греч. Е. В. Дарк и М. Л. Хорькова // Римские историки IV века. отв. ред. М. А. Тимофеев. (Серия «Классики античности и средневековья»). – М.: Росспэн, 1997. – с. 384.
- 37 Зосим Новая история / под ред. Н. Н. Болгова. – Белгород: Издательство Белгородского государственного университета, 2010. – с. 344.
- 38 Priscus Panites. Historia Byzantina fragmenta, Fragmenta Historicorum Graecorum (FHG). Paris, 1851.
- 39 Иордан О происхождении и деяниях гетов. Getica / Вступительная статья, перевод, комментарий Е. Ч. Скржинской. - М.: Издательство восточной литературы, 1960. (Серия "Памятники средневековой истории народов Центральной и Восточной Европы"). – с. 436.

- 40 Прокопий Кесарийский Война с персами. Война с вандалами. Тайная история / пер., ст., комм. А. А. Чекаловой; отв. ред. Г. Г. Литаврин. (Серия «Памятники исторической мысли»). – М.: Наука, 1993. – с. 576.
- 41 Агафий Миринейский. О царствовании Юстиниана / пер., ст. и примеч. М. В. Левченко. – М.-Л.: Изд-во АН, 1953. – с. 221.
- 42 Menander Protector. History of Menander the Guardsman. R. C. Blockley. - Liverpool, 1985. – p. 597.
- 43 Феофан Византиец. Летопись византийца Феофана от Диоклетиана до царей Михаила и сына его Феофилакта / Приск Панийский. Сказания Приска Панийского. – Рязань, 2005. – с. 284.
- 44 Феофилакт Симокатта История / Вступ. статья Н. В. Пигулевской; пер. С. П. Кондратьева; примеч. К. А. Осиповой; отв. редактор Н. В. Пигулевская. – М.: Издательство АН СССР, 1957. – с. 224.
- 45 Стратегикон Маврикия / Издание подготовил В.В. Кучма. – СПб.: Алетейя, 2004. – с. 248.
- 46 The Chronicle of John Malalas / A Translation by Elizabeth Jeffreys, Michael Jeffreys, Roger Scott et al. / Byzantina Australiensia 4. – Melbourne: Australian Association for Byzantine Studies, 1986. – p. 371.
- 47 Gregor von Tours. Historia Francorum.(Hrsg. B. Krusch) MGHSS rerum Merovingicarum, 1951. – с. 464.
- 48 Joannis abbatis Biclarenensis. Chronicum / Migne J.P. – Patrologia Latina. – Paris, 1849. – Т. LXXII. – p. 1140.
- 49 Isidorus Hispalensis. Historia de regibus Gothorum, Vandalorum et Suevorum. Ed. Bilingüe. (latin-espanhol) tradução de Criastobal Rodriguez Alonso. - Leon: Centro de estudios, 1975. – p. 1082.
- 50 Свод древнейших письменных известий славянах (I-VI вв.). – М.: Наука. Главная редакция восточной литературы, 1991. – Т1. – с. 473.
- 51 Уколова В. И. Становление нового типа организации культурной жизни. Кассиодор // Античное наследие и культура раннего средневековья (конец V-начало VII века). – Москва: Наука, 1989. – с. 320.
- 52 Пигулевская Н.В. Месопотамия на рубеже V-VI вв. н. э. Сирийская хроника Иешу Стилита как исторический источник / отв. редактор акад. Крачковский И.Ю. – Труды института востоковедения. – М. – Л.: Издательство Академии наук СССР, 1940. – Т. XXXI. – с. 176.
- 53 Дьяконов А.П. Иоанн Ефесский и его церковно-исторические труды. – СПб.: Тип. В.Ф. Киршбаума, 1908. – с. 417.
- 54 Евагрий Схоластик. Церковная история / пер. с греч., вступ. ст., комм., приложения и указатели И. В. Кривушина. – Изд. 2-е, исправ. – СПб.: Издательство Олега Абышко, 2010. – Кн. I-VI. – с. 672.
- 55 Жумагулов К.Т, Р.С. Мырзабекова, Г.С. Беделова. Хрестоматия по истории средних веков. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – с. 124.
- 56 Ковальченко И.Д. Методы исторического исследования / И.Д.Ковальченко – 2-е изд., доп. – М.: Наука, 2003. – с. 486.
- 57 Тойнби А. Дж. Цивилизация перед судом истории. Мир и Запад / [пер. с англ.]. – М.: АСТ: Астрель-Владимир: ВКТ, 2011. – с. 318.

- 58 Норвич Джон. История Византии / пер. с англ. Н.М. Заболоцкого. – М.: 2010. – с. 542.
- 59 Острогорский Г.А. История Византийского государства / пер. с нем. М.В.Грацианский; ред. П.В. Кузенков. – М.: Сибирская Благозвонница, 2011. – с.859.
- 60 Покровский И.А. История римского права Вступ., ст, пер. с лат., научн. ред. и коммент. Л.Д. Рудокваса. – СПб.: Летний Сад. – 1998. – с. 560.
- 61 Корсунский А.Р. О колонате в Восточной Римской империи V-VI вв. // Византийский Временник. – М.: АН СССР, 1956. – Т. IX. – С. 46-77.
- 62 Акынова А.П. Юстинианның Византия империясында қаржы саласын басқару жобаларының кейбір бағыттары // т.ғ.д, профессор Қ.Т. Жұмағұловтың 70 жылдығына және ғылыми-педагогикалық қызметінің 50 жылдығына арналған «Интеграция және модернизация жағдайындағы Дүние жүзі тарихы және Еуразиядағы халықаралық қатынастар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2018. – 139-143 бб.
- 63 Сюзюмов М.Я. Экономика пригородов византийских крупных городов. // Византийский Временник. – М.: АН СССР, 1956. – Т. XI. – С. 55-81.
- 64 Чекалова А. А. Константинополь в VI веке. Восстание Ника. – Изд. 2-е, испр. и доп. – СПб.: Алетейя, 1997. – с. 336.
- 65 Серов В.В. Чрезвычайный бюджет Византии в VI веке (опыт историко-политико-экономического исследования): Монография. – Барнаул: Азбука, 2010. – с. 256.
- 66 Стратегикон Маврикия / Издание подготовил В.В. Кучма. – СПб.: Алетейя, 2004. – с. 248.
- 67 Акынова А.П. Византия империясының экономикалық дамуының ерекшеліктері // Қазақстанның жаңа жаһандық жаңғыруы: «Алаш» және «Мәңгілік ел» идеялары атты халықаралық ғылыми-теориялық және әдістемелік конференция материалдары. – Алматы, 2017. – 162-172 бб.
- 68 Сюзюмов М.Я. Роль городов-эмпориев в истории Византии // Византийский Временник. – М.: АН СССР, – Т. XI. – С. 26-41.
- 69 Akynova A.P. Emperor Justinian I and Byzantine empire. //Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы. Тарих және саяси - әлеуметтік ғылымдар сериясы. – 2017. – №1 (52). – 273-277 бб.
- 70 James Allan Evans. The Emperor Justinian and the Byzantine Empire. – London, 2005. – p. 216.
- 71 Максимович К.А. Церковные новеллы св. Императора Юстиниана I о монашестве: новеллы V и LXXIX // Вестник ПСТГУ I: Богословие. Философия. – 2007. – Вып. № 4 (20). - Ч. 1. – С. 38-51.
- 72 Кулаковский Ю.А. История Византии 518-602 гг. СПб., Алетейя, 1996. Т. 2. – с. 400.
- 73 The Oxford dictionary of Byzantium. Ed. Alexander P. Kazhdan– 1991. Oxford university press,1991. Vol 1-2-3. – p. 2232.
- 74 Максимович К.А. Право и Церковь // Православная энциклопедия. – М., 2004. – Т. VIII. – С. 181-192.

- 75 Charles William Chadwick Oman. The Byzantine Empire. Yardley: Westholme Publishing, 2009. – p. 376.
- 76 Удальцова З.В. Законодательные реформы Юстиниана. // Византийский временник. – М.: Наука, 1965. – Т. 26. – С. 3-45.
- 77 Удальцова З.В. Законодательные реформы Юстиниана. // Византийский временник. – М.: Наука, 1967. – Т. 27. – С. 3-37.
- 78 Медведев И.П. Правовая культура Византийской империи. – СПб.: Алетейя, 2001. – с. 576.
- 79 Величко А.М. История Византийских императоров. От Юстина до Феодосия III / Алексей Величко. – Москва: Вече, 2015. – с. 480.
- 80 Сильвестрова Е.В. Новелла III Юстиниана и юридическая природа прав церкви Константинополя на её имущество в начале VI в. н.э. // Византийский временник. – Москва: Наука, 2006. – Т. 65 (90). – С. 29-36.
- 81 Щапов Я.Н. Собрание новелл Юстиниана в 87 главах в древнерусской письменности // Древнее право. – Ярославль, 1998. – Вып. № 1(3). – С. 108-112.
- 82 Timothy E. Gregory. A History of Byzantium. – Hoboken: Wiley-Blackwell, 2010. – p. 480.
- 83 Коптев А.В. Проблемы эволюции общественного строя и международных отношений в истории западноевропейской цивилизации / Сборник статей под ред. Ю.К. Некрасова. – Вологда: Русь, 1997. – С.11-30.
- 84 Коптев А.В. Изменение статуса римских колон в IV-V вв. // ВДИ, 1989. – №4. – С.33-38, 42-48.
- 85 Максимова Л.Ю. Эволюция феномена гражданства в контексте исторического развития Западной Европы // Вестник МГИМО. – 2017. – №6(57). – С. 40-63.
- 86 Карташёв А.В. Вселенские Соборы. – М.: Республика, 1994. – с. 542.
- 87 Кузенков П.В. Канонический статус Константинополя и его интерпретация в Византии // Вестник ПСТГУ. Серия Богословие. Философия. – 2014. – Вып. 3(53). – С. 25-51.
- 88 Джонатан Харрис. Византия. История исчезнувшей империи / Пер. с англ. Натальи Нарциссовой. – М.: АИФ, 2017. – с. 408.
- 89 Грант М. Римские императоры: Биографический справочник правителей Римской империи 31 г. до н.э.-476 г.н.э. / пер. с англ. М. Гитт. – М.: Терра, 1998. – с. 400.
- 90 Смирнов К. Обзор источников истории первого вселенского Никейского собора. – М.: Книга по Требованию, 2011. – с. 366.
- 91 Дашков С. Императоры Византии. – Москва: Красная площадь, 1997 – с. 368.
- 92 Прибыловский В.В. К вопросу о налоговой реформе императора Анастасия I // Византийский временник. – 1986. – № 46. – С. 189–198.
- 93 Prinzing G. Das Bild Justinians I. in der Überlieferung der Byzantiner vom 7-15. Jahrhundert.. – 1986. Forschungen zur byzantinischen Rechtsgeschichte. – Т. 14. – p. 100.
- 94 The Cambridge Companion to the Age of Justinian / ed. by M. Maas. – 2005. – p. 533.

- 95 Крылова М., Тушинский М. Феодора - дар Юстиниану // Вокруг света. – 2007. – №10. – С. 200-210.
- 96 Crawford Peter. The War of the Three Gods: Romans, Persians and the Rise of Islam. – Barnsley: Pen and Sword, 2014. – p. 280.
- 97 Маврикий. Тактика и стратегия. Первоисточник сочинений о военном искусстве императора Льва Философа и Н. Маккиавелли / пер. с лат. капитана М.А. Цыбышева; предисл. П.А. Гейсмана. – СПб., 1903. – с. 241.
- 98 Kaegi Walter E. Heraclius, Emperor of Byzantium. – Cambridge: Cambridge University Press, 2003. – p. 372.
- 99 Parvaneh Pourshariati. Decline and Fall of the Sasanian Empire. The Sasanian–Parthian Confederacy and the Arab Conquest of Iran. – London: I.B.Tauris & Co Ltd, 2008. – p. 537.
- 100 Буданова В. П. и др. Великое переселение народов: Этнополитические и социальные аспекты / В.П. Буданова, А.А. Горский, И. Е. Ермолова. – СПб.: Алетейя, 2011. – с. 336.
- 101 Томпсон Эдвард А. Гунны. Грозные воины степей / пер. с англ. Л.А. Игоревского. – М.: ЗАО Центрполиграф, 2008. – с. 256.
- 102 Maenchen-Helfen.O.J. The World of the Huns. Berkeley – Los-Ang. – London, 1973. – S. 446.
- 103 Аммиан Марцеллин. История / пер.с лат. Ю. Кулаковского и А. Сонни 3-е издание. – М.: АСТ:Ладомир, 2005. – с. 631.
- 104 Латышев В. В. - Известия древних писателей о Скифии и Кавказе. Греческие писатели // Вестник древней истории. –1947, – №1. – С. 280-316.
- 105 Иностранцев К.А. Хунну и Гунны (разбор теорий о происхождении народа Хунну китайских летописей, о происхождении европейских Гуннов и о взаимных отношениях этих двух народов). – Л.: Изд. Ленинградского ин-та живых восточных языков им. А. С. Енукидзе, 1926. – с. 156.
- 106 Аманжолов К. Р. Түркі халықтарының тарихы. / Көне дәуірден біздің заманымыздың ХІҮ ғасырына дейінгі кезең / К. Р. Аманжолов. - Алматы : Білім, 2005.1-ші кітап.– 304 б.
- 107 Бибигов М. В. Византийская историческая литература. – СПб.: Алетейя, 1998. – с. 315.
- 108 Таскин В.С. Материалы по истории сюнну. – М.: Наука, 1968. – с. 177.
- 109 Бенцынг И. Языки гуннов, дунайских и волжских болгар // Зарубежная тюркология. – 1986. – Вып. №1. – С. 11-28
- 110 Гумилев Л.Н. Хунны в Азии и Европе // Вопросы Истории, – 1989, – №6. – С. 64-78.
- 111 Кропоткин А.В. К вопросу о племенных центрах Черняховской культуры / СА. 1984. - №3. - С. 35-47.
- 112 Болгов Н.Н. Закат античного Боспора. Белгород: Издательство Белгородского государственного университета, 1996. – с. 180.
- 113 Гумилев Л.Н. Хунну. Срединная Азия в древние времена. –М.: Изд-во Восточной литературы, 1960. – с. 292.
- 114 Гумилев Л.Н. История народа хунну. – М.: АСТ: Астрель, 2010. – с. 700.

- 115 Бернштам А.Н. Очерк истории гуннов. – Л.: Изд-во ЛГУ, 1951. – с. 256.
- 116 Ивик О, Ключников В. Гунны. – М.: Ломоносовъ, 2015. – с. 344.
- 117 Никоноров В.П., Худяков Ю.С. Свистящие стрелы Маодуня и «Марсов меч» Аттилы: Военное дело азиатских хунну и европейских гуннов. – СПб.: Петербургское Востоковедение; М: Филомэтис, 2004. – с. 320.
- 118 Грассэ Рене. Империя степей. Аттила, Чингиз-хан, Тамерлан / пер. Х. Хамраева. – Алматы, 2006. – с. 592.
- 119 Отто Менхен-Хельфен. История и культура гуннов / пер. с англ. Л.А. Игоревского. – М.: ЗАО Центрполиграф, 2000. – с. 412.
- 120 Эдвард Хаттон Аттила. Предводитель гуннов / пер. с англ. Л.А. Игоревского. – М.: ЗАО Центрполиграф, 2005. – с. 240.
- 121 Величко А.М. История Византийских императоров. От Константина Великого до Анастасия I. – М.: Вече, 2015. – с. 617.
- 122 Акынова А. Византия империясы және ғұндар (IV-V ғғ) / «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. – 2016. – №2 (06). [http:// edu.e-history.kz/ru/publications/view446](http://edu.e-history.kz/ru/publications/view446). (26.10.2018).
- 123 Васильев А.А. Византийская империя. – М.: Алгоритм, 2012. – с. 432.
- 124 Удадьцова З.В. Мировоззрение византийского историка V в. Приска Панийского // Византийский временник. – М.: Наука, 1972. – Т. XXXII (58). – С. 47-75.
- 125 Гумилев Л.Н. Авары и обры? (опыт расшифровки семантики этнонима) // Русская литература. – 1989. - № 2. – С. 188-191.
- 126 Литаврин Г.Г. Раннефеодальные государства на Балканах VI-XII вв. М.: Наука, 1985. – с. 364.
- 127 Акынова А.П. Kaganate of Avarin the history of Eurasia// Сб. публик. мультидисциплинар. науч. журн. «Архивариус» по матер. XX междунар. науч.-практ. конф.: «Наука в современном мире». - Киев. – 2017. – Ч. 2. - С. 5-8.
- 128 Menander, the principal fragments: With an English translation by Francis G. Allinson. – Harvard University Press, 1964 – p. 539.
- 129 Olesia Zhdanovych. Diplomatic relationship between Avars and Byzantine Empire by Menander Protector. // Textus et Studia. – 2016. – № 2(6). – P. 139–151.
- 130 Акынова А.П. VII-VIII ғасырлардағы Авар қағанатының ішкі жағдайы / «Дүниежүзі тарихының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2015. – 142-144 бб.
- 131 Чичуров И.С. Византийские исторические сочинения: Хронография Феофана, Бrevиарий Никифора (Тексты, перевод, комментарий). – М.: Наука, 1980. – с. 217.
- 132 Успенский Ф. И. История Византийской империи Период I (до 527 г.). Период II (518-610) в 5 т. – М.: Астрель; АСТ, 2005. Т. 1. – с. 621.
- 133 Georgios Kardaras. The Byzantine-Avar cooperation against the Slavs (578) // Aevum Medium. Zborník na počest' Jozefa Hošša. – 2006. – № 8. – P. 31-33.
- 134 Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государства и народы Евразийских степей: от древности к Новому времени. - 3-е изд., исправл. и доп. СПб.: Петербургское Востоковедение, 2009.– с. 432.

- 135 Менандр Протектор. История // Византийские историки: Дексип Эвнапии Олимпиодор, Малх Патриций, Менандр, Кандид Ноннос и Феофан Византиец / пер. С. Дестуниса. - СПб.: Изд. Л. Демиса, 1860. – с. 432.
- 136 Warren Treadgold. A History of the Byzantine State and Society. – Stanford University Press, 1997. – p. 1044.
- 137 Жданович О.П. Кочевники и Византийская империя в трудах ранневизантийских историков IV-VI вв. // Золотоордынское обозрение. – 2015. – № 1. – С. 33-49.
- 138 Пигулевская Н. Византия на путях в Индию, - М.-Л.: Изд. АН СССР, 1951. – с. 170.
- 139 David Jacoby. Silk Economics and Cross-Cultural Artistic Interaction: Byzantium, the Muslim World, and the Christian West // *Dumbarton Oaks Papers*, 2004. – Vol. 58. – P. 197-240.
- 140 Mihály Dobrovits The Altaic world through Byzantine eyes: Some Remarks on the Historical Circumstances of Zemarchus' Journey to the Turks (AD 569-570) // *Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hung.* – 2011. – Vol.64 (4). – P. 373-409.
- 141 Жданович О.П. Візантійське посольство 568 р. до тюрків за твором Менандра Протектора // *УІЖ*, – 2012. - № 5. – С. 157-164.
- 142 Жданович О.П. Посольство Земарха в ставку тюркского кагана (Перевод и комментарии фрагментов труда Менандра Протектора). // Золотоордынское обозрение. – 2014. – № 2(4). – С. 6-20.
- 143 Mark Dickens. John of Ephesus on the Embassy of Zemarchus to the Türks. // *Central Eurasia in the Middle Ages, Studies in Honour of Peter B. Golden*. Edited by István Zimonyi and Osman Karatay. – Wiesbaden. – 2016. – P. 103-133.
- 144 Пигулевская Н.В. Византийская дипломатия и торговля шелком в V-VII вв. // *Византийский временник*. – М.: Наука, 1947. – Т. 1. – С. 184-213.
- 145 История Византии: в 3-х тт. ред. Сказкин С.Д. Отв. ред. тома – З. В. Удальцова. – Москва: Наука, 1967. Т. 1. – с. 537.
- 146 Кулаковский Ю.А. История Византии 395-518 гг. / СПб., «Алетейя» 1996. – с. 492.
- 147 Чекалова А.А. Иешу Стилит или Прокопий? (К вопросу о манере изображения греческими и сирийскими авторами войны между Византией и Ираном в 502-506 гг.) // *Византийский временник*. – М.: Наука, 1981. – №2. – С. 71-18.
- 148 Шувалов П.В. Секрет армии Юстиниана: восточноримская армия в 491-641 гг. – СПб.: Петербургское Востоковедение, 2006. – с. 304.
- 149 Г. Г. Литаврин. Византия между Западом и Востоком: Опыт исторической характеристики. Алетейя, 1999. – с. 534.
- 150 Пигулевская Н. Арабы у границ Византии и Ирана в IV-VI вв. – М.-Л.: Наука, 1964. – с. 188.
- 151 Серов В.В. Финансовая политика Юстиниана Великого. – Новосибирск: Наука, 2011. – с. 373.
- 152 Джонатан Харрис. Византия. История исчезнувшей империи / пер. с англ. Натальи Нарциссовой. – М.: АИФ, 2017. – с. 408.

- 153 Gerostergios A. Justinian The Great The Emperor and Saint. – Massachusetts: Belmont, 1982. – с. 312.
- 154 Жұмағұлов Қ.Т. Акынова А.П. Император І Юстиниан тұсындағы Византия мен Иран арасындағы саяси байланыстар // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Тарих және саяси - әлеуметтік ғылымдар сериясы. – 2017. – №4 (55). – 74-79 бб.
- 155 Глушанин Е.П. Военная знать ранней Византии. – Барнаул: Алт. кн. изд-во, 1991. – с. 246.
- 156 Васильев А.А. История Византийской империи время до Крестовых походов (до 1081 г.): в 2 т.– М.: Алетей, 1998. Т. 1. – с. 556.
- 157 Пигулевская Н.В. Византия и Иран на рубеже VI-VII вв. / отв. редактор акад. В.В. Струве. – Труды института востоковедения. – М.-Л.: Издательство Академии наук СССР, 1946. – Т. XLVI. – с. 291.
- 158 Charles William Chadwick Oman. The Byzantine Empire. – London: T. Fisher Unwin, Ltd. – 2011. – p. 338.
- 159 Guilherme Queiroz de Souza. Heraclius, emperor of Byzantium. // Revista Digital de Iconografia Medieval. – 2015. – Vol. VII. – P. 27-38.
- 160 The New Cambridge Medieval History 500-700 уу. Edited by Paul Fouracre. – Cambridge University Press, – 2005. – Vol. 1.– p. 910.
- 161 Манандян Я.А. Маршруты персидских походов императора Ираклия, // Византийский временник. – Москва: Наука, 1950. – №. 2. – С. 133-153.
- 162 Гумилев Л. Н. Древние тюрки. – СПб.: «Кристалл», 2002. – с. 576.
- 163 Жданович О.П. Менандр Протектор. История: О посольствах тюрков к персам и византийцам в 568 г. (перевод и комментарии), // Золотоордынское обозрение. – 2014. – № 1 (3). – С. 22-32.
- 164 Рыбаков Б.А. Древние славяне и античный мир // Держава. – 1997. – №1. –С. 19-25.
- 165 Прокопий Кесарийский. Война с готами / пер. С.П. Кондратьева. – М.: АН СССР, 1950. – с. 514.
- 166 Пигулевская Н.В. Ближний Восток, Византия, Славяне. – Л.: Наука. 1976. – с. 240.
- 167 Kalkaman Zhumagulov, Akynova Aygerim, Gulnar Kozgambayeva, Aliya Ospanova. The beginning of the period of the Great Migration and Eastern Roman Empire // Annals of the University of Craiova. // History – Revista Analele Universității din Craiova. Istorie.(Scopus) – 2018. - No.2 (34). – P.15-24.
- 168 Горянов Б. Славяне и Византия в V-VI вв. нашей эры // Исторический журнал, 1939. – № 10. – С. 101-111.
- 169 Свод древнейших письменных известий о славянах I-VI вв. / Сост. Л.А. Гиндин, С.А. Иванов, Г.Г. Литаврин – М.: Восточная литература, 1994. – Т. 1. – с. 471.
- 170 Прокопий Кесарийский. Война с готами. О постройках (Серия «Памятники мировой истории и культуры»). – М.: Арктос – Вика-пресс. 1996. – Ч.1. – с. 336.
- 171 Василик В.В. Отражение событий византийско-персидской войны 603–630 гг. в Акафисте // Русь и Византия: Место стран византийского круга во

взаимоотношениях Востока и Запада: тез. докл. XVIII Всеросс.науч. сессии византинистов. – М.: ИВИ РАН, 2008. – с. 176.

172 Каждан А. П., Литаврин Г. Г. Очерки истории Византии и южных славян. – М.: Государственное учебно-педагогическое издательство министерства просвещения РСФСР, 1958. – с. 342.

173 Литаврин Г.Г. Этносоциальная структура славянского общества в эпоху поселения на Балканах (VI-VII вв.) // Литаврин Г. Г. Византия и славяне (сборник статей). – СПб., 1999. – С. 527–538.

174 Кучма В.В. Славяне как вероятный противник Византийской империи по данным двух военных трактатов // – В кн.: Хозяйство и общество на Балканах в средние века. – Калинин. 1979. – С. 4-15.